

1 2009
17893к

Қазақ

Т О. НАҚЫСБЕКОВ

А ІЛІНІҢ
УЫСПАЛЫ

АЛМАТЫ 1972

Т ОВОРЫ

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ТІЛБІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

О. НАҚЫСБЕКОВ

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АУЫСПАЛЫ ГОВОРЫ

(Шу бойындағы қазақтар тілінен жиналған
материалдар бойынша)



Қазақ ССР-нің «ҒЫЛЫМ» баспасы
АЛМАТЫ — 1972

Еңбекке арқау болып отырған материалдар ерте кезден ел жайлап, қоныс тепкен, талай-талай тарихи уақиғалардың куәсі болған жер — Шу бойы тұрғындары тілінен жиналды. Кітапта Шу алқабының ежелгі тұрғындары — қазақтардың ауызекі сөйлеу тілінде сақталған не бір қызықты фонетикалық, грамматикалық, лексикалық құбылыстар әдеби тіл және өзге өңірдегі қазақтар тіліндегі материалдармен салыстыра зерттеліп, мол дерек негізінде баяндалады. Сондай-ақ іргелес отырған қырғыз, өзбек, ұйғыр тілдерінен қазақ тіліне енген сөздерге де едәуір орын беріледі.

Кітап тіл білімімен шұғылданып жүрген ғылыми қызметкерлерге, жоғары оқу орындарының студенттері мен мектеп мұғалімдеріне арналған.

Жауапты редактор
филология ғылымдарының кандидаты
Ш. Ш. САРЫБАЕВ.

К І Р І С П Е

Жергілікті халық тілінде кездесетін диалектілік ерекшеліктерді зерттеу жұмысының теориялық, әрі практикалық маңызы зор. Әсіресе, қазіргі кездегі әдеби тілдің даму процестерін тереңірек зерттеу мәселесі күн тәртібіне қойылып отырған кезде, әдеби тіл мен диалектінің қарым-қатысына¹ зер салмай тиісті қорытынды шығару мүмкін емес. Үйткені ауызекі сөйлеу тілімізде сақталып, әдеби тілімізде кездесе бермейтін сан алуан фонетикалық, грамматикалық, лексикалық құбылыстар кездейсоқ пайда болмай, белгілі тарихи жағдайға байланысты қалыптасқан. Сондықтан диалектілік ерекшеліктерді жан-жақты зерттеудің тіл тарихы үшін маңызы ерекше.

Жазу ескерткіштері аз сақталған қазақ тілі үшін диалектілік құбылыстарды жинап, зерттеудің ролі зор. Қазақ халқының басқа түркі тілдес халықтар арасындағы болған этникалық байланысын ашу үшін де тіл білімінің диалектология саласының едәуір үлесі бар. Үйткені қазақтың құрамына кірген бірқатар ру, тайпалардың басқа түркі тілдес елдердің ішінде де кездесуі, сондай-ақ тіліміздегі кейбір диалектілік құбылыстардың қазақ тілінің басқа говорларында ұшырамай, көр-

¹ В. В. Виноградов, Б. А. Серебренников, В. В. Решетов, Ю. Д. Дешериев, П. Я. Скорик. Основные итоги разработки вопросов письменности и развития литературных языков СССР. Тезисы докладов Всесоюзной конференции, посвященной закономерностям развития литературных языков народов СССР в советскую эпоху. Алма-Ата, 1962, стр. 12.

ші, туыстас тілдердің материалдарымен ұқсас болып келуі тегін емес. Міне, осындай туыс тілдер арасындағы қарым-қатынасты шешуде диалектілік ерекшеліктерді зерттеудің берер пайдасы мол.

Әдеби тіліміздің сөздік құрамын байытуда және оның икемділігін жетілдіріп, емле мен орфоэпиялық норманы бір ізге түсіріп қалыптастыруда халық тілінің бай қазынасын пайдаланудың маңызы зор. Мектеп оқушыларының жазба жұмыстарындағы қателердің бірқатары жергілікті ерекшеліктерге байланысты болатындықтан, олардың сауатты жазуы үшін де диалектілік ерекшеліктерді зерттеу — практикалық жағынан қажет мәселенің бірі.

Қазақ тіл білімінің ең бір жас саласы — диалектология. Оның зерттелу тарихы аса ұзақ емес, соңғы жиырма жылдар шамасымен шектеледі.

Октябрь революциясына дейінгі кезде де қазақ тілін зерттеу тюркологтардың, ғалымдардың назарынан тыс қалған емес. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ тіліне байланысты грамматикалар жазылып, бірнеше орысша-қазақша сөздіктер жасалып жарыққа шықты. Бірақ жергілікті тіл ерекшеліктерін арнайы зерттеген диалектологиялық еңбектер болмады. Қазақ тілін алғаш зерттеушілердің — В. В. Радлов², П. М. Мелиоранский³, А. Позднеев⁴ сияқты ғалымдардың еңбектерінде «қазақ тілі таза тіл, мұнда диалектілік ерекшеліктер жоқ» — деген тұжырым орын алып келді. Бірақ осы оқымыстылардың бәрі де бұл пікірде қалып қойған жоқ, бұрынғы айтқандарына қарсы шығушылары да болды. П. М. Мелиоранский 1887 жылы В. В. Катаринскийдің «Грамматика киргизского языка» деген кітабына жазған рецензиясында қазақ тілінде де диалектілік ерекшеліктердің, ауыспалы говорлардың бар екенін ескертеді. Автор бұл еңбегінде Орынбор губерниясындағы татар, башқұрт халықтарымен аралас тұратын қазақтар тілінде осы тілдердің әсері болғанын айта отыра,

² В. В. Радлов. Образцы народной литературы тюркских племен. ч. III, СПб., 1870, XVIII бет.

³ П. М. Мелиоранский. Краткая грамматика казах-киргизского языка, ч. I, СПб., 1894, 3-бет.

⁴ Брокгауз бен Ефронның энциклопедиялық сөздігі. XV т. русского географического общества. СПб., 1899, 361-бет.

бұлардың айырмасы бар екенін сөз етеді.⁵ Бірақ П. М. Мелиоранскийдің бұл пікірін әрі қарай дамытып, зерттеген ешкім болмады.

Қазақ тілінің диалектілік ерекшеліктері советтік дәуірде ғана зерттеле бастады. Халықтың ауызекі сөйлеу тіліндегі өзгешеліктерді жинауға арналған бірінші экспедиция 1937 ж. проф. І. Кеңесбаевтың басшылығымен қолға алынады. СССР Ғылым академиясының Қазақ филиалы ұйымдастырған алғашқы диалектологиялық экспедиция кезінде Нарынқол, Кеген, Нұра, Мақтаарал аудандарындағы тұрғындардың ауызекі сөйлеу тілінде кездесетін жергілікті ерекшеліктерге байланысты едәуір материалдар жиналды. Бұдан соңғы уақыттарда Қазақстанның басқа жерлеріне де экспедициялар ұйымдастырылып отырды. Ғ. Ғ. Мұсабаевтың басқаруымен 1939 жылы Маңғыстау, 1940 жылы Орда қазақтарының тіліндегі өзгешеліктер зерттелді. Ұлы Отан соғысы кезінде бұл жұмыстың қарқыны біраз баяулағанмен, 1945 жылы Тіл мен әдебиет институтында қазақ тілінің тарихы мен диалектологиясын зерттейтін арнаулы бөлім құрылуымен байланысты халық тіліндегі өзгешеліктерді жинау жұмысы жандана түседі. Осы жылдары Қазақстанның бірсыпыра жерлеріндегі тұрғындар тілінің ерекшеліктерін сипаттайтындай біраз материал жиналды.

Халық тілінің диалектілік ерекшеліктерін зерттеуге арналған еңбектер де жазылды. Біраз жылдар бойы жиналған материалдар негізінде Ж. Досқараев «Оңтүстік диалектісінің кейбір мәселелері» деген тақырыпта кандидаттық, проф. С. Аманжолов 1948 жылы «Қазақ тілінің негізгі проблемалары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғайды. 1946 жылдан бастап қазақ тілінің диалектілік ерекшеліктерін зерттеуге арналған мақалалар жариялана бастайды. Осындай алғаш рет диалектологияға байланысты баспа бетін көрген еңбектің бірі — Ж. Досқараевтың кандидаттық диссертация негізінде жазылған «Краткий очерк о южном диалекте казахского языка» деген көлемді мақаласы еді. Бұдан кейінгі жылдары да (1946—1955) Ж. Досқараев, С. Аманжолов, Н. Т. Сауранбаев т. б. тілшілеріміздің

⁵ П. М. Мелиоранский. Рецензия на грамматику киргизского языка. Записки Восточного отделения Императорского русского географического общества. СПб., 1899, 361-бет.

диалектологияға байланысты бірқатар мақалалары ⁶ республикалық және одақтық ⁷ баспасөз беттерінде жарыққа шықты.

Диалектілік ерекшеліктерді зерттеу жұмысының ең бір жанданған кезеңі 1952 жылдан бергі уақыт. Осы жылғы «Қазақ тілінің кейбір талас мәселелері жөнінде болған дискуссияның қорытындысы туралы Қазақ ССР Ғылым академиясының Қаулысында ⁸ жергілікті тіл ерекшеліктерін жинау, зерттеу жұмыстарын күшейту мәселесіне ерекше көңіл аударылған болатын. Осыдан соң халық тіліндегі өзгешеліктерді зерттеу жұмысы күшейіп, бұған астанадағы жоғары оқу орындарының мұғалімдері мен студенттері де белсене қатысып, тұрғындар тілінен бай материалдар жиналды. Қазақ тілінің жеке говорлары тақырып ретінде беріліп, Арал, ⁹ Маңғыстау ¹⁰, Шу бойы ¹¹, Қостанай ¹², Орда ¹³, Қызылорда ¹⁴, Түркменстан ¹⁵ мен Қарақалпақ ¹⁶ және Өзбек

⁶ Ж. Доскараев. Краткий очерк о южном диалекте казахского языка. «Известия АН КазССР, серия филологическая», 1946, № 4; К характеристике диалектов казахского языка, «Вестник АН КазССР», 1950, № 4; С. Аманжолов. Об основных проблемах казахской диалектологии. «Вестник АН КазССР», 1948, № 7; К истории изучения казахских диалектов. «Известия АН КазССР, серия лингвистическая», 1948, вып. 5, № 77; О диалектной основе современного казахского языка. «Известия АН КазССР, серия филологии и искусствоведения», 1955, вып. 3—4.

⁷ С. Аманжолов. О диалектах казахского языка. «Вопросы языкознания», 1953, № 6; Ж. Доскараев. Некоторые вопросы диалектологии и истории казахского языка. «Вопросы языкознания», 1954, № 2; Н. Т. Сауранбаев. Диалекты в современном казахском языке. «Вопросы языкознания», 1955, № 5.

⁸ Постановление Президиума АН КазССР об итогах дискуссии по языкознанию. «Вестник АН КазССР», 1952, № 6, стр. 19—23.

⁹ Ғ. Қалиев. Қазақ тіліндегі арал говорының кейбір ерекшеліктері. Қазақ ССР Ғылым академиясы Ғылми кітапханасының қолжазбалар фондысы (бұдан былай тек қолжазба деп береміз).

¹⁰ С. Омарбеков. Қазақ тілінің маңғыстау говоры. Алматы, 1960.

¹¹ О. Нақысбеков. Шу бойындағы қазақтардың тіліндегі ерекшеліктер (қолжазба).

¹² А. Байжолов. Қостанай облысындағы қазақтардың тіл ерекшеліктері. (қолжазба).

¹³ Ә. Верібаев. Орда қазақтарының тіліндегі ерекшеліктер, (қолжазба).

¹⁴ Ш. Бектұров. Қазақ тілінің қызылорда говоры (қолжазба).

¹⁵ Ә. Нұрмағамбетов. Түркменстандағы қазақ говоры. (қолжазба).

¹⁶ Н. Жүнісов. Қарақалпақ АССР-індегі қазақ тілінің

станда ¹⁷ тұратын қазақтардың тілі жайында кандидаттық диссертациялар, ал шығыс говорлар тобы ¹⁸ жайында докторлық диссертация жазылды. Техникалық ¹⁹ дақылдар мен дөңді ²⁰ дақылдарға арналған зерттеулер жүргізілді. Осы төріздес ірілі-ұсақты мақалалармен бірге бірнеше күрделі еңбектер де, жергілікті тіл ерекшеліктерін жинауға арналған сұраулықтар да ²¹ басылып шықты. Бұлардың ішінен Ж. Досқараевтың 1955 жылғы диалектологиялық сөздігі ²², С. Аманжоловтың докторлық диссертациясы негізінде толықтырылып 1959 ж. басылып шыққан монографиясы ²³, Ж. Досқараев пен Ғ. Мұсабаевтың 1951 жылғы кітабы ²⁴ мен Ғ. Мұсабаевтың 1952 жылғы еңбегін ²⁵ және Маңғыстау қазақтарының тіл ерекшелігіне арналған С. Омарбековтың ²⁶ монографиясын атауға болады. Сондай-ақ соңғы жылдары қазақ диалектологиясы бойынша жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық ²⁷, көмекші құралмен бақылау жұмысы ²⁸ және

ауыспалы говоры. Алматы, 1965; Б. Бекетов. Оңтүстік қарақалпақтағы қазақ говоры. Алматы, 1969 (қолжазба).

¹⁷ Т. А й д а р о в. Өзбекстандағы Тамды ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі ерекшеліктер. Алматы, 1967; Ю. А б д у в а л и е в. Қазақ тіліндегі Ташкент говорының фонетико-морфологиялық ерекшеліктері. Алматы, 1967 (қолжазба).

¹⁸ Ж. Б о л а т о в. Восточная группа говоров казахского языка и ее отношение к литературному языку. Автореф. док. дисс. Алма-Ата, 1970.

¹⁹ Ө. Т е ж і м ұ р а т о в. Қазақ тіліндегі техникалық дақылдар термині. Ташкент, 1966, (қолжазба).

²⁰ А. Ш а м ш а т о в а. Қазақ тіліндегі дөңді дақылдарға байланысты сөздер (қолжазба).

²¹ Ж. Д о с қ а р а е в, Ш. С а р ы б а е в. Қазақ тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді жинау бойынша сұраулық. Алматы, 1956, 1959.

²² Ж. Д о с қ а р а е в. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері (лексика), II бөлім. Алматы, 1955.

²³ С. А м а н ж о л о в. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959.

²⁴ Ж. Д о с қ а р а е в, Ғ. М ұ с а б а е в. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері, I бөлім. Алматы, 1951.

²⁵ Г. Г. М у с а б а е в. Становление и развитие казахского литературного языка и вопросы казахской диалектологии. Алма-Ата, 1952, на правах рукописи.

²⁶ С. О м а р б е к о в. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктері. Алматы, 1965.

²⁷ Ғ. Қ а л и е в, Ш. С а р ы б а е в. Қазақ диалектологиясы. Алматы, 1967.

²⁸ Ғ. Қ а л и е в. Қазақ диалектологиясынан бақылау жұмысы

практикум²⁹ диалектологиялық сөздік³⁰ жарыққа шықты.

Соңғы жылдары Қазақстанның әр жерлеріне жіберіліп отырған диалектологиялық экспедициялардың материалдары негізінде жазылған мақалалар өз алдына жинақ³¹ болып шығуда. Онда Орал, Орынбор, Шымкент, Гурьев, Семей, Көкшетау, Алматы облыстарындағы тұрғындар тілінің ерекшеліктері туралы көптеген мәліметтер берілген.

Бұл жазылған мақалаларда, монографиялық еңбектерде диалектологияның көптеген мәселелері сөз етілді. Жаңадан зерттеле бастаған диалектологияның біраз мәселелері жөнінде бірқатар тіл мамандарының арасында пікір таласын да туғызды. Талас, негізінде, мына мәселелер төңірегінде болды: оның бірі — қазақ тілінде диалектілер бар ма, болса, олар қандай тұрпатта, әлде революциядан бұрынғы кейбір тюркологтардың айтқанындай, қазақ тілі диалектілік айырмашылықтары жоқ тіл ме? — деген мәселе де, екіншісі — қазақ тілі диалектологиясымен шұғылданушылардың қазақ тілі диалектілерін (немесе говорларын) топтастырудағы әр түрлі көзқарастар.

Қазақ тілінде диалекті бар ма, жоқ па деген мәселе жөнінде алғаш сөз еткен проф. Қ. Жұбанов еді. Автор 1935 жылғы «Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі» деген мақаласында³² қазақ тілінде диалект жоқ, болар-болмас айырмашылықтардың бар екенін және олардың тарихи-әлеуметтік себептерін айтқан еді. Бұдан кейінгі шыққан еңбектердегі алғашқы мәселе жөнінде пікір қақтығысының немен аяқталғанын 1952 жылғы дискуссиядан соң, одақтық журналда жарияланған СССР Ғылым академиясы Тіл білімі институтының түркі тіл-

тары. Алматы, 1959; Соныкі. Қазақ диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1960.

²⁹ Ғ. Қ а л и е в, О. Н а қ ы с б е к о в, Ш. С а р ы б а е в. Қазақ диалектологиясы — практикум. Алматы, 1967.

³⁰ Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969.

³¹ Вопросы истории и диалектологии казахского языка. вып. I, Алма-Ата, 1958; Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 2, 3-шығуы. Алматы, 1960; 4-шығуы, 1962, 5-шығуы, 1963; Қазақ диалектологиясы, Алматы, 1965.

³² Қ. Ж ұ б а н ұ л ы. Төңкеріс және қазақтың ұлт тілі. «Қазақ әдебиеті», 1935, 20 ноябрь.

дері секторының қазақ тіл біліміндегі еңбектер туралы қорытындысын айту да жеткілікті сияқты. Мұнда «К ошибкам второго рода относится прежде всего отрицание диалектов в казахском языке»³³ деген тоқтам айтылған болатын.

Қазақ тілі мамандарының диалектологияға қатысты бұрынғы немесе соңғы кездегі еңбектерін алсақ та, тілімізде диалектілік ерекшеліктердің бар екеніне еш күмән келтірмейді. Қайта ондай құбылыстардың көне форманың қалдығы ретінде немесе көрші тілдердің әсері арқылы³⁴ еніп сақталып келе жатқан ерекшеліктердің бар екенін қуаттай түседі. Дегенмен соңғы кезде қазақ тілінде диалектілік айырмашылықтардың бар екендігіне шүбә келтірушілер де болмай қалған жоқ. Ш. Сарыбаевтың «Қазақ әдебиеті» газетінің бетіндегі көркем шығармаларда диалектизмдерді талғап қолдану жөнінде жазылған мақаласынан³⁵ соң, диалектологиямен таныстығы жоқ кейбір адамдардың «диалектологияның пайдасы жоқ» деп күмәнді пікір айтылған мақалалар³⁶ да жарияланды. Әрине, мұндай жаңсақ пікірді ғылыми жұртшылық дер кезінде сынады. Бұл мәселе жөнінде «Қазақ әдебиеті» газетінің бетінде проф. І. Кеңесбаевтың диалектілік ерекшеліктердің тілімізде бар екендігіне күдік туғызудың қазір ешқандай да орны жоқ екендігін, қайта бұл ерекшеліктерді барған сайын еселеп мол жинап, зерттей түсу керек екендігін ескерткен көлемді мақаласымен³⁷ қорытындылады.

Қазақ тілінің диалектілерін топтастыру жөнінде де тілшілеріміз осы уақытқа дейін бір ортақ пікірге келген емес. Бұл мәселе жөнінде қазақ тілін зерттеушілердің

³³ Заключение сектора тюркских языков Института языкознания АН СССР о научных трудах по казахскому языкознанию. «Вопросы языкознания», 1953, № 2 және журналдың осы нөміріндегі мына мақаланы қараңыз: Э. В. Севортян. «Об ошибках казахских языковедов».

³⁴ С. К. Кеңесбаев, А. И. Искаков, Г. Г. Мусабаяев, Р. Г. Сыздыкова. О нормах казахского литературного языка. Тезисы докладов Всесоюзной конференции, посвященной закономерностям развития литературных языков народов СССР в советскую эпоху. Алма-Ата, 1962, стр. 47.

³⁵ Ш. Сарыбаев. Көркем әдебиет тіліндегі диалектизмдер. «Қазақ әдебиеті», 1958, 14 ноябрь.

³⁶ «Қазақ әдебиеті», 1958, 21 ноябрь; 1959, 27 февраль.

³⁷ І. Кеңесбаев. Әдеби тіліміздің кейбір келелі мәселелері жайында. «Қазақ әдебиеті», 1959, 15 май.

арасында, негізінен, мынандай көзқарастар айтылып келеді. С. Аманжолов қазақ тілінің диалектілерін топтастырғанда батыс, солтүстік-шығыс, оңтүстік диалектісі³⁸ бар деп үшке бөліп қарайды. Ж. Досқараев пен Н. Т. Сауранбаев оңтүстік-шығыс, солтүстік-батыс³⁹ деп екіге, ал Ш. Ш. Сарыбаев қазақ тілінде батыс, оңтүстік, шығыс және орталық-солтүстік деп аталатын төрт түрлі диалектіге⁴⁰ бөліп қарайды.

Қазақ тілінің диалектілерін топтастыру мәселесімен бірге тіліміздегі жергілікті ерекшеліктер диалект сипатында ма немесе говор сипатында ма деген мәселе де күні бүгінге дейін өзінің толық шешімін таба алмай келеді. Бірқатар тіл мамандары қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерін (С. Аманжолов, Н. Т. Сауранбаев, Ш. Сарыбаев⁴¹, Ғ. Қалиев⁴² диалект сипатында деп қараса, тілшілердің екінші тобы (І. Кеңесбаев⁴³, Ж. Досқараев⁴⁴, Ғ. Мұсабаев⁴⁵) оларды говор сипатында деп есептейді. Соңғы кездегі кейбір тюркологиялық еңбектерде қазақ тілінің диалектісінің сипаты жөнінде: «...говору которого не обнаруживает резких расхождений»⁴⁶, «...система диалектов отличается слабым разви-

³⁸ С. Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959, 110-бет.

³⁹ Ж. Досқараев. К характеристике диалектов казахского языка. «Вестник Академии наук КазССР», 1950, № 4(61), 78-бет; Н. Т. Сауранбаев. Диалекты в современном казахском языке. «Вопросы языкознания», 1955, № 5, 49-бет.

⁴⁰ Ш. Сарыбаев. Көркем әдебиет тіліндегі диалектизмдер. «Қазақ әдебиеті», 1958, 14 ноябрь.

⁴¹ С. Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959; Н. Т. Сауранбаев. Диалекты в современном казахском языке. «Вопросы языкознания», 1955, № 5.

⁴² Ғ. Қалиев. Қазақ диалектологиясынан бақылау жұмыстары. Алматы, 1959, 3-бет.

⁴³ С. К. Кеңесбаев. Развитие казахского литературного языка в советское время. Сб. статей к 60-летию М. О. Ауэзова. Алма-Ата, 1959, 56-бет.

⁴⁴ Ж. Досқараев. Некоторые вопросы диалектологии и истории казахского языка. «Вопросы языкознания», 1954, № 2, 91-бет.

⁴⁵ Г. Мұсабаев. Становление и развитие казахского литературного языка и вопросы казахской диалектологии. Алма-Ата, 1952; 60-бет. «Современный казахский язык». Лексика. Алма-Ата, 1959, 72-бет.

⁴⁶ Н. А. Баскаков. Тюркские языки. М., 1960, 83-бет.

тием...»⁴⁷ «диалектная структура характеризуется наличием только слабых местных расхождений»⁴⁸ деген пікірлер айтылып жүр.

Қазақ тілі диалектологиясындағы осы тәрізді талас мәселелерді шешу үшін тіліміздегі жергілікті ерекшеліктерді түгел зерттеп, диалектологиялық атлас жасап, кейбір жеке говорларын сипаттауға арналған монографиялық зерттеу жұмыстарын жүргізуді қажет етеді.

Бұл мәселе жөнінде соңғы жылдары едәуір жұмыстар жүргізілді. Жергілікті тіл ерекшелігін зерттеуге тек институт ғалымдары қатыспай, республикамыздағы және одан тыс жердегі жоғары оқу орындарының мұғалімдері атсалысып, бірнеше говорлар зерттеліп, оңтүстік облыстар тұрғындары тілдерінің диалектологиялық атласы жасалды. Әрине, Қазақстан территориясының молдығы, шаруашылығының көп салалығы, тарихи-экономикалық қатнастардың ерекшелігі, этникалық құрамының әркелкілігі мұндағы говорлардың характерінің біркелкі еместігін аңғартады.

Ұлан-байтақ республикамыздың шығысы монғол, алтай; оңтүстігі ұйғыр, қырғыз, өзбек, қарақалпақ; батысы башқыр, татар, қалмақ және кавказ халықтарымен шектесіп қарым-қатынаста болған халқымыздың тілінде сол тілдердің де едәуір іздері қалған сияқты. Дәл осындай жақтарын ескере отырып, диалектология жайында ертеден атсалысып, зерттеп жүрген ғалымымыз проф. Ғ. Мұсабаев тіліміздегі ұшырап отырған ерекшеліктер ауыспалы говор сипатында деп дәлелдейді⁴⁹. Бұдан кейінгі шыққан еңбектерде осы пікір орын

⁴⁷ Е. И. У б р я т о в а. Изучение диалектов тюркских языков. Сб. «Вопросы диалектологии тюркских языков». Баку, 1960, 7, 14-беттер.

⁴⁸ Н. А. Б а с к а к о в, Ф. Л. А б д у л л а е в, П. А. А з и м о в, М. Б. Б а л а к а е в, М. Ш. Ш и р а л и е в, Б. М. Ю н у с а л и е в. О современном состоянии и путях дальнейшего развития литературных тюркских языков. Тезисы докладов Всесоюзной конференции, посвященной закономерностям развития литературных языков народов СССР в советскую эпоху. Алма-Ата, 1962, 36-бет және осы кітапшаның ішіндегі мына еңбекті қараңыз; С. К. К е н е с б а е в, А. И. И с к а к о в, Г. Г. М у с а б а е в, Р. Г. С ы з д ы к о в а. О нормах казахского литературного языка, 47-бет.

⁴⁹ Г. Г. М у с а б а е в. Становление и развитие казахского литературного языка и вопросы казахской диалектологии. Алма-Ата, 1952, 60-бет.

алып, бұл жөнінде «Ауыспалы говор дегеніміз басқа тілден жергілікті халықтың бір бөлігіне ауысып, басқаларына тарамаған тіл ерекшелігі» деген анықтама беріледі⁵⁰. Кейінгі кезде монографиялық тұрғыдан зерттелген еңбектерге қарағанда, кейбір говорлардың ауыспалы характерде екендігін растап отыр. Буган түрікмен, қарақалпақ, Ташкент, Тамды және Арал, Қызылорда, Қостанай, Шу бойы қазақтарының тілі жатады. Шынында, осы говорлардың ауыспалы болуына әсер еткен жағдайды бірдей деп қарауға болмайды. Бұлардың кейбіреуінде басқа тілдердің әсері көбірек болса, екіншісінде ондай сипат болмай, қазақ тілі говорлар тобының немесе диалектілерінің тоғысуынан пайда болған құбылыстар.

Тіл білімі жөніндегі еңбектерде говорларды топтастыруда сырттай (внешний), іштей (внутренний) ауысулар деген термин қолданылып жүр. Сырттай ауысу дегеніміз — басқа елдің арасында отырған немесе халықтың тілінде болатын ауысулар. Бұлар екі тілдік сипаттағы билингвизм түрінде болады. Ал іштей ауысу — бұл бір тілдің өз ішінде, көрші говордың ішінде болатын құбылыстар.

Бұған қазақ тіліндегі зерттелген говорлардан бірер мысалдар берейік. Түркменстандағы қазақтар тілі жайында еңбек жазған филология ғылымының кандидаты Ә. Нұрмағамбетов осындағы тұрғындар тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жағынан Қазақстанның батыс аймағындағы тұрғындар тілімен ұштасып жататын ортақ қасиетіне тоқталады. Олар ұ/о, ұ/ы, е/і, ә/е, с/ш, б/п, т/д дыбыстарының алмасуы, *-сыңыз, -сіңіз*, (барасыңыз, келсеңіз), *-улы, -үлі* (барулы, келулі), *-ың, -ің* (барың) т. б. құбылыстар. Сонымен бірге батыс аймақта кездеспейтін тек осы говорға тән аффрикат ч (чық, чақ) дыбысының болуы, зат есімдерге жалғанатын *-шылық, -шілік* (мұғалімшілік, доғдыршылық), *-кеш* (жаткеш), мақсатты келер шақ мағынасын беретін *-мақ, -мек, -мақшы, -мекші* қосымшаларының орнына және тұйық етіс пен «керек», «тиіс» сөздерінің тіркесінен құралған күрделі баяндауыш орнына *-малы, -мелі, -палы, -пелі* (алмалымын, етпелі) қосымшаларының қол-

⁵⁰ І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев. Қааіргі қазақ тілі. Алматы, 1962, 128-бет.

даньлуы, сондай-ақ сын есім, есімдік, үстеу, шылау сөздерде кездесетін ерекшеліктер мен лексика саласындағы *созан* — тебен, *сіпсе* — сыпырғыш, *дән* — астық, *алақшын* — пеш аузындағы шоқ жаятын орын, *тікеш* — нанға өрнек салатын құрал, *рәпида* — тандыр қолқап сияқты сан алуан өзгешеліктерге сүйене отырып, екі тілдік сипатындағы (билингвизм) ауыспалы говор деп дәлелдейді⁵¹.

Дәл осы сипаттағы ауыспалы говор қатарына Өзбекстандағы Ташкент, Тамды говорларын, Қарақалпақ қазақтарының Шу бойы тұрғындары тілін және өлі де зерттелмей жатқан қалмақ қазақтарының тілін жатқызуға болады.

Ал қазақ тілінің Қызылорда, Арал говорларында мұндай басқа тілмен тікелей қарым-қатысы болмағандықтан билингвизмдік сипат жоқ. Олардағы ауысу іштей, батыс пен оңтүстік говорлар тобының аралығында жатуынан туған ерекшеліктер. Мысалы, Қызылорда говорындағы біраз дыбыстық ерекшеліктер оңтүстік говорлар тобына (*б* орнына *п*-ның, *д* орнына *т*-ның жиі қолдануы) тән болып келсе, біраз ерекшеліктер батыс аймақтағы (*с* орнына *з*-ның айтылуы) қолданылатын өзгешеліктер. Лексикалық, морфологиялық жағынан да осыны айтуға болады. Оңтүстікте не батыста жиі айтылатын бірқатар сөздер Қызылорда тұрғындары тіліне сіңісіп кетсе, біразы қатар қолданылады. Кейде батыстан енген сөздер Қызылордаға дейін қолданылып, осы облыстың шығыс жағындағы аудандарында ұшырамайды. Міне осындай говорлардың тоғысуынан туған ерекшеліктерді ескере отырып Ш. Бектұров⁵² Қызылорда тұрғындар тілін ауыспалы говор қатарына жатқызады. Қазақ тілінің Арал⁵³, Қостанай⁵⁴ говорларын зерттеушілер ауыспалы говор дегенде осы тұрғыдан қарайды.

⁵¹ Э. Нұрмағамбетов. Түркменстандағы қазақ говоры. (Қолжазба), 14-бет.

⁵² Ш. Бектұров. Қазақ тілінің қызылорда говоры. Кандидаттық диссертация. Қолжазба. Алматы, 1968, 25-бет.

⁵³ Г. Калиев. Некоторые особенности аральского говора казахского языка. Автореф. канд. дисс. Алма-Ата, 1954.

⁵⁴ А. Байжолов. Языковые особенности казахов Кустанайской области. Автореф. канд. дисс. Алма-Ата, 1964, 23-бет.

Ұсынылып отырған жұмыс Қазақстанның Қырғызстанмен шектес, ертеден шаруашылық әрі мәдени жағынан тығыз қарым-қатынаста болған жері — Шу алқабында тұратын қазақтардың тілінде кездесетін ерекшеліктер туралы мүмкіндігінше толығырақ қамтып, әрі сол арқылы бұл өзгешеліктердің қазақ әдеби тіліне және оның басқа да говорларына қатысын анықтау, ашу мақсатында жазылып отыр.

Ертеден мәдениет орталығы болған, көптеген қалалар мен қорғандар салынған және оның орны осы күнге дейін сақталып келе жатқан Шу алқабы талай ғалымдардың назарын аударды. Тарихшылар, археологтар, географтар біраз зерттеу⁵⁵ жұмыстарын жүргізді. Бірақ мұндағы тұрғындар тілінің ерекшеліктері жөнінде (1944, 1945 жылдары ұйымдастырылған диалектологиялық экспедициялар⁵⁶ мен қазақ тілінің диалектісі жөнінде жазылған мақалалардағы оңтүстік диалекті мен Шу говорына⁵⁷ ортақ кейбір құбылыстар туралы айтылған тілшілердің пікірлері⁵⁸ болмаса) арнайы зерттеу жұмыстары жүргізіліп, мақалалар, монографиялық еңбек жазылған емес.

Тілдің, оның даму заңдары халық тарихымен тығыз байланысты болғандықтан, сол тілдің құрамына кіретін диалектіні немесе говорды сөз еткенде де жергілікті халықтың тарихына, олардың этникалық құрамына, шаруашылығына т. б. жағдайларына тоқталып, біраз мәліметтер беруді керек етеді. Әрине, Шу бойы қазақтары тілінде кездесетін фонетикалық, грамматикалық, лексикалық ерекшеліктерді баяндағанда, бұл жағдайлар шет қалмауы тиіс. Ұйткені бұл өңірде ғана қолданылып, әдеби тілімізде немесе қазақ тілінің басқа го-

⁵⁵ Бұл жөнінде В. В. Бартольд, Ш. Уәлиханов, И. А. Аристов, В. А. Васильев, А. Н. Бернштам, А. И. Тереножкин, М. И. Семенова, П. А. Кожемяколардың еңбектерін атауға болады.

⁵⁶ Осы жылғы диалектологиялық экспедициялар филология ғылымының кандидаты Ж. Досқараевтың басқаруымен өткізілген.

⁵⁷ Бұл жерде және бұдан кейін де «Шу алқабындағы қазақтар тілінің ерекшелігі» деп қайталап жатпас үшін «Шу говоры» деп шарты түрде қысқартып алып отырмыз.

⁵⁸ Бұл жөнінде Ж. Досқараев, С. А. Аманжолов, Н. Т. Сауранбаев, Ш. Сарыбаев, Ғ. Қалиевтардың жоғарыда аталған еңбектерін қараңыз.

ворларында кездеспейтін әр түрлі құбылыстар бірден пайда болмай, ұзақ уақыттар нәтижесінде, белгілі тарихи жағдайларға, шаруашылығының түріне байланысты қалыптасқан.

Зерттеуге негіз болып отырған объектіміз Шу өзенінің алқабына орналасқан Жамбыл облысының Қордай, Мойынқұм, Шу, Мерке, Луговой аудандары⁵⁹. Бұлардың шығысында Алматы облысының Ұзынағаш, терістігінде Қарағанды облысының Шет, Жаңаарқа, оңтүстігінде Қырғызстанның Чуй, Қарабалты, Панфилов т. б. аудандарымен шектеседі. Географиялық жағынан Шу алқабы Қырғыз Алатауының терістік бөктеріне, Шу — Іле тауларының батысына, Бетпақдаланың түстік жағына орналасқан.

Бұл жерлер аталған облыстың ішіндегі шаруашылық жағынан күшті, мәдени жағынан өскен аудандардың бірінен саналады. Әр аудан сайын газеттер шығып тұрады. Көптеген мәдениет орындары бар. Мұндағы тұрғындардың бәрі де электр жарығымен, радиомен қамтамасыз етілген. Жол қатынас жағы да өте жақсы. Бұл жерде жергілікті тұрғындардың аудан, облыс, республика орталықтарымен байланыс жасап, жиі қатынасып тұруына мүмкіндік беретін Турксиб темір жолы, Алматы — Фрунзе — Ташкент асфальт жолы және аудан арасына салынған тас жолдар бар.

Шу бойындағы тұрғындар егін және мал шаруашылығымен шұғылданады. Егіннің көпшілігі суармалы. Дәнді дақылдардан бидай, арпа, сұлы т. б.; техникалық дақылдардан қызылша, кендір, темекі, мақта⁶⁰ егіледі. Барлық жерде де бау-бақша егіліп, жеміс ағаштарын өсіреді. Қордай ауданындағы дунган және соған жақын қазақ селоларында да сарымсақ, пияз, қызылбұрыш, баклажан т. б. өсімдіктер өсіріледі. Сондай-ақ бұл өңірде бірнеше ірі өндіріс орындары — қант, кендір заводтары бар.

Шу алқабында тұратын халықтардың құрамы біркелкі емес. Мұнда қазақтар, өзбектер, қырғыздар, ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап келген орыстар, украиндар, дунгандар және Ұлы Отан соғысы кезінде

⁵⁹ 1963 жылдан бастап бұл аудандар Мерке, Қордай, Шу территориялық басқармасы болып қайта құралды.

⁶⁰ 1950 жылға дейін Луговой, Шу, Мойынқұм аудандарында мақта егіліп келді.

келген Кавказ халықтары мекен етеді. Халықтың дені қазақтар.

Шу бойы тарихи оқиғаларға бай, қызықты жердің бірінен саналады. Жетісудың батыс жағына орналасқан Шу алқабы Азияның шығысы мен батысын байланыстырып тұратын сауда жолының бойында жатты. Табиғат байлығы жағынан алғанда суы мол, жері шұрайлы, шаруашылыққа қолайлы бұл өңір ерте кезден бастап-ақ талай халықтардың мекені болды.

Тарихи мәліметтерге қарағанда біздің заманымыздан бұрынғы VII—IV ғасырларда Тянь-Шань тауының терістік сілемдеріне Шу мен Балхаш көліне дейінгі аралықта тиграхауда сақтары⁶¹ мекен етті. Ал IV—III ғасырларда Қазақстан жерінде жаңа тайпалар (үйсін, қаңылы, алан)⁶² одағы құрыла бастайды. III—I ғасырлар арасында Шу өзенінен Тянь-Шаньның шығыс сілемдеріне дейін, Балхаш пен Ыссықкөлдің аралығы үйсін тайпалар одағының қоластына қарайды⁶³. Бұлардың батысында қаңылы, шығысында үге тайпалары шектесіп жатты. Кейбір археологиялық материалдарға қарағанда, үйсіндер мал шаруашылығымен бірге Шу т. б. өзендердің бойында егін де еге бастаған⁶⁴. Өз кезінде бұлар гундармен және Орта Азия халықтарымен қарым-қатынас жасап тұрды. Үйсін тайпалар одағының бірлігі көпке созылған жоқ. Біздің заманымызға дейінгі бірінші ғасырдың алғашқы ширегінде бұл одақ екіге бөлінеді. Кейінірек біраз жылдар бойы гундардың қоластына қарайды.

Біздің заманымыздың VI ғасырының орта шенінде гундарға қараған түрк тайпалары күшейіп, Алтай мен Монголия территориясында түрік тілдес көшпелі халықтардың «түрік қағандары» деп аталатын одағы құрылады. VI ғасырдың елуінші жылдарында бұлардың үкімі Жетісуға да жүре бастайды. VI ғасырдың аяқ кезінде түрік қағанаты батыс, шығыс болып екіге бөлінеді. Ба-

⁶¹ История Казахской ССР. Алма-Ата, 1957, 30-бет.

⁶² Бұл да сонда, 40-бет.

⁶³ В. В. Бартольд. Очерк истории Семиречья. Фрунзе, 1943, 10-бет; Труды Семиреченской археологической экспедиции. «Чуйская долина». Составлены под руководством А. Н. Бернштама. Материалы и исследования по археологии СССР. М. — Л., 1950, 58-бет.

⁶⁴ Н. П. Кожмяко. Раннесредневековые города и поселения Чуйской долины. Фрунзе, 1959, 167-бет.

тыс түрік қағанатының орталығы Жетісудағы Шу өзенінің бойына орналасқан Суяб қаласында болады. Бұл қағанатқа й-шыл, ж-шыл диалектілерде сөйлеген үйсін, қаңылы, Тарбағатайды мекендеген қарлуқ, Балхаш пен Іле Алатауы арасындағы түргештер, Ыссыкөлдегі чигилдер, Сыр бойындағы кенгерестер және Шығыс Түркстандағы ягма сияқты тайпалар қараған еді. Бұл тайпалардың негізгі шаруашылығы мал өсіру болған. VII ғасырдың бірінші жартысында Шу алқабына келген саяхатшылардың⁶⁵ айтуына қарағанда бұл жердегі тұрғындардың бірқатары егін егіп, бірқатары саудамен шұғылданғанын айтқан болатын. Бұдан басқа да кейбір тарихи, археологиялық материалдар Шу алқабында VI ғасырдан бастап Шығыс пен Орта Азияны байланыстыратын «Ұлы Жібек жолының» бойында ірі қалалардың (Суяб, Сарығ, Баласағын, Құлан, Мерке, Невекат)⁶⁶ салынып, сондағы тұрғындардың егін егіп⁶⁷, су жүйелерін⁶⁸ пайдаланғанын дәлелдей түседі. Шу бойындағы халықтардың ертеден отырықшы болуына сол кезде келіп қоныстана бастаған согдылардың⁶⁹ едәуір әсері болды.

VIII ғасырдың 40 жылдарында түрік қағандығы өмір сүруін тоқтатқан соң, Жетісудың саяси өкімет билігі түргештерге⁷⁰ көшеді. Бұлар Іле мен Шу өзендерінің арасында көшіп-қонып жүреді. Түргеш қағанының ордасы Шу бойындағы Суяб қаласында болады. Түргештер кезінде Шу алқабына согдылар көбірек келе бастайды. Түргештердің өз ішінде болған алауыздық және арабтардың шабуылы бұларды әлсіретеді.

⁶⁵ В. В. Бартольд. История культурной жизни Туркестана. Л., 1927, 18-бет; Труды Семиреченской археологической экспедиции. «Чуйская долина», 73-бет.

⁶⁶ П. Н. Кожемяко. Раннесредневековые города и населения Чуйской долины. Фрунзе, 1959, 169-бет; В. В. Бартольд. Очерк истории Семиречья. Фрунзе, 1943, 24-бет.

⁶⁷ История Казахской ССР. Алма-Ата, 1957, 57-бет; В. В. Бартольд. К истории орошения Туркестана. СПб., 1914, 14-бет.

⁶⁸ В. А. Васильев. Проект орошения долины реки Чу в Семиреченской области. Петроград, 1915, 89-бет.

⁶⁹ А. Н. Бернштам. Памятники старины Таласской долины. Алма-Ата, 1941, 18—20-беттер; В. В. Бартольд. К вопросу о языках согдийском и тохарском. Сб. «Иран», т. I, Л., 1926, 32—41-беттер.

⁷⁰ История Казахской ССР. Алма-Ата, 1957, 66-бет.

Түргеш қағандығы құлаған соң, VIII ғасырда Жетісу өлкесі қарлуқтардың⁷¹ қолына көшеді. Қарлуқтардың кезінде қала халқы көшпелілерден және соғдыдан, Шығыс Түркестаннан шыққан қолөнершілермен толығады. Қарлуқтар кезінде «Ұлы Жібек жолы» маңызды роль атқарады. IX ғ. Орта Азия мен Шығысты байланыстыратын сауда керуен жолдары Шу бойындағы Суяб қаласында түйісіп, олардың біреуі Баласағун, Құлан қалалары арқылы өтті.

X ғасырдың бірінші жартысында Жетісу жеріне Шығыс Түркестаннан шыққан көшпелі ягмалар басып кіріп Караханид⁷² мемлекетін құрады. Олардың орталығы Шу бойындағы Баласағун қаласы болады.

XI ғасырдың басында Жетісу жеріне кидандар⁷³ басып кіреді. Ал XII ғасырда Жетісу біраз уақыт наймандарға⁷⁴, бұдан кейін монғолдарға⁷⁵ бағынады. XV ғасырдың 50 жылдарынан бастап өзбек ханынан бөлініп шыққан қазақтар Шу бойына көшіп келеді. Бұдан кейінгі кезде XVII ғасырда қалмақтар басып кіреді. XVIII ғасырда қалмақтарды қуған соң, Шу алқабы Қоқан хандығына қарайды. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Шу бойына орыс шаруалары келіп орналаса бастайды.

Осы тарихи кезеңдерде Шығыстан батысқа қарай ығысып, алды Кіші Азия, Қара теңізге дейін барған түрік, монғол тілдес халықтардың, тайпалардың қай-қайсысы болмасын бір-бірімен араласып, олардың кейбіреуі жол-жөнекей қалып, тұрақтап сол жердегі тайпалардың құрамына еніп, сіңісіп кетіп отырды.

Осындай көптеген тайпалар одағының жиі араласқан жері — Жетісу өлкесі, соның батыс жағына орналасқан Шу алқабы еді. Міне сондықтан да этникалық жағынан шоғырланған, тарихи уақиғаларға бай Шу бойындағы қазақтардың тіл ерекшеліктерін арнайы сөз ету, әрі тіл жағынан, әрі тарихи этникалық жағынан өте қызғылықты, өз алдына жеке зерттеу жұмысын жүргізуге тұрарлық теманың бірі болып саналады.

Н. А. Аристов «Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численнос-

⁷¹ Бұл да сонда, 62-бет.

⁷² Бұл да сонда, 64-бет.

⁷³ Бұл да сонда, 72-бет.

⁷⁴ Бұл да сонда, 73-бет.

⁷⁵ Бұл да сонда, 112-бет.

ти» деген еңбегінде қазақ жеріндегі рулардың құрамын тексерудің бүкіл түркі халықтарының құрамын білуге, оның тарихына ерекше маңызы барын және ру-ру болып бөлінуді сақтаған көшпелі қазақ құрамында басты-басты ескі түрік тайпаларын табуға болатынын айтқан болатын ⁷⁶. Шу бойы тұрғындарының этникалық құрамын алғанда мұнда ертеден келе жатқан ру, тайпалар кездеседі. Шу алқабында тұратын басты рудың бірі — Дулаттар. Бұдан басқа Сары үйсін, Шақшам, Шапырашты, Ысты, Қаңылы, Қыпшақ, Арғын, Жалайыр рулары бар.

Тарихи деректерге қарағанда Дулаттар «дұлу» деген атпен біздің заманымыздың алтыншы ғасырында белгілі бола бастаған. Батыс түрк қағанатына кірген он тайпаның бесеуі — дұлулар ⁷⁷ Шудың шығысынан бастап Жетісуға дейінгі аралықты ⁷⁸ мекен еткен. Монғол мемлекеті құлаған соң, Шығыс Түркістанда Маңлай сүбе мемлекеті құрылған. Осы кезде Дулат руы басты роль атқарған. XVI ғ. бұлар түгелімен қазақ құрамына кірген.

Н. А. Аристов, Ш. Уәлиханов т. б. тарихшылардың және жергілікті қарттардың білетін шежіресі бойынша Ұлы жүз қазақтарын Үйсіннен таратады. Олар Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз деумен бірге Байшора, Жаншора, Қарашора деп те атайды. Байшорадан Кейкі, одан Төбей туады. Төбейден: Майқы, Қоғам, Мекіре, Құйылдырды таратады. Қоғамнан: Қаңылы, Шанышқылы тарайды. Майқыдан Бақтияр одан Үйсін, Ойсыл. Үйсіннен: Ақсақал, Жансақал. Жансақалдан: Жалайыр. Ақсақалдан: Қараша, Қарашадан: Бәйдібек, Байдулы. Байдулыдан: Шақшам. Бәйдібектің үлкен әйелінен Сары үйсін, екінші әйелінен Жәлмембет, одан: Ысты, Ошақты, Шапырашты рулары тарайды. Бәйдібектің

⁷⁶ И. И. Аристов. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. «Живая старина», вып. III—IV, 1896, 76-бет.

⁷⁷ В. В. Бартольд. Очерк истории Семипречья. Фрунзе, 1943, 18-бет; Н. И. Аристов. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов Большой орды и каракиргизов. «Живая старина», вып. III—IV, 1894, 401-бет; А. Н. Бернштам. Социально-экономический строй орхоно-енисейских тюрков. М. — Л., 1941, 130-бет.

⁷⁸ История Казахской ССР. Алма-Ата, 1957, 59-бет.

үшінші әйелінен — Жарғышақ. Одан: Дулат, Албан, Суан рулары тарайды. Ал Дулаттан: Ботбай, Шымыр, Сиқым, Жаныс рулары тарайды. Бұлар өзара ұсақ руларға, аталарға бөлініп кетеді.

Осы рулардың қазіргі орналасу жағдайы төмендегіше. Қордайда — Шапырашты, Жаныс; Шуда — Ботбай, Сиқым, Шымыр, Қыпшақ, Ысты, Сары үйсін; Мойынқұмда — Шымыр, Арғын; Мерке мен Луговойда — Ботбай, Сиқым, Шымыр, Жалайыр рулары тұрады.

Жергілікті ерекшеліктердің пайда болуына экономикалық және мәдени жағынан байланысты болып, ұзақ уақыттар қарым-қатынас жасап келген көрші халықтар тілінің де едәуір әсері тиеді. Шу бойындағы тұрғындар тілінде ғана кездесіп, Қазақстанның басқа говорларында ұшырамайтын бірқыдыру ерекшеліктер, сөз жоқ, қырғыз, өзбек т. б. тілдердің ықпалынан болған құбылыстар.

Шу алқабындағы қазақтар ерте кезден бастап-ақ қырғыз, өзбек т. б. халықтармен көршілес қоныстас болып, қарым-қатынас жасап келді. Тарихи деректерге қарағанда қырғыздардың алғашқы тобы біздің заманымыздан бұрынғы екінші ғасырда Тянь-Шаньға келіп орналасқан⁷⁹. Академик В. В. Бартольд қырғыздардың негізгі бөлегі XVI ғасыр шамасында келген⁸⁰ деп қарайды. Ал проф. Б. М. Юнусалиев этнографиялық, лингвистикалық фактілерге сүйене отырып, қырғыздардың негізгі тайпаларының осы жерге келіп орналасуы XVI ғасырдан кейінгі кез⁸¹ екенін дәлелдейді. Осы айтылған тарихи мәліметтерге қарағанда, Шу — Іле тауларында көшіп-қонып жүрген қырғыз, қазақтардың экономикалық жағынан тығыз байланысты болғанына едәуір уақыт болғанын дәлелдей түседі. Көп уақытқа дейін Шу алқабындағы қырғыз, қазақтар бір административтік ортаға бағынып келді. Өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап Шу бойындағы тұрғындардың жартысы Жетісу облысының Піспек уезіне, ал, екінші бөлегі Сырдария облысының Әулиеата уезіне қарап кел-

⁷⁹ Н. А. Аристов. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. «Живая старина», вып. III—IV, 1896.

⁸⁰ В. В. Бартольд. Киргизы. Фрунзе, 1943, 53-бет.

⁸¹ Б. М. Юнусалиев. Киргизская лексикология, ч. I. Фрунзе, 1959, 204-бет.

ді. Қазіргі қоныс алып, орналасу жағынан алғанда қырғыз, қазақ селоларының арасы онша қашық емес. Олардың арасы бір-екі немесе бес-алты км. ғана, ал, кей жерде бір селодағы (Чалдовар) көше ғана бөліп тұрады.

Сонымен қатар, қазіргі кездегі мал жайылымдарын алсақ та Шу алқабындағы Қырғызстанға қарайтын көптеген аудандардың малы Қазақстан жерін — Аңрақай, Хантауды қыстаса, осының керісінше, Қазақстанға қарайтын Мерке, Луговой т. б. аудандардың жаз жайлауы Қырғызстан жері — Сусамырға барады. Және бұл жердегі тұрғындардың қыз алысып, қыз берісіп құдалдалы болу арқылы да туыстық қатынастар күшейген. Кейбір селолық Советтердің статистикалық мәліметтеріне қарағанда бұлардың саны 15—20% болады.

Сондай-ақ Шу алқабында Фрунзе, Тоқпақ, Выстровка, Қант, Піспек, Қарабалты, Чалдовар сияқты жерлерде базары бар қала мен селоларға сондағы тұрғындар демалыс немесе күн сайын барып бір-бірімен араласып тұрады. Осындай экономикалық, мәдени қатынастардың жиі болу нәтижесінде, Шу бойындағы тұрғындар тіліне қырғыз тілінің әсер етуіне жағдай жасады.

Шу бойы тұрғындары тілінде өзбек тілінің де едәуір әсері бар. Бұлардың бірқатары осы объектіде өзбек тұрғындарының болуымен байланысты болса, бірқатары Өзбекстанмен тікелей қарым-қатынаста болған қазақтар арқылы еніп отыр.

Бұл маңдағы қазақтардың тілінде көрші халықтардан енген ерекшеліктермен бірге, қазақ тілінің басқа говорларының да әсері бар. Шу өзенінің төменгі ағысы — оңтүстік пен Арқа қазақтарының тоғысқан жері. Бұл жердегі тұрғындар ерте кезден бастап-ақ қонысы жақын, мал жайылымы бір, шаруашылық жағынан тығыз байланыста болып келген халықтар. Шу бойындағы тұрғындар ілгергі кезден-ақ жаз кезінде малдарын Бетпақдала арқылы айдап Сарыарқаны жайлайтын болған. Ал, арқа қазақтары қыс кезінде Шу аяғына келіп қыстайтын болған⁸². Мұндай қарым-қатынастар қазіргі кезде де үзілген жоқ. Шу алқабындағы Мерке, Луговой, Шу т. б. аудандарындағы малдардың бірқатары Арқа

⁸² Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные Сырдарьинской статистической партией, т. 3, Аулие-Атинский уезд. Ташкент, 1911.

жеріне барып бағылады. Әрине, осы тәріздес ертеден аралас көрші отырған тұрғындардың тілінде бір-біріне ауысқан құбылыстар жоқ емес. Арқа қазақтарымен қатынасы күшті Мойынқұм, Шу аудандарында кейбір сөздерді айтқанда жергілікті тұрғындар тілінің ерекшелігі сақталмай Қарағанды облысының Шет, Жаңарқа тұрғындары тіліне бейім айтылады. Бұған *шаттауық, аққұман, кәліпкі//кәдуілгі, чабыр (қырқа)* т. б. мысалға келтіруге болады.

Оңтүстік пен Орталық Қазақстан тұрғындарының тоғысқан жері — Мыңаралда кейбір сөздер параллель қолданылады. Этникалық құрамы жағынан арқа қазақтарына кіретін (Шұбыртпалы, Кәрсен, Керней) бірақ әкімшілік жағынан Мойынқұм ауданына қарайтын Мыңаралда бірқатар сөздер қатар қолданылады: *кебе қозы//марқа қозы, чара//тегене, әпке//ана, бадыран//қиыр* т. б.

Зерттеліп отырған говорда өзге тілдің және қазақ тілінің басқа да говорларының әсері болғанмен, өзіндік ерекшеліктерін сақтай алған. Осындағы тұрғын қазақтардың тіліне тән фонетикалық, кейбір грамматикалық және көптеген лексикалық ерекшеліктер бар. Бұл жөнінде еңбектің осыдан кейінгі тарауларында тоқталмақпыз. Ондағы кездесетін өзгешеліктер Шу говорының Қазақстанның басқа жерлерінен айырмашылығын көрсете алады.

Шу өңіріндегі қазақтардың тіл ерекшелігін жазғанда, алты жылғы диалектологиялық экспедиция кезінде сондағы тұрғын колхозшылармен, интеллигенттермен және оқушылармен араласа отырып сөйлескендегі өз байқағандарымызға сүйеніп отырмыз.

Шу бойында 1955—1957 жылдары бірнеше диалектологиялық экспедициялар болды. Алғаш 1955 жылы июль, август, сентябрь, октябрь айларында Мойынқұм, Шу, Қордай аудандарында болдық. Келесі жылы апрель, май, июнь, июль айларында Мерке, Луговой аудандарындағы тұрғын қазақтардың тіл ерекшелігінен материалдар жинап қайттық. 1957 жылы июль, август айларында Қордай, Шу аудандарында тағы да болып бұрынғы жиналғандарды анықтадық. Соңғы экспедиция кезінде Қырғызстанның Фрунзе обл. қарайтын «Піспек», «Красный пахарь», «Ақбешін» (ескі Баласағұн қаласының жанындағы) елді пункттерде болып, қа-

зақ, қырғыз, өзбек этнотобынан⁸³ құралған тұрғындар тілінен біраз материал жидық. Мұндай құрама этнотоп Мерке селосында да кездеседі. Ал, 1965, 1967, 1970 жылдары диалектологиялық атлас жасау кезінде Михайловскіден бастап Шу аяғы Қамқалыға дейінгі елді пункттерді аралап, материал жидық.

Шу бойындағы қазақтардың тіл ерекшеліктерінен жиылған материалдар автордың өзі қатысқан диалектологиялық экспедициялар кезінде Қарағанды облысының Шет (1956 ж.), Көкшетау облысының Қызылту (1958 ж.), Орынбор облысының Адамов, Бөрте (1959 ж.), Ақтөбе облысының Темір, Жұрын, Ключевой (1960 ж.), Алматы облысының Шелек, Еңбекшіқазақ, Балқаш, Іле (1959, 1961 жылдары) аудандарындағы тұрғындар тілімен және қазақ тілінің басқа говорларымен салыстырылды. Бұған қосымша Тіл білімі институтының қазақ тілі тарихы мен диалектология бөлімінің және Қырғыз ССР Ғылым академиясының Тіл мен әдебиет институтының диалектология бөлімінің қорындағы материалдар толық пайдаланылды.

Тіл ерекшеліктерін анықтай түсу үшін кейбір жергілікті ауыл совет пен колхоздағы жазылған іс қағаздары, аудандық газеттер, оқушылардың еркін темаға жазған мазмұндамалары, шығармалары және жергілікті ақындардың шығармаларын пайдаландық.

Шу алқабындағы қазақтар тілінің ерекшеліктерін жинау, зерттеу кезінде біздің қолымызда үн жазып алатын құралымыз болмады. Осындағы тұрғындардың тіліндегі фонетикалық, лексикалық т. б. өзгешеліктерді естуіміз бойынша жазып, барынша дұрыс беруге тырыстық. Үн жазып алатын арнаулы аппаратымыз болмағандықтан, кейбір аса нәзік фонетикалық құбылыстар түгел қамтылмауы да мүмкін.

Диалектологиялық экспедиция кезінде сондағы тұрғындардан өлең, жырлар, мақал-мәтелдер және жұмбақ пен жаңылтпаштар, ертегілер, жергілікті тұрғындардың тарихына байланысты әңгімелер, шежірелер және Шу бойындағы тұрғындардан шыққан, бірақ әлі де баспа бетін көрмеген Қылышбай, Қожантай, Алдаберген, Балқыбек, Өзбек, Сауытбек, Орақбай, Жидебай, Ләтипа,

⁸³ Бұл этнотопты жергілікті тұрғындар «шала қазақ» деп атайды. Осыған сай олар тұрған жерді «Шала қазақ» селосы, «Шала қазақ» көшесі деп те атайды.

Қоңырбай, Бармақ, Қуандық, Бөлтірік, Әлмейін, Тілеміс, т. б. ақындардың өлеңдері жиналды. Бұл ауыз әдебиетіне байланысты материалдардың ішінде жергілікті тұрғындардың тіл өзгешеліктерін көрсететіндей фонетикалық, грамматикалық, лексикалық ерекшеліктерін қамтитын сөздер, сөйлемдер, сөз тіркестері бар. Кітап көлемі көтермегендіктен олардың шығармаларын бере алмадық.

Кіріспе соңында автор осы еңбектің жазылып шығуына ғылыми жетекшілік еткен Қазақ ССР Ғылым академиясының академиктері І. К. Кеңесбаев пен марқұм Н. Т. Сауранбаевқа, кітапқа редакциялық басшылық еткен филология ғылымының кандидаты Ш. Ш. Сарыбаевқа, жұмысты талқылауға, рецензиялауға қатысқан филология кандидаттары С. Омарбеков пен Ж. Болатовқа және Ә. Нұрмағамбетовке, сондай-ақ авторға жергілікті тіл ерекшеліктерін жинауға жәрдемін тигізген мұғалімдер З. Сырымбетовке, Ә. Мұқаметәбиевке, Н. Байғожаевке, Ж. Әбдірахмановке, Шу өңірінің тұрғыны Ө. Құлшықовқа шын ниетімен ықылас білдіріп, алғыс айтады.

І Т А Р А У

ФОНЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Белгілі бір тіл немесе сол тілдің ішіндегі жеке говорлар туралы толық түсінік беру үшін оның барлық салаларын да зерттеу керек. Сондықтан тілдің дыбыстық жағын, оның өзгерістерін, заңдылықтарын толық есепке алмайынша, тілдің басқа салаларында кездесетін заңдылықтарын ашуға болмайды. Өйткені, тілдің фонетикалық жүйесіндегі құбылыстар бірден туа қойған құбылыс емес, белгілі тарихи жағдайларға байланысты, ұзақ уақыттардың нәтижесінде туған құбылыс.

Алдымызға қойған мақсатымыз — говорды жан-жақты зерттеп жазу болғандықтан, экспедиция кезінде Шу бойы тұрғындарының тілінде кездескен лексикалық, грамматикалық өзгешеліктерімен қатар, фонетикалық ерекшеліктер жөнінде де бірқатар материал жинадық. Көлемі жағынан бұлар лексикалық ерекшеліктерден аз болғанымен, говордың әдеби тілден қаншалықты алшақ екендігін және қазақ тілінің басқа говорларымен қарым-қатысын көрсетуге дәлел болатын материалдар.

Говордағы фонеманың құрамын және олардың артикуляциялық жағын алсақ та, қазіргі әдеби тілдің нормасынан онша алшақ кетпейді. Сондықтан мұндағы дыбыстарға артикуляция жағынан түсінік беріп, жалпы қазақ тіліне тән басқа фонетикалық заңдылықтар туралы ерекше тоқталып жатпай-ақ, говордың фонетикалық ерекшелігі жағынан қазіргі әдеби тілден қаншалықты алыстығы, алшақтығы барлығын және қазақ тілінің басқа говорларына қарым-қатысын ашуға көбірек көңіл бөлінді. Кейбір дыбыстық құбылыстарды сөз еткенде олардың қалай пайда болуын анықтау мақсатымен қа-

зақ тілінің басқа говорларымен және көрші тілдердің материалдарымен салыстырылып берілді.

Қазақ тілі говорларында байқалатын негізгі фонетикалық ерекшеліктер дыбыс алмасуы, дыбыс сәйкестігі және кейбір қатаң дауыссыздардың екі дауысты арасында ұяңдамай айтылуы сияқты құбылыстарымен байланысты. Осындай дыбыстық өзгешеліктер, зерттеліп отырған говорға да тән.

Говорда кездескен түрлі дыбыстық ерекшеліктерді өзара көлемі жағынан салыстырып қарағанда біркелкі емес. Олардың кейбіреулері (ш/ч, ж/ж, д/л, б/п) говордың фонетикалық жүйесінде жиі кездесіп отыратын болса, енді біреулерінің өрісі тар, тек бірнеше сөздердің дыбыстық құрамында келуімен ғана шектеледі. Ал кейбір дыбыстық ерекшеліктер (ө/е: *кеуіл* — *көңіл*) бірлі-жарым сөздерде ғана айтылады.

Шу бойы тұрғындары тіліндегі фонетикалық ерекшеліктерді «дауысты дыбыстарға байланысты» және «дауыссыз дыбыстарға байланысты» құбылыстар деп екі салаға бөліп қарастырдық.

Дауысты дыбыстарға байланысты өзгешеліктер

Шу бойындағы тұрғындардың тілінде кездесетін дауысты дыбыстарға байланысты ерекшеліктер осы дауыстылардың бірінің орнына екіншісінің қолданылып, алмасуымен және кейбір дифтонг дыбыстың ықшамдалып, әдеби тілдің нормасынан өзгешеленіп келуімен сипатталады. Говорда кейде ашық дауыстылар өзара бір-бірімен алмасса, кейде осының керісінше, қысаң дауыстылар алмасады. Ал кей жағдайда ашық дауыстылардың орнына қысаң дауысты дыбыстар жұмсалады. Олар мыналар:

А/Ә. Әдеби тілдегі жуан дауысты *а* дыбысының орнына кейбір сөздерде, говорда жіңішке *ә*¹ айтылады. Мысалы: *жән* — жан, *жәзә* — жаза, *жәрім* — жарым, *жәмән* — жаман, *місәлі* — мысалы, *мәзмүн* — мазмұн, *сәрі үйсін* — сары үйсін, *інәбәт* — инабат, *зіндән* — зындан, *ләж* — лаж, *чәлә* — шала, *дәнә* — дана, *жән*-

¹ Фонетика саласына беріліп отырған мысалдардың диалектілік вариантын курсивпен бұрын беріп отырмыз. Әдеби тілдегі баламасы кейін берілді. Бұдан кейінгі мысалдар да осы тәртіппен беріліп отырады.

нәт — жаннат, дәуә — дауа, ішәрәт — ишарат. Ұлың ж ә м ә н болса «әттеген-аймен» күнің өтер. Ілгеріде губырнатырды ж ә р і м патша деп атаушы еді. Сізге мен бір м і с ә л қып айтайын. Менің ұрығым с ә р і ұ й с і н. Істеген ісіңнің бәрі ч ә л ә.

... Жеңілмейміз жеңеміз
Бұрыннан жеңіп келеміз.
Аянбайтын әсіл күш
Жәзәсін жаудың береміз...
... Сөз қандай парасатты танығанға
Дақ салмай әсіл өтер жанығанда...
Тікті де әсіл киім киіндірді
Көрген жан кетпей тұрып қарағандай.
(Фольк.)

Жуан дауысты *a* дыбысының кейбір сөздердің құрамында жіңішкеріп *ә* болып келуі Қазақстанның оңтүстік облыстарындағы тұрғындар тіліне тән ерекшелік. Жуан дауыстының жіңішкеріп айтылуы қазақ тілі говорларын екіге бөліп көрсететін изогласстық сипаты бар құбылыс.

Проф. I. Кеңесбаевтың пікірі бойынша *ә* фонемасы — қазақ тілінде сирек кездесетін фонема. Оның сирек ұшырау себебін күншығыс тілдерінен келген сөздермен байланысты болуынан деп қарайды². Шынында Шу бойы тұрғындарынан жиналған материалдарда *ә* фонемасы арқылы жіңішкеріп қолданылған сөздердің көпшілігі араб, парсы тілдерінен енген сөздерде жиі кездеседі.

Жуан дауысты *a* дыбысының жіңішкеріп *ә* болып айтылуы қазақ тілінің басқа говорларында да бар. Ж. Досқараевтың зерттеулеріне қарағанда бұл алмасу Шымкент облысының Түлкібас, Сайрам аудандарында өте жиі ұшырайды. Автордың айтуынша *a*-ның жіңішкеріп *ә* болып келуі тек қана сөздің бірінші буынында емес, соңғы буындарында да кездеседі³. Мұндай дыбыс алмасулары қазақ тілінің Орда говорында⁴, Семей

² Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954, 107-бет; Современный казахский язык. Фонетика и морфология. Алма-Ата, 1962, 21, 29-беттер.

³ Ж. Досқараев. Бір экспедиция отрядының диалектологиялық жұмысы туралы. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы, 1-шығуы, 1958, 188-бет.

⁴ Ә. Бөрібаев. Орда говорының кейбір фонетикалық ерекшеліктері. «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары, филология сериясы», 1959, 1—2 (8—9)-шығуы, 190-бет.

облысының Абай, Шұбартау⁵ және Көкпекті, Ақсуат⁶ аудандарындағы тұрғындар тілінде де кездеседі.

Кейбір сөздерде, осының керісінше, жіңішке дауысты ә-нің орнына Шу бойы тұрғындары тілінде жуан а айтылады. Бұлар, әсіресе, Қырғызстанмен шектес жерлерде жиірек кездеседі. Мысалы: *жардам* — жәрдем; *балам жардам бергелі келіпті*. *Талайлы* — төлейлі; *қарағым, талайлы болғын!* *Абдан айбат* — әбден, әйбет; *Бақбергеннің баққан қойы* — *абдан айбат*. *Айал* — әйел. *Бұл айалдан сөзден жығылсаң, сүйегіңе таңба болар*. *Қары адам*.

Жоғарыда беріліп отырған сөздерде қырғыз тілінде жуан дауысты а дыбысы (*абдан, айбат, жардам, талайлы*⁷) қолданылады.

А/Ы. Ашық а айтылатын кейбір сөздерде қысаңы дыбысы қолданылады. Мысалы: *тыпын* — топан, *қысап* — қасап, *сынамыққа* — сынамаққа, *турысын айту* — турасын айту, *тайыз* — тайаз, *айырмысы* — айырмасы, *аз-мыз* — аз-маз. *Баладарды сынамыққа күрестірген екен*. *Жазуға туры келсе жаз*. *Жасырып жаппай-ақ турысын айту керек*.

Бұл дауыстының алмасуы қазақ тілінің Маңғыстау⁸ говорында және Ақтөбе облысының Байғанин⁹, Семей облысының Абай, Шұбартау¹⁰ аудандарында, Шығыс Қазақстан облысының Күршім, Зайсан, Тарбағатай¹¹ аудандарындағы тұрғындар тілінде кездеседі. Бұл ды-

⁵ Ж. Болатов. Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер туралы. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», 2-шығуы, Алматы, 1960, 131-бет.

⁶ Ж. Болатов. Семей облысының Көкпекті, Ақсуат аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер туралы. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», 3-шығуы, Алматы, 1960, 76-бет.

⁷ К. К. Юдахин. Киргизско-русский словарь, М., 1940, 12, 20, 158, 164, 478-беттер.

⁸ С. Омарбеков. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктері. Алматы, 1965.

⁹ Ж. Досқараев. Байғанин ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі фонетикалық ерекшеліктер. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», 2-шығуы. Алматы, 1960, 7-бет.

¹⁰ Ж. Болатов. Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында тұратын..., 132-бет.

¹¹ Ж. Досқараев, Ғ. Мұсабаев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы, 1951, 41-бет.

быстардың (*a, ы*) бірінің орнына бірінің айтылуы бірқатар түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне тән құбылыс. Мысалы, якут, тува, шуваш тілдерінде, басқа түркі тілдерінде ашық *a* дауыстысы айтылатын жерде, ол дыбыстың орнына әрдайым *ы* дауыстысы жұмсалады¹². Сол сияқты шор тілінің өз ішінде де белгілі бір сөздердің құрамында да бұл дыбыстар бірде *a*, бірде *ы* болып айтылып өзара кезектесе қолданылып отырады¹³. Қырғыз тілінің ош¹⁴, чуй¹⁵ говорларында, тьянь-шаньдық¹⁶, мургабдық¹⁷ қырғыздар тілінде де бұл дауыстылар алмасып айтыла береді. *A, ы* дыбыстары арасындағы осы тәріздес қарым-қатынасқа сүйеніп, кей зерттеушілер түркі тілдеріндегі *ы* дыбысы *a* фонемасынан редуциялану жолымен дамыған дыбыс болуы мүмкін деген жорамал айтады¹⁸.

E/A. Сөздің соңғы буындарында айтылатын қысаң *e* орнына кейбір сөздерде ашық *a* қолданылады. Мысалы: *бекарға* — бекерге; *мені бекарға күйдіресің. Дәража* — дәреже; *оның дәражасы менен артық па?* Мұндай құбылыстар шығыс және көмектес септік жалғауларында да кездеседі. Мысалы: *шидан* — шиден; *тоқыған шидан суырып алды. Аtpан* — атпен; *қолтіс жасап, жерді атпан, түйемен жыртты. Айламан* — айламен; *оны айламан қолға түсірген екен.*

Алғаның жақсы жолықса,
Алуа чекер палман тең.
Жоқшылығың білінбес

¹² Ф. Г. Исхаков. Характеристика отдельных гласных современных тюркских языков. В кн.: «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков», I, фонетика. М., 1955, 66—67-беттер.

¹³ Н. П. Дыренкова. Грамматика шорского языка. Л., 1941, 8-бет.

¹⁴ Г. Бакинова. Кыргыз тилинин ош говорлору. Фрунзе, 1956, 28-бет.

¹⁵ Г. Бакинова, С. Кондучалова, С. Сыдыков. Кыргыз тилинин чуй говору. Фрунзе, 1959, 22-бет.

¹⁶ Э. Абдулдаев. Г. Бакинова, С. Кондучалова, С. Сыдыков. Тянь-шаньдық қырғыздардың тилиндегі өзгөчөлуктер. Фрунзе, 1960, 18-бет.

¹⁷ Н. Байшекеев. Мургабдық қырғыздардын тилиндегі фонетикалық жана грамматикалық өзгөчөлуктер. «Қырғыз ССР Илимдер академиясынын қабарлары», коомдук илимдер сериясы (лингвистика), II том, I чыгышы. Фрунзе, 1960, 99-бет.

¹⁸ Ф. Г. Исхаков. Жоғарыда аталған еңбек, 95-бет.

Жоқ та бо(л)са барман тең.
Көтерілер көңілің
Ағарып атқан таңман тең (фольк.).

Е орнына а дыбысының қолданылуы бірлі-жарым сөздерде қазақ тілі говорларында кездеседі. Бұл дыбыстардың алмасуы өзбек, қырғыз тілдерінің кейбір говорларына тән құбылыс.

Е/Ә. Әдеби тілде е дауыстысы айтылатын кейбір сөздерде зерттеліп отырған говорда ә қолданылады. Мысалы: *дiгәр* — дiгер, *кәрәмәт* — керемет, *дiңкә* — дiңке, *пәндә* — пенде, *пәрзәнт* — перзент, *шәк* — шек, *әгәр* — егер, *мәкән* — мекен, *әшкәрә* — әшкере. *К ә р ә м ә т і бо(л)са көрелiк. Әбдән д i ң к ә с i құрып отыр ғой. Бір п ә р з ә н т көрмей өтем бе деп қайғырады. Адамға адам с ә б ә п болады. Ішқандай ш ә к келтірмесең де болады. Ә г ә р мен кешіксем сен іздерсін — депті бала. Ата м ә к ә н i м i з осы жер.*

О/Ұ, Ө/Ү. Бірқатар сөздерде еріндік дауыстылар да алмасады. Мысалы: *Ұяулық* — ояулық; *Ұяулық пен ұйқы да жұп, тірілік пен өлім де жұп. Ұяну* — ояну; *Бір күні Жақсылық ұйықтап кетіп ұянып кетсе, көзі көретін болады. Дұмалану* — домалану; *тек жүрген д ұ м а л а н ы п көп жүреді* (мақал). *Сүндіру* — сөндіру; *чамды с ү н д i р г е н соң чыбын бо(л)майды. Үткөл* — өткел; *Судан үткөлсіз қалай өтесін. Үлу* — өлу; *оның әкесі Сұранчы батырмен Тәшкенде бірге үлген. К ұ ң і л* — көңіл; *білімі жоқ жігіттің көзі соқыр, күңілі мұз* — депті біреу ілгеріді.

Еріндік о, ұ дауыстыларының алмасулары бірлі-жарым сөздерде қазақ тілінің Орда (құлдану, сұпы), Арал, Маңғыстау (құртынды, құлдану, құрқақ, құрылдау) говорларында және қырғыз тілінің Чуй¹⁹ говорында да кездесіп қалады.

Ұ/Ы. Басқа дауысты дыбыстардың өзара алмасуларына қарағанда говорда жиірек кездесетін құбылыс еріндік ұ дыбысының езулік ы дыбысына алмасуы. Бұл құбылыс сөздің басқа буынымен қатар соңғы буындарында да ұшырайды. Мысалы: *тымау* — тұмау, *тыман* — тұман, *тынық* — тұнық, *қылғұна* — құлғана, *былақ* — бұлақ, *мыздау* — мұздау, *бызау* —

¹⁹ Г. Бакинова, С. Кондучалова, С. Сыдыков. Қырғыз тилинин чуй говору. Фрунзе, 1959, 23-бет.

бұзау, *тымар* — тұмар, *ыйат* — ұят, *қырсау* — құрсау, *ыстау* — ұстау, *тыну* — тұну, *ырлау* — ұрлау, *Байызақ* — Байұзақ, *Құдайғыл* — Құдайғұл, *Майбылақ* — Майбұлақ.

Қазақ тілінің басқа говорларында да бұл дыбыстар кейбір сөздерде алмасып айтыла береді. Күршім, Зайсан, Тарбағатай аудандарынан жиналған материалдарда *құрсан*, *анда-мұнда*, *тұмақ*, *шұбар*²⁰; Маңғыстау говорында *тұман*, *құбыла*, *бұлақ*, *пұшайман*, *жұлын*, *ұмтылу*²¹ және Байғанин ауданындағы тұрғындар тілінен жиналған *мұндай*, *баратұрған*²² сияқты сөздердегі ұ дыбысының орнына ы қолданылады.

Бұл ерекшелік қазақ тілінің кейбір говорларында басқа дауыстыларға қарағанда жүйелі түрде ұшырайтын құбылыс болып саналады. Бір ерекшелігі осы говордың біреуінде ұ орнына ы айтылатын сөз басқасында қайталамай, одан бөтен сөзді қамтиды. Мысалы, түрікмен қазақтарының тілінде *жұлүн*, *бұдан*, *бұзу*, *сұрқия*, *тұлымшақ*, *ұмыту*²³ сөздерінде, Өзбекстандағы Тамды қазақтарында *ұялу*²⁴ т. б. Қарақалпақстандағы *пұшық*, *жұму*²⁵ сөздеріндегі ұ орнына ы қолданылады.

Ү/І. Кейбір сөздерде еріндік ү орнына езулік і айтылады. Мысалы: *дәстір* — дәстүр, *індеме* — үндеме, *інтін* — үн-түн, *чіберек* — шүберек. *Халық дәстірі бойынша осылай істедік. Ұстараны ш і б е р е к к е орап қалтасына салады. Еліңнің байлығы қандай дегенде, ол біраз і н д е м е й тұрады. І н д е м е й отыр, бала оянады. Үйіне бардым да, і н-т і н жоқ қайттым.*

Б/І. Бірқыдыру сөздерде жуан ы дыбысының жіңішкеріп і болып айтылуы байқалады. Мысалы: *чіркөбелек* — шыр көбелек, *сиірші* — сиыршы, *чібіш* — шыбыш, *місәлі* — мысалы, *міскершілік* — мыскершілік, *зіндән* — зындан, *ізә* — ыза, *Чімкент* — Шымкент, *мі-*

²⁰ Ж. Досқараев, Ғ. Мұсабаев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы, 1951, 42-бет.

²¹ С. Омарбеков. Жоғарыда аталған еңбек, 221-бет.

²² Ж. Досқараев. Байғанин ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі фонетикалық ерекшеліктер. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», 2-шығуы. Алматы, 1960, 8-бет.

²³ А. Нурмагамбетов. Казахский говор на территории Туркменской ССР. Автореф. канд. дисс. Алма-Ата, 1965.

²⁴ Т. Айдаров. Языковые особенности казахов Тамдинского района Узбекской ССР. Автореф. канд. дисс., Алма-Ата, 1967.

²⁵ Н. Джунусов. Казахский переходный говор на территории Каракалпакской АССР. Автореф. канд. дисс. Алма-Ата, 1965.

нейер — мына жер. Тентек қой ч і р кө б е л е к айналып ауырады. Өзі үчөтчик, өзі с и і р ш і бір бала бар. М і с э л етіп көп сөз айтты. Менің қолымнан м і с к е р ч і л і к те келеді. Ч і м к е н т т і ң асты-үстінің бәрі мұқыл сиқым руы. М і н е й е р г е таман келіңіздер. Ч і л э у ж і н д і әпкел, балам. Баламның істеген ісіне көңілім толмай і з э болып отырмын. Мал басын жоюшыларға т и і м салынсын («Социалистік еңбек», 23 июнь, 1942 ж.).

Зерттеліп отырған говорда дифтонг *и* (*ый, ій*) қолданылатын кейбір сөздердегі *и* түсіп қалып *ы, і* арқылы айтылады. Мысалы: *мырас* — мирас, *пығыл* — пиғыл, *қымыл* — қимыл, *підә* — пида, *ішәрәт* — ишарат, *ақ дарық* — аһ дариға! Бізге қарай бір нәрсе қ ы м ы л д а п келейатты. Т а р ы қ т а н көп білмеймін, балам.

...Жісінің сыпатынан қорыққанынан
Жаһанда мен көрмеген кімсің деді...

Сыпаты бір адамнан
Ерден ердің ісі артық...

... *Мырас* сөз аңыз бо(л)ған ел аузында

Бір нақыл еске сақтар бұл бір тарық.

... Бұл сөзде өтірік жоқ рас еді

Қа(л)ған сөз бұрынғыдан *мырас* еді...

... Келді ол ағасына сөйлесуге

Іш толып ақ *дарық* арманмынан...

... *Ішәрәт* оқып мұны парық қы(л)сын,
Мойнына бұл айыбын алып тұрсын... (фольк.).

Қорыта келгенде Шу бойы тұрғындары тіліндегі дауысты дыбысқа байланысты ерекшеліктер көп жағдайда жалпы түркі тілдеріне тән дыбыс алмасуларының фонетикалық заңдылығынан туып отырса, кейбір жекелеген сөздерде қазақтың әдеби тілінен фонетикалық ауытқушылық көрші отырған халықтар тілінің (әсіресе, қырғыз тілінің) әсерінен пайда болғаны байқалады.

Дауыссыз дыбыстарға байланысты өзгешеліктер

Ш/Ч. Зерттеліп отырған говордағы аса бір сипатты және өзінің қолдану аясы жағынан жүйелі түрде кездесетін дыбыстық ерекшеліктерге аффрикат дыбыстарды жатқызуға болады. Соның бірі спирант *ш* дыбысының орнына аффрикат *ч* дауыссызының қолданылуы.

Қазіргі әдеби тілімізде аффрикат *ч* сирек айтылатын

өрісі тар дыбыстардың бірі. Бұл дауыссыздың жиі қолданылуы негізінде, говорларға тән. Проф. І. К. Кеңесбаев орыс графикасына дейінгі жазуларымызда *ч* дыбысына арнаулы өрпіміз болмағанымен, бұл дыбыстың қазақ тілі говорларында ертеден келе жатқан фонема екенін және оның, әсіресе, Жетісу қазақтары тілінде сөздің анлаут позициясында өте жиі ұшырайтын құбылыс екенін айтқан ²⁶.

Аффрикат *ч* дыбысының жиі қолданылуы қазақ тілінің бірқатар жергілікті говорларында көптен байқалып келе жатқан құбылыс. Қазіргі диалектологиялық зерттеулерде Қазақстан жерінің Тарбағатайдан ²⁷ бастап Семей облысының оңтүстігі ²⁸, бүкіл Жетісу ²⁹, Алатау өңіріне дейінгі аймағымен Каспий жағасындағы Маңғыстау ³⁰ түбегін мекендеуші қазақтардың тілінде аффрикат *ч* дыбысының осылайша спирант *ш* дыбысының орнына қолданылатындығы анықталып отыр.

Аффрикат *ч* дыбысының қолданылуына қарағанда қазақ тілінің говорлары *ч*-шыл (оңтүстік-шығыс пен Маңғыстау), *ш*-шыл (солтүстік, орталық, батыс облыстар) говорлар тобы деп екіге бөлуге болады. Бірақ аффрикат *ч* дыбысының изоглосстарын, яғни таралу шегін әлі де анықтап алу қажет. Өйткені кейбір зерттеушілердің пікірі бойынша оңтүстік-шығыс облыстарға тән деп отырған *ч* аффрикаты осы аймақтағы тұрғын-

²⁶ І. К. Кеңесбаев. Қазіргі қазақ тілінің дауыссыз дыбыстары. «Халық мұғалімі», 1948, № 11, 50-бет; «Қазіргі қазақ тілі». Алматы, 1954, 132—133-беттер; Современный казахский язык, фонетика и морфология. Алма-Ата, 1962, 58-бет.

²⁷ Ж. Досқараев. Күршім, Зайсан, Тарбағатай аудандарындағы қазақтардың тіліндегі өзгешеліктер. — «Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері». Алматы, 1951, 44-бет.

²⁸ Ш. Сарыбаев. Семей облысының Мақаншы ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер. «Қазақ тіл білімі мәселелері», I том. Алматы, 1959, 38-бет.

²⁹ М. Нүсіпов. Жетісу халқының ауыз тіліндегі қолданылып жүрген аффрикат *ч*, *ж* дыбыстары туралы. «Халық мұғалімі», 1940, № 1—2, 100—105-беттер; Ә. Құрышжанов. Нарынқол, Кеген аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі ерекшеліктер. «Қазақ тіл білімі мәселелері», I том. Алматы, 1959, 46—47-беттер; Ж. Болатов. Ұзынағаш экспедициясының материалдарынан. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», 1-шығы. Алматы, 1958.

³⁰ С. Омарбеков. Қазақ тілі говорларында *ч* дыбысының қолданылуы жөнінде. «Қазақ тіл білімі мәселелері». Алматы, 1959, 103—110-беттер.

дарды түгел қамтымайды. Ж. Досқараевтың зерттеулеріне қарағанда *ч* аффрикаты шығыстан бастап Оңтүстік Қазақстан облысына дейін тарағанмен, Арыстың жоғары жағында қолданылып, төменгі Арыстағы Арғын, Қыпшақ, Қоңыраттар тілінде байқалмайды³¹. Сондай-ақ СССР Ғылым академиясы жанындағы Қазақстан филиалының тіл секторы 1939 жылғы ұйымдастырған экспедициясы да аффрикат *ч*-ның қатаң дыбыстардан соң (*атчы, қатчы*) қолданылуын Қостанай облысының Торғай ауданы қазақтары тілінен де байқаған болатын³².

Қазақ тілі говорларында кездесетін *ч* дыбысы шұғыл *т* мен спирант *ш* дауыссыздарының бірінен соң бірі іле-шала айтылған артикуляциялық кезеңдерінен тұратын қосынды дауыссыз болғанымен, оның қазақ тілі говорларында қолданылу жағынан алғанда біраз айырмашылықтар бар. Мысалы, Жетісу мен Маңғыстау қазақтарының тіліндегі аффрикат *ч* дыбысының жұмсалу дәрежесін бірдей деп қарауға болмайды. Жетісу аймағындағы қазақтардың тіліндегі *ч* кәрінің де, жастың да тілінде актив түрде қолданылатын, өз сапасын толық сақтаған таза аффрикат дыбыс. Ал Маңғыстау³³ және Түркменстандағы³⁴ қазақтар тілінде егде адамдарда айтылып, жастарда сирек кездесетін *ш* мен *ч* арасындағы аралық дыбыс. Маңғыстау тұрғындарындағы аффрикат *ч*-ның шұғыл элементінен гөрі ызың элементі басымырақ.

Аффрикат *ч*-ның спирант *ш*-мен сәйкес келуі сөздің бас позициясында жиі ұшырайды. Мысалы: *чал* — шал, *чын* — шын, *чекпен* — шекпен, *чалғы* — шалғы, *чегелдек* — шегелдек, *чапан* — шапан, *чам* — шам, *чыны* — шыны, *чарбақ* — шарбақ, *Чыныбек* — Шыныбек, *Чортанбай* — Шортанбай, *Чөже* — Шөже т. б.; *Біз*

³¹ Ж. Досқараев. Қазақ тіліндегі аффрикат дыбыстардың жұмсалуы. «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары, лингвистикалық серия», 1950, № 82, 44-бет.

³² М. Нүсіпов. Жетісу халқының ауыз тіліндегі қолданып жүрген аффрикат *ч, ж* дыбыстары туралы. «Халық мұғалімі», 1940, № 1—2, 104-бет.

³³ С. Омарбеков. Қазақ тілінің говорларында *ч* дыбысының қолданылуы жөнінде. «Қазақ тіл білімі мәселелері». Алматы, 1959, 107-бет.

³⁴ А. Нурмагамбетов. Казахский говор на территории Туркменской ССР. Автореф. канд. дисс., Алма-Ата, 1965.

дің, чалдардың ішінде Чыныбек деген қария Чортанбай, Чөже ақындардың өлеңдерін көп білуші еді. Біреуміз бидай сапырып, екіншіміз оның бетін чарлап тұрамыз. Ағыротты чарбақтан қойдық. Қойды чегелектің ішіне жайыпты.

Осы мысалға берілген сөздер Қазақстанның солтүстік, орталық және батыс облыстарының көпшілік жерлерінде аффрикат ч-мен айтылмай, әдеби тілдегіше спирант ш дыбысымен беріледі.

Көптеген қазіргі түркі тілдерінде (қырғыз, ұйғыр, өзбек, түрікмен т. б.) аффрикат ч дыбысы — сөздің алуан түрлі позициясында жиі қолданылатын фонема. Ал кейбір түркі тілдерінде (қарақалпақ) бұл дауыссыз дыбыс әдеби тілде жиі кездеспейтін спирант ш-ның варианты ретінде говорларда ғана ұшырайтын құбылыс³⁵.

Көне жазу ескерткішінде де аффрикат ч дыбысы болған. Қазіргі бірсыпыра түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіндегідей көне жазу ескерткішінде де аталған аффрикат сөздің ортасында, соңында және бас позициясында да жиі қолданылған. Көне түркі тілдерінің V—VII ғасырдағы орхон жазу ескерткішінде кездесетін чөл³⁶ (шөл), Чур³⁷ (Талас ескерткішіндегі Шур деген кісі аты), чаб³⁸ (әйгілі, даңқ), XI ғасырдағы Махмуд Қашқаридың сөздігінде кездесетін сид³⁹, шық (чазан⁴⁰, шаян); сондай-ақ XI ғасырдағы Қудатқу-біліктегі чықты⁴¹ (шықты), чүн⁴² (шын) және XIV ғасырдағы Насырдин Рабғузи шығармаларында кездесетін сәсәк⁴³

³⁵ Ж. Аралбаев. Қарақалпақ тілінің дауыссыз фонемалары. Ученые записки Казахского государственного университета им. С. М. Кирова, том XXXIV, вып. 3, языка и литературы. Алма-Ата, 130-бет.

³⁶ С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М. — Л., 1951, 62-бет.

³⁷ Бұл да сонда, 74-бет.

³⁸ С. Е. Малов. Енисейская письменность тюрков. М. — Л., 1952, 59-бет.

³⁹ С. Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности. М. — Л., 1951, 376-бет.

⁴⁰ Бұл да сонда, 314-бет.

⁴¹ Бұл да сонда, 251-бет.

⁴² Бұл да сонда, 377-бет.

⁴³ М. Балақаев, Ә. Құрышжанов. Қазақ тілі тарихын вертеудің жайы мен міндеттері туралы. «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы». Алматы, 1961, № 10, 47-бет.

сияқты т. б. сөздердің басында аффрикат ч дыбысы ұшырайды.

Қазақ тілінің тарихына байланысты жазылған кейбір еңбектерге қарағанда аффрикат ч дыбысы көне қыпшақ тілдерінде де қолданылған⁴⁴. С. Е. Малов көне қыпшақ тілдері жөнінде XIII—XV ғасырларда жазылған араб грамматикашыларының еңбектерінде ч мен ш дыбысының қатар қолданғандығын көрсетеді. 1245 жылғы түрікше-арабша сөздікте *чері* сөзімен қатар *шері* (әскер), *бақырчы* тұлғасымен қатар *бақыршы*, және XV ғасырда араб тілінде жазылған бір грамматикада *үш//уч* (үшу), *кеш//кеч* (кешу), *шық//чығу* (шығу), *аш//ач* (ашу), *ағаш//ағач* (ағаш), *балшық//балчық* (балшық) сияқты сөздер қатар жарыса айтылған.

Аффрикат ч дыбысының сапасы жағынан алғанда қазіргі түркі тілдеріндегі ч көне түркі тілдерімен бірдей деп айту қиын. Тіпті, көне түркі тілі мен қазіргі түркі тілдерін айтпағанның өзінде, бір тілдің говорларындағы ч дыбысының сапасы жағынан айырмасы бар екенін көруге болады.

Шу бойы тұрғындары тіліндегі сөздің бас позициясында ч қолданылатын материалдарды осы аффрикат жиі айтылатын көрші түркі тілдерімен салыстырсақ, олардың арасында белгілі дәрежеде ұқсастық бар екенін аңғаруға болады.

Әдеби тілде	Шу бойында	қырғыз тілінде	ұйғыр тілінде	өзбек тілінде
шала	чала	чала	чала	чала
шама	чама	чама	чама	чама
шандыр	чандыр	чандир	чандир	чандир
шатақ	чатақ	чатақ	чатақ	чаток
шақыру	чақыру	чақыруу	чақирмақ	чакирмок
шебер	чебер	чебер	чевэр	чевар
шешен	чечен	чечен	чэчэн	чечан
шіл	чил	чил	чил	чил

т. б.

Қазақ тілі говорларында қолданылып жүрген аффрикат ч дыбысы басқа түркі тілдері (татар, өзбек, азербайжан, қырғыз, түрікпен, ұйғыр) сияқты сөздің бас

⁴⁴ С. Е. Малов. К истории казахского языка «Известия АН СССР, отделение литературы и языка», 1941, № 3, 198-бет.

позициясында *ш*-мен қатар қолданыла бермейді. Соңғы аталған тілдерде екеуі қатар қолданылып жеке фонемаға ие болатын дыбыстар болып саналады. Говорда кездескен аффрикат *ч* дыбысы қазақтың байырғы төл сөздерінде қолданылғанда жеке фонема ретінде айтылмайтын спирант *ш*-ның варианты деуге болады. Осы жоғарыда көрсетілген түркі тілдерінде әрі *ч*-дан, әрі *ш*-дан басталатын сөздер де бар. Ал қазақтың әдеби тілінде аффрикат *ч* сөз басында орыс тілінен енген сөздерде ғана қолданылады. Демек, түркі тілдерінің бірқатарында *ч* қолданылатын сөздер де қазақ әдеби тілі мен оның говорларында *ш*, ал осы тілдердегі *ш* дыбысының орнына қазақ тілінде (мысалы: қазақша *сол*, татар, өзбекше *шул*, қырғыз, түрікпенше *шол*) *с* дыбысы айтылады⁴⁵.

Аффрикат *ч* дыбысы негізінде сөздің басында болумен бірге сөз ортасында да кездеседі. Біздің байқауымызша зерттеліп отырған говорда сөз ортасында қатаң *п*, *т*, *қ*, *к* және үнді *л*, *м*, *н*, *ң* дауыссыздарынан соң келген спирант *ш* дыбысы орнына аффрикат *ч* айтылады. Мысалы: *жиенчар* — жиеншар, *чанчу* — шаншу, *күлчин* — күлшін, *Жиренче* — Жиренше, *көпчик* — көпшік, *патча* — патша, *қамчы* — қамшы, *Сұранчы* — Сұраншы, *қылча* — қылша, *қулақчын* — құлақшын, *қанча* — қанша, *чымчық* — шымшық, *мұнча* — мұнша, *көңілчек* — көңілшек, *мақтанчақ* — мақтаншақ, *Отынчы* — Отыншы (кісі аты). *Жиенчары ма хабар беруге бір бала кетті. Інімнің өкпесі чанчып ауырады. Ердің көпчик бастырмасы бар еді. Жиренче баласына қамчысын а(л)ғызып үйретеді. Томасадан Отынчы туады. Сұранчы батырдың кезінде Чаныраштылардың бірқатары осы жерге көшіп келеді.*

Сөз ортасында жоғарыда аталған дауыссыздарға біткен түбір сөзге спирант *ш*-дан басталатын қосымшалар аффрикат *ч* болып айтылады. Мысалы: *күнчил* — күншіл, *әнчил* — әншіл, *егінчи* — егінші, *балықчы* — балықшы, *өткенче* — өткенше, *көңілчек* — көңілшек т. б. *Жиренченің күнчил адамдары көп бо(лы)пты. Бұрынғы уақытта дүниенің бәрі кемчил бо(л)ған. Біз жасы-*

⁴⁵ В. А. Богородицкий. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. Казань, 1934, 45-бет; К. К. Юдахин. Краткие сведения по сравнительной фонетике; Киргизско-русский словарь. М., 1940, 571—572-беттер.

мыздан әнчил бопчыққанбыз. Сен дабырчыл едің.

Егіншінің байлығы
Келесі тұқым сепкенче.
Балықшының байлығы
Етек жеңі кепкенче.
Чаруашылықтың байлығы
Сіре өмір өткенче...

Ерінчек жан жарлы болар
Көңілчек жан зарлы болар,
Чақырмасаң үйге кірмес
Жақсы адамдар арлы болар...
Ырысқұл мен Бердіқұл
Егінші мен суатқың...

(фольк.).

Аффрикат *ч* дыбысының сөз ортасында қолданылуы басқа түркі тілдерінде де бар. Оған мысал ретінде тұлғасы жағынан бір сөздерді өзбек, ұйғыр, қырғыз, азербайжан тілдерінің материалдарымен салыстырып көрейік:

әдеби тілде	Шу бойында	өзбек тілінде	ұйғыр тілінде	қырғыз тілінде	азербайжан тілінде
бірінші	бірінші	баринчи	биринчи	биринчи	биринчи
екінші	екінші	иккинчи	иккинчи	екинчи	иггинчи
үшінші	үчинчи	үчинчи	үчүнчу	учүнчу	үчүнчу
тілші	тілчи	тилчи	тилчи	тилчи	
жәрдемші	жәрдемчи	ердамчи	ярдамчы	жардамчы	
кемшілік	кемшілік	қамчилик	камчилик	кемчилик	
көңілшек	көңүлчек	кунгилчак	көңүлчөк	көңүлчөк	

Шу бойы тұрғындарының сөйлеу тілінде сөз ортасында келген спирант *ш* барлық жағдайда аффрикаттанып айтыла бермейді. Екі дауыстының арасында (аша, кеше т. б.), дауысты мен жартылай дауыстының соңында (сұраушы, іздеуші, қойшы, қашық т. б.), ұяң *с, з, ш* дыбыстарынан кейін аффрикат *ч* қолданылмайды.

Аффрикат *ч* дыбысының қолданылуы жөнінде тіл мамандарының арасында айтылып жүрген пікірлер де жоқ емес. Олардың бірі бұл құбылысты қазақ тілі дамуының арғы кезеңдерінің дыбыстық жүйесіне қатысты, бұрыннан бар дыбыс десе ⁴⁶, екіншісі мұны көршілес түркі тілдерінің (өзбек, ұйғыр, түркмен, қырғыз т. б.)

⁴⁶ Ж. Досқараев. Қазақ тіліндегі аффрикат дыбыстардың жұмсалыуы. «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары, лингвистикалық серия», 1950, № 82, 41—45-беттер; М. Нүсіповтың жоғарыда көрсетілген мақаласының 100—102-беттері.

қазақ тіліне тигізіп отырған әсерінен ⁴⁷ деп қарайды. Бұл айтылған пікірлердің қай-қайсысында болса да дұрыстықтың бар екенін бекерге шығаруға болмайды. Аффрикат *ч* дыбысының көне түркі тілі ескерткіштерінде кездескендей ұқсас құбылыстардың болуына, одан кейінгі XIII—XV ғасырдағы қыпшақ тілінің сөздіктерінде *ч* мен *ш*-ның жарыса қолдануына және оның Өзбекстанмен шектес отырған қазақтардың бір руында (Үйсін, Дулат) айтылып, екіншісінде (Арғын, Қыпшақ, Қоңырат) болмауына қарағанда, осы аффрикаттың қазақ тілінде бұрыннан бар деген пікірдің дұрыстығын растайды. Ал бұл құбылыстың Қазақстанның ұйғыр, өзбек, қырғыз, түрікпенмен шектес Шығыс Қазақстан, Семей (оңтүстігі) облыстарында, Жетісу, Талас, Арыс өлкелерінде және Маңғыстауда кездесіп, Батыс, Солтүстік, Орталық Қазақстан жеріндегі тұрғындар тілінде аталған аффрикаттың болмай шығуы, тарихи белгі деуден гөрі көршілес тілдердің әсері деген пікірді қуаттайды. Әрине, осы айтылған екі көзқарастың біреуін ғана дұрысқа, екіншісін теріске шығарып, кесіп айтып, қорытынды шығару қиын. Ол үшін қазақ тілінің барлық говорларын, Қазақстан территориясын түгел аралап изоглосстарын анықтау сияқты жұмыстарды керек етеді. Дегенмен қолдағы бар материалдар негізінде аффрикат *ч*-ның қазақ тілі говорларында қолданылуы көрші түркі тілдерінің әсерінен болуымен қатар, бұл құбылысты әріде сақталып келе жатқан көне фонетикалық белгілердің іздері деп қарастыруға мүмкіндік береді.

Ж/Ж. Жоғарыда сөз етілген қосарлы *ч* дауыссызы сияқты Шу бойы тұрғындары тіліне тән ерекшеліктердің біріне аффрикат *ж* дыбысының қолданылуын жатқызуға болады.

⁴⁷ Н. Т. Сауранбаев, Ғ. Бегалиев. Қазақ тілінің грамматикасы. Алматы, 1945, 8-бет; Н. Т. Сауранбаев. Диалекты в современном казахском языке. «Вопросы языкознания», 1955, № 5, 47-бет; Ш. Ш. Сарыбаев. Семей облысы Мақаншы ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер туралы. «Қазақ тіл білімі мәселелері», 1959, № 1, 38-бет; Ә. Құрышжанов. Нарынқол, Кеген аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі ерекшеліктер. «Қазақ тіл білімі мәселелері». Алматы, 1959, № 1, 47-бет; С. Омарбековтың жоғарыда аталған мақаласының 108—110-беттері; Ә. Нұрмағамбетов. «Қазақ говорларындағы «ч» дыбысының пайда болуы жөнінде. «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары, қоғамдық ғылымдар сериясы», 1967, № 2, 74-бет.

Аффрикат *ж* дыбысы қазақ тілі говорларында ертеден байқалып келе жатқан құбылыс. Өткен ғасырдағы қазақ тілінің қысқаша грамматикасын жазған П. М. Мелиоранский өзге дауыссыздармен қоса аффрикат *ж* дыбысының ($\underset{1}{\text{L}}$) бар екенін айтқан⁴⁸. Қазіргі диалектологиялық зерттеулерге қарағанда аффрикат *ж* дыбысы Қазақстанның Алматы, Жамбыл, Шығыс Қазақстан және Семей (Көкпекті, Ұржар) мен Оңтүстік Қазақстан облыстарының кейбір аудандарындағы тұрғындар тілінде кездеседі⁴⁹.

Жасалу орны жағынан алғанда бұл дыбыстың аффрикат *ч*-дан айырмасы жоқ. Мұндағы айырмашылық *ч* қатаң дыбыс болса, *ж* осы дауыссыздың ұяң варианты. Аффрикат *ж* дыбысы шұғыл *д*-дан соң іле айтылған спирант *ж* дыбысының қосындысынан пайда болған дауыссыз. Аффрикат *ж* тіл ұшының алвеолға нық тиюінен жасалған дыбыс болғандықтан проф. І. К. Кеңесбаев дауыссыз дыбыстарды топтастырғанда бұны шұғыл дыбыстар тобына қосады⁵⁰.

Аффрикат *ж* негізінде сөздің бас позициясында жұмсалады. Мысалы: *жыл* — жыл, *жол* — жол, *жән* — жан, *жау* — жау, *жауын* — жауын, т. б. *Жылқының жарым жілігіне жарна жасайын деппең? Жылкелді де жақ ауратып айту да жоқ* (Өтелбаев Мақсұт, 64, Жаным, Қордай ауданы). *Дүз елу жылыға жетпес, осы жерден жол жүреді, — деген екен Өтеген батыр. Ей, Өтеген-ай, жоқ жерде әулиеси бересің-ау* — депті Чоқпар (Қанаев Мақсұт, 73, Жаным, Қордай ауданы). *Жолмен жүре тұр, мен қуып жетемін* (Аманкелді ұлы Ыдырыс, 67, Ботбай, Шу ауданы, «Жданов» к-зы). *Сен жақсысың дегенге үйде отырып, қу сөзге құры босқа қуанбалық. Жас бала екенсің, қай жерденсің?* (Ерубаев Қашаған, 74, Сары үйсін, Шу ауданы, «Абай» к-зы). *Жеті атамнан бері жалғыз едім, ол арманыма жетпейтін болдым, — депті. Ағайынның жақ*

⁴⁸ П. М. Мелиоранский. Краткая грамматика казах-киргизского языка. ч. I. Фонетика и этимология. Санкт-Петербург, 1894, 8-бет.

⁴⁹ Ж. Досқараев. Қазақ тіліндегі аффрикат дыбыстардың жұмсалуы. «Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары, лингвистикалық серия», 1950, № 82, 42-бет; М. Нүсіпов. Жетісу халқының ауыз тіліндегі қолданылып жүрген аффрикат *ч* дыбыстары туралы. «Халық мұғалімі», 1940, № 1—2.

⁵⁰ Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954, 134-бет.

с ы с ы — *сыйласқаны* (Әткелтіров Сыдық, 70, Шымыр, Луговой ауданы, «Жамбыл» к-зы). *Ж а қ с ы адамдар арлы болар, чақырмасаң үйге кірмес. Қой дейтұғын адам ж о қ, үй-ішінің ж а ң ж а л ы н* (Әбиіров Назарбек, 62, Ботбай, Мерке ауданы). *Ж а н-ж а қ т а н бір кісілер кепатыр* (Ыстыбаева Сейілхан, 45, Жаңыс, Қордай ауданы, «Чапаев» к-зы).

Ж дауыссызы бірлі-жарым реттерде сөз ортасында да қолданылады. Үнді *л, н, т. б.* дауыссыздардан соң келетін спирант *ж* дыбысының аффрикаттық элементі бар. Мысалы: *олжа* — олжа, *құлжа* — құлжа, *Күнжан* — Күнжан, *Ұлжан* — Ұлжан, *қалжа* — қалжа, *болжалдау* — болжалдау.

Қазақ тілі мамандарының жазған еңбектерінде аффрикат *ж* дыбысы ертеден келе жатқан көне құбылыс ретінде қаралады. С. Е. Малов VIII ғасырда жазылған араб және армяндардың жазу нұсқаларындағы мәліметтерге сүйеніп, көпшілік түркі тілдеріндегі *й* орнына *ж* дыбысының қолдануының көне тарихы бар екенін ескерткен⁵¹. В. Радлов куман тіліне байланысты шыққан сөздіктер жөнінде айта келіп, сөз басында *й*-мен қатар *ж* дыбысының да қолданылатынын, оның көбінесе *ы, і, а* дауыстыларының алдында жұмсалатынын айтқан⁵².

Аффрикат *ж* дыбысының қыпшақ тілдеріне тән құбылыс екені жөнінде М. Қашқаридың еңбегінде де сөз етілген. М. Қашқари XI ғасырдағы түркі тілдеріндегі *й* дыбысының кейбір түркі тілдерде (гуздар мен қыпшақтар) *ж* (дж) дыбысымен алмасатынын және олар зат есім мен етістік сөздерді түгел қамтитынын атап көрсеткен. Проф. Н. Т. Сауранбаев М. Қашқаридың еңбегі мен қыпшақ тілдері жөніндегі ескерткіштерге сүйене отырып XI—XV ғасырдағы қыпшақ тілінде *ж* аффрикатының қолданылғанын дәлелдейді⁵³. Бұл тәрізді тарихи материалдың қазақ тіліне қатысы туралы проф. І. К. Кеңесбаевтың еңбектерінде де арнайы сөз етілген⁵⁴.

⁵¹ С. Е. Малов. К истории казахского языка. Известия АН СССР, отделение литературы и языка. 1941, № 3, 98-бет.

⁵² В. Радлов. О языке куманов по поводу издания куманского словаря, СПб., 1884, 38-бет.

⁵³ Н. Т. Сауранбаев. Некоторые черты древнекыпчакского языка. «Вестник АН КазССР», 1948, № 12 (45), 13-бет.

⁵⁴ История Казахской ССР, т. I. Алма-Ата, 1957, 99—102-беттер.

Қыпшақ, қарлуқ және қыпшақ-қырғыз тобына кіретін қазіргі бірқатар түркі (ұйғыр, өзбек, татар, қарақалпақ, қырғыз т. б.) тілдерінде аффикат *ж* дыбысы сөз басында жиі ұшырайды. Әрине бұл тілдерде *ж* дыбысының қолданылу дәрежесі бірдей емес. Кейбір тілдерде (ұйғыр, қырғыз т. б.) аффрикат жеке фонемалық не болса, кейбіреуінде фонемалық мән жоқ, жергілікті говорларда ұшырайтын спирант *ж*-ның варианты ретінде жұмсалады. Мысалы, қазіргі қарақалпақ тіліндегі *ж* аффрикаты қарт адамдардың сөйлеу тілінде кездесетін говорлық құбылыс болып саналады⁵⁵. Бұл дыбыс татар тілінің орталық (Қазан татарлары) диалектісінде⁵⁶, Өзбекстанның Кашка-Дария алқабы мен Самарқанд облысындағы⁵⁷ тұрғындар тілінде кездесіп қалып отыратын құбылыстар.

Тарихшы А. Н. Бернштам VIII—X ғасырлардағы араб географтарының мәліметінде қарлуқ ханының мұрагерін жабғу, Орал өзенін Жайық деп й орнына *ж* қолданылғанына сүйене отырып, Батыс түрік қағанатына кірген қазіргі Орта Азия мен Қазақстан халықтарының құрамындағы кейбір тайпалардың *ж*-шыл диалектіге жатқанын, оның қазақ тілі тарихына қатысы бар көне құбылыс екенін айтқан⁵⁸.

Сондай-ақ А. Н. Бернштам Шу өзені аңғарындағы ескі қалаларды зерттеуге байланысты жүргізілген археологиялық қазба жұмысы жайында шыққан еңбекте де Баласағұннан Испиджабқа дейінгі аралықтағы «Ұлы Жібек жолы» бойындағы кейбір қала аттары аффрикат *ж* мен аталғанын айтқан.

Проф. В. В. Решетов өзбек тілінің қалалық говорларының шығу тарихын сөз еткенде VIII ғасырда Сыр бойына келген қарлуқ ханының мұрагеріне байланысты кейбір қала аттарының сақталғанын көрсетеді. Сол кездегі Мавренхардағы аса бір мәдениеті гүлденген Шап облысының елді пункттерін жазған араб географтарының еңбектерінде түрік әскери күштерінің шоғырланған

⁵⁵ Ж. А. Рабаев. Қарақалпақ тілінің дауыссыз фонемалары. «Ученые записки» КазГУ им. С. М. Кирова, том XXXIV, вып. 3, язык и литература, 1958, 129-бет.

⁵⁶ Н. А. Баскаков. Тюркские языки. М., 1960, 158-бет.

⁵⁷ Бұл да сонда, 180-бет.

⁵⁸ А. Н. Бернштам. О древнейших следах джекнания в тюркских языках Средней Азии. — Сб. «Памяти Н. Я. Марра». М. — Л., 1939, 24-бет.

жерінің бірі Джабгугет (Джабгу//йабгу) селосы екенін айтқан ⁵⁹.

Жергілікті халықтың тілінде кездесетін әрі осы өңірмен шектес, көршілес түркі тілдерінде аффрикат *ж*-ның айтылып, оның жеке дыбыс ретінде қолданылуы бұл дауыссыздың қазақ құрамына кірген кейбір ру, тайпа тілдерінде бұрыннан бар дыбыс екенін жоққа шығармайды.

Осындай тарихи және лингвистикалық дәлелдерге сүйенсек, VIII ғасырдағы Батыс түрік қағанатының құрамына кірген Шу бойы тұрғындары тілінде аффрикат *ж* дыбысының көне құбылыс ретінде сақталуы әбден ықтимал. Бұл дыбыстың Қазақстанның Шу, Жетісу өңірінде және Семей мен Шығыс Қазақстан облыстарының кейбір жерлерінде жиірек қолданылуына *ж* өз алдына фонема ретінде жұмсалатын қырғыз, ұйғыр тілдерінің де едәуір әсері болуы мүмкін.

Д/Л. Зерттеліп отырған говорға аса бір сипатты дыбыстық ерекшелік *д* мен *л* дыбыстарының алмасуы. Бұл құбылыс Алматы, Жамбыл, Шымкент облыстары тұрғындары тіліне кеңірек тараған. Кейінгі кейбір мәліметтерге қарағанда бұл дыбыстық ерекшелік Семей ⁶⁰, Шығыс Қазақстан ⁶¹ облыстарында және Ақтөбенің Ырғыз ⁶² ауданы тұрғындары тілінде де бар екені анықталып отыр. Бірақ бұл жерлерде оңтүстік облыстармен салыстырғанда аталған дауыссыздардың алмасуы сирек кездеседі.

Қазақ диалектологиясы жайында жазылған соңғы зерттеулерге қарағанда, үнді *н* дыбысынан соң *л*-дың айтылуы Сыр бойы ⁶³ және Өзбекстан территориясында-

⁵⁹ В. В. Решетов. О диалектной основе узбекского литературного языка. «Вопросы языкознания», 1955, № 1, 100-бет.

⁶⁰ Ж. Болатов. Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер туралы: Жинақ: «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», 3-шығуы. Алматы, 1960, 78-бет.

⁶¹ Ж. Досқараев, Ғ. Мұсабаев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы, 1951, 45-бет.

⁶² Н. Т. Сауранбаев. Диалекты в современном казахском языке. «Вопросы языкознания», 1955, № 5, 48-бет.

⁶³ Ш. Бектуров. Кзыл-Ординский говор казахского языка, автореф. канд. дисс. Алма-Ата, 1968, 10-бет.

ғы Қарақалпақ⁶⁴ қазақтары мен Тамды⁶⁵ ауданындағы тұрғындар тілінде де жүйелі түрде қолданылатын құбылыс.

Шу бойы қазақтарының тілінде әдеби тілдегі *д* айтылатын сөздерде *л* дыбысы қолданылады: *аңлу* — аңду, *аңлау* — аңдау, *таңлай* — таңдай, *тыңлау* — тыңдау, *теңлік* — теңдік, *теңлеу* — теңдеу, *түңлік* — түндік, *маңлай* — маңдай, *маңлайша* — маңдайша, *мұңлас* — мұңдас, *таңлаулы* — таңдаулы, *чаңлақ* — шаңдақ, *чаңлату* — шаңдату, *чыңлау* — шыңдау, *оңлы* — оңды, *өңлі* — өңді, *өңлеу* — өңдеу, *кеңлік* — кеңдік, *қоңлы* — қоңды, *көңлі* — көнді. «Алыстағы жауыңнан а н л ы н жүрген дос жаман». А ң л а м а й сөйлеген ауырмай өледі» (мақал). А ң л ы м а с т ы жіберсең, а ң л и-а ң л и барасың. Т ы ң л а м а с т ы жіберсең, т ы ң л а й-т ы ң л а й барасың — деген екен. Т а ң л а й ы н а н чаңы чығып тұрған адам ғой. Бір кезде мәстен кемпір әйелдің м а ң л а й ы н а н сипап отырады. Бірге жүрген м ұ ң л а с ы ғой. Үйіңнің кеңлігін айтпай, пейіліңнің к е ң л і г і н айт. Жаңбыр көптен бері жаумай жер ч а ң л а қ болып тұр. Баламыз екеуміз екі чалғыны ч ы ң л а п қойдық. Батыр бірнеше мықты жігіттерді т а ң л а п алып жорыққа аттанады.

Д дыбысының орнына *л* дыбысының қолданылуы тек ел аузынан жиған материалдардан ғана кездесіп қоймай, олар жергілікті баспасөз бетінде де кездеседі. Мысалы: Дулат ауыл Советіне қарасты «Т е ң л і к» колхозының колхозшылары ойдағыдай жұмысқа кірісті («Кировшы», 13 март, 1939 ж.). Қазір Мартынов жолдас алғашқы піскен астықты т а ң л а п шабуда 20—25 гектар жердің егінін жинап жүр («Екпінді», 18 июль, 1949). Георгиев орта мектебінде жиналған комсомол жастар лекцияны өте ынтамен т ы ң л а д ы («Екпінді», 20 сентябрь, 1949 ж.). Ұлы Октябрь социалистік революциясы әйелдер т е ң л і г і н алып берді («Екпінді», 23 апрель, 1949 ж.). Оның баққан жылқылары қ о ң л ы («Екпінді», 17 август, 1949 ж.). Жазда семірген қ о ң л ы

⁶⁴ Т. Айдаров. Языковые особенности казахов Тамдинского района Узбекской ССР. Автореф. канд. дисс. Ташкент — Алма-Ата, 1967, 6-бет.

⁶⁵ Н. Джунусов. Казахский переходной говор на территории Каракалпакской АССР. Автореф. канд. дисс.. Алма-Ата, 1965, 7-бет.

малдар қысқа берік болатындығын біздің малшыларымыз жақсы біледі («Екпінді», 31 август, 1949 ж.).

Жер менен су өбісіп
Мейірі әбден қанғаны.
Өзімен бірдей *мұңлас* ел
Бармағын балға малғаны.

(«Кировшы», 11 август, 1940 ж.).

Бұл дыбыстың алмасуы говорда кісі аттарында да ұшырайды. Мысалы: *Әбділлә* — Әбділда, *Бекберлі* — Бекберді, *Оңласын* — Оңдасын, *Оңлыбай* — Оңдыбай, *Жұбайділлә* — Жұбайділда т. б.

Д мен *л*-дың алмасуын кейде қосымшалардан да кездестіруге болады. Мысалы:

Чықпайды іш жақсылық *наданлықтан*,
Жақын жер алыс болар *шабанлықтан*...
Өмірдің арманы көп өткенінен,
Менменлік тәкәпперлік еткенімен.

Бірлі-жарым реттерде *д*-ның орнына *л*-ды қолдану Қазақстанның Оңтүстік және Шығыс облыстарынан шыққан ақын-жазушылардың шығармаларында да ұшырасып қалады. Шу ауданынан шыққан халық ақыны Жақсыбай Жантөбетовтың өзіндегі қолжазбасын оқып шыққанымызда бұл ерекшеліктің көбірек сақталғаны байқалды. Мысалы:

... Алтайдың ақтарылған бұлағындай
Өлеңнің қайнары бар *таңлайымда*.
Күңіренген күйзеліске сырттағы ел
Сыр тарттым ауасынан *аңладым* да...
Тауда бидай далада қызылшаның
Тұңліктей жапырағы аударылар...
... Тал бойына нұр төккен
Тыңласын деп сөзімді.
Сыңдасын деп өзімді
Сұранамын мен көптен... (Жақ. Жан.)⁶⁶
Аңлашы Албан бай ма, Дулат бай ма,
Сенің байың Шолақбай Дулаттай ма?

(Ж. Жабаев. Толық жинақ 1956, 50-бет).

Не болды ауырдым ба, жындандым ба,
Жоқ әлде *тұңлік* ұрлармын ба?

(І. Жансүгіров. Поэмалары, 1958, 453-бет).

⁶⁶ Халық ақыны Жақсыбай Жантөбетовтың қолжазбасынан алынған мысалдар соңынан автор аты бұдан былай Жақ. Жан. болып қысқартылып беріледі.

Әңгіме сөзге ден қоя,
Аңласам соны неше рет.
Жоғалған ізі зым-зия,
Елестейді ылғи бір сурет
(Ғ. Орманов. «Ой қанаты», 1959, 61-бет).

Көгал сайда отырған бес-алты үйлі ақ ауылдың түңлігі тегіс жабық (М. Әуезов. I т., 1955, 160-бет). *Бір да түңлігін тастамастан үлес береді* («Абай жолы», 1952, 40-бет).

Қазақ тілі говорларында кездесетін бұл дыбыстардың алмасуы жайында тіл тарихымен шұғылданушылар тарабынан айтылған пікірлер де жоқ емес: проф. С. Аманжолов⁶⁷ бұл ерекшелігі жағынан оңтүстік диалекті ұйғыр, өзбек тілдеріне жақын деп қараса, проф. Н. Т. Сауранбаев⁶⁸ көне жазу ескерткіштеріне сүйене отырып, қазақ тілі говорларында мұрын жолды *н*, *ң* дауыссыздарынан соң *д* орнына *л*-дың қолданылуын көне түрі деп топшылайды.

Қазіргі бірқатар түркі тілдерде *д* айтылатын жерде *л* дауыссызының қолдану фактілерін біз көбіне VIII—XIV ғасырлар арасындағы жазба ескерткіштерден кездестіреміз. Бұл ескерткіштердің қай-қайсысында да біздегі *д*-ның орнына барлық жағдайда дерлік үнемі *л* дыбысы қолданылып отырады. Сол секілді қазақ тілінде де *д* келетін жерде осы күнгі бірқатар түркі тілдерінде *л* дыбысы қолданылатыны мәлім. Осыған қарағанда говорларымыздағы бұл дыбыстардың алмасуы тіліміздің дамуында оның басынан кешірген кейбір тарихи-лингвистикалық жағдайларға байланысты туды ма деген ой келеді. Бұл арасы әрине, өз алдына зерттеу тілейтіні даусыз. Енді салыстыру ретінде беріліп отырған аталған ескерткіштер мен қазіргі түркі тілдерінен алынған төмендегі мысалдарға назар аударыңыз: *аңлар* — *аңдау*, *қанланту* — *қанданды* — *Тоньюкук* ескерткішінен⁶⁹ *тыңла* — *тыңда*, *тонлығ* — *тонды*, *күңлік* — *күң*

⁶⁷ С. Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка, Алма-Ата, 1959, 240-бет.

⁶⁸ Н. Т. Сауранбаевтың жоғарыда көрсетілген мақаласының 48, 49-беттің қараңыз.

⁶⁹ С. Е. Малов. Памятник древнетюркской письменности. М. — Л., 1951, 61-бет.

ді(күң күңліг болмыс) Күл-тегін ескерткішінен ⁷⁰ *тұңладұм* — тыңдадым (ман созуқ тұңладұм), *таңладім* — таңдадым (...өзүм таңдадым) Құдатқу — биликтен ⁷¹; *күнлүг* — күндік, *таңла* — таңда, *таңлу* — таңда, таңертең — Рабғузиден ⁷²; *аңла* — аңда, *аңламақ* — аңдамақ, *маңлай* — маңдай, *тұңла* — тыңда, *тұңламақ* — тыңдамақ, *һалал* — адал — Кодекс Куманикустен ⁷³ *оңланды* — оңданды, *аңлады* — аңдады, *атанланді* — атанды болды, *күнлік* — күндік, *қурунлуғ тағ* — қорымды тау, *қағунлуғ* — қауынды, *қулунлиғ* — құлынды, *сараңлиқ* — сараңдық — Махмуд Қашқаридан ⁷⁴.

Шу говорыңда	ұйғыр тілінде	Өзбек тілінде	Әдеби тілде
аңлау	аңланмақ	аңгламок	аңдау
аңлу	аңлимақ	—	аңду
маңлай	маңлай	манглай	маңдай
таңлай	таңлай	танглай	таңдай
оңлы	—	онгли	оңды
теңлік	тәңләшмә	тәнглик	теңдік
теңлестіру	тәңләштүрми-чилик	тенглаштирмок	теңдестіру
маңлайша	маңлай	—	маңдайша
түңлік	түңлүк	—	түңдік
мұңлы	муңлуқ	мунгли	мұңды
чаңлақ	чаңлик	—	шаңдақ
чаңлату	чаңлатмақ	—	шаңдату
өңлі	оңлүк	—	өңді
кеңлік	кеңлик	кенглик ⁷⁶	кеңдік
тыңдау	тиңла	—	тыңдау
алал	һалал ⁷⁵	—	адал

Б/П. Қазақ әдеби тілінің нормасы бойынша сөз басында көбінесе *б* дауыссызының айтылатындығы, ал қатаң *п* дыбысының қос сөздердің екінші компоненті (нан-пан, ол-пұл, айран-пайран) мен шеттен келген (палау, пияз, пайда, парасат, пакет, почта...) кірме сөздерде

⁷⁰ Сонда.

⁷¹ Бұл да сонда, 30, 255-беттер.

⁷² Бұл да сонда, 426-бет.

⁷³ K. G r o n b e c h. Komanisches wörterbuch Turkischer Worfindex zu Codex Sumanicus Kopenhagen, 1942, 38, 172-бет.

⁷⁴ Махмуд Қошғарий. Девону луғотит турк. I. т. Тошкент, 1960, 285, 462-беттер.

⁷⁵ Русско-уйгурский словарь. М., 1956; Уйгурско-русский словарь, Алма-Ата, 1961.

⁷⁶ Қара: Узбекско-русский словарь. М., 1959.

қолданылатыны ⁷⁷ белгілі. Ал зерттелік этырған говорда болатын болса, бұған керісінше бірқатар сөздердің бас позициясындағы ұяң б дыбысының қатаң п мен алмасатындығын көреміз. Мысалы: *пал* — *бал*, *пұта* — *бұта*, *пата* — *бата*, *полат* — *болат*, *пақыт* — *бақыт*, *пейнет* — *бейнет*, *пәле* — *бәле*, *піту* — *біту*, *пұл* — *бұл*, *пешін* — *бешін*, *пәкі* — *бәкі*, *пейіл* — *бейіл*. *П а л у а н жауға, батыр дауға жарамайды* (мақал). *Басыңа пейнет түскенде, полаттан берік мықты бол!* *Бәйсейіт*: — «*Бәрің паталасын алғандай індемей қойдыңдар ғой*» — деп өкпе қалдық айтады. *П і т к е н іске сынчы көп, піскен асқа жеуші көп* (мақал). *Там пұлмен пітеті нәрсе. Қой бүлдірген пұтасы жоқ көк жерге шығады. Оттың басы ала бо(л)са, кереге сайын пәле болады* (мақал).

Кейде бұл құбылыс бірлі-жарым сөздерде сөз ортасында да байқалады. Мысалы: *наспай* — *насыбай*, *кепін* — *кебін* т. б.

Сөз басында ұяң б орнына қатаң п дыбысының қолданылуы қазақ тілінің басқа говорларында да кездесіп қалады. Мысалы. Өзбекстанның Ташкент ⁷⁸ облысы мен Түркменстандағы ⁷⁹ қазақтардың тілінде қатаңданып айтылу жүйелі түрде ұшырайтын ерекшеліктің бірінен саналады.

П/Б. Говордағы төмендегі тәрізді бір топ сөздерде, керісінше, әдеби тілде қатаң п дыбысы қолданылатын сөздерде ұяң б жұмсалады. Бұл өзгешелік көбіне Қырғызстанмен шектес облыстың Қордай, Мерке аудандары тұрғындары тіліне тән. Мысалы: *байда* — *пайда*, *бықыл* — *пиғыл*, *біл* — *піл*, *бісу* — *пісу*, *бікір* — *пікір*, *берзент* — *перзент*, *беріште* — *періште*, *бісте* — *пісте*. *Емерен барсаң бісте бар, бістені көр де мұрным көр. Біз өзіміз алдымен бір бікірге келіп алалық. Бала жолаушылап кетіп барайатып сусын ішкелі барса, майын біскен айран құйып береді. Зәпәріктегі билді қалай ыстады екен? Бықылы жақсы адамды, туысқаннан кем көрме.*

⁷⁷ Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954, 124-бет.

⁷⁸ Ю. Абдувалиев. Фонетико-морфологические особенности Ташкентского говора казахского языка. Автореф. канд. дисс., Алма-Ата, 1967.

⁷⁹ А. Нурмагамбетов. Казахский говор на территории Туркменской ССР. Автореф. канд. дисс., Алма-Ата, 1965, 5-бет.

Бұл сөздер қазіргі қырғыз тілінде *байда, біл, бікір, берзент, беріште*⁸⁰ болып ұяң *б* дауыссызымен айтылады. Ал біз тілін сөз етіп отырған Шу бойы тұрғындарының біраз замандардан осы жердегі Қырғызстанмен іргелес, қоныстас отырып келген ел болғандығы мәлім. Міне осы тұрғыдан алғанда, зерттелген говорда сөз басындағы *п*-ның ұяңдалуы көршілес қырғыз тілінің есерінен болуы да мүмкін.

Б/М. Осы жоғарыда келтірілген ұяңның қатаңмен немесе, осының керісінше, қатаңның ұяң дауыссызбен алмасуымен бірге ұяң *б*-ның үнді *м* дауыссызымен алмасуы да бар. Мысалы: *Күлмаршын* — *Гүлбаршын, кементай* — *кебентай, тоңмұзар* — *тоңбұзар, ымырат* — *ғибрат, нәйміт* — *нейбет, мейнет* — *бейнет, мекен* — *бекем, молжал* — *болжал, момази* — *бумази, құрман* — *құрбан. Батыр м о л ж а л д а п айтқан екен. Жәніңе м е й н е т бол*ғанда бәрінен безіп кетпегін. «...Тәуекел түбі жел қайық, өтесін де кетесін» дегендей белді *м е к е м* буып іске кіріселік. Ел үшін, Отан үшін соғыста талай жас қырчындар *қ ұ р м а н* болды.

Бұл сияқты дыбыс алмасуы Қазақстан территориясындағы Қостанай, Қызылорда облыстары мен Өзбекстандағы Ташкент және Қарақалпақ АССР-ындағы кейбір аудандарда тұратын қазақтардың тіл ерекшеліктерінде де бар құбылыс.

Б орнына *м* дауыссызының айтылуы басқа түркі тілдерінде де кездеседі. Мәселен, қазақ тіліндегі *қобыз, жаңбыр, бөрі* сөздеріндегі *б* дыбысы шор тілінде *қомс, наңмур, мөру* болып *м*-ға ауысады⁸¹. Сол тәрізді мұндай құбылыстарды ноғай⁸², өзбек⁸³, алтай⁸⁴, қырғыз тілдері диалектілерінен кездестіруге болады. Жоғарыда келтірілген мысалдағы кейбір сөздер қырғыз тілінде де сол қалпында айтылады (*құрман, менет//мейнет*)⁸⁵. И. А. Батманов соңғы тілдегі *б*-ның *м*-ға ауысуын рег-

⁸⁰ К. К. Юдахин. Киргизско-русский словарь. М., 1940, 63, 87, 113, т. 6. беттер.

⁸¹ Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954, 124-бет.

⁸² Н. А. Баскаков. Ногайский язык и его диалекты. М., 1940, 33-бет.

⁸³ В. В. Решетов. Узбекский язык. Ташкент, 1959, 235-бет.

⁸⁴ Н. А. Баскаков. Алтайский язык. М., 1958, 71-бет.

⁸⁵ К. К. Юдахин Киргизско-русский словарь. М., 1940, 298, 402-беттер.

рессивтік ассимиляция заңы бойынша кейінгі буындағы мұрын жолды дауыссыздардың өзінен бұрын келген еріндік б-ға тигізген ықпалынан (мысалы: *мунт* — бунт, *маңке* — банк)⁸⁶ деп қарайды.

Говордағы бұл құбылыс өзінің характері жағынан қырғыз тілінің ерекшеліктеріне жақын тұрғанын аңғартады.

Т/Д. Кейбір сөздерде қатаң *т* орнына ұяң *д* жұмсалады: *дұзақ* — тұзақ, *дүзу* — түзу, *дүзелу* — түзелу, *дүз* — түз, *дiзе* — тізе, *дерезе* — терезе, *дағдыр* — тағдыр.

Жердің бәрі д і з е д е н батпақ жері д ұ з д ы, сортаң болғандықтан біздің ауданда егінді аз егеді. Мен д е р е з е н і жауып келейін. Дағдырда ишкім қашып құтылмайды. Бір адам д ұ з а қ құрып қойыпты. Жібі д ұ з у бала көрінеді. Сондықтан столовойдың меңгерушісі мұндай кемшіліктерді ендігі жерде д ұ з е п столовойдың шаруашылық жұмыстарын жандандырып, оған тікелей жанды басшылық еткізу керек («Социалистік еңбек», 13 апрель, 1943).

Апырай мына жатқан Сарыбай ма,
Дізелес Сүйінбайын танымай ма?

Қазақ тілінде ұяң *д*-дан көрі қатаң *т*-дан басталатын сөздердің саны әлдеқайда көп. Дегенмен әдеби тілдегі *т* мен басталатын бірқатар сөздер қазақ тілінің кейбір говорларында ұяңдалып айтылады. Мұндай құбылыстар біраз сөздерде Орда (*дүзу*, *дүзеу*, *дүзды*, *мүлдіксіз*, *дым*), Маңғыстау (*дым*, *долайым*, *дермен*) говорларында және Байғанин (*диірмен*, *дүз*, *дiзе*, *дүзелу*, *дүздау*, *дым*); Күршім, Зайсан, Тарбағатай аудандарындағы тұрғындар тілінде (*дiзгін*, *дерт*, *дiзе*, *дүзу*, *дүзелік*) кездеседі.

Түркі тілдерінің фонетикалық заңы бойынша сөз ба-сында ұяң *д*, *г* дауыссыздарының жиі қолданылуы оғуз тілдеріне тән ерекшелік⁸⁷. Қазақ тілінің ерекшеліктерін

⁸⁶ И. А. Батманов. Фонетическая система современного киргизского языка. Фрунзе, 1946, 87-бет.

⁸⁷ Н. К. Дмитриев. Фонетические закономерности начала и конца тюркского слова. «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков», I. Фонетика. М., 1955, стр. 268.

зерттеуші С. А. Аманжолов⁸⁸, Ж. Досқараев⁸⁹, Ә. Байжолов⁹⁰ сөз басындағы қатаң *т* орнына ұяң *д*-ның қолданылуын оғуз тілдерінің әсері деп қарайды.

Зерттеліп отырған говорға тән деп беріліп отырған жоғарыдағы мысалда келтірілген *дүз*, *дiзе* сөздері түрікмен тілінде *дииз*, *дұұз*⁹¹ түрінде, ал *терезе* сөзі ұйғыр тілінде *деризэ*⁹² болып ұяңданып айтылады.

Т, *д* дауыссыздарының бір-бірімен алмасып айтылуы қырғыз тілінің ош, талас говорларында және азербайжан, татар тілдерінің кейбір говорларында да кездеседі.

Д/Т. Ұяң *д* орнына кейбір сөздерде қатаң *т* қолданылады. Мысалы: *томалақ* — домалақ, *тайын* — дайын, *топ* — доп, *тұшпан* — дұшпан, *тәл* — дәл, таярлау — даярлау, *тоғару* — доғару, *төңкию* — дөңкию, *туалақ* — дуадақ, *тала* — дала, *әтейі* — әдейі, *қалтырмау* — қалдырмау, *оңтайлы* — оңдайлы, *тұрыс* — дұрыс. *Со(л) жерде т а й ы н бо(лы)п тұр. Балаң т о п ойнап кетті. Т ұ р ы с қой тамам қылып қоймағымыз. Ақылсыз достан ақылды т ұ ш м а н артық* (мақал). *Біраз т а л а ғ а чығып әңгімелеселік. Атымтай тастың т ә л басына чығып отыр еді. Жіберген кісі ә т е й і барып ұлықтың үйіне түседі. Ішкімді қ а л т ы р м а й бәрің түгел жұмысқа чығыңдар!*

Осы ұяң дыбыстың қатаңдалып *т* арқылы айтылуы қазақ тілінің басқа говорларында да кездеседі. Бірақ ондағы қатаң *т*-мен айтылатын сөздердің бірқатары зерттеліп отырған говормен ұқсап отырса, бірқатары бұларды қайталамай басқа сөздерде қолданылатын ерекшеліктер. Қазіргі қолда бар материалға қарағанда бұл құбылыс мына сөздерде Алматы облысының Ұзынағаш (*әтейі, тиірмен, тәптер, томалақ, тоға тілмар*), Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында (*тыбыс, қалтырау, тастарқан, тұрыс, торба, тұспан, әтейі, біртеңке*); Шығыс Қазақстан облысының Күршім, Зай-

⁸⁸ С. А. Аманжолов. «Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959, стр. 239.

⁸⁹ Ж. Досқараев. Байғанин ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі фонетикалық ерекшеліктер. «Қазақ тілі мен диалектологиясының мәселелері». 2-шығуы, 1960, 11-бет.

⁹⁰ А. Байжолов. Языковые особенности казахов Кустанайской области. Автореф. канд. дисс., Алма-Ата, 1964, стр. 11.

⁹¹ Русско-туркменский словарь. Ашхабад, 1929.

⁹² Уйгурско-русский словарь. Алма-Ата, 1961.

сан, Тарбағатай аудандарында (тұрыс, әтейі, күртелі) және Орда (туару, термен, томалау), Маңғыстау (тома-лақ, туару, тушар, топ) говорларында айтылады.

Осындағы тайын, топ, таярлау, тала сөздері ұйғыр (тайин, топ, тәйярлимақ, тала)⁹³, өзбек (тайин, тайер, тала)⁹⁴, түрікмен (тейаар, топ)⁹⁵ тілдерінде қатаңда-лып *ð* орнына *т* қолданылады.

Қырғыз тілінің Чаткал, Талас⁹⁶, Ош⁹⁷ говорларында ұяң *ð* және Тянь-Шаньдық⁹⁸ қырғыз тілінде ұяң *ð* қолданылатын бірқатар сөздер қатаң *т* дыбысымен алма-сады.

Әдеби тілде кейбір сөздердің қосымшаларында айтылатын *ð* орнына говорда мұрын жолды *н* қолданылады. Мысалы: *онан* — одан, *қайтанан* — қайтадан. *Ондай малды қ а й т а н а н ж а з ы п т а а л а д ы . К е л е д і ж оғ а р ы д а н ү л к е н Ұ л ы қ , Бі р о я з о н а н б а р ы п а л д ы қ б ұ р ы л (жұмбақ).*

Мына төмендегі сөздер говорда әрі қатаң *т*-мен, әрі ұяң *ð*-мен айтылады. Мысалы: *доға деп белдіктің басын айтамыз* (Қордай ауданы Чапаев, Трудовик колхоздары), *тоға* (Луговой ауданы, Калинин, Жамбыл колхоздары). *Сондықтан көп т і л л ә б е р і п с а т ы п а л а д ы* (Мерке ауданы Кеңес, Большевик колхоздары, Мойынқұм ауданы Карл Маркс, Жамбыл колхоздары). *Ат басындай ð і л л ә б е р е д і* (Шу ауданы, Аманкелді, Абай колхоздары). *Т у а л а қ ұ ш ы п б а р а д ы* (Мерке ауданы Победа колхозы, Мойынқұм ауданы Кеңес колхозы). *Дуалақ* (Мерке ауданы, Киров колхозы).

С/Ш. Жоғарыдағы дауыссыздардың алмасуы тәрізді тұрғындар тілінде байқалатын дыбыстық өзгешеліктердің басты біреуі әдеби тілдегі *с* дыбысының бір топ сөздерде *ш*-мен айтылуы. Мысалы: *шамал* — самал, *шерік* — серік, *ұқчаш* — ұқсас, *тұшамыш* — тұсамыс, *тышқары* — тысқары, *қыштау* — қыстау, *ошал* — осал

⁹³ Уйгурско-русский словарь. Алма-Ата, 1961.

⁹⁴ Узбекско-русский словарь. М., 1959.

⁹⁵ Русско-туркменский словарь. Ашхабад, 1929.

⁹⁶ Т. Қ. А х м а т о в. Кыргыз тилинин талас говору. Фрунзе, 1959, 53-бет.

⁹⁷ Г. Б а к и н о в а. Кыргыз тилинин Ош говорлору. Фрунзе, 1958, 43-бет.

⁹⁸ Э. А б д у л д а е в, Г. Б а к и н о в а, С. К о н д у ч а л о в а, С. С ы д ы к о в. Тянь-Шаньдық кыргыздардын тилиндеги өзгөчөлүктөр. Фрунзе, 1960, 27—28-беттер.

*оқымыш — оқымысты, таш — тас, айырбаш — айыр-
бас, тұрмыш — тұрмыс, әшкер — әскер, шерт — серт.
Аттың аяғын тұшамыштап байлаған екен. Сайыс-
қа чыққан кісі де ошал кісінің бірі емес. Байсал да
оқымыш адам еді. Өткен жылы балам әшкерге
кетті. Өлмеген соң кісіге тұрмыш керек.*

Сөзге жүйрік емеспін
Басқарған өлең штабын.
Табысыңды айт деп інішек
Қапелімде қыштадың

(«Социалистік еңбек», 1957, 9 октябрь).

III дауыссызының *с*-тан көбірек айтылуы түркі тілдері ішінде қырғыз-қыпшақ және қыпшақ-огуз тобында жиірек ұшырайды⁹⁹.

Қазақ тілі диалектілерін зерттеуші проф. С. А. Аманжолов оңтүстік облыстарда *с* орнына *ш*-ның басымрақ болып келуін Жетісу өлкесінде ерте кезден мекендеген Үйсін, Қыпшақ, Дулат, Жалайыр руларында осы дауыссыздың көбірек қолданылуынан¹⁰⁰ деп көрсетеді. Ж. Досқараев оңтүстік қазақтары тілінде *с*, *ш*-ның алмасуын ұйғыр, өзбек, қырғыз тілдерінің әсерінен¹⁰¹ деп қарайды.

Осының алдында көрсетіліп өткен мысалдардағы құбылысқа қарама-қарсы мына секілді бірнеше сөздерде әдеби тілде *ш* келетін жерде, керісінше, *с* айтылады. Мысалы: *дұспан — дұшпан, патса — патша. Патса саясатының салдарынан бір-бірімен қырғи-қабақ болып қалған ұлттар үні бір жерден шығып тату-тәттілігі жарасты* («Социалистік еңбек» газеті, 1945, 1 май); *терлеп-тепсу — терлеп-тепшу. Тұлпар терлеп, ертепсіп, Шын шабатын күн туды* («Кировшы» газеті, 1941, 23 ноябрь).

С, *ш* дауыссыздарының қолданылуында Шу бойы тұрғындарының тілінде кейбір аудан аралық айырмашылықтар да байқалып қалады. Мысалы: *Сертеңдеген жігіттің серкесінің ажалы* (Шу ауданы Аман-

⁹⁹ Н. А. Баскаков. Классификация тюркских языков. Труды Института языкознания, т. I. М., 1952, 42, 55-беттер.

¹⁰⁰ С. А. Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959, 237—238-беттер.

¹⁰¹ Ж. Досқараев, Ғ. Мұсабаев. Жоғарыда аталған еңбек, 18-бет.

келді колхозы), *Ч е р т е н д е г е н ж ігітті болыс қойса, әш-пәш дегенче еліңді жеп бітеді* (Мерке ауданы Победа, Киров колхоздары). *Ілгеріде бір мүшәпір кісі болыпты* (Мойынқұм ауданы, Фурманов, Жамбыл совхоздары). *Мүсәпір болып дүниеден қашан қайтты екен* (Мерке ауданы Победа, Киров колхоздары). *Уақытысынан кейін туған қозыны бізде көрпелдес дейді* (Мерке ауданы Кеңес колхозы).

Ата дұшпан бөріге
Бақтанчылар өзір бол
Көрпелдеш берме қорыңнан
(Жақ. Жан.).

Ж/Д. Әдеби тілде *ж* қолданылатын бірқатар сөздерде говорда *д* айтылады: *беттің дүзі* — беттің жүзі, *пышақтың дүзі* — пышақтың жүзі; *дүз сом* — жүз сом, *дүзік* — жүзік, *дүзім* — жүзім, *дүздесу* — жүздесу. *Сүлеймен патчаның алтын дүзігін әпкел деп баланы жұмсапты. Әнеукүні дүзімге кісі бермедің ғой. Саған дүздескелі келіп едім. Айбалтаның дүзі тимей сабы тиеді. Оның үш дүздің баласынан мойны озып та қа(лы)пты.*

Кертөбел кесе чауып кенді бұзса,
Тұтығын ақча дүзім чаң бо(л)ғаны...
Жақсы бо(л)са жолдасың
Бір арынды дүз қылар.
... Дүзіне бір қараған адам бенде
Қа(л)майды ашық бо(л)май әрке заман...
Қазақ елі үш дүз боп
Әулетім содан тарасқан.
Ұлы дүз бен орта дүз
Кіші дүзбен үшеуі
Енші алуға тарасқан...
... Дүзге ке(л)се жасыңыз
Ырза болар колхозшы
Еңбекпен дүние тапқанға...

Бұл ерекшелік Қазақстанның оңтүстік-шығыс пен батыс облыстарындағы тұрғындар тілінде жиірек ұшырайды. Осы жерлерден шыққан ақын, жазушылардың шығармаларында да жоғарыдағы сөздер *д* арқылы айтылады.

Мен менсіген сендейді
Біз де ақынбыз дүз көрген (Жамбыл)
Дүзіне асыл байлатқан
Қызыл қылыш ер болып.

Пароход кеме *дүзіп* Каспи өтіп
Кавказдың қаласынан бұйым алып ¹⁰².

В. В. Радловтың сөздігінде жоғарыдағы көрсетілген мысалдар *дүз, дузо, дузук, дуздос, дуздүр* ¹⁰³ болып *д* мен және жуз, жузук, жузум, жуздес, жуздостур ¹⁰⁴ болып *дж* арқылы берілген.

Ж/й. Говордағы дауыссыз дыбыстарға байланысты ерекшеліктердің бірі — тіл алды *ж*-ның жартылай дауысты *й*-мен алмасуы. Бұл өзгешелік *қай, ол, сол, бұл* сияқты есімдіктерден соң *жақ, жер* сөздері келгенде және көсемше формадағы *бара, келе, әкеле* етістіктерімен тіркескен *жатыр* көмекші етістігінің басындағы *ж* дауыссызы *й*-ге алмасады: *өйер* — ол жер, *сөйер* — сол жер, *қайер* — қай жер, *мінейер* — мына жер, *бүйер* — бұл жер, *қайақ* — қай жақ, *мынайақ* — мына жақ, *сойақ* — сол жақ, *бұйақ* — бұл жақ, *барайатса* — бара жатса, *келейатса* — келе жатса, *әпкелейатыр* — алып келе жатыр.

Атымтай к е л е й а т ы н үш күн өтіп, төртінші күні бір таудың басына чығады. Ей, ата, сенің реңкің өлімге ұқсап б а р а й а т ы р депті бала. Мен сенімен с ө й е р д е табысамын, — депті самрұқ құс. Біздің өліміміз қ а й е р д е қалады, соны айтчы — депті Райымқұл. Жер ортасы қ а й е р екен? — дегенде, Алдар көсе: «Атыңды берчі айтайын» — депті. Б ұ й а қ т ы ң қысы бір жылы қатты болды. Балам, әңгіменің о й а ғ ы н ада қылып бердім. Баладар бір-бірімен дос бо(л)сын, біз с о й а ғ ы н көп ойлалық, — депті. Араптың балалары с о й а қ т а, Жандәулеттің балалары б ұ й а қ т а тұрады

Ондай бо(л)са аспаннан
Орнады жерге қайақтан...
Мынайақта Сырым бар
Оның затын айтайын
Бадышамен барабар

(фольк.).

Екі сөз ортасындағы *ж*-ның жоғарыдай *й*-мен алмасуы оңгүстік-шығыс облыстарға тән ерекшелік. Мұндай құбылыс өзбек, ұйғырлармен шектес тұрған қазақтардың тілінде жиірек қолданылады.

¹⁰² С. Керімбеков. Өлеңдер жинағы. Алматы, 38-бет.

¹⁰³ В. В. Радлов. Опыт словаря тюркских наречий, т. 3. СПб., 1902, 1812—1816-беттер.

¹⁰⁴ Осы еңбектің 4 томының 188-беті.

Осы мысалда көрсетілгендей сөз тіркестерінің компоненттері бірігіп кетіп кейбір дыбыстардың фонетикалық дербестігінің жоғалуы өзбек, ұйғыр тілдерінде тән құбылыс. Оны осы төменде беріліп отырған мысалдан айқын көруге болады.

Шу говоры	Өзбек тілінде	ұйғыр тілінде	әдеби тілінде
бүйер	буер	буйәр	бұл жер
бүйерде	буерда	буйәрде	бұл жерде
бұйаққа	буеққа	буйақ	бұл жаққа
қайерде	қаерда	қәйәрде	қай жерде
қайерге	қаерга	қәйәргә	қай жерге
қайақта	қаекда	қайақта	қай жақта
қайаққа	қаекқа ¹⁰⁵	қайаққа ¹⁰⁶	қай жаққа.

Г/К. Әдеби тілде ұяң *г* қолданылатын жерде біраз сөзде қатаң *к* дауыссызы айтылады: *кул* — *гүл*, *күлдендіру* — *гүлдендіру*, *үкіттеу* — *үгіттеу*, *мекдеу* — *мегдеу*, *ілкері-кейін* — *ілгері-кейін*, *ақылкөй* — *ақылгөй*. Мысалы: *Ол бізді ү к і т т е п жатыр. Чал қой баққаны бо(л)маса а қ ы л к ө й адам. Айыл жуаны і л к е р і к е й і н д і сеуіп жатады.*

Жетпіс жасқа ке(л)геңде
Уақты болар мекдеген...
Түн жарығы күндей бо(л)мас
Жапырақ чөп күлдей бол(л)мас...

Мал адамның түрі болар
Перзент қызыл күлі болар...
Надан бо(л)са жолдасың
Күл мейіріңді мұз қылар.

Н/Ң. Зерттеліп отырған говорда үнді дауыссыздардың алмасуы кездеспейді емес. Бірқатар сөздерде атау түріндегі және сонымен бірге ілік септіктің соңындағы *ң* дыбысы *н*-мен алмасады. Мысалы: *өлөн* — *өлең*, *өлөнчі* — *өлеңші*, *қалын* — *қалың*, *әуре-сарсан* — *әуре-сарсаң*, *біздің* — *біздің*, *сіздің* — *сіздің*, *елдің* — *елдің*, *кітаптын* — *кітаптың*. *Әлмейін ақынның ө л ө н і н көп білуші ем жадымнан көтеріліп қа(лы)пты. Жолдасым қа л ы н ағашқа кіріп кетті. Бес-алты күн болды мал*

¹⁰⁵ Узбекско-русский словарь. М., 1959, 88, 598-беттер.

¹⁰⁶ Русско-уйгурский словарь. М., 1956, 191, 461, 528-беттер.

із деп ә у р е с а р с а н болдым. Біздің үйге ауданнан оқушылар келді.

«Көңіл» деген сөзде қолданылатын *ң* дауыссызының орнына Мойынқұм ауданындағы Шымыр, Қоралас, Шу ауданындағы Сары үйсіндердің сөйлеу тілінде дифтонг *у* айтылады. Мысалы: *Жақсы көрген жек-жатыңның кеуілдегі шаруасын келген заматта сұра. Жас кеуілді сөз бұзады, тау мен тасты жел бұзады* (мақал). *Жамандықтың кеуіліне арамдық кіреді* (мақал).

Кеуілдің құшы бұлбұлы

Ашық болсаң бір гүлге.

Тәуекел ерге тақия

Ойлаған ерлер іркілме

(фольк.).

«Көңіл» сөзінің «кеуіл» болып қолданылуы Орынбор облысындағы Жағалбайлылар, Ақтөбе облысының Ключевой, Темір аудандарындағы тұрғындар тілдерінде де кездеседі.

Дауыссыздардың түсіп қалуы

Шу бойы тұрғындарының сөйлеу тілінде кейбір үнді дыбыстардың (*л*) түсіп қалуы жиі ұшырайды. Қазақстанның Орталық, Батыс облыстарындағы тұрғындар тілінде «боп кетті, ап кетті» сияқты *л*-дың түсуі кездеспейді емес. Әйткенмен бұл құбылыс Қазақстанның Орталық, Солтүстік, Батыс облыстарға қарағанда Оңтүстік, әсіресе, Алматы, Жамбыл облыстарында жүйелі түрде ұшырайтын өзгешеліктің бірінен саналады¹⁰⁷. Тюркологиялық еңбектерде дауыссыз дыбыстардың тұрақсыздығы жөнінде зерттеулер жүргізілген. Н. К. Дмитриев үнді *р, л, н* дыбыстарының түркі тілдерінде тұрақсыз дауыссыз екенін айта келе, бұл құбылыстың башқыр, татар¹⁰⁸ тілдерінің диалектілерінде бар екенін, ал Э. В. Севортян, үнді *л*-дың тұрақсыздығы

¹⁰⁷ С. А. Аманжолов. О диалектах казахского языка. — Вопросы языкознания, 1953, № 6, 93-бет; Ж. Досқараев, Ғ. Мұсабаев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы, 1951, 1 бөлім, 14-бет.

¹⁰⁸ Л. К. Дмитриев. Неустойчивые положение сонорных *р, л, н*, в тюркских языках. — Сб. «Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков». ч. I, фонетика. М., 1955, 279-бет.

оғуз тілдерінен көрі қыпшақ¹⁰⁹ тілдеріне тән құбылыс екенін көрсетеді.

Зерттеліп отырған өлкедегі қазақтардың тілінде үнділ-дың тұрақсыздығы мына төмендегі жағдайларда байқалады.

1. Үнді *л* сілтеу есімдіктерінде түсіп қалады. Бұл құбылыс қазақ әдеби тілінде және қазақ тілінің басқа говорларында да кездеседі.

2. *Ал, бол, кел, қал, сал, әкел* сияқты етістіктер мынандай формада айтылғанда *л* түсіп қалып отырады:

а) шартты рай формасында айтылғанда: *а(л)са* — алса, *бо(л)са* — болса, *ке(л)се* — келсе, *қа(л)са* — қалса, *са(л)са* — салса, *әке(л)се* — әкелсе. *Қазанға не са(л)саң, чөмішке сол ілінеді. Үш пұтақты шідерді атқа са(л)саң кетпес. Жылқының қиын са(л)са жерді семіртеді. Бір жерге ке(л)се, біреу қызырға барам деп атайды. Кештік өмірдің бо(л)са, түстік мажый (мақал). Үйде қа(л)са табылады ғой. Қырманға дейін әке(л)се, ары қарай жеткізіп алам.*

б) Көсемше формасында айтылғанда: *а(лы)п* — алып, *ке(лі)п* — келіп, *бо(лы)п* — болып, *қа(лы)п* — қалып, *са(лы)п* — салып, *әке(лі)п* — әкеліп. *Қонақ ке(л)генде мысықтай, қонып а(л)ған соң арыстандай, қонып а(лы)п кетерінде жырчы болады — депті. Тай қолау бо(лы)п ақсақ бо(лы)пты. Төре жық-жайма бо(лы)пты, енді төгілуі ғана қа(лы)пты — депті. Сүйінбай. Бидайға орақ салатындай бо(лы)п қа(лы)пты. Жетісудың саңлақтарын көремін деп Мәйкөт ке(лі)пті. Соны разы қы(лы)п жібердім. Бес жасында жетім қа(лы)п сен бір қатты жүдедің. Сен талаптаным қа(лы)псың, бар жолың бо(л)сын — деген екен әкесі.*

в) Болымсыз түрде айтылғанда: *а(л)май* — алмай, *бо(л)май* — болмай, *ке(л)мей* — келмей, *қа(л)май* — қалмай, *са(л)май* — салмай, *әке(л)мей* — әкелмей. *Әлі билет а(л)мады қ. Өлән деген дарымаса бо(л)мады екен. Кәрілікке ем бо(л)майды. Ке(л)мейін деп айтқан жоқпын.*

г) Қалау және бұйрық райдың үшінші жағында айтылғанда: *бо(л)сын* — болсын, *ке(л)сін* — келсін,

¹⁰⁹ Э. В. Севортян. Выпадение согласных в южных тюркских языках, Сб., «Исследование по сравнительной грамматике тюркских языков», ч. I, фонетика. М., 1955, 290-бет.

қа(л)сын — қалсын, са(л)сын — салсын, әке(л)сін — әкелсін. Мысалы: Жұмысты тезірек аяқтайтын бо(л)сы н. Айтыңыз мерек бо(л)сы н. Кеткені қайта ке(л)сін деп ділграм берді. О кісі кетіп қа(л)ма с ын.

д) Қалау райынан кейін көптік жалғауы жалғанғанда: Ке(лі)ңдер — келіңдер, әже(л)ңдер//әке(лі)ңдер — әкеліңдер (алып келіңдер), қа(лы)ңдар — қалыңдар. Бар дағы ыстап ке(л)ің де р. Балдар, сендер бүгін үйде қа(лы)ң да р. Біраз отын әке(л)ің де р деп бұйырады.

Үнді л дыбысы сөз ортасында барлық жағдайда бірдей түсе бермейді. Екі дауыстының ортасында бұл дыбыс көбінесе сақталып айтылады. Ал дауысты мен дауыссыздың ортасында тұрғанда, яғни өзінен соң басқа дауыссыз дыбыс келгенде, л түсіп қалады.

Ал, бол, кел, қал, сал етістіктерінің соңындағы тіл алды л дауыссызының тұрақсыздығы қырғыз тілін зерттеушілердің еңбектерінде де өз алдына дыбыстық, өзгешелік ретінде берілген. Г. Бакинованың¹¹⁰ мақаласында бұл құбылыс қырғыз тілінің Октябрь ауданындағы ичкиликтер тілінде, Э. Абдулдаевтың¹¹¹ Чатқал говоруы туралы жазған еңбегінде және Ж. Мұқамбаевтың¹¹² Алай говоруы жөнінде мақаласында кездеседі.

Араб-парсы тілдерінен енген кейбір сөздерде әдеби тілде сақталып айтылатын х дыбысы говорда түсіп қалады. Мысалы: Үрмет — хұрмет, әсірет — хасірет, әжет — хажет, айран қалу — хайран қалу. Сіздің үрметіңізге осы нанды жауып едім, жеңіз. Сақалды қоя берсең үрметте. Мен дүниенің әсірет арманын көп көрдім. Ол чойынды тіспен көтергенде мен айран қалдым. Бұл сөздер парсы тілінде һаджат, һал, һормат, һайран¹¹³ болып һ арқылы айтылады. Сөз басында жоғарыдағы дауыссыздың түсіп қалуы Ж. Досқараевтың Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас,

¹¹⁰ Г. Бакинова. Кыргыз тилинин Октябрь районунун говору боюнча материалдар. — Труды ИЯЛИ Киргиз. фан СССР. Фрунзе, 1952, вып. 3, 55-бет.

¹¹¹ Э. Абдулдаев. Кыргыз тилинин чатқал говору. Фрунзе, 1956, 65-б.

¹¹² Ж. Мұқамбаев. «Материалы по алайскому говору» деген статьяға кошумшалар. Труды Института языка и литературы и Института истории, вып. V. Фрунзе, 1956, 131-бет.

¹¹³ А. А. Фархадян. Карманный персидско-русский словарь. М., 1959, 238, 241, 245, 256-беттер.

Сайрам аудандарынан жинаған материалдарда (үрмет айран, урият) кездеседі.

Әдеби тілде сақталып айтылатын ғ говорда біраз сөздерде түсіп қалады: *қомайлану* — қомағайлану, *уалау* — уқалау, *ымырат/ыбырат/ібірәт* — ғибрат, *ажайып* — ғажайып, *ашық* — ғашық. *Сен бекерге қ о м а й л а н б а . Насыбай у а л а п алайық. Жақсыдан і б р ә т алған жөн.*

Бір күні төсегінде ұйықтап жатып
Ажайып қазы мұндай түс көреді...
Түсімде жеке жатып көрдім бір түс
Түсінгенге бұл түсім *ажайып* іс.
Патша да *ашық* болып ойға түсті
Көрген соң қыздың сұлу нағыздарын...
Жайлауда *ашық* болдым разыға
Тыңласам қызық кеп бар біраз мұнда...
Көлденең болған істі *ымырат* қып
Сіз бүйтіп бұзылмаңыз дей алмайды
(фольк.).

Дауыссыздардың сақталып айтылуы

Әдеби тілде және қазақ тілінің басқа говорларында түсіп қалатын тіл арты *қ*, *ғ* мен тіл ортасы *к*, *г* дауыссыздары осындағы тұрғындар тілінде бірқатар сөздерде сақталып қолданылады: *құмған* — құман, *шаңғарақ* — шаңырақ, *суғару* — суару, *рауғаш* — рауаш, *ұлық* — ұлы, *сапалық* — сапалы, *өнеге* — өне, *ештеңке* — ештеңе, *дәнеңке* — дәнеңе, *бірдеңке* — бірдеңе, *түрпiк* — түрпi, *тірік* — тірі, *реңк* — рең, *еге* — ие. *Қара құмған бұрын чойыннан істелген. Шаңғарағын үйінің ортасына түсірейін деп жетіп ке(лі)пті. Рауғаш май айында жеуге келеді. Денеге түрпiктей тиебейсің. Мен баланың не тірік екенін, не өлі екенін білмедім. Оның реңкі жақсы көрінеді. Осы уақытқа дейін түрлі-түрлік іс істеп келдім. Сені еге(лі)п етіп қалам беріп қойдық қой. Өнеге бойы алтыннан жасалған екен. Сапалық айдап көп істе. Ұлық балаларың осында ке(лі)п орналасқан екен. Қант қызылшасы бір рет суғарылды. Қызылшаны суғару, түптеу жұмыстарында Қоқаев жолдастың бригадасы алда келеді («Социалистік еңбек», 1941 ж, 19 июнь). Ауданымыздың колхоздарында бүгінге дейін 1695 гектар қант қызылшасының жері қоректендіріліп, суғарылады».*

руы толық аяқталды... 355 гектар қызылша төртінші рет суғарылды («Кировшы», 1943, 13 июль).

Күн жылжып ұясына кірді барып,
Күзембай үйден шықты құмған алып.
Күбірлеп күн батысқа бетін бұрып,
Күйбеңдеп беті-қолын жуа салып

(фольк.).

Тіл арты және тіл ортасы дауыссыздарының сөз ортасында және соңында түспей қолданылуы қазақ тілінің оңтүстік облыстарында жиірек кездесетін құбылыс. Бұл өзгешеліктер, әсіресе, Шымкент¹¹⁴, Жамбыл, Алматы¹¹⁵, Семей¹¹⁶ облыстары, Шығыс Қазақстанның Күршім, Зайсан, Тарбағатай¹¹⁷ аудандарындағы тұрғындар тілінде көбірек айтылып жүр.

Бұл дыбыстардың сақталып айтылуы Қарағанды, Қостанай, Көкшетау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарында да бірлі-жарым сөздерде айтылады. Осы облыстарда *кигіз* деген сөзде *г*-нің сақталып қолданылуы сол жерлерден шыққан ақын-жазушылардың шығармаларында жиі ұшырайды.

Кейбір ескіше оқыған қарттардың сөйлеу тілінде ғана біраз сөздерде көмей дауыссызы *h* сақталып айтылады. Бұл көбінесе арап-парсы тілдерінен енген сөздерде кездеседі: *заһар* — зәр, *зіһін* — зейін, *шүбәһә* — шүбә, *һәулет* — әулет, *һардагер* — ардагер, *һақмақ* — ақымақ, *һілім* — ілім, *һәшкәрә* — әшкере, *һәуелі* — әуелі, *һәмме* — әмме, *баһа* — баға. *Әлгі ұстараны әпжыланның заһарына суғарады. Өлең зіһіннен шығады. Немене қуыстандың шүбәһәң бардай. Ішбірі һәулетіне бо(л)мапты ырза. Ат басы һардагері ат, атың бо(л)са, қақ қазықты байлап жат, — депті.*

¹¹⁴ Ж. Досқараев. Бір экспедиция отрядының жұмысы туралы. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», 1-шығуы. Алматы, 1959, 190-бет.

¹¹⁵ Ж. Болатов. Ұзынағаш экспедициясының материалдарынан. «Қазақ тілі...», 1-шығуы, 165-бет; Ә. Құрышжанов. Нарынқол, Кеген аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер. «Қазақ тіл білімі мәселелері», I том. Алматы, 1959, 46-бет.

¹¹⁶ Ш. Сарыбаев. Семей облысы Мақаншы ауданында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер туралы. «Қазақ тіл білімі мәселелері», I том, Алматы, 1959, 39-бет.

¹¹⁷ Ж. Досқараев, Ғ. Мұсабаев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы, 1951, 46-бет.

Қырғыздардың *h ə m m e s i* еріп кетіпті. Әкесі өлер *h ə l g e* келіпті. Біреудің көрсеткен *б а һ а с ы м е н* сатқам жатырмысың. Ол *h i l i m d i* адам екен.

Досқа достың белгісі
Алыста жүрсе сұрасып
Хабар алар *hə*лінен.

Зерттеліп отырған говорда дауыссыз дыбыстардың алмасып бірінің орнына бірі айтылатын метатезалық құбылыстар да бар. Олар мына төмендегі сөздерде айтылады: *айлана* — айнала, *айландыру* — айналдыру, *еже* — ежігей, *әпке* — әкпе, *епке* — екпе, *өпкелеу* — өкпелеу, *әпкел* — әкел, алып кел, *сепкіл* — секпіл, *құмысқа* — құмырсқа, *жаңалаш* — жалаңаш, *тескеру* — тексеру. *А й л а н а с ы н қысап қы(лы)п ке(л)генді тыныштық керек. Қораны а й л а н д ы р а қамыспен қоршап тастапты. Немере ә п к е м бар еді Жамбылдың сол ке(лі)п отыр. Бетін с е п к і л басқан кісі екен. Бала ө п к е с і н е суық тиіп ауырды. Маған ө п к е л е отырған жоқпысың? Үйдің ішіне қ ұ р м ы с қ а қаптап кетіпті. Қашан ауқат ә п к е л е р екен деп күтіп отырды Т е с к е р е ке(л)се ол қағас естіген екен.*

Қорыта келгенде Шу бойы тұрғындары тілінде көп құбылыс ретінде *ш — ч, ж — ж, д — л, б — п* дыбыстарының алмасуын және тіл арты *қ, ғ, к, г* дауыссыздардың сақталуын айтуға болады.

Шу бойында кездесетін кейбір дыбыстық өзгешеліктердің біразы көрші тілдердің материалдарымен ұқсас болып келеді. Мысалы, аффрикат *ч, ж* дыбыстары кездеседі. Аффрикат *ч, ж* дыбыстардың болуы жағынан бұл говор өзбек, қырғыз, ұйғыр тілдеріне жақын болса *д* орнына *л*-дың қолдануы жағынан ұйғыр, өзбек тілін бейім. Ал үнді дыбыстардың алмасуы жағынан (*ң — н*) қырғыз тіліне жақын. Сондай-ақ әдеби тілімізде *б* қолданылатын жерде говорда *м*-нің айтылуы, немесе қатап *п* жұмсалатын жерде ұяң *б*-ның айтылуы тіл ерекшеліктері жағынан бұл говор қырғыз тіліне жақын.

Кейбір дыбыстық ерекшеліктері жағынан (*ш — ж — жс*) Шу бойындағы тұрғындар тілі Жетісу, Шығыс Қазақстан қазақтарының тілімен ортақтығы мол болса кейбір құбылыстар жөнінен (*а — ə, ы — і, б — п*) Шымкент, Ташкент маңындағы қазақтар тілімен ұқсастығы мол.

ІІ Т А Р А У

ЛЕКСИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Қай тіл болмасын оның құрамына енетін говорлардың лексикасы сол тілдің әдеби нормасы лексикасынан аса алшақ болмайды, қайта говорда қолданылып жүрген сөздердің басым көпшілігі жалпы халықтық тілдің негізгі сөздік қорымен ортақ болып келеді. Мұндай жалпылық, ортақтық қасиеттер қазақ тіліне де тән.

Жалпы халықтық тіліміздің бір бөлігі болып саналатын Шу говорының лексикалық құрамы жөнінде сөз еткенде, осындағы тұрғындардың күнделікті өміріндегі ең қажетті ұғымдар мен түрлі құбылыстарды білдіру үшін қолданылатын және жаңа сөздер тудыруға негіз болатын *адам, ай, жер, су, мал, ақ, қара, бір, екі, көру, айту* сияқты сөздік құрамының негізгі қазығы саналатын сөздердің көпшілігінің әдеби тілмен қатар ол говорға да бірдей қатысы бар екенін атаған жөн. Әрине, бұған қарап зерттеліп отырған говор мен әдеби тілдің сөздік құрамында ешқандай айырмашылықтар жоқ деген қорытынды болмауы тиіс. Шу бойы тұрғындарының тілінде де әдеби тілмен және қазақ тілінің басқа говорларымен салыстырып қарағанда, көптеген лексикалық өзгешеліктер ұшырайды.

Говорда кездесетін лексикалық ерекшеліктердің біртөбы әдеби тілдегі бар ұғымның өзгеше атауышы болып келетін сөздер. Диалектілік өзгешеліктердің бұл сияқты төбы диалектологиялық зерттеулерде, әсіресе орыс тіл білімпаздарының еңбектерінде «противопоставленный» деп аталып жүр. Осы сөздің баламасы ретінде кейінгі

кезде қазақ тілінде «сәйкесті диалектизмдер»¹ деген термин қолданыла бастады. Лексикалық ерекшеліктердің бұл тобына Шу бойы тұрғындарының күнделікті сөйлеу тілінде көбірек қолданылып жүрген дағдылы құбылыстар жатады. Дағдылы, дәстүрлі түрде қолданылып жүрген лексикалық ерекшеліктерге үй бұйымдарына байланысты *дағар, дейілше, елкезер, көмбеш//көмбеш қазан* (таба), *леген* (табақ), *сыпыра, чырағдан, жағлан*; киім-кешек түріне қарай қолданылатын *жейде, сым, жуырқан, чарық, сәндіп* (сөтен), *сейсеп* (көрпенің қос астары); тамақ атауларына байланысты *ашымық, зуала, қамыр, теппе чай, тоқаш* (бауырсақ), *чық* (тұздық); ойын аттарына байланысты *жылтыр кетті, мәлке татай, қазан доп, мәтек, қойшы тақым*; әдет-ғұрыпқа байланысты *асар, қымыз мұрын, аян омыртқа*; ер-тұрманға байланысты *пыстан, анжы//әнжі* (шеттік), *жалпош*; еңбек құрал-саймандарына байланысты *байтесе, тесе, кемпірауыз, сапсалғы//шаттауық*; үй құрылысына байланысты *бастырма, там-там үй, дәліз, айуанхана, ұстын//қары*; мал атауларымен байланысты: *тана, оқлақ, ақыр* (оттық), *саяпкер, теппе* (тезек), *кәшек*; табиғат құбылысына байланысты *тұма, зәк//ыза, чыбыр, қой қосақ* (кемпір қосақ); ауру аттарына байланысты *қанқұрт, самал жел, келте* және ай аттары жөнінде айтылатын көптеген сөздерді мысалға келтіруге болады.

Зерттеліп отырған говордың сөздік құрамының бір қатары осындағы тұрғындардың шаруашылығына, экономикасына байланысты қолданылып жүрген сөздер.

Тарихи материалдарға қарағанда Шу алқабындағы тұрғындар көне замандарда-ақ мал шаруашылығымен қатар жерді де өңдеп, пайдалана бастаған. Сондықтан ерте кезден бастап егін егіп², су жүйелерін пайдаланып, отырықшы бола бастаған жердің бірі — Шу³ өзенінің бойында су шаруашылығына, егінге байланысты кәсіби сөздердің молырақ кездесіп отыруы заңды нәрсе. Бұған Шу алқабындағы қазақтардың тілінен жиналған лекси-

¹ Ш. Сарыбаев. Көкшетау облысы Щучинск, Еңбекшілер аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір лексикалық ерекшеліктер. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері». 3-шығуы. Алматы, 1960, 56-бет.

² В. В. Бартольд. К истории орошения Туркестана. СПб., 1914, 156-бет.

³ В. А. Васильев. Проект орошения долины реки Чу: Семиреченской области. Петроград, 1915, 89-бет.

қалық материалдар олардың тілінен суландыру шаруашылығына байланысты қолданылатын атауларға өте бай екендігі дәлел бола алады. Мұнда арық түрлеріне қарай *тоған, өстен, алыс, оман, басарық//желке арық, жан арық, оқ арық, қол арық, колчық, атыз, қарық*; су өлшемдеріне байланысты *бір иін су, ширек иін су*; жердің су ішуіне қарай қолданылатын: *топырақ су, желке су, орақ су* сөздері жиі кездеседі. Әрине, бұл атаулардың бірқатары Оңтүстік облыстардың әрқайсысының өзінде де әр түрлі қолданылады. Ал Солтүстік және Батыс облыстарда бұл сөздердің көпшілігі айтылмайды.

Зерттеліп отырған говорда техникалық дақылдарға байланысты да көптеген сөздер кездеседі. Шу бойының кейбір аудандарында темекі, кендір, ал бірқатар жерінде қызылша, мақта егіледі. Темекіге байланысты *тік құлақ, трапезон, музыка, бипіліс, чот//эвенке, чоттау, тай, чөже бұтақ*; қызылшаға байланысты *шәрәпкілеу, жұлықтау, жекелеу, қопсыту* сияқты сөздер оңтүстік облыстарда қолданылғанымен, Қазақстанның көптеген жерлерінде егіннің бұл түрлері егілмегендіктен, бұл атаулар онда кездеспейді. Сондай-ақ бау-бақша егістігіне байланысты атаулар да мол. Қауын түрлеріне қарай қолданылатын *мәлек, басыпалды, көкше қауын, әміре қауын, әбінауат, күләбі*; асқабақ түрлерін білдіретін *тас қабақ, меке қабақ, манты қабақ* сияқты сөздер лексикалық ерекшеліктердің осы тобына жатады.

Шу бойы тұрғындары тілінен жиналған профессионалдык сөздердің өзі профессионализм бола тұрып, әрі диалектілік ерекшелікке жататындары да жоқ емес. Бұған мысал ретінде *бадыран* (қияр), *келімдәрі* (қызыл бұрыш), *пісте//пісше* (күнбағыс) сияқты сөздерді келтіруге болады.

Говордың сөздік құрамына кіретін кәсіби лексиканың бір түрі өсімдік атауларына байланысты сөздер. Бұл өңірдің климатының қолайлы, көп жерінің таулы болып келуіне байланысты тауға шыққан гүл, шөп, ағаштардың түрлері де мол. Әрине, мұндай өсімдіктер Қазақстанның далалы жерлерінде немесе ауа райының суық болып келетін солтүстік облыстарында өспейтіндіктен, ол жерлерде мұндай атаулардың кездеспеуі де мүмкін. Осындай сөздерге *арқар жусан, баласы жапырақ, бәрні, балжуран, жалман құлақ, штемген, көмірген, лақса, мортықбоз, рауаш, қой бүлдірген, қой қаранжы*,

қой қызғалтақ, қылша, раң, саумалдық, сүмбіле, тамыр дәрі, теңге жапырақ, уғорғасын, көкбас чытыр, жоңышқа чытыр, қаз таңдай, үпілмәлік, балғын, балтасап, то раңғы, кәтіреңкі т. б. сияқты атауларды жатқызуға болады. Бұлардың бірқатары соңғы кездегі шығып жүрген биологиялық сөздіктерге енбеуі де олардың әлі жалпы халықтық сипатқа ие болмағандығын аңғартады.

Шу бойындағы тұрғындар тілінде кездесетін лексикалық ерекшеліктердің кейбіреуі Жетісу қазақтарына, кейбіреуі Арыс қазақтарына, ал кейбіреуі Арқа қазақтарының (Қарағанды облысының Шет, Жаңаарқа аудандары) тіліне ортақ құбылыстар болып келеді. Мұндай ұқсастық, ортақ болу себептерін Шу қазақтарының бір жағы Жетісу, екінші жағы Арыс, Талас, ал үшінші ден, Арқа қазақтарымен экономикалық жағынан тығыз қарым-қатынаста болуынан деп түсіндірілуі тиіс.

Зерттеліп отырған говордағы лексикалық ерекшеліктердің дені қазақ әдеби тілінде және оның басқа говорларында кездеспейтін осындағы тұрғындар тіліне тән өзгешеліктер. Говордың лексика саласынан жиналған материалдарын мынандай топтарға бөліп қарастырдық: 1. Әдеби тілде қолданылмайтын (немесе аз қолданылатын) сөздер; 2. Лексика-семантикалық ерекшеліктер; 3. Басқа тілдерден енген сөздер; 4. Сөз тіркестері.

Әдеби тілде қолданылмайтын (немесе аз қолданылатын) сөздер. Шу говорындағы қазақтардың тілінде ұшырайтын жергілікті сөздер лексикалық мағынасы жағынан алғанда біркелкі емес. Олардың басым көпшілігі тұрмыста кездесетін заттар мен құбылыстардың аттарын білдірсе, бірсыпырасы сындық белгілерін көрсетеді, ал енді бірқатары қимыл іс, әрекетке байланысты айтылатын сөздер. Осындай мағыналық белгісіне қарай Шудың лексикалық материалдарын: зат атауларына байланысты сөздер, іс-әрекет қимылды білдіретін сөздер және мезгіл, амал, көңіл-күйіне байланысты айтылатын сөздер деп басты-басты бірнеше топқа бөліп беріп отырмыз.

Зат атауларына байланысты сөздерді мағынасын қарай бірнеше топқа бөлуге болады.

Үй тұрмысының түрлі жабдықтарының атауларына байланысты сөздер

А б д ы р а — бетіне түрлі түсті қаңылтыр шегеленген немесе сырланған киім салатын үлкен ағаш сандық. Бұны Ақтөбе облысындағы тұрғындар тілінде *кеу сандық*, Орынбор қазақтарында *тай сандық* деп атайды. Түлкібас, Сайрам аудандарындағы тұрғындарда *абдыра* — үлкен сандық мағынасында, қырғыз тілінде *абдыра* — үлкен ящик және үлкен сандық мағынасында (Қир.-рус. сл., 12).

А с а д а л — ыдыс аяқ қоятын текше, шкаф. Бұны Ақтөбе тұрғындарында — *сап аяқ*, Көкшетау облысының Қызылту ауданында *бөгіребас* деп айтады.

Б ү р к е н ч і к — самаурынның түтін өшіргіші. Бұны Алматы облысының кейбір аудандарында *өшірткі*, *төңкерме*, Түлкібас, Сайрамда *басқыш* деп атайды.

Д а ғ а р — үлкен қап. *Екі дағар ұн тартып келді, біразға жетер*. Ұйғыр, тілінде *тағар* — қап мағынасында. М. Қашқари сөздігінде *тағар* (I, 389).

Д е л ш е // д е й і л ш е — екі-үш пудтық кішкене қап. Бұны Алматы облысының Шелек, Еңбекшіқазақ аудандарында *екенше* деп атайды.

Е л г е з е р — ұн елейтін елек. Қырғызстанмен шектес Қордай, Мерке аудандарында *елек/елгезер* қатар қолданылады. Қырғыз тілінде — *елек*.

Ж а н д ә к ү л — ұстара салатын қын. *Жан дәкүл ілгеріде болған*.

Ж а ғ л а н — сыртын былғарымен қаптаған киім салатын сандықша.

И ы қ а ғ а ш // и і к а ғ а ш // ә п к е ш — су әкелетін ағаш. Бұл сөзді Шу алқабының тұрғындары *ілгек ағаш*, *ілгіш*, *иін ағаш* деп бірнеше түрлі атаулармен атайды: Алматы облысының кейбір аудандарында *су ағаш*, *мойын ағаш*, *әпкіш*; Көкшетау облысының кейбір аудандарында *мосыла//иін ағаш*; Қызылорда облысының кейбір жерлерінде *құрамыс*; Батыс Қазақстанның кейбір аудандарында *күйенте* деп атайды. Түлкібас, Сайрам аудандарында — *әпкіш*.

К е р н е й — 1. Самаурынның үстіне қойылған труба; Самаурынның кернейін кигіз. 2. Темір пештің түтіндігі.

Шын тақ — кернейдің иіні. Шын тақты бұр түс, қисайып қалды.

Көмбеш//көмбеч қазан — таба. Екі көмбеч пен бір пәсте жауып бітесің. Осымен қатар бұ өңірде даба сөзі де айтылады. Мерке ауданында тұратын тарақтыларда — даба, Шет ауданында тава, тава. Оңтүстік пен Орталық Қазақстан қазақтарының түйіскен жері Мыңаралда — көмбеч, даба сөздері қатар қолданылады. Алматы облысының кейбір аудандарында тапа, тапа қазан, қырғыз тілінде көмеч қазан болып айтылады. Қырғыз тілінің чуй говорында — көмеч қазан ⁴//көмеч қазан.

Леген — 1. Ет салатын жайпақ табақ. 2. Сары қыладан істелген кішкене шылапшын. Бұл сөз Қазақстанның Солтүстік облыстарында және Алматы облысының кейбір аудандарында шылапшын мағынасында қолданылады.

Кірлен — кір жуғыш. Бұл сөз Мыңаралда, Алматы облысында да айтылады.

Наспай келіншек келі//сапты аяқнасыбай уалайтын темір ие ағаш ыдыс. Бұл сөзді Алматы облысының кейбір аудандарында наспай шеле сапты аяқ; Көкшетауда — үкіш; Орынбор қазақтарында насыбай тостаған; Қостанайдың Семиозер, Федоровка аудандарында үккіш; шала қазақтар тілінде насыбай соқы деп атайды.

Оттық//шақпақ//шишақпақ — сіріңке. Оттығыңды чағып бер. Чи чақпағыңды әпке балам.

Оқтай — оқтау. Оқтай-тақтайыңды дайып дай бер. Бұл сөз тек Луговой ауданында ғана кездесе. Шу бойындағы басқа аудандарда оқтау; Гурьев облысының Шевченко ауданында ысқыш болып айтылады. Қырғыз тілінің Талас говорында — оқтай ⁵. Шала қазақтар тілінде — оқтау//уәлік.

Панар — чича/чыны — шамның әйнегі. Шаның панарын сүртпін жіберейін. Бұны Күршім, За

⁴ Г. Бакинова, С. Кондучалова, С. Сыдыков. Кыргыз тилинен чуй говору. Фрунзе, 1959.

⁵ Т. К. Ахматов. Кыргыз тилинен талас говору. Фрунзе, 1959, 74-бет.

сан аудандарында — *қуық*, Маңғыстау говорында *чүнші/шүнші*, Ақтөбе облысының Темір, Жұрын, Ключевой аудандарында — *моржа*, Көкшетаудың Қызылту, Шучинский аудандарында — *бұзырок*; қырғыз тілінде *чи-ча* деп атайды.

Көсеу//қысқаш — шоқ қысқыш; *Шоқты көсеу мен сал*. Бұл жерде *көсеу* деп от көсейтін ағаш пен темірді де айтады. Алматы облысының кейбір аудандарында бұны *қышқаш* деп атайды. Түлкібас, Сайрам аудандарында *көсеу* сөзі — *шымшуыр* мағынасында. Бұны Маңғыстау говорында *әтішкір//шаттауық*, Арал говорында *көсеу//әтішкір*, Ақтөбе қазақтарында — *маса темір//көсеу*; Орынбор қазақтарында *жәмке*, Қарағанды облысының Шет ауданында — *шімшуір* деп атайды.

Төбелдірік//төңкермеқ//түңлік//қақпақ//қалпақ — самаурынның түтін өшіргіші. Бұны Ақтөбе облысының кейбір аудандарында *томаға*, Көкшетауда — *бұқтырма//бүркеншік*, Орынбор қазақтарында *төбе шай//булық*, Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданында *тұндырма* деп атайды.

Шырағдан — май шам. Бұны Алматы облысының кейбір жерінде — *көршам*, Павлодар облысының кей жерінде — *жыпылық*, Көкшетауда — *сықсима//жыпылық* деп атайды.

Чанаш — қымыз құятын бітеу теріден істелген ыдыс; *Шығын түгіл малынан борандарда, Айраны шайқалған жоқ чанаш тағы* (Жақ. Жан.). Алматы облысының Кеген ауданында *чанаш* сөзі теріден жасалған қап, ыдыс мағынасында жұмсалады.

Талыс — егеу, біз т. б. саймандарды салатын ыдыс. Талыс көбінесе жылқының бас терісінен жасалады. Кейде талыстың түп жағы тері, ауыз жағы киіз болып келеді. Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданында *талыс* сөзі — *мес, торсық* мағынасында қолданылады.

Чи — сіріңкенің талы. *Сіріңкенің ішіндегі жалғыз-ақ чи қалыпты*.

Чылаужын//чиләужін//шылауыш — шылапшын. *Чиләужінді әпкел, балам, қол жуалық*. Бұны Алматы облысының Шелек ауданында *дас*. Қы-

зылорда облысының Жаңақорған ауданында *жам*⁶ деп атайды.

Қалбыр — кір жуатын үлкен шылапшын. *Қалбыр* сөзі Күршім, Зайсан аудандарында және Алматы облысында темір елек, Қарағанды облысының Шет ауданында консервінің қабы мағынасында қолданылады.

Қалдорба//*кір қалта* — жуылған кірді т. б. салатын дорба. Бұны Алматы облысында *кереге дорба*, Маңғыстау говорында және Орынбор қазақтарында *керме*, Ақтөбе облысының кейбір аудандарында *кере қал* деп атайды.

Қорқор — ішінде суы бар бөтелке, немесе темір ыдыстан жасалған темекі тартқыш.

Құты — кішкентай қобди. *Балғаны құтыға сала са(л)шы*.

Аспа бесік — бұны Қызылорда облысының кейбір жерінде *жел бесік*, Орынбор қазақтарында *ноғай бесік*//*шәңгілдек* деп атайды.

Селебе — үлкен пышақ. Бұны Шығыс Қазақстан облысының Зайсан, Күршім аудандарында *балдақ*, *бадан*; Қарағанды, Көкшетау облыстарының кейбір жерлерінде *дөкет*//*лөкет*; Орынбор облысында *орақ пышақ* деп атайды.

Қапшық — ақша салғыш. Бұны Ақтөбенің кейбір аудандарында *шилан*; Көкшетау облысының Қызылту ауданында *күмәжнік*; Қостанайдың Семиозер, Федоровка аудандарында — *әйкел*//*әмиян* деп атайды.

Қантшақыш — бұны Ақтөбе облысының кейбір жерінде *шекер қайшы*; Көкшетауда — *қант қайшы*; Орынбор облысында *тістеуік* деп атайды.

Пәтнос — дөңгелек жайпақ табақ. Қырғыз тілінің чуй говорында *батунус*//*батинис*//*патинис*//*илеген*⁷ — нан салатын ыдыс мағынасында.

Сыпыра — ұн илегенде, нан жайғанда астын төсейтін тері немесе брезент дастарқан. Қырғыз тілінің чуй говорында *супара*//*супра*//*супура*⁸ осы мағынада қолданылады. Ұйғыр, өзбек тілдерінде — *супра*, қара қалпақ тілінде — *сыпыра* (Қарак.-рус, сл., 605). Бұл сөз

⁶ Ж. Досқараев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. II бөлім. Алматы, 1955, 52-бет.

⁷ К. Бакнинова. Қырғыз тілінің чуй говору. Фрунзе, 1959, 85 б.

⁸ Сонда, 86-бет.

араб-парсы тілдерінің элементі ретінде танылып жүр. XIII—XIV ғасырдағы куман тілінің жазу ескерткішінде де *sufra*, *suffra* сөздері дастарқан және тамақ ішетін стол мағынасында қолданылған⁹.

Үй тұрмысына байланысты қолданылатын әдеби тілде де, Шу говорында да бірдей айтылатын бірақ Қазақстанның басқа жерлерінде бөлек аталатын сөздер жоқ емес. Мысалы: Шудағы *дастарқан*, *бір салма* (киіз), *астау* сөздерінің орнына Орынбор қазақтарында *ас жаулық*, *әре*, *самар* сөздері айтылса, зерттеліп отырған говордағы *темір келі* орнына Арал говорында *төс келі* сөздері айтылады.

Ошақпеш — дөңгелек темір пеш. *Ошақпешке қазан орнатады*.

Бесікпеш — қазан орнатпайтын сопақшалау келген темір пеш. Шала қазақтар тілінде *пілтелі пеш*.

Шу бойы қазақтары тілінде самаурынга ұсатылған ұсақ ағашты *жаңқа* деп атайды. Бұның орнына Көкшетауда *түйміш*, Қостанайда *шормақ*, Қызылорданың кейбір жерінде *шөпшек* сөздері қолданылады.

Ыдыс-аяқ, сауыт атауларына байланысты сөздер

Бақыр — шелек. *Екі бақыр тауық қиын жиырма бақыр суға салып сегіз күндей ашытады*. Қарағанды облысының Шет ауданында бұны *бедре//қылды бақыр* деп атайды. *Бақыр* — қырғыз тілінде де темір шелек мағынасында (Кир.-рус. сл., 70-бет).

Жанан//джанан//жәнен — үлкен кесе. *Бір жанан қымыз құйып берді*. Алматы облысының ұйғырлармен аралас отыратын Шелек ауданында *ақпар//ақбар чыны*, Қарағанды облысының Шет ауданында *летір кесе*, Ұлытауда — *сапар кесе*, Түлкібас, Сайрам аудандарында — *сапал*, Ақтөбе облысының кейбір аудандарында — *үлкен кесе//летр кесе*, Орынбор қазақтарында — *түйе кесе*, Оңтүстік пен Орталық Қазақстан қазақтарының тоғысқан жері — Мыңаралда — *жалан кесе//летір кесе* болып айтылады.

Көзе — ағаштан істелген су таситын шелек. *Қы-*

⁹ А. Курышжанов. Арабо-персидские элементы в куманском языке. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», 4-шығуы. Алматы, 1962, 202-бет.

зылорда облысының Жаңақорған ауданында көзе — құмыра мағынасында қолданылады.

М а й қ а л а қ//н а н с ү з г і — кәкпір, кепсер. Мерке ауданында осылармен бірге кейде *кәкпір* сөзі де айтылады. Бұны Алматы облысының кейбір аудандарында — *кепсер*; Түлкібас, Сайрам аудандарында *кекпір*, Маңғыстау говорында *күнғалақ*, Ақтөбе облысының кейбір аудандарында *сүзгі бақыраш//сүзекі*, Орынбор қазақтарында *сүзекі//тесік ожау*, Көкшетау, Қарағанды облыстарында *кәкпір* деп атайды. Қырғыз тілінің чуй говорында *чөөлу//депкир//дөптер//кепкир//сускүч*¹⁰ *кепсер*, *кәкпір* мағынасында.

П и а л а//п и а л а й — шай кесе. Мерке ауданында пиаламен қатар *чыны* сөзі де кездеседі. Алматы облысының Шелек, Еңбекшіқазақ аудандарында *чыны//кишкене кесе*, Шу алқабындағы Меркемен шектес Қырғызстанның Панфилов ауданында *биала//чыны*, қырғыз тілінің талас говорында *пыйала*¹¹ болып айтылады. Орынбор қазақтарының тілінде *пиала* — қырлы стакан мағынасында, өзбек тілінде *пиеала* — шай кесе мағынасында (Узб.-рус. сл., 325-бет.). Қырғыз тілінің чуй говорында — *быйала//биала//пыйала//чыны//чай чыны//чай пийала*.

Ч ө у л і//с ү з г і — ағаштан тоқылып істелген кепсер. *Сүзгімен* етті және оның нанын сүзіп алады. Сүзгімен бауырсақ сүзуге болмайды. XIII ғасырдағы қыпшақ сөздігінде¹² *чавлы* сөзі қасық, ожау мағынасында жұмсалған. Ал XI ғасырдағы М. Қашқари сөздігінде *човлі* сөзі (III том, 446), сүзгі, тесік ожау мағынасында қолданылған.

Т о п а т а й — ағаштан немесе қайыңның қабығынан жасалған сүт т. б. құятын ыдыс.

Т а қ ч а — жұқа ағаш табақ. *Тақчаны толтырып ет әкелді*.

Ч ә ш е к — кішкене тостаған; *Мә, деп бір чәшек қымыз беріп едім жартысын ғана ішті*. Қырғыз тілінде

¹⁰ Г. Бакинова, С. Кондучалова, С. Сыдыков. Кыргыз тилинин чуй говору. Фрунзе, 1959, 87-бет.

¹¹ Т. Қ. Ахматов. Кыргыз тилинин талас говору. Фрунзе, 1959, 74-бет.

¹² А. К. Курюшжанов. Исследование по лексике тюрко-арабского словаря. Алма-Ата, 1970, 216-бет.

чөөчек//чайчек жас балалардың тостағаны (Кир.-рус. сл. 134-бет).

Қ а с қ а р ш а — мыстан жасалған шай қайнататын ыдыс, мойын жағы жіңішкелеу болады. Қырғыз тілінің чүй говорында *қашқарча//қашқар чайнек* — ақ құман мағынасында ¹³.

Қ о л б а қ ы р — балаларға сүт пісіріп беретін тұтқалы ыдыс. Бұны Маңғыстау говорында — *бақыр*, Ақтөбе облысында *бақыраш//бақыр*, Көкшетауда — *жаулау* деп атайды.

Қ ы р м а т а б а қ — ағаштан жасалған жұқа табақ. Қырғыз тілінің чүй говорында *қырма тамақ*.

✓ *Ш ә у г і м* — шай қайнататын ыдыс (ор. чайник). Маңғыстау говорында *чәугім* — кішкене қазан мағынасында.

Ч а қ а — шелек. *Екі ч а қ а суды көтеріп келді*. Қырғыз тілінде *чақа* — шелек мағынасында (Кир.-рус. сл., 122-бет).

Киім-кешек, көрпе-жастық атауларына байланысты сөздер

А л ч а л ғ ы — алжапқыш (алдын тұтас жауып тұратыны). Көкшетауда мұны *омырауша//пәртiк*, Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында *шалғыш*, ал Орал облысының Қазталовка ауданында — *запон* деп атайды.

Б ө с т е п — ортасына тері салып жасаған жерге төсейтін көрпе.

Д о б и я — білезікке орнатылған қызыл моншақ.

Ж а қ ы//т а й ж а қ ы — тайдың, құлынның терісінен істелген киім. Орынбор қазақтарында — *құлын жарғақ*.

Ж а у л ы қ — орамал. *Ақ жаулығы жалпылдап, Апашым малға барар ма?* Көкшетаудың кейбір аудандарында *жаулық* — кимешек, Орынбор қазақтарында *шаршы* мағынасында.

Ж ы л а у ы ш — ақ орамал. *Жылауышты сәукеле сыртынан тартады*. Абай, Шұбартау аудандарында *шылауыш*.

¹³ Сонда, 86-бет.

Е т к ө р п е — жерге төселмейтін, тек жамылуға арналған көрпе.

Ж е й д е — ерлердің көйлегі. Бұл сөз көбінесе Қазақстанның оңтүстік облыстарында (Жамбыл, Алматы) айтылады. Семей облысының кейбір аудандарында да ұшырайды. Маңғыстау говорында — *жегде*.

Ж е л ең ч а п а н — ішінде мақта салынбаған жадағай шапан. Түлкібас, Сайрам және Семейдің Абай, Шұбартау аудандарында — *жадағай*; шала қазақтар тілінде — *жақтек шапан*.

Ж ең с ең — қолды бұта жырмас үшін киетін қысқа жең.

Ж е л п і н ш е к — терезе перде. Бұны Жамбыл облысының Жуалы ауданында *жабын*, Батыс Қазақстан облысының Қазталовка ауданында *жаршау* деп атайды.

Ж у ы р қ а н — көрпе. Қордай, Мерке, Луговой аудандарында бұл сөз қатар қолданылады. Қарағанды облысының Шет ауданында *жуырқан* сөзі кездеседі. Бұл сөз башқыр (*юрган*), құмық (*ювурьган*), татар (*юрган*), ноғай (*ювыркан*) тілдерінде де кездеседі. XIII ғасырдағы қыпшақ сөздігінде *йуғурган//иурган*, XI ғасырдағы М. Қашқари сөздігінде *йоғурқан* (I, 217; III, 62) көрпе мағынасында қолданылған.

К е б е н т а й//к е б е н е к — қарда, жауын-шашында киетін киізден істелген сырт киім. *Ноғай ізә боп бір рет көшерде: «Жәке, көшкенде к е б е н т а й кимей-ақ бір чидем чекпен бұйырмады ма?»* — депті. Талдықорған маңында *кебенек*, қырғыз тілінде *кементай//кебенек* — киізден істелген сырт киім (Қир.-рус. сл., 246, 252-беттер).

К ү л ч і н — мәсінің артқы сірісі. Ақтөбеде *күлшін//намаздық*, Көкшетауда — *намаздық*, Орынборда — *үшкіл*.

К ү м і с б е л д і к. Бұны Талдықорған облысының Қоғалы ауданында — *кемер белдік*; Маңғыстау говорында және Орынборда *деңмент белдік* деп атайды.

П а т ч а й ы т о н — жібек шапан. *Ол батырға п а т ч а й ы т о н кигізіп, күйме арбасына мінгізген.*

П і л т е — көрпенің жиегіне өткізген жүн, мақта.

С е д е п//с е д е п т ү й м е — көйлекке қадайтын ұсақ ақ түйме. Көкшетаудың Қызылту ауданында — *шыны көз түйме*; Абай, Шұбартау аудандарында —

тана. Қырғыз тілінде — *седеп* (Қир.-рус. сл., 437-бет).

Тақия — бұны Қарағанды облысының Шет ауданында *топы*; Ақтөбе, Орынбор облыстарында *тебетей*, Көкшетау облысының Қызылту ауданында *тебей*; Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында *қамма* деп атайды.

Топчы — түйме. Шу бойындағы Қырғызстанмен шектес Мерке, Қордай аудандарында айтылады. Ақтөбе, Орынборда — *ілгек*; Көкшетауда — *бастырма*, қырғыз тілінде — *топчу* (Қир.-рус. сл., 508 б.).

Түтік//үтік//әдіп — көрпенің шетіне жүргізілген бір жарым елідей жиек. *Түтігін қарадан салсаң да болады*. Көкшетау, Павлодар облысының кейбір жерлерінде — *шырға*.

Чарайна белдік — талма жерге болат ұстатылған белдік. *Чарайна белдікті ілгеріде батырлар буынған екен*.

Чарық — шикі теріден істелген аяққа тартатын киім. Бұны Алматы облысының кейбір жерінде — *чоқай*, Арал говорында *шапаты*, Ақтөбеде — *шабата*, Көкшетауда — *ұйық*, Орынборда — *шарық* дейді. Қырғыз тілінде *чарық* (Қир.-рус. сл., 124) сөзі осы мағынада жұмсалады.

Чоқай — сыртын ешкі т. б. терісімен қаптаған және киіздің өзін сырып жасаған киіз етік.

Қалеті киім — жұқа, асыл матадан істелген киім.

Қаптама етік — сыртын былғарымен қаптап жасаған киіз етік.

Қаптал жейде//чал жейде — алды ашық, ұзын еркек көйлек. *Қаптал жейденің жағасы чапанның жағасындай болады екен*.

Қарғымалы чалбар — балағы жырым, шүберекпен кестелеген тері шалбар. *Қарғымалы чалбарды бұрын күйеу балалар киеді екен*.

Қаттау — сауыт ішінен киетін жібек шапан. *Батырдан қалған қаттау Мақыш баласы Чайказымда екен*.

Қию — түскиіздің шетіне жүргізген жиек.

Құндыз жекей — құндыздан жасалған бас киім; *Ашбұлақ, Қызтуғанмен арасы жүр, Басында құндыз жекей жарасып жүр* (фольк.).

Мойынорағыш//бөкебай — бұны Арал го-

ворында *шарқат*, Ақтөбеде *мойын шарқат*, Көкшетауда *бекебай* деп атайды.

С е й с е п — жастықтың ішкі тысы және көрпенің қосымша астары. Бұны Орынбор қазақтарында *серу* деп атайды.

С ы м — шалбар. *Колхозшылар Қызыл Армия қорғаушыларымызға деп алғашқы күні 5 фуфайке, 8 мақталы сым, 10 қолғап... берді* («Социалистік еңбек», 2 октябрь, 1941).

Матаның түрлеріне байланысты атаулар

Б е й қ а с а м — сары ала, көк ала түсті кәйлекке, шапанға лайықты жібек мата. Қырғыз тілінде — *бейқасам* (Кир.-рус. сл., 80).

Б о р л а т — қып-қызыл мата.

Д а л а н // б ө з — жібі ірілеу келген ақ мата. Алматы облысының Шелек ауданында *тібіліс*. Қырғыз тілінде *бөз* (Кир.-рус. сл., 100).

С ұ р ы п // қ а н с ұ р ы п — қалыңдау келген ақ матаның бір түрі.

С ә н д і п — сәтен. *С ә н д і п көрпені алып төсе*. Бұл сөз Луговой ауданындағы тұрғындарда кездеседі. Көкшетау облысының Қызылту ауданында *сандоп* болып айтылады. Қырғыз тілінің Талас говорында — *сандоп*.

Т ұ қ а б а — плющ. *Т ұ қ а б а пәлто сатып алды деп отыр*. Алматы облысының кейбір жерлерінде *доқаб*, Орынбор қазақтарында — *плюш мақпал*.

Т і к // т і к м а т а — жол-жол болып келген мата. *Т і к т е н дастархан, көрпеге астар жасайды*. Шелек ауданында — *тек*, Орынбор қазақтарында — *тептік*.

Ч ә й — жібек. *Бұл ч ә й көйлекке лайық екен*. Орынбор қазақтарында *көнауыз*.

Ұ ш т а п — жібек матаның гүлі жоқ бір түстісі.

Қ а л а м ы — түсі қоңырлау келген матаның арзан түрі.

Ұ ш ы ғ а — қызыл мақпал. Орынбор қазақтарында — *қырмызы*.

Қ а р а қ а с қ а — ұшығаның жолағы бар түрі.

Қ ы ж ы м // қ ы ж ы м б а р қ ы т — панбархат. *Пайдасы одан түскен толып жатыр, Қ ы ж ы м д а й қара бұйра шапкул қозы* (фольк.).

Қы л с ә т е н — тыс киімге лайық, судыраған мата. Қырғыз тілінде *қылқара*.

З а к а р л ә м п і к — шекпен, мешбет жасайтын, судыраған қоңыр мата. *З а к а р л ә м п і к к е с у жұқпайды*.

К с з м а л — мата. Жергілікті тұрғындарда *кездеме* сөзі де айтылады. Орынбор қазақтарында *метрлеме*.

Тағамдардың аттарын білдіретін сөздер

А у қ а т — ас, тамақ, азық. *Жақсылықтың а у қ а т ы ада болыпты. А у қ а т таба алмай, ыза болып отырған қарчыға кекілікті жеп қояды. А у қ а т ы ң а өзіңнің салмағыңдай алтын мен күміс берейін, — депті ол.*

Мейірі сондай түсіп бейшараға
Бір талай нан мен *ауқат* чайын берді.
Ауқатың ада болса менен келіп.
Күніге осындай қып алғын деді (Жақ. Жан.).

Пісірген а у қ а т т а р ы мәніссіз, нан, ет тағы басқа жағымды а у қ а т дегендер тіпті де болмайды («Социалистік еңбек», 13 апрель, 1943).

А т а л а — ұннан немесе талқанды қайнатып жасаған сұйық ас. *А т а л а да ас болады деп отырмысың.* Көкшетау қазақтарында (Қызылту ауд.) *атала* сорпаға қосқан айран мағынасында айтылады. *Атала* сөзі қырғыз тілінде ұн, су, айран қосып істеген ас, быламық. Ұйғыр тілінде де ұннан істелген быламық (Уйгурско-рус. сл., 1937), өзбек тілінде *атала* — ұн, май қосып істеген сұйық быламық (Узб.-рус. сл., 1959, 43-бет). *Атала* сөзі басқа да түркі тілдерінде кездеседі.

А ш ы м ы қ — ұн, тары, талқан және қармадан жасалған сусын. *Абдан чөлдеп қаппын, екі жанан а ш ы м ы қ т ы ішіп жібердім.* Осы сөздің орнына Алматы облысында *ашымал*, Ақтөбе облысында (Ключевой, Темір, Жұрын ауд.) *быламық* сөздері айтылады.

Б ы л а м ы қ — талқаннан жасалған қою көже. Алматы облысының кейбір аудандарында *қара көже* болып айтылады.

Б о з а — тарының сөгінен ашытып жасаған ішімдік. Түрікмен, ноғай тілдеріндегі *боза*, татар тіліндегі *буза* сөзі осы мағынада қолданылады. XIII ғасырдағы қыпшақ сөздігінде *буза*.

Бәтір — ашытпай жұқалау етіп жайып, майсыз өзін ғана қазанға пісірген нанның түрі. Шығыс Қазақстанда (Зайсан) *бәтір* — табаға пісірілген ашымаған нан¹⁴. *Бәтір* — Көкшетау қазақтарының сөйлеу тілінде *батыр* болып жуан дауыстымен айтылады. Орынбор қазақтарында *қарыма нан*. Қырғызстан жеріндегі қазақтар тілінде («Красный пахарьдағы») *пәтір* — тандырға ашытпай жапқан нан. Өзбекше *патыр* — май мен сүтке илеген, ашытпай жапқан жұқа нан (Узб.-рус. сл., 322), азербайжанша *фатир* — ашымаған қамыр (Қр. персидско-русско-азерб. сл., 1945).

Ереже — қымыздың түбінде қалған іртігі. Көкшетау, Орынбор облыстарындағы қазақтар тілінде *еріп* сөзі айтылады.

Жұлма//жайма нан — нанды жайып, үзіп үзіп салып жасаған көже. Маңғыстау говорында *бармақ нан* сөзі айтылады.

Жұқпа нан — нанды оқтаумен жұқалап жайып, қазанға қатырып барып сүтке қайнататын тамақ түрі. Көкшетауда *жұқа нан* болып айтылады. Түлкібас, Сайрамда *жұқпа-жұқа* нанның бір түрі¹⁵. Қырғыз тілінде *жұпқа нан* болып айтылады.

Зуала — нанның үзіндісі (етке иә кеспеге арнап илегенде бір-бір жайымға лайықтап бөлген қамыр). Екі зуала нан илеп жібер. Бұл сөз Қазақстанның оңтүстік облыстарында ғана кездеседі. Қарағанды облысының Шет ауданында *күлие*, *күлиетай*, Орынбор облысының Адамов, Бөрте аудандарында *жалпақ нан* сөзі айтылады. Өзбек тілінде *зувала* — нанның үзіндісі (Узб.-рус. сл., 164).

Келім дәрі//қалампыр — қызыл бұрыш. *Келім дәріні дұңғандер көп егеді*. Алматы облысының Шелек ауданында *лазы* сөзі айтылады. Қазақстанның көптеген облыстарында *бұрыш*, *қызыл бұрыш* болып айтылады. Қырғызстан жеріндегі шала қазақтар тілінде — *қалампыр*.

Кеспе жәрков — еті туралып, наны туралмай берілген ет.

Көмбеч — таба нан, табаға піскен нан. *Бір көмбеч әпкел*. Қарағанды облысының Шет ауданында

¹⁴ Ж. Досқараев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. II бөлім, 1955, 38-бет.

¹⁵ Бұл да сонда, 61-бет.

дава нан, Ақтөбе облысының (Темір, Ключевой, Жұрын) қазақтарында *көмбеш* — пекарниде пісірген булка нан. Қырғыз тілінде — *көмеч* қазан наны.

✓ *Күлше* — 1. Табаға немесе отқа көміп пісірген нан. 2. Етке салатын нан. Қырғыз тілінде *күлчә* өзбектердің пісірген жұқа наны (Қир.-рус. сл., 282).

Наубай — тандыр, нан пісіретін орын. *Наубай-ғанан* пісірілті.

Нарын — етін де, нанын да ұсақ етіп тураған ет. Нарынға қара бұрыш, айран қосады. Нарынды салатын шұңғыл табақты *нарын табак* дейді. Қырғыз тілінде *нарын* — ұсақтап тураған ет (Қир.-рус. сл., 314).

Татыған қымыз — қатты ашып кеткен қымыз. Қарағанды облысының Шет ауданында *айныған қымыз* болып айтылады.

Теппечай/үкпечай — кірпіш чай. *Мәгәзинге теппечай түсіпті*. Алматы облысының кейбір аудандарында *құйма чай, тақта чай*, Арал говорында *тапа чай*, Көкшетау облысының Қызылту ауданында *тәктә чай* болып айтылады.

Тоқаш 1. Бауырсақ. *Майға тоқаш* пісіріп жібергін. 2. Нанды күлшелеп кішірек етіп жапқан түрі. Алматы облысының Шелек, Еңбекшіқазақ аудандарында бұл сөз тандырға пісірген дөңгелек күлше нан мағынасында айтылады. Қырғыз тілінде *токач* — нан мағынасында (Қир.-рус. сл., 510).

Чық — тұздық. *Етке чық құйып жібер*. Қырғыз тіліндегі *чық* сөзі осы мағынада айтылады (Қир.-рус. сл., 145).

Шөбере — сары майды шыжғырғанда түбінде қалған тортасы. *Шөбересін алған май ма?* Қырғыз тілінде *чөбурө* — ұсақ деген мағынада (Қир.-рус. сл., 134). Қырғызстан жеріндегі шалақазақтар тілінде *шөбеге* болып айтылады.

Қақ — сары майдың шыжғырғанда түбінде қалғаны.

Ұстаған — ет турағанда қонағы қарап отырмас үшін берілген кесек ет; *Мейманға ұстаған беріп қой*. Қырғыз тіліндегі *ұстаған* — етті сүйегінен ажырату деген мағынада қолданылады. Ақтөбе облысының кейбір аудандарында *ұстақан* деп бастың құйқасын беруді айтады.

Қазан жаппа — қалың етіп қазанға пісірген нан. Шалақазақтар тілінде *төңкерме* сөзі айтылады.

Бұл сөз Қазақстанның басқа да кейбір облыстарындағы тұрғындар тілінде де қолданылады. Мысалы, Ақтөбе облысының Шалқар, Қарабұтақ аудандарында *қазан жаппа* және *қазан жаппай* түрінде айтылады.

Қамыр — етке салатын нан. Қарағанды облысының Шет ауданында *нан*, *кулше*, Көкшетау облысының Қызылту ауданында *жайма нан*, *құлақ нан* сөздері айтылады. Қырғыз тілінде *қамыр* (Кир.-рус. сл., 319). Өзбек тілінде *хамыр* (Узб.-рус. сл., 497). Қарақалпақ тілінде *қамыр* (Карақ. рус. сл., 368).

Қарма — бидай, жүгеріні қуырып диірменге майдалап тартқан түрі. Алматы облысында да *қарма*. Осы облыстарда бидай, жүгерінің келіге түйген түрін *талқан* деп атайды. Көкшетау, Қарағанды, Ақтөбе облыстарының кейбір аудандарында диірменге тартылғаны да, келіге түйілгенін де бөрі *талқан* деп атайды. Орынбор қазақтарында *жарма* — қарма мағынасында қолданылады. Қырғыз тіліндегі *қарма* диірменге тартылған түрі.

Қағтырма — жұқалап оқтаумен жайып, қызғар қазанға қатырып, сүт, майға пісірген тамақтың түрі. Қырғыз тілінде *қатырма* деп айтылады (Кир.-рус. сл., 373).

Қақтама — қазанға пісірген нан. Шала қазақтардың тілінде *қаттама* болып айтылады.

Қойыртыпақ — сорпаға айран немесе сүт қосып ішу. Маған *қойыртыпақ қып бергі*. Алматы облысының кейбір аудандарында *ақсорпа*.

Қымыран — қымызға қосылған сиыр сүті мен су. *Қымыз аз болғанда қымыран қосамыз*. Маңғыстау говорында *қымыран* ашыған көже мағынасында. Көкшетау облысының кейбір жерлерінде *қымыран* айранға қосылған су, шалап мағынасында қолданылады. Қырғыз тілінде *қымыран* (Кир.-рус. сл., 416).

Құймақант — шағылып бөлінбеген қанттың тұтас күйі, үлкен кесегі. Ақтөбе облысының кейбір жерлерінде *бас шекер*, *бас қант*, Орынбор қазақтарында *бас кесек* болып айтылады.

✓ **Құмшекер** — ұсақ қант. Көкшетауда — *ұсақ қант*. Орынбор қазақтарында — *құмшекер*.

Шақпақант — рафинад. Мұны Ақтөбе облысында *кеспе шекер*, Қостанайда *мәшине қант*. Көкшетауда — *құйма қант* деп атайды. Шу бойында және Қазақстанның оңтүстік облыстарында айтылатын кеспені (кеспе көже) Ақтөбе облысында *тоқмаш*. Орынбор облысында *салма//тоқмаш* десе, нан көже орнына Ақтөбе қазақтарында *үзбен* сөзі жұмсалады.

Әдет-ғұрыпқа байланысты айтылатын сөздер

Шу бойы тұрғындары тілінен жиналған материалдардың ішінде ескі әдет-ғұрыпқа, салтқа байланысты едәуір сөздер бар. Олардың дені үйлену тойы кезінде берілетін қаде-қаумелер. Бұл атаулардың көбісі осы күні көп қолданылмайтын көнерген сөздер. Осы іспеттес қолдануымыздан шыға бастаған архаизмдер жайында А. Махмұтовтың¹⁶ арнайы зерттеуі жазылғандықтан біз олардың шығу төркінін саралап жатпай солардың біразын атап өтуді мақұл көрдік.

Асар — көмек, жәрдем. *Асарға чақырып едік баралық*. Көкшетаудың кейбір жерлерінде *помыш*, Қарағанды облысының Шет ауданында *асыр*, Ақтөбе, Орынбор облыстарында *үме* сөздері қолданылады.

Ағашат — табыт, қайтыс болған кісіні салып көтеретін ағаш. *Сөйлеп қал тіршілікте қызыл тілім, Жаны жоқ ағашатқа мінбей тұрып*.

Батақұр — бата оқыр. Ас бергенде құда-жекжаттарының әкелген сыйымен жасалатын ат бөйге.

Көнек — тойда құда, күйеуге табақ тартып көйлек-көншек сияқты кәделерін алу.

Қазан ұшық — әйел босанарда жасалатын ырым. *Қазан ұшық бергенде қазанға бидай қуырады. Бидайды қазанға салып жатып: «Бидай бұрын пісер ме екен, бала бұрын түсер ме екен» дейді. Сонда біреу тұрып «Бала бұрын түседі» — дейді*. Орынбор қазақтарының сөйлеу тілінде *жарыс қазан* болып айтылады.

Сақлақ, ақлақ — күйеуден көкпар үшін алынатын кәде. *Ал, енді сақлағымды бер деп жататын*.

¹⁶ А. Махмұтов. Архаизмы и историзмы в казахском языке. Автореф. канд. дисс. Алма-Ата, 1963.

Ауыл көрімдік — құда түскен соң, күйеудің қалыңдығын көру үшін ұрын келгенде алып келетін сыйлығы.

Қолтық сүйер — қыз ауылына сәлем қылып келгенде қолтығынан сүйегені үшін жігіттің, жігіт үйіне барғанда келіннің беретін кәдесі.

Жанамат — бұрын қалың мал бергенде, қыз туыстарына сый қылып беретін, есепті малдан тыс мал.

Түсат — қалың мал сыртындағы қалаулы мал. Түсатқа бұрын ең аяулы жорға, жүйрігін қалап алған.

Кішіат — қалың мал салтындағы бір мал.

Тізгін тартар — қыз ата-анасының рұқсатынсыз қашып кеткенде, артынан қуып барушыларға беретін сыйы.

Отқашақыру — келін алғаш келгенде үйді таныстыру үшін шақырған абысын-ажындарына беретін тартуы.

Чілдекүзет — туған жас баланы екі-үш күн күзететін әдет.

Құрсақ шашу — іштегі бала екі-үш ай болғанда жасалатын ырым.

Тұсау кесті — бала алғаш жүрерде жасалатын ырым.

Бауыралу — еңбектей бастаған бала тез еңбектеу үшін бауырынан тамақ салынған табақты алатын ырым.

Тілашар — тіл шығарда «тез сөйлесін» деп жасалатын ырым.

Ентікпе — тойға келе жатқан құда, күйеулердің алдынан шығып, қарсы алған қыздың жеңгелеріне берілетін сыйлық. Орынбор қазақтарында *ентікпе* — құдалардың кемпірлерге беретін жыртысы.

Түйемұрындық — құдалар келе жатқанда алдынан арқан керіп сұрағанда беретін сыйлығы. Орынбор қазақтарының тілінде *түйе мұрындық* біреуге өкіл әке болғаны үшін берілетін сыйлық.

Тоғыз кілем, тоғыз тон — төркіндерінің ұзатылған қызға беретін жасауы.

Тана тағар — жас бала бірінші рет жолға шыққанда жасалатын ырым. *Баланың тана тағарын жаса*. Орынбор қазақтарының тілінде *тана тағар* болып айтылады.

Қымыз мұрын — биені байлағанда бірінші рет ішетін қымыз. *Ауылдастарымыз қымыз мұрынға*

чақырмадың деп өкпелеп жатыр. Талдықорған облысының Талдықорған ауданында *бие мұрындық*, Қарағанды облысының Шет ауданында *алғашқы қымыз* болып айтылады.

А қ қ ұ л а — қырмандағы астықты қаптар кезде қырман шетіне бөліп қоятын бір-екі бұттай бидай т. б. *Аққұлаға* шығарғанды кейбіреу атқа береді. Бұл сөз ауыспалы мағынада да қолданылады. Біреу оқшаула-нып жеке жүрсе «сені *аққұлаға* шығарып па еді» — деп те айтады.

К е у с е н — қырмандағы бидайды т. б. қаптап жатқанда астық сұрап келушілерге беретіні. *Кеусен сұрап барғанда уақытым болды.* Қостанайда *ұшыр*, қырғыз тілінің Ош говорында *кепсен*¹⁷.

Т ұ қ ы м ө с е р — егін сеуіп жатқанда «тұқым өсін» деп беретіні.

Қ о я н қ а ш т ы — егінді орып бітірер кезде астық сұрап келгендерге беретіні. *Қоян қашты* сұрап келгенде егіннің соңғы жағында қалғанын таласып «қоян қашты, қоян қашты» деп орып алады.

Б а у с ұ р а у — бидай, тары т. б. орып, баулап жатқан кезде сұраушыларға беретіні. *Бау сұрап* келген кезде: «бір-екі, үш бауын іліп әкет, іле алмасаң тастап кет» деп жататын ілгеріде.

Қ ы р м а н т ү п — қырманның соңғы жағында қалғанын сұраушыларға беруі. Екі кісі ортақтасып ексе, *қырман түпті* егінді суғарып күткен кісі алады.

Ұ ч ы р — діни әдет бойынша бидай жинап алғаннан кейін берілетін зекет сияқты ырымы.

Қ а р ғ ы б а у — біреуден күшік алып асырағанда оның иесіне алушының беретін тиын-тебен, тағы басқалары.

Қ ұ д а с ү й р е у — құдалыққа келген кісілерден алынатын ырымдар. Орынбор қазақтарының тілінде *құда тігер* болып айтылады.

Д е н г е н е — серне (қойды сатып алып, ортақтасып жеп немесе кезектесіп мал сойып қонаққа шақырып сауық құру). Орынбор қазақтарының сөйлеу тілінде *деңгене* деп бір малды сатып алып жіліктеп бөліп алу-ды айтады. Шығыс Қазақстанның кейбір жерлерінде

¹⁷ Г. Б а к и н о в а. Кыргыз тилинин Ош говорлары. Фрунзе, 1956, 92-бет.

жіліктеме дейді. Қарақалпақ тілінде — *деңгене*, қырғыз тілінде — *деңгене* (Жир.-рус. сл., 211).

А я н о м ы р т қ а — мал сойғанда сойған кісіге берілетін омыртқа, ет т. б. Бұны Көкшетауда — *бел тамыр*, Қостанайдың Семиозер, Федоровка аудандарында *ауыз омыртқа//қол үзік//қол кесті* деп атайды.

Әдет-ғұрыпқа байланысты беріліп отырған бұл сөздердің дені ескіріп, көнеленіп кеткен сөздер. Олардың бірқатары егде қарттардың тілінде ұшырайды да, жастар біле бермейді. Осы тәрізді атауларды қазақ тілінің түсіндірме, екі тілді сөздіктерін жасағанда себі тие ме деген мақсатпен кітапқа енгізіп отырмыз.

Ойын атауларына байланысты айтылатын сөздер

Ж ы л т ы р к е т т і — ойын түрі (дөңгелене отырып ортаға біреуді отырғызып, қалғандары тізесінің астынан орамалды бірінен соң біріне беріп, соны тапқызады). Бұл ойынды Алматы облысының Шелек, Еңбекшіқазақ аудандарында *андалақ//монданақ*. Талдықорған маңында *аңдайқұлда-мындайқұл*. Шет ауданында — *әбір-гүбір*, Көкшетауда *орамал ойнау*, Шығыс Қазақстанның кейбір жерлерінде *белбеу жүргізу* деп атайды.

Б е л б е у т а с т а м а қ — дөңгелене отырып біреуі шыр айнала жүгіріп орамалды жасырып ойнайтын ойын. Қызылорда облысының кейбір жерлерінде *орамал салды*.

Қ а қ п а т а с — тасты қолмен қағып ойнайтын ойын. Қарағанды, Көкшетауда — *қақпақұл//қақпақыл*.

М ә т е к — бас бармақпен басқа түртіп ойнайтын ойын. Алматыда — *тайтұқыр*, Қызылорда облысының кейбір жерлерінде *тәкімай*, ұшыр, Ақтөбеде — *тәкібай*, Талдықорған маңында *тоқай//тайтұқыр*, Орынбор қазақтарында *кертұқыл*, Семей облысы қазақтары тілінде — *кертоқай*.

Б ұ қ а т а р т ы с — екі кісінің мойнына арқан салып тартысып ойнайтын ойын. Көкшетауда — *желке тартыс*.

Қ о й ш ы т а қ ы м — тақымды қысып, қытықтап ойнайтын ойын.

О р а м а л т е п п е к — ойын түрі (дөңгеленіп отырады да біреуі қашады, оны қуатын бала бір аяғын кө-

теріп алады). Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданында *орамал теппек* ойынында белгілі бір көрсетілген жерден бір аяғымен ақсаңдап жарысады.

Ч і л і к — он сантиметрдей ағашты таяқпен ұрып ұпай салып ойнайтын ойын. Алматы облысының Шелек, Еңбекшіқазақ аудандарында *бәллей*. Ақтөбе облысының Темір, Жұрын, Ключевой аудандарында — *шүлдік, әйкел*.

М ә л к е т о т а й — екі жаққа бөлініп тұрып қол ұстасып ойнайтын ойын. Бұны Алматы маңында *қол үзбек//әйгөлек*, Орынбор қазақтарында *мәлке татай* деп атайды. Қызылорда облысында *мәрке татай*.

Қ а р а б и е — балалардың бөрік теуіп ойнайтын ойыны. Алматы облысының кейбір жерлерінде *бөрік теппе//тақия теппе* деп атайды.

Ш ұ ң қ ы р т а л а с // т о п т а я қ — балалар ойыны (балалар бір-бір шұңқыр жасайды да, орталарына үлкен шұңқыр қазады. Бәрінде де таяқ болады. Біреуі жұмыр ағашты иә сүйекті таяғымен айдап келіп ортадағы шұңқырға түсіреді, сүйтіп барып ұяға таласады). Мұны Шелек, Еңбекшіқазақ аудандарында *қыз доп* деп атайды.

Ұ я — шұңқыр талас ойынындағы әр баланың таяғы тұрған шұңқыр.

Қ а з а н — шұңқыр талас ойынындағы ортадағы үлкен шұңқыр.

Б а л т а м т а п — балалардың ойыны. Мұнда оң жағындағы отырған адамды: «Балтам тап» деп ұрады. Ол адам өзінің оң жағындағыны ұрады.

Қ о р ж ы н-қ о р ж ы н — балалар ойыны (екі топқа бөлініп бір топтан біреу, екіншісінен екі бала келеді. Екі баланы жығылмай-сүрінбей көтеріп өз тобына апарады. Апарса екеуі сонда қалады да, көтеріп жүре алмаса өзі келеді).

Ж а я у а у д а р ы с п а қ — арқасына мінгізіп алып тартысатын балалар ойыны. Мұнда да екі топқа бөлінеді де ұпай салады.

К ү н-т ү н — ер балалар ойыны (екі топ болып бір жағы күн, екінші жағы түн болады. Ойын басқарушы «күн, түн» деп айтып тұрады да біреуін айтып (Мыс.: түн) қолын шапақтайды. Сонда олар қашады да, екінші жағы сөреге дейін қуады. Ұстап алғандарын өзінің тобына қоса береді).

Ж ы м-ж ы р т — ойын түрі. Мұнда күліп, сөйлеп

қойса айып тартады, Алматы облысының кейбір жерлерінде *дың-дың* деп аталады.

И не ж а с ы р м а қ — жастардың сауық кешінде ойнайтын ойыны. Мұнда инені жасырады. Біреу домбыра тартып отырады. Домбыраның даусына қарай іздеп табады.

Т о қ т ы б е р м е к / к ө з б а с п а қ — екі жақ болып бөлініп ойнайтын ойын, «Тұрай, тұрай, тұрай келдім, бір тоқтыңды сұрай келдім» деп бір топтың бастығы екінші топқа келіп біреуінің көзін басады да өз кісісінің (жасырын) атын шақырып шерткізеді. Оны тапса өз тобына алады.

С а қ и н а ж а с ы р у — ойын түрі. Бұны Алматының кейбір жерлерінде *тас табу* деп атайды.

Ұ ш т ы-ұ ш т ы — ойын түрі. Мұнда ойын басқарушы ұшатын әрі ұшпайтын затты да айтып шатастырады. Кімде-кім ұшпайтын затқа қолын көтерсе, соған елең айтқызады.

А я қ к ү р е с — жас балалар ойымы. Шалқасынан айқасып, қолтықтасып жатады да, аяғымен аударысады.

Қ а з а н д о п — балалар ойыны. Шұңқыр қазып соның үстінен доп домалатады. Доп шұңқырға түскенде балалар жан-жаққа қашады. Шұңқыр иесі доппен оларды ұрады. Доп тимесе шұқырына бір тас (ұпай) салып, оны онға дейін жеткізеді де ұпайын алады.

Т ә р т і к е м — асық ойынының түрі. Төрт адам ойнайды, асықты алып соққанда төрт түрлі (алшы, тәйке, бүге, шіге) түссе, сол кісі алады.

Т и с е а л а р — асықты тігіп қояды да, алыстан атып ойнайтын ойын. Сақасы асыққа тисе бәрін сол кісі жиып алады.

О ң қ а // о м п а — асық ойынының түрі. *Оңқаны* атқан ұтады.

Ш ы қ е т е р — асық ойынының түрі. Сақаны сақамен кезек-кезек атып тигізеді.

С а с ы р — асық ойынының түрі. Мұнда асық алып соғушы алшы тұрғанын ғана алады, тәйке тұрса асық қосады.

Ү й і р м е к і л — асық ойынының бір түрі. Мұнда алып соққан асықтың алшы, шіге түскенін ғана алып, тәйке, бүк түскенін қайта алып соғады.

Ойын атауларына байланысты әдеби тілмен зертте-

ліп отырған говорда бірдей айтылатын кейбір сөздер Қазақстанның батыс, солтүстік облыстарындағы тұрғындар тілінде өзгеше айтылады. Мысалы, тігулі тұрған асықты Шуда *кеней//деней* десе, Қарағандыда *дей*, Көкшетауда *дей//ди//кене*; ататын сақаны Көкшетауда *жабай//сақа*; дойбыны Көкшетауда *шатыраншы*, Ақтөбеде *шатыраш*, асықтың тегіс жағын тәйкесін Ақтөбеде *тауа*, Көкшетауда *тәйе//тәуе*, Орынборда *тауқа*; асықтың оңқасынан тұруын Ақтөбеде *шомпа*, Көкшетауда *шомпы*; қой асығын Орынборда *қоймек*, ешкі асығын *емшек* дейді.

Ер-тұрман және транспорт жабдықтарына байланысты айтылатын сөздер

С а р у е р — алдыңғы қасы үшкірлеу келген ердің түрі. *Сару ер* қырғыздың ішіндегі Сару деген руынан шыққан екен. Шу бойы қазақтары тілінде бұдан басқа да ердің түрлері (*қазақы ер, қалмақы ер, құранды ер*) бар.

Ж е л қ о м е р — тоқым салмай ерттейтін қапталындағы киізі қалың ер. Көкшетауда — *бір салар//айыр ер*.

Е р ш і к — ат жеккенде бел көтергіш қайысты өткізетін темір ер. Маңғыстау говорында *темір ер*. Арал говорында *еркеше*, Ақтөбе облысының кейбір жерлерінде *ыңыршақ*, Көкшетауда *седелкі* болып айтылады.

А ш а м а я — өгізге жүк арту үшін жасалған ағаш ер. Бұны Алматы облысының кей жерінде *ыңыршақ* дейді.

П ы с т а н//п ы ш т а н — ердің үстіне салған көрпені бастырып тұратын жіңішке қайыс. Алматы маңында көрпе бастырғыш. Қырғыз тілінде *быштан* осы мағынада (Қир.-рус. сл., 113). Қырғыз тілінің чуй¹⁸ говорында *быштақ* — көрпе бастырғыш, ыссық-көл¹⁹ говорында бұл сөз *айыл тартпа* мағынасында.

Ч а п а й ы л — айыл тартпа. Маңғыстау говорында

¹⁸ Г. Бакинова, С. Кондучалова, С. Сыдыков. Кыргыз тилинин чуй говоруы. Фрунзе, 1959, 79-бет.

¹⁹ Г. Бакинова. Ысык-көл говорунун материалдарынан. Фрунзе, 1955, 27-бет.

чеккі тартпа, қырғыз тілінің чуй говорында *чаболон*//
//*чабайыл*//*олоң*.

А н ж ы (ə н ж і) ш е т т і к — ердің арт жағындағы құйысқан байлайтын дөңгелек темір.

Д о ғ а//**т о ғ а** — үзеңгі, тартпа және белдіктің басына өткізетін темір. Алматы облысының кейбір аудандарында белдіктің басын айылбас, үзеңгі баудың темірін *таралғы*, тартпадағы темірді *доға* деп атайды. Арал говорында *тоғашы*, қырғыз тілінде — *дого* (Кир.-рус. сл., 212).

А т к ө п ч і к — Ердің үстіне салатын кішкене көрпе. Бұны Көкшетауда *көрпе көпшік* деп атайды.

К ө п ч і к — ердің үстіне салатын, арасына жүн ие қыл салған жастықша. Батыс Қазақстанда, Орынбор қазақтарында *көпшік* — бір кісілік жастық мағынасында айтылады. Қырғыз тілінде *көпчүк* (Кир.-рус. сл., 273). Қырғыз тілінің чуй говорында *көпчүк*.

К е б і н — жүйрік аттың үстіне жабылатын жабу. *К е б і н көбінесе шүберектен не жұқа киізден жасалады. К е б і н жапқанда аттың құлағы, көзі ғана көрінеді.*

Ү з б е — құйысқанның ат құйрығына тақау жерде тұрған шығыршығы.

Т о п ш ы — ер мен құйысқанды біріктіретін аттың сауыры тұсындағы шығыршық.

С ы л д ы р м а қ — топшы түбінен орнатқан күміс шашақ. Сылдырмақ әйелдерге арналған ердің құйысқанында болады.

Қ ұ й ы с қ а н д ы қ — ер мен құйысқанның біріккен жері.

С а п а л а қ — өрмей жасаған қайыс қамшы.

Е с п е — екі таспа қайыстан ширатып жасаған қамшы.

Т ө р т т а с п а — төрт таспадан өрген қамшы.

А л т ы т а с п а — алты таспадан өрген қамшы.

С е г і з ө р і м — сегіз таспадан өрген қамшы.

Ж ы л а н б а у ы р — асты жылан бауыр сияқты, үсті жұмыр қамшы.

О н е к і т а с п а — он екі таспадан өрген қамшы.

Б ұ з а у т і с — таспасы ірі жуан қамшы.

Д ы р а у — өзегінің ішіне қорғасын салып өрген қамшы. *Д ы р а у д ы бұрын қару орнына жұмсайтын.*

А т қ а м ш ы — салт атты кісі ұстайтын қамшы.

Алты тұтам ат қамшы, одан артылғаны түйенікі дейтін бұрын.

Түйе қамшы — ұзын қамшы.

Талқы — 1. Қайысты жұмсататын құрал; 2. Киіз үйдің ағаштарын иіп жасайтын құрал.

Тіл — талқының ортасындағы ара тісі сияқты ашалы ағаш.

Кекілшілік//кекілдірік — кекіл бастырығыш, жүгенді кейін жібермес үшін құлақтың астынан тартатын кішкене қайыс. Көкшетауда *кекіл басар*, Орынборда *маңдайша* сөздері қолданылады.

Жалпош — маса, сонадан қорғау үшін аттың мойнын, бауырын тұтас жапқан жабу. Арал говорында *желдікше*.

Жалпош кешім — аттың бас, мойын жағын жауып тұратын бөлегі.

Арба қамшы — ұзын қамшы. Ақтөбе, Орынбор қазақтарында *шыбыртқы*, Көкшетауда *бишік//күнт*.

Ат қамшы//шыбыртқы — қол қамшы. Бұны Қарағандының Шет ауданында *ат соғар*, Көкшетауда *салт қамшы//қол қамшы*, Ақтөбеде *қамшы* деп атайды.

Бес қасқа — бес таспалы қамшы.

Төбелдірік — жүгеннің төбе жағына келетін бөлегі.

Бел көтергіш — арбаға ат жеккенде жетекті көтеріп тұратын қайыс. Бұны Ақтөбеде *бел көтерме*, Көкшетауда *бауыр көтерме*, Орынбор қазақтарында *арқалық*, Қостанайдың Семиозер, Федоровка аудандарында *сырттық* деп атайды.

Бауыр қайыс — арбаға ат жеккенде аттың бауырынан тартып қоятын қайыс. Ақтөбенің кейбір аудандарында *бауыр қалдық*, Орынборда *бауыржақ* болып айтылады.

Шлике — түйенің мойнына салатын қамыт.

Қомарқан — түйенің өркешіне ораған туырлықты байлайтын арқан.

Тарту арқан — қомының үстіне артылған жүкті бастырып байлайтын арқан.

Дүнгенше арба — екі дөңгелекті арба. Бұл Алматының кейбір жерлерінде *көтек арба*, Ақтөбеде *екі аяқты арба*, Көкшетауда *қазақ арба//екі аяқты арба*, Қостанайда *қазақы арба* деп аталады.

Жәйшікті арба — қобдилы арба. Бұны Алма-

ты облысының кей жерінде *чанақты арба* деп те атайды.

С а т ы л ы а р б а — шөп таситын радванды арба. Бұны Ақтөбеде *қалқанды арба*, Көкшетауда *рәудік*, Орынбор қазақтарында *ырдуан арба*, Семей облысының Абай, Шұбартау²⁰ аудандарында *жараңдық арба* дейді.

Д ұ р ө ш к е — жеңіл арба. Ақтөбеде *қара арба*//*тарантас*, Көкшетауда *дүрегі*//*тырашпан*, Абай, Шұбартау аудандарында *трэшмөңке*²¹, Қостанайдың Семиозер Федоровка аудандарында *қарындаш арба*.

Б і р е ш к е — төрт дөңгелекті бір атты жеңіл арба. Ақтөбеде *көк арба*, Көкшетауда *ырдыбан*, *можар*, Қостанайда *ходок*.

К ә ш е в о й ш а н а — жеңіл артында сүйенетін таянышы бар шана. Ақтөбеде *көшеубай*, Көкшетауда *көшеве*, Орынбор қазақтарында *көбеш шана* деп аталады.

Қ а н а т т ы ш а н а — шөп т. б. таситын шана. Ақтөбеде *қалқанды шана*, Орынбор қазақтарының тілінде *жайдақ шана* болып аталады.

Б ұ ж ы р а — доғаның дөңгелек шығыршығы.

Д ө ण г е л е к — бұл сөз Ақтөбенің кейбір аудандарында *доңғалақ*//*тегермеш*, Орынбор қазақтарында *тегірмеш*, Маңғыстау говорында *дігіршік* болып айтылады.

Т о ғ ы н//**ш а ң ғ а р а қ** — дөңгелектің шен темірі ішіндегі ағашы. Бұны Ақтөбеде *табан ағаш*, Орынбор қазақтарында *қима*//*көрін*, Көкшетауда *қима*, Қостанайда *корень*//*қима дейді*. Шала қазақтар тілінде *түнді жығач*.

Ч а б а қ — дөңгелектің қазық ағаштары. *Бір-екі чабақ жетіп қалар*. Қарағанды облысының Шет ауданында *бақай*, Ақтөбе, Көкшетау, Орынбор облыстарының кейбір жерінде *кегей* деп аталады.

Қ а м ы т — арба астындағы алдыңғы, артқы дөңгелекті байланыстыратын бел ағашты қысып ұстап тұратын темір.

С а м и я н — мойынтұрықтың сырт жағындағы өткізілген темір. Бұны Арал говорында *сопи*, Ақтөбеде

²⁰ Ж. Болатов. Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері», 2-шығы. Алматы, 1960, 140-бет.

²¹ Сонда, 144-бет.

сыртқы жаноз, Көкшетауда оқ ағаш, Орынборда сопи дейді. Мойынтұрықтың іш жағындағы ағаш қазығын (самиянын) Ақтөбеде түп жаноз, Орынборда палуан сопи деп атайды.

Мойынша//мойын ағаш//жармау — мойынтұрық. Мысалы Чанаев атындағы колхоздың басшылары осы күнге дейін өгіздердің мойын ағаштарын ремонттап болмаған («Екпінді», 8 март, 1949 ж.). Соның нәтижесінде қазірдің өзінде 12 соқа, 18 тырма, 21 жармау жөнделіп көктем егісіне әзір тұр («Кировшы», 23 февраль, 1947 ж.). Алматы облысында мойынтұрық, Көкшетауда жарма//мойын ағаш, Ақтөбеде, Орынбор, Қостанай облыстарының қазақтарында өгіз қамыт сөздері айтылады.

Бел ағаш — арбаның алдыңғы және артқы дөңгелегін байланыстырып тұратын ағаш (ор. разводка). Ақтөбеде тартпа ағаш, Көкшетауда оқ ағаш, Орынбор қазақтарында белдеме болып айтылады.

Бел темір//бел оқтық — екі дөңгелекке (артқы иә алдыңғы) өткізген темір, ағаш. Ақтөбеде бел ағаш, Орынбор облысында көшер, шала қазақтар тілінде оқ темір//оқ жығач.

Бақауыз — арбаның оқтық (жетек) ағашын бекітетін алдыңғы дөңгелекке орнатылған ағаш. Көкшетауда азу ағаш.

Бүктізе — ат тағалағыштағы аттың аяғын иіп байлап қоятын жер.

Жастық — дөңгелектің бел темірінің үстіндегі ағашы.

Жетек//тәртә — бір атты арбадағы аттың екі жағындағы ағашы. Ақтөбеде терте, Көкшетаудың Қызылтуында арыс.

Кіндік темір//қодық — дөңгелектің үстіндегі жастық ағашпен осы темірді ұстататын жоғарыдан төмен қарай өткізілген темір.

Кергіш — арбадағы оқтық ағаш кигізетін бақауыздың екі жағын керіп тұратын ағашы.

Оқтық — екі атты иә өгізді арбаның жетегі.

Қазтаңлай — шөп машинаның шошқа тісіндегі шалғы астындағы пластинка. Орынбор қазақтарында кіләдіш.

Ұ р ш ы қ — шөп машинасындағы шалғының басы, соны бекітетін жері. Орынборда бұны *қара құс* деп атайды.

М а л а — темір тырма. Талдықорған маңында мала егін, шөпті жиып маяға таситын құрал. Шала қазақтар тілінде *мала* — темір тырма мағынасында.

Шу бойында және Қазақстанның кейбір жерлерінде айтылатын соқа, шен темір (дөңгелектің сыртындағы темір), божы, қазық (арба үстіндегі радванды ұстап тұратын таяныш), қанат (шананың қалқаны), жетек кергіш (жетекті дөңгелекпен байланыстыратын темір) сияқтылардың орнына Орынбор қазақтарында *сабан, табан темір, делбеге, қаламдық, өреше, тәжбау* сөздері айтылады.

Еңбек құрал-саймандарының атауларына байланысты сөздер

А л қ ы о р а қ//б е л о р а қ — имегі жалғастырылмай тұтас соғылған орақ. Алматы облысының кейбір аудандарында *сарт орақ*.

А қ а//а ш а — айыр. Бұл сөздің орнына Арал говорында, Ақтөбе, Орынбор қазақтарында *сенек* сөзі қолданылады.

Б а й т е с е — ағашты түрегеп тұрып екі қолмен шабатын үлкен шот.

Б а қ а л а қ — қол диірменнің ішіндегі астыңғы және үстіңгі тасты ұстап тұратын темір. Алматы маңында оны *кіндік темір* деп атайды.

Б о й т е м і р — су диірменнің тасы мен астындағы су ұратын дөңгелекті байланыстыратын темір.

Ж о ң ғ ы — ағаш жонатын құрал. Ақтөбе облысында *жоңғы орақ*, Көкшетаудың Қызылту ауданында *ағаш орақ*.

Ш а л ғ ы о р а қ — шалғы жүзінен жасалған, мойнын шегелеп орнатқан орақ түрі, *чалғы* орақ өткір болады.

Ш а п а ш о т — ұңғысы кетпен сияқты шоттың түрі. Шу бойындағы тұрғындарда *шот* — ұңғысына имек ағашты кигізетін түрі. Шала қазақтарда — *теше*, Көкшетаудың Қызылту ауданында *кетпен шот* деп аталады.

Қ ы р ғ ы — ұста құралы. *Қос өгізбен айналдырып*

әлгі жігіт қырығы мен осы тегенені қырып жатыр екен.

Қ а д а у б а с — темір тескіш құрал.

Ү с к і б і з — жуан біз. *Үскі бізбен* керегенің көгін, ер т. б. теседі. Ақтөбе облысының кейбір жерлерінде *өкше біз*, қырғыз тілінде — *үску* (Қир.-рус. сл., 552).

Қ ұ с м ұ р ы н т ө с — шалғы т. б. шыңдайтын кішкене төс.

П ә р б і — шойынды тесетін құрал. Арал говорында *пәрмі*, Ақтөбе облысының кей жерінде *пәргі*, Көкшетау облысында *зырылдауық*.

Ш ө ш с у ы р ғ ы ш — бұны Ақтөбе облысында *ырғақ*, Көкшетау облысында *шот ағаш*, Қарағандының Шет ауданында *жұтпа*, Қостанайдың Семиозер, Федоровка аудандарында *сұңгуір*, Маңғыстауда *қармақ* деп атайды.

З е м б і л — носилке. *Сол сияқты керекті қызылша қазғыш қалақтың 52,5 проценті, зембілдің 52,3 проценті ғана дайындалып жөнделген* («Социалистік еңбек», 14 август, 1948).

К е м п і р а у ы з — тістеуік, шеге суырғыш.

С а п с а л ғ ы // ш а т т а у ы қ — темірді ұстатып қысып тұратын ұста құралы (ор. тисы). Осы екі сөздің көбірек айтылатыны *сапсалғы*. *Шаттауық* Шу бойындағы Мойынқұм, Шу аудандарында ғана айтылады. Қарағанды облысының Шет ауданында *атауыз*, Ақтөбенің Жұрын, Темір аудандарында *іскенже*, Көкшетаудың Қызылту ауданында *шатынауық // тисы*. Орынбор қазақтарында *қысқаш* болып айтылады. Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында *шаттауық* деп теріні жұмсататын талқыны айтады.

С а т ы — баспалдақ. Бұны Маңғыстау говорында *баспа*, Арал говорында *зәңгі*, Орынбор қазақтарында *баспа // баспалдақ*, Семей облысының Абай, Шұбартау ауданында *жер саты* деп атайды. Қырғыз тілінде — *шаты*.

Т а р а ч а — қол тырма. *Тарачаны ала кел, мен де қарап тұрмайын*.

Т е с е — кішкене кетпен. Маңғыстау говорында бұны *бақча чот* деп атайды. Шала қазақтар тілінде *тесе* — ағаш шабатын шот.

Т о ң б ұ з а р // қ ұ с м ұ р ы н — керки. Алматы маңында *құс тұмсық*, Маңғыстау говорында *чоқыр* деп

аталады. Шала қазақтар тілінде — *чұлдық*.

Н а у а — су диірменіндегі су ағатын тақтайдан жасалған арықша.

Ч а н а қ — диірменнің тасының үстіне орнатылған бидай салатын ящик.

А р с ы а ғ а ш — шанақты ұстап тұратын ағаш.

Қ а қ қ ы ш — шанақпен бидайды түсіріп тұратын ағаш.

Үйге, құрылыс жабдықтарына байланысты айтылатын сөздер

А л т ы а я қ//н о ғ а й ү й//а б ы л а й ш а — шаңыраққа уықтың өзін шаншитын керегесіз кіші үй. *Бұрын қазақтар қыста да а л т ы а я қ үйде отыра беретін.* Алматы облысының кейбір аудандарында *алтықана//алтыаяқ* сөздері айтылады. Шала қазақтар тілінде *чанышпа//сайма лачык*.

Ж о л ы м ү й — кішірек келген киіз үй. *Көшіп-қонғанға ж о л ы м ү й ыңғайлы болат.* Орынбор қазақтарында *жолым үй* үш қанаттан аспайтын шаңырағы жоқ, уығы түзу, керегесі сирек, уықтың басын түйіп жасалған түрі. Қырғыз тілінде *жолум* — жеңіл, кішкене үй мағынасында (Қир.-рус. сл., 182).

Т а м//т а м ү й — үй. *Ағайымыз екі бөлмелі т а м салып алды. Т а м ү й қыста жылы болады. Т а м ды итарқа қып жауыпты.* Шала қазақтар тілінде — *там үй*. *Там* сөзі қазақ тілі говорында екі түрлі мағынада қолданылады. Семей, Алматы, Жамбыл, Талдықорған, Шымкент, Қызылорда облыстары мен Түркменстан қазақтарында кірпіштен, қолдан құйған, балшықтан жасаған үйді *там* дейді. Ал Ақтөбе, Қостанай және Орталық Қазақстан тұрғындары тілінде мола үстіне жасалған қорғанды, бейітті айтады. Түркі тілдерінің көне ескерткіштерінде *там* сөзі қолданылған. Мысалы, XI ғ. М. Қашқари сөздігінде *там* сөзінің төрт түрлі мағынасы (үй, үйдің шатыры, қабырға және есіктің таянышы) болған (III, 151; I, 229; III, 172; I, 134).

Б ү к п е//и т а р қ а — жас ағаш басын иіп барып жасаған күрке. Бүкпені қамыспен де жабады.

Л а ш ы қ — екі-үш ағаш басын буып тіккен күрке.

Ч а й л а — ағаш басын буып жасаған күркесымақ.

Түлкібас, Сайрамда *шәйлә* — жерді қазып, үстін қамыспен жапқан жер там мағынасында.

Жертөле//жертам — жарты немесе бір метрдей қазып барып жасаған үй. *Жертөле* осы мағынада Қазақстанның Оңтүстік, Ақтөбе облыстарында да кездеседі ²².

Бастырма — тезек т. б. жауып қою үшін немесе ыстық күнде көлеңкелеу үшін жасалған төбесі жабық, алды ашық жай. *Ауқатты бастырманьң астына ішелік*. Бұны Алматы облысының кей жерінде *лапас//бастырма*. Көкшетау облысының Қызылту ауданында *бірбеткей*, Орынбор қазақтарында *әуестік//ықтырма//сәндіре* деп атайды. Арал говорында *лапас* — жер үй мағынасында қолданылады.

Айуанхана — үйдің алдыңғы бөлегі, төбесі жабық, алды ашық жері. Оңтүстік Қазақстан облысында *айуан*, шала қазақтар тілінде *айван*.

Дәліз — кіреберіс, сенек. *Дәліз ыбырсып кетіпті*. Гурьев облысының кейбір аудандарында *дәлдіз*; Ақтөбе, Орынборда *азбар*, Көкшетауда *құлан қора*. Парсы тілінде *дахлиз//дахлизхана* — сенек, есік алдындағы бөлме деген сөз.

Қары//арқалық//білік — бел ағаш, мөтке. *Осы үйге салынған бір қарының өзін әрең таптық. Әйелді ертіп барып сарайдың қарысын көрсетеді*. Шу бойындағы тұрғындарда ең жиі айтылатыны *қары*. Осындағы *арқалық* сөзі Шу ауданындағы қыпшақтарда, *білік* — Мойынқұм ауданындағы жалайырларда айтылады. Бұны Алматы облысының Шелек, Еңбекшіқазақ аудандарында *сілеген//сілеге*, Талдықорған маңында *бөрене//білік*; Түлкібас, Сайрам аудандарында *қары*, Қарағанды, Көкшетау облыстарында *мөтке//салдау*, Ақтөбе облысының кейбір жерлерінде *өрлік*, Орынбор қазақтарында *үрлік* болып айтылады.

Ұстын//үстін — арқалық, белағаш. Жамбыл облысының Сарысу ауданында *ұстын* — тіреу мағынасында. Жаңақорғанда және Гурьевтің кей жерлерінде *арқалық* мағынасында қолданылады. Шала қазақтарда *үстін* — тіреуіш әрі *мөтке* мағынасында.

²² Ж. Досқараев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері, II бөлім. Алматы, 1955, 57-бет.

Ч а б а қ — арқалық, бел ағаштың үстіне салатын ұсақ ағаштар. *Ч а б а қ қ а лайық ағаш табылмады.* Алматы облысының кейбір аудандарында *чанжа*, Қарағандының Шет ауданында *шырыш*, Шу бойындағы Мойынқұм ауданында *шырыш*, Қоғалы маңында *сарша//шанжа*, Орынбор қазақтарында *сүйен*, Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында *сырғауал* сөзі жұмсалады.

К е с е к — күймеген кірпіш. *К е с е к алып беріп жәрдемдес.*

Қ ы с//қы ш — күйген кірпіш. *Чудың ар жағына қыс таситын бір арба жасап отырмыз. Үйдің табанын қыс кірпішпен өсірді.* Шала қазақтар тілінде бышқан кірпіш. Қырғыз тілінде *қыш* (Қир.-рус. сл., 644).

Қ а ғ ы л ғ а — киіз үйдің есігі. Бұрын боз үйдің есігін *қағылға* дейтін. Қырғыз тілінде *қағылға*.

Т ү н і к е — қаңылтыр. *Ұста анау түнікелен жатқан үйде. Түнікеленген үйге барамыз.* Бұл сөз Қордай, Мерке аудандарында жиі кездеседі.

С а ғ а н а қ//с а т қ а н а қ — екі керегенің қосылған, байланысқан жері. Шала қазақтар тілінде — *саканак*.

Ж е р т а б а н — табалдырық. *Ж е р т а б а н д а п тұрмай былай шықсаңшы.*

Ү ш қ а б а т — фанер. *Ү ш қ а б а т т ы ң үш-төртеуін чегелесек жетет.* Орынбор қазақтарында — *жөке тақтай*.

А ш ы қ м а ш ы қ//ү з б е — топса. *Есіктің ашық-машығының чегесі босап қапты.* Алматы облысының кейбір жерлерінде *топчы*, Көкшетаудың Қызылту ауданында *баспа темір*, Семей облысының Көкпекті, Ақсуат аудандарында *ашық-машық* болып айтылады.

Т ү п к і ү й — төр үй. *Т ү п к і ү й д е бір-екі кісі отырды.* Бұны Абай, Шұбартау аудандарында *ұраңқай*²³, Ақтөбе, Орынборда *қонақ жақ* дейді.

А у ы з ү й — бұны Абай, Шұбартауда *көше*, Ақтөбе, Орынборда *қазан жақ* деп атайды.

Ш о ш а л а — түтін шығу үшін немесе таза ауа кіру үшін төбесі тесік жасалған ас үй. Арал говорында *қазан үй*, Көкшетаудың кейбір аудандарында *еттік//шорам*,

²³ Ж. Болатовтың жоғарыда айтылған мақаласының 139-бетін қараңыз.

Орынборда кілет, Абай, Шұбартауда шошала сөздері қолданылады.

Б о п ы р қ о р а // қ а ш а — керегесін шөп, қимен өсірген отын шөп қоятын немесе қыста малды күн шуаққа қоятын төбесі ашық қора. Бұны Арал, Ақтөбе, Орынбор тұрғындарының сөйлеу тілінде *қара бұра*, Көкшетауда *аран*, Қостанай облысының Семиозер, Федоровка аудандарында *шом//белдем пая* деп атайды.

І л г е к — есіктің күршегі. Бұны Абай, Шұбартау аудандарында *шот*, Ақтөбенің кейбір аудандарында *ырғақ*, Көкшетауда *күршөк//шөтке*, Орынборда *жәншіл*, Қостанайдың Федоровка, Семиозер аудандарында *кесе темір//ілмешек* деп атайды.

Б о з ү й // к и і з ү й — киіз үй. *Бәріміз де б о з ү й - ге кірдік. Жаздыгүні б о з ү й де отырамыз.* Шу бойындағы Қордай, Шу, Мерке аудандарында *боз үй* жиі айтылады. Қарағанды облысының кейбір жерлерінде *кигіз үй//ағаш үй*, Көкшетауда *кигіз үй*, Маңғыстау, Арал говорында және Ақтөбеде — *ағаш үй*, Орынборда — *терме үй*.

Ш ы ғ ы р ш ы қ — құлып салатын темір. Көкшетаудың кейбір жерінде *шұжық*, Орынборда *кекіл//кекіл темір*, Қостанайдың Семиозер, Федоровка аудандарында *жанжіл*.

Қ а р ғ а ш а — есіктің тақтайларын ұстап тұратын көлденең шегеленген ағаш. Орынборда *бел ағаш*, Қостанайдың Семиозер, Федоровка аудандарында *кесе ағаш//жағдан* деп атайды.

У т а с // б о р // ә к — известь. Қостанай, Көкшетау, Ақтөбе, Орынбор облыстарының кейбір жерлерінде *ақ балшық*, Абай, Шұбартау аудандарында *ақ керіш* болып айтылады.

Мал шаруашылығына байланысты айтылатын сөздер

М ы р з а қ о с п а қ // ж ө г і қ о с п а қ — өркешінің арасы жақын түйенің түрі. Мысалы:

Сандық өркеш шал құйрық.

Үлек пенен бурадан

Жүк қалмайтын жолында

Жөгі болар туғаны (Жақ. Жан.).

Түйенің осы түрі Маңғыстау говорында *кердері*, Арал говорында *кез қоспақ*. Ақтөбе облысының Жұрын, Темір аудандарында *кердері қоспақ* болып айтылады.

М а я — тықыр жүнді нар түйе. *Нар түйенің жақсысы, бауыры сүтті м а я с ы* (Жақ. Жан.).

Ж а п ы р ы қ — өркеші түскен түйе.

Т а н а — бір жасар бұзау. *Түйеші Ереуілов жолда 8 інгеннен 8 бота аман сақтап қосымша еңбекақысыны 5 бас тоқты, бір т а н а алды* («Кировшы», 1945 ж ноябрь). Бұны Көкшетауда *тайынша//тайша*, Орынборда *баспақ* деп атайды.

Қ о д ы қ — есектің құлыны. Алматы маңында *көдек*, Қызылорда мен Оңтүстік Қазақстан облыстарында *күре*, Қарақалпақстандағы қазақтардың тілінде *гүре* болып айтылады.

Ш у а л — түйе қымызы. Түлкібас, Сайрам аудандарында — *қима*, Мыңғыстауда — *шұват*.

Д ү б і р а я қ//д ү б ә р ә//а р а м ы р з а//с а р ы а я в қ о з ы//к е б е — ерте туған жас төл (күз немесе қыста) Алматы облысының кейбір аудандарында *кепе//кепе қозы*, Қарағанды облысының Шет ауданында — *дүбәрәндік//декәбіріс*, Көкшетауда *көбдік*, кей жерлерде *марқа қозы*, шала қазақтар тілінде *арамса//омбы-домбы* сияқты атаулар қолданылады.

К ү й е к к е н ж е//к ө р п е л д е с — күйектен кейін туған қозы. Орынбор қазақтарында *көбдік* деп аталады.

Ата дұшпан бөріге
Бақтанчылар өзір бол
Көрпелдес берме қораннан

(Жақ. Жан.).

Ш і к ө р ә — кенже туған лақ.

А р д а б а с п а қ — бір жастағы бұзау, тайша. Шала қазақтар тілінде *арда баспақ*.

А қ т а — піштірілген мал. Қырғыз тілінде *ақта* (Кир.-рус. сл., 41). Қарақалпақ тілінде *ақта* (Карак.-рус. сл., 32), түрікпенше *агта*.

Қ а з а н а т — жіңішкелеу келген жүйрік ат. Бұл сөз ауыспалы мағынада адамға айтылғанда дастарқаны кең, ақпейіл деген ұғымды білдіреді.

Т о б ы ш а қ — жылқының жүйрігі, таза арғымақтың бір түрі. *Айғыр салсаң қазанат, Содан туар т о б ы ш а қ* (Жақ. Жан.).

К ү л і к — сайгүлік, жүйрік жылқы.

Ч е к//ш е к — жылқының танауын жырып салған белгі.

С о л а қ — ен. Жылқының қамшылар жағындағы құлағының ұшын кесу; *Өтеген тұқымының жылқыларына салатын тамғасы чек солақ еді.*

С е р б е к — жылқының жаясы. *Теңгір белдей сербегі, Серке сан бөкен мықынды. Біреуі бір көнекпен сүт береді, Сербекті семіз бие жылтылдаған* (Жақ. Жан.).

Қ а т п а — түйе ауруы. Ішегінен ауырады да тамақ жеуден қалады. *Қатпа* қара шыбын көп талағанда да болады. Онда бауырын тепкілеп көк бауыры ауырады. Шу бойындағы тұрғындарда бұны *солма* деп те айтады.

Қ ұ м ы р — ашты жемегендіктен, тұз жеткіліксіз болғандықтан түйенің арықтап тамақ жеуден қалуы. *Құмырмен ауырған түйе нысқыра алмайды.* Ілгеріде *құмырды* мұрнына май шыжғырып құйып емдейтін.

К ө м е й қ ұ р т — тынысы тарылып, пыр-пыр етіп басын шайқай беретін түйе ауруы. Қарағанды облысының Шет ауданында *ділбас//тілбас*.

Ч а у//ч ә у — қатты семіргендіктен түйенің тізесінен төменгі жағын май басып тұра алмай қалуы.

С а р ы п — түйенің және ұсақ малдардың ауруы. *Түйе сарып болғанда өкпе-бауыры ағарып кетеді.* Ұсақ мал *сарып* болғанда аяғы ақсап ауырады.

Қ о с к і н д і к — еркек ботада болатын ауру.

С ы п ы р — қарасан. Бұл жылқыдағы жамандату сияқты алқымсыз ісіп ауыратын сиыр ауруы.

М а й м а қ — түйенің көп тұрып қалғаннан болатын ауруы.

Л о қ ы — жылқының шоқтығынан болатын ауру.

Д е л б е — қан тасығаннан болатын ауру. *Ілгеріде делбе бо(л)ған аттың таңлайынан қан алып бір құлағын кесетін.*

А қ б а с//б а қ а й қ ұ р т — аяғына күс түсіп тұяғы бүрісіп өсетін жылқы ауруы. *Бақай құрт* құндыздықтан түседі де сол жері іседі.

Б у а қ ұ р т — аттың артқы аяғы ісіп ауыратын ауруы.

Д ж а р а//с а қ а у — мойнына айналдыра жара шығатын жылқы ауруы.

Ж а м а л д а т у — жамандату (аттың алқымы ісіп ауырады).

Ж ө т е л — жылқы ауруы. *Жөтел* тиген ат жүре алмайды, оған қарандыз деген шөпті жемге қосып береді немесе ауыздыққа байлайды.

М а ң қ а — тамағында безі болатын жылқы ауруы. *Ілгері кезде ма ң қ а н ы емдегенде безді кесіп алып тастап, иттің қу тезегін атқызатын.*

Ж а м ғ ы р м а н д а м//**ж а ң б ы р м а н д а м** — мандамның бір түрі. *Ж а м ғ ы р м а н д а м ет пен терінің арасында болады. Ж а м ғ ы р м а н д а м д ы емдегенде оны түбінен қиып тотияйын себеді. Көкшетауда бөртпе мандам, шала қазақтар тілінде желе құрт//жылдыс құрт.*

Ч е л е к м а н д а м — мандамның бір түрі. *Ч е л е к м а н д а м ға уғарғасын жұмсайтын. Көкшетауда — желі мандам.*

Т е р і — шынғырып аунап ауыратын жылқы ауруы.

Ж а т а л а қ — жемнің, судың нашарлығынан болатын жылқы ауруы. *Ж а т а л а қ пен ауырған жылқы бір пәсте ауырып, бір пәсте тұрады.*

Қ ы р ч а ң қ ы — қойдағы қышыма, қотыр сияқты жүні түсіп кететін жылқы ауруы. *Қ ы р ч а ң қ ы н ы бұрын емдегенде алакүлікті өлтіріп майға араластырып жуып жазатын.*

К и е ң к і — кіші дәреті тоқтамайтын бие ауруы.

С а р ы қ о л қ а — қолқасы шіріп ауыратын жылқы ауруы.

С о л м а — ет ала алмай, өне бойы өлесі болып жүретін жылқы ауруы. *С о л м а ға құмда өсетін сырттан деген шөпті жемге араластырып береді.*

Т е г е н е — жылқының қарын жағы ісіп ауыратын ауруы. *Тегенемен ауырған жылқыны темір қыздырып қарып жазады. Бұны кейбір жерлерде қара қарын деп атайды. Шала қазақтар тілінде тепчі.*

Ө л і//**қ а р а т ү й н е к** — ішегі түйіліп ауыратын ауру. *Өлімен ауырған жылқы тыпырлап аяғын бауырына жиып алады. Өліні бұрын емдеуге оған мола тұрғызып бір құдасына: «өлің тарт, өлің тарт» деп ырым жасайды екен.*

Қ о л а у — иықтың басынан, жауырыннан болатын жылқы ауруы. *Тай қ о л а у боп ақсақ бопты. Қараған-*

ды облысының Шет ауданында мұны *лоқы* дейді. Шала қазақтар тілінде *қу долы*.

Қ ұ р т а у р у — жылқының белінен түсетін құрт. Жылқының артқы аяғы сүйретіліп қалады. Құрт ауруымен ауырған жылқының құлағының түбінен немесе белден тотияйын құятын.

Ч е р ч е у // к е р ш е у — жылқының екі танауының шеміршегі өсіп тыныс ала алмай қалуы. *Ч е р ч е у дем-бе дем өлтіреді*. Алматы облысында бұны *шөміршек* деп атайды.

Т о ғ а л а — ірі қараның көзінің еті өсіп ауыруы.

Қ а р а ө к п е — қанның бұзылуынан болатын жылқы ауруы. *Қ а р а ө к п е м е н ауырған жылқының танауынан қан алса жазылатын*.

У а — асық жілігі ісіп ауыратын жылқы ауруы.

Б а с п а қ — қойдың ауруы. Семіз қойдың жеті — сегіз сөтке аш қалғаны көктемде *баспақ* болып ауырады. Көкшетауда *баспақ* қой етінің арық болуы.

Ч е р б а у ы р — қойдың бауыры ақ болып қатып жүретін ауру. Алматы маңында *боз өкпе*, шала қазақтар тілінде *чер өкпе*.

Ж е л і н — сүт шықпай желіні ісіп өлетін ауру. Көкшетауда мұның орнына *қара желін* сөзі қолданылады.

Ұ ш п а — қой, ешкі ауруы. *Ұ ш п а болған ұсақ малдың бауыры іседі*.

Т а с ө к п е — кәріліктен болатын қой, ешкі ауруы.

Т а л а қ — қой-ешкінің талағы ісіп ауыруы.

Ж ы б ы р л а қ — аузын қимылдатып, тітіретіп тұратын қой, ешкі ауруы.

Ж е л і н с а у — қой, ешкінің желіні іспей, ақ болып кетуі.

Ө г е й а т — әркімге, мініске үйренген ат.

Б ұ л а қ а т — тапал, құйрық жалды, жауырыны жалпақ ат. *Б ұ л а қ а т жүріскер болады*.

Б ү к і р е ш а т — жотасы томпақтау келген ат. *Б ү к і р е ш а т жүкшіл келеді, белі талмайды*.

О р а т — құланмен шағылысқан жылқы тұқымы. *О р аттың танауы ақтау, түсі қарагер, тері мен тұяқтың астасқан жері сарғыштау келеді. О р аяқ, о р ауыз жылқы* дейді осыны.

Ұ л д ы р ы қ // ж ү р е к ш е — жылқы тұрасының іші.

Б а қ а н а қ // с ө г і л м е — тері мен тұяқтың айқасқан, қосылған жері.

С ы р ғ а қ — тұяқтың ұшы, бедері. Аяғының *сырғағы* таусылғанда мінуге жарамай қалады. *Сырғағы* таусылған жылқыны сазға байласа, бір айда жетіліп кетеді.

С ы п а қ ұ й р ы қ — сұйықтау, ұзындау келген жылқы құйрығы.

С ұ й ы қ қ ұ й р ы қ — түбінен ұшына дейін сирек келген құйрық.

Б ұ р ш е к — оралып-оралып, түйін-түйін болып қалған ат жалы. *Бұршек қарабайыр, жалдас жылқыда көп болады.*

К и і к ж е л і н — емшегінің ұшы кішкене келген бие. *Киік желін биенің сүті аз болады.*

Б ұ й е н е м ш е к — сүтті биенің емшегі. *Бүйенемшек биенің желінін қысып сауады.*

А й л а н п а с — шыр көбелек айналып ауыратын ұсақ мал ауруы. Алматы маңында *тентек*, Көкшетауда *айланба*.

М е к е — ыстық-суықты болып аттың, есектің сыртына шыққан қаны. Арал говорында *беке*, Көкшетауда *қантыстау*.

О қ а л а қ — оқыра. *Сыырға оқалақ тигенде осы тоғайға кіріп жатады.* Ақтөбе, Орынборда *шошала*, Көкшетауда *шанышқақ* // *сәйгел* деп атайды.

С а қ п а н — жас төл.

Үш шал келдік бір жерге
Бар деген соң *сақпанға*...
Жақсы жолдас Жалмырза
Құтты болсын *сақпаның* ²⁴.

М а м ы — ат байлайтын ағаш. Атын *мамыға байлап үйге жедел кіріп кетеді*. Бұл сөз *мама* формасында Жетісудың ²⁵ басқа жерлерінде де кездеседі. Қарағанды облысының Шет ауданында *қада ағаш*, қырғыз тілінде *мамы* (Қир.-рус. сл., 293).

Б а д а ш ы — сиыршы. Қырғыз тілінде *бадашы* (Қир.-рус. сл., 62).

²⁴ Мерке ауданы Сұрат деген жерде тұрушы Назарбек пен Жолмырза деген қарттардың бір-біріне жазған өлеңдерінен алынып отыр.

²⁵ Ж. Д о с қ а р а е в. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері, II бөлім, лексика. Алматы, 1955, 78-бет.

Сәлем бердім отырған
Жылқышы, қойшы, түйеші
Бадашы шаруа жалпыға (Жақ. Жан.).

А қ ы р — малға жем, шөп салатын орын. Сол сияқты күш-көліктер бағылатын қораның ішіндегі а қ ы р л а р ы жеткілікті болғанымен ол қораның мүлдем бір қанаты жабусыз қалған («Мерке аудандық газеті», 6 январь, 1942 ж.). Бұны Ақтөбеде оттық//оқыр, Көкшетауда оттық//жәшлә, Қостанайда оттық//ясли деп атайды. Қырғыз тілінде ақыр (Қир.-рус. сл., 43). Азербайжан, түрік тілдерінде де және өзбектің көне тілінде де ахұр — оттық, ат қора мағынасында. (В. В. Радлов, Опыт словаря тюркских наречий, 1893, т. I, стр. 135). Құмық тілінде ахур. XI ғасырдағы М. Қашқари сөздігінде аху (I, 48) сөзі атқора мағынасында жұмсалған. XIII ғасырдағы қыпшақ тілінің сөздігінде ахур сөзі атқора және ат шөп жейтін жер, оттық мағынасында қолданылған.

С а я п к е р — ат баптаушы. Арал говорында атсейіс, Көкшетауда сайыпқыран, Орынборда — бапкер.

Т е п п е — 1. Қолмен жайған тезек. Алматы облысының кейбір жерлерінде бұны жаппа//шаппа тезек, қара тезек, Қарағанды облысының Шет ауданында қамба тезек дейді. Ақтөбенің кейбір аудандарында қақтама, Көкшетауда жапа, Орынборда қол тапақ деп атайды; 2. Қыстай жиналған малдың көңін көктем кезінде су құйып көлікпен бастырып ойып алған тезек. Шет ауданында — баспа тезек. Ақтөбеде — бастырма, Орынборда — басқан тезек//кеспе тезек.

Қ ұ м а й — қыстай жиналған мал қиын көктемде көлікпен бастырып қалыпқа немесе т. б. ыдысқа құйып жасаған тезек. Көкшетауда — қара тезек, Орынбор қазақтарында — қазан қара.

С а р ы т е п п е — даладағы кеуіп қалған жапа тезек. Ақтөбеде үйез, Орынбор қазақтарында қаңылтақ.

С ы қ п а — қолмен сығып жасаған ұсақ тезек.

Егін (техникалық дақылдар, бау-бақша) және шөп шаруашылығына байланысты қолданылатын сөздер

О п — орылған бидай, тары т. б. көлікпен бастыру үшін қырман ортасына орнатқан ағаш. Көне жазу ес-

керткіштерінің кейбіреуінде *оп* сөзі осы мағынада қолданылады²⁶.

Сүдігер — зябь. *Сүдігерді айдап жатыр, жуыр арада бітеді*. Кейбір түркі тілдерінде де *сүдігер* осы мағынада қолданылады. Өзбекше — *шудгор* (Узб.-рус. сл., 548), қарақалпақша — *сүдигәр* (Қарак.-рус. сл., 592).

Қысыраңыз — айдалмаған, егін егілмеген жер. *Тәлімі бидай* — шөл бидай, шөл жерге айдалмаған бидай.

Сулы бидай — суармалы бидай. *Колхозымызда тәлімі бидай да, сулы бидай да бар*. Шала қазақтар тілінде *суғат*.

Жарық қарын — тыңнан айдалған жердің екінші жылы кедір-бұдыр болып жақсы тегістелмегені.

Қодыра//қодыра бидай — жабайы бидай. Өткен жылғы аңыз орнына жабайы шыққан бидай.

Атжал//жал — айдалмай қалған жер. *Жүруге арзымайтын кішкене ғана атжал қалды*.

Шыры — айдалмай шала қалған жер.

Бақал//бидай бақал. — 1. Сабан. *Малға бидай бақал сала салчы*. 2. Орылған жүгерінің т. б. сабағы. Мысалы: *Зәрлі жұмысың болмаса, жүгерінің бақалын жинасып жіберші*. Қырғыз тілінде *бакал* — сабан мағынасында айтылады (Қир.-рус. сл., 69). Қырғыз тілінің чуй говорында *бақал* — жүгерінің сабағы²⁷.

Сағақ — өсімдік сабағының түп жағы. *Күріш, тары, жүгері сағасынан иілсін, сәукеле киген қыздайын*. *Тілік бауыр жібек шашақ*. *Салмақ басын иген сағақ* (Жақ. Жан.).

Пая — орылған бидайдың жердегі қалған сабағы. *Бидайдың толық бас болып, паясы болсын таяқтай* («Кировшы», 25 март, 1942). Өзбек тілінде *поя* — мақта, жүгерінің сабағы (Узб.-рус. сл., 333). Қарақалпақ тілінде *пая* — жоғарыда көрсетілген мағынада қолданылады (Қарак.-рус. сл., 525).

Чар — қабығы аршылып тазаланбай қалған бидай. Талдықорғанда *шар бас* сөзі айтылады.

²⁶ Махмуд Қашқари. Девону луғотит турк. I т. Тошкент, 1960, 70-бет.

²⁷ Г. Бакинова, С. Кондучалова, С. Сыдыков. Кыргыз тилинин чуй говору. Фрунзе, 1959, 77-бет.

Ы қ т ы н — бидайдың ық жаққа ұшып шыққан ұсағы. *Бидайды бірінші рет тазалағанда чары чықса, екінші рет ы қ т ы н ы чығады.*

А қ б а у ы р т а р ы — тарының ұсақтау келген түрі.

Б а й д е р б і с — ерте пісетін қызыл тары.

К ө г а л а с а қ а л — тарының пісейін деп гүлін төгіп бас тартқан кезі.

Ұ ш ы қ — тарының ұшырғанда ық жағында қалған шала пісіп дән алмаған ұсағы.

М е к е ж ү г е р і — сары түсті кішкентай жүгері.

Т і к е н ж ү г е р і — жүгерінің кішілеу келген түрі. *Т і к е н ж ү г е р і н і қ у ы р ғ а н д а түгелімен бадырап кетеді.*

С о т а — 1. Жүгерінің дәнді басы, собығы. *Жүгерінің с о т а с ы н арбаға тиелік.* 2. Жүгерісін үгітіп алғандағы ағашы.

Б ә р д е к — жүгеріні үгітіп алғаннан қалған ағашы. *Б ә р д е г і н бір жағына жиып қойыңдар.*

Д ү м б і л — жүгеріні қайнатып жейтін сүт кезі. *Д ү м б і л ж е с е ң т е з е т е й т е д і.*

Қ ы л ш а — қызылша. *Қарауыңдағы жеті-сегіз атты қылшаға жібергенің не?*

К ү н г е б а ғ а р / **к ү н б а ғ а р** — күнбағыс, семішке. *К ү н г е б а ғ а р д ы ң сабағын орып болдым.* Бұны Алматы облысының кейбір аудандарында *шікілдек*, Қарағанды облысының Шет ауданында *күнгебағар*, *шекілдеуік* деп атайды. Кейбір түркі тілдерінде де бұл сөз кездеседі: ұйғырша *күнге бақар* (Уйгур.-рус. сл., 1939), түркменше *гүнебакэр*, өзбекше *күнгебақор* (Узб.-рус. сл.). Қырғызстан ішіндегі шала қазақтарда *күн қарама*.

П і с ш е / п і с т е — күнбағыс, семішке. *Күнжіт шығар гүлденіп, ұшығадай түрленіп. Дәні болар п і с ш е д е й, Жұт[a]алмайтын торғайың* (Жақ. Жан.). *Пісте* — күнбағыс мағынасында Оңтүстік Қазақстанның Арыс т. б. аудандарында айтылады²⁸. Осы сөз түркі тілдерінің кейбіреуінде бар. Азербайжан тіліндегі *писта* — күнбағыс деген сөз (Рус.-азерб. сл., 1942). Қырғыз тілінің ош²⁹ говорында *писте* — семішке мағынасында.

²⁸ Ж. Досқараевтың жоғарыда көрсетілген еңбегінің 91-беті.

²⁹ Г. Б а к и н о в а. Киргиз тилинин ош говорлары. Фрунзе, 1956, 93-бет

Ш а л ғ а м — редиска. *Біраз жерге ш а л ғ а м септім.*

Б а с ы б а л д ы — қабығы жұқа ерте пісетін қауын. *Б а с ы п а л д ы н ы ң үстінде көмескі жолы болады.*

К ө к ш е қ а у ы н — кішірек келген, піскенде де аса сарғаймай, сырты көктеу болып келетін қауын. *К ө к ш е қ а у ы н д ы пышақпен тілгенде дарбыз сияқты тысырлап айрылады.*

Ә м і р е қ а у ы н — кішкене-кішкене белгісіз жолы бар жылан түстес, тік жол ала қауын.

А қ н а у а т / ә б і н а у а т — дәу сары қауын. *Ә б і н а у а т сулы келеді, ауыр болады.* Қырғызстан жеріндегі шала қазақтар тілінде *абынауыт / чөгөрү* болып айтылады.

Ә ң г е л е к — ерте пісетін кішкене қауын. Бұны Ақтөбе облысының Бірғыз ауданында *жәмбілше* деп атайды.

М ә л е к — 1. Қауын қазан болғаннан кейінгі піспей шикі қалғаны; 2. Кішкене қауын. *Мен мәлек іздеп келейін.*

К ү л ә б і — күзде пісетін қабығы қалың қауын. *К ү л ә б і қауынды қыста көп сақтауға болады.* Алматы облысының Шелек ауданында *күлләулә*, Қырғызстан жеріндегі шала қазақтар тілінде *қырқма қауын* деп аталады.

Т о р л а м а — сырты тор-тор болып келген тәтті қауын.

Д а р б ы з — қарбыз. *Ой мына дарбыз қамырақ екен. Қауын дарбыз желілеп, түйіні болсын шанақтай* («Қировшы», 25 март, 1942). Қырғыз тілінде *тарбыз* (Қир.-рус. сл., 487), өзбек тілінде *тарвуз* (Узб.-рус. сл. 408).

Б а д ы р а н — қияр. *Б а д ы р а н н ы ң асты көгеріп отыр.* Талдықорған маңында *бәдірен*, Көкшетау облысында *өгуршік* болып айтылады. Бұл сөз өзбек тілінде *бодринг* — қияр мағынасында (Узб.-рус. сл., 79).

П о ш а қ — қауынның, дарбыздың қабығы. *Пошақ көп болып жиналған екен.* Бұл сөз өзбек аралас Мерке ауданының кейбір жерлерінде ұшырайды.

Ш о п а қ — дән, ұрық (қауын, дарбыз т. б.). *Қ а у ы н н ы ң ш о п а ғ ы н жинап ал! Ш о п а қ т ы шағып отырсыз ба?* Алматы облысының кейбір аудандарында *шөпек*.

Т а с қ а б а қ — қабығы қалың сары асқабақ. *Т а с қ а б а қ тәтті болады.* Алматы облысының Шелек ауданында *тас қабақ* жеуге жарамайтын балалар ойнап жүретін сырты қатты кішкентай асқабақ. Өзбек тілінде *тошқовоқ* жеуге жарамайтын қабығы қалың насыбай шақша т. б. жасайтын түрі (Узб.-рус. сл., 446).

С у қ а б а қ — ожау, ыдыс үшін пайдаланатын іші қуыс қабақ. *Су қабаққа* құйған тамақтың дәмі бұзылмайды. Шелек ауданында *шөміш қабақ* деп аталады.

М е к е қ а б а қ — қабығы жұқа, түсі көк келген асқабақ. *Меке қабақ* дөңгелек болады да, тас қабақ сопақшалау боп келеді. Шелек ауданында *қожа асқабақ* болып айтылады.

М а н т ы қ а б а қ — манти жасайтын асқабақ. Ұйғырлармен аралас отыратын Алматы облысының кейбір аудандарында *манти асқабақ*//*манти қауа* болып айтылады.

А й ы л ж у а//**с а р ы м с а қ** — чеснок. *Дүкенге с а р ы м с а қ түсіпті. Осы жерде де а й ы л ж у а н ы көп егеді.* Алматы облысының кейбір аудандарында жабайы тауда өсетінін *сарымсақ*, қолдан еккенін *қытай пияз* дейді. Көкшетау, Қарағанды облыстарында *чөсnek* дейді. *Сарымсақ* сөзі татар, ноғай (сарымсақ), башқыр (һарымһақ) тілдерінде *чеснок* мағынасында қолданылады. М. Қашқари сөздігінде *сармусақ* (I, 480), XIII ғ. қыпшақ тілінде *сарымсақ*.

Ж ү й е к — қызылша, мақта, темекі отырғызылатын жол, арықша. *Е к і ж ү й е к жекеленбей қалды* (қызылша). *Екі ж ү й е к т і қатар жұлып келе йатырмын* (темекіні). Өзбек тілінде *жұяқ* — арықша мағынасында (Узб.-рус. сл., 161).

Б а у — бақшаға байланысты әдеби тіл мен говорда бірдей айтылатын сөздердің орнына Қазақстанның кейбір аудандарында басқа сөздер жұмсалады. Мысалы, сәбізді Маңғыстауда *кешір*, Орынбор қазақтарында *ешкі-құйрық*; асқабақты Маңғыстауда *әскелді* деп атайды.

Ч а р қ а п//**ч ө м е л е й** — шөптің кішірек үйіндісі. Осының көбірек айтылатыны *чөмелей*. *Чарқап* Мерке ауданында кездеседі. Алматы облысының кейбір жерлерінде соңғы «й» түсіп *шөмеле* болып айтылады. Көкшетау облысында *күпәнә*, Семей облысының Ақсуат, Көкпекті аудандарында *шөме*.

Ж о р а — шалғымен шапқанда және ат тырмамен жиғандағы шөптің жал-жал болып жатқаны. Алматы облысының кейбір жерлерінде *десте, бөкес*, Орынбор облысында *қаума//бөкей//жәмшар*. Көкшетау облысының Щучинск, Еңбекшілдер аудандарында шөмелеге дейінгі тырмамен жиналған шөпті *атжал* деп атайды.

П ә й е к — шабындық жер. *Біздің п ә й е г і м і з шымдақ жерде еді*. Ақтөбе, Орынбор облысында *алсын*.

К ә ш е к — шөптің мал жегеннен соңғы қалған ірісі: Бұны Арал говорында, Ақтөбеде — *сақ*, Көкшетауда *қырқынды*³⁰, Орынбор қазақтарында *сақ//сыпырыншық//обзетке*, Семей облысының Көкпекті, Ақсуат аудандарында *сағдар* деп атайды. Шала қазақтар тілінде — *кәшек*.

Ч и е н ч ө п — күзде жауын күшімен қайта көктеген шөп.

Темекі шаруашылығына байланысты *тікқұлақ, трапезон* (темекінің түрлері), *чөже бұтақ* (темекі сабағындағы жапырақпен қосарланып шыққан жанама бұтақтар) *бипіліс, музайка* (темекіде болатын ауру аттары), *бөген* (жіпке тізілген темекіні кептіретін орын), *парматор* (кепкен темекінің ұсағы), *чот//күршөк//эвенке*. 1. Темекіні ілетін ағаш. 2. Кепкен темекі жібінің тобы, тай (кепкен темекіні қаттайтын жәшік) сияқты сөздер қолданылады. Темекі атаулары жөнінде кейбір сөздер орнына *чот//күршөк* (эвенке) Алматы облысының Шелек ауданындағы тұрғындар тілінде *тоқанақ* сөзі жұмсалады.

Ирригацияға байланысты айтылатын сөздер

А у ы з д а м а — суды ашып, жайып тұратын қысқалау келген арық.

Т о ғ а н — кеңдігі 2—3 метрдей үлкен арық. *Елімді тыңда, маған жігіттеріңізді жинап бер, мен тоған қаздырайын, одан соң егін айдасақ жұрт жұтамайтын болады — депті Ұлан. Ілгеріде Меркінің аузынан үлкен төбені жеті жерден тесіп, Сыпатай тоған қаздырта*

³⁰ Ш. Сарыбаев. Көкшетау облысы Щучинск, Еңбекшілдер аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір лексикалық ерекшеліктер. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері». Алматы, 1960, 3-шығуы, 64-бет.

ды. Тоған шабу жұмысына көңіл бөлінсін («Социалистік еңбек», 23 апрель, 1943). Талдықорған маңынан жиналған материалдарда бұның орнына жадау сөзі айтылады, Оңтүстік Қазақстан облысының кейбір жерінде тоған орнына әнер сөзі қолданылады³¹. Өзбек тілінде туғон — плотина, бөгет мағынасында (Узб.-рус. сл., 469).

Өстен — канал, үлкен тоған. Бұл сөзді Қызылорда маңында жарма, Шәуілдір ауданында қазына арық деп атайды.

Оман — үлкен арық, тоған. Оман сөзі зерттеліп отырған өңірдің Мойынқұм ауданында Арғындар мен Қоралас рулары араласқан жерде жиі кездеседі: Қарағанды облысының Шет ауданындағы тұрғындарда оман, Шәуілдір ауданында оман арық.

Алыс — тоғаннан гөрі кішірек арықтың түрі. Бұны Шәуілдір маңында орта арық, Қырғызстан жеріндегі шала қазақтардың тілінде алыш болып айтылады. Қырғыз тілінде алыш — үлкен арық, канал мағынасында (Жир.-рус. сл., 35), өзбек тілінде алиш — су бөеген және оны бөліп тұратын плотина мағынасында (Узб. рус. сл., 31). Махмуд Қашқари сөздігінде алиш — судың бөгетке құятын жері, сағасы³².

Арық — ені бір, бір жарым метрден аспайтын, алыстан гөрі кішірек түрі. Қызылордада бұны құлақ деп атайды.

Бас арық//желк[e] арық — он, он бес гектар немесе одан да көп иә аз келген егіндік жердің басынан жүргізілген арық. Бас арыққа екі-үш құлақ су сияды.

Оқ арық — бас арықтан егіннің арасына қарай бұрылатын тік арық. Біз көбіне қызылшаны оқ арық арқылы суғарамыз.

Жан арық — оқ арықтан оңға иә солға қарай бұрылған арықтар. Мұны Арал маңында жарма арық деп атайды.

Қол арық — сала-саланың арасында су жүргізу үшін тартылған арық (Темекі, қылшада әр саланың арасы 25 метрдей болады). Мұның орнына Оңтүстік Қа-

³¹ Ж. Досқараев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері, II бөлім. Алматы, 1955, 153-бет.

³² Махмуд Қашқари. Девону луғотит турк. I т., Тошкент, 93-бет.

зақстан облысының Шәуілдір ауданында *бау арық, құлақ арық*, Қызылордада *жап* сөздері айтылады.

Қ о л ш ы қ — кішкене арықшалар. Бұл Аралда *қарық*, Шәуілдір ауданында *бәдірін арық* болып аталады.

А т ы з — 1. Су тегіс ішу үшін бөліп-бөліп қойған бөлшегі. 2. Болар-болмас етіп жүргізген арықша. Алматы облысының ұйғырларымен аралас отыратын Шелек ауданында *итыз* — егістік жердің кішкене бөлегі, бөлшегі.

Қ а р а қ ы р — суды тегіс ішу үшін жасалған атыздың шетіндегі қыр. Түлкібас, Сайрам аудандарында бұның орнына *пал* сөзі қолданылады.

Қ а р ы қ — егін арасына тарайтын кішілеу арық. Бұл сөз Оңтүстік Қазақстан (Шәуілдір ауд.), Қызылорда облыстарында да айтылады.

М ө р к і р — қызылша, темекі т. б. отырғызу үшін жасаған арықша. Осының орнына Алматы облысының Шелек ауданында *шөнек*, Оңтүстік Қазақстанның Шәуілдір ауданында *қылча арық, қауын арық*, Қызылорда облысында *қарық* сөздері қолданылады.

Қ и т а қ — атыздың іші, бір бөлегі. *Қ и т а қ т ы ң бір жағы су ішіпті*. Қостанай облысының Торғай ауданында мұны *көсе* деп атайды.

К ө т е р м е — ой жерге екі жағынан көтеріп жасаған арық. *Су көтермені бұзып кетіпті*.

Ә у і т — су тоқтайтын жер.

Б і р и і н с у — жарты күндік су (таңертеңнен түске дейінгі немесе түстен кеш батқанға дейінгі уақыттағы су). *Бір қос жерге бір иін су жетіп жатыр*.

Ш и р е к и і н с у — бір иін судың жартысы.

Б і р т а қ т а ж е р — гектардың төрттен бір бөлігі. *Жоңышқаның бір тақтаасы чабылып бітті*. Оңтүстік Қазақстанның кейбір аудандарында бұны *бір мойын жер* деп те атайды.

Б і р қ о с ж е р — бір гектардай жер. *Ілгеріде чамамыздың келгенінче бір қос жер, екі қос жер айдап алатынбыз*.

Т ө н т і — бір гектарға жуық жер. *Суымыз бір-екі тәнті жерді суғаруға жетеді*.

А қ а б а — судың аяғы, соңы (егінге жіберілген судың асып шығуы). *Арықтан жіберілген судың ақабасын турыла*.

Ж е р с у ы — егіндік жерді жыртпастан бұрын бері-

летін су. *Егінге жер суы күзде, күздік жер айдарда беріледі.*

Т о п ы р а қ с у — егінге бірінші рет берілген су. Мұны кейбір жерлерде *жер суы*, Арал маңында *үсте су* деп атайды.

Ж е л к е с у — егінге екінші рет берілген су.

О р а қ с у — егін бас тарта бастағаннан кейін берілген үшінші су. Қызылорда қазақтарында *қайырма су*, Шығыс Қазақстан, Алматы облыстарында *мойын су* сөзі қолданылады. *Биыл жаңбыр көп болып біздің егін желке су мен орақ суын ішкен де жоқ.*

К ө м е й — судың жан-жаққа тарайтын жері. *К ө м е й ді бекітуге бірнеше кісілер ағаш, шөп алып кетті.* Арал маңындағы *қанды ауыз* сөзі осы мағынада қолданылады.

Қ ұ л а қ — егінге келген арықтағы суды жан-жаққа бөліп тұратын жер. *Ол жердің құлағын ағытын енді төменіректен байла. Құлақты мықтап байлапты, су кетіп жатыр.*

Қ а у//әңгі — су орып кеткен жар, су арнасы.

С а л а — егіндікті суғару үшін бөліп-бөліп қойған оқ арықтардың, боразданың арасы. Талдықорғанда кездесетін *уат* сөзі осы мағынада қолданылады.

Өсімдіктер дүниесіне және құс атауларына байланысты сөздер

Қазақстанның оңтүстік облыстарының климатының қолайлы болуына байланысты мұндағы шығатын өсімдіктердің түрлері де көп. Сондықтан да Шу говорындағы лексикада өсімдік атауларына байланысты бірқатар сөздер кездеседі. Шу алқабынан жиналған осы өсімдік атауларының басқа говордағы тілден де біраз айырмашылығы барын байқауға болады. Мысалы: Шу говорындағы *ұйғақ* (қой үстіне жабысатын тікен), Алматы облысының Шелек, Еңбекшіқазақ аудандарында *ошаған*, *бүрме тікен*, ал қозы құлақ (су бойына шығатын жапырақ) Алматы маңында *иман жапырақ* деп аталады. Сондай-ақ осы жерден жиналған өсімдік атауларының көпшілігі Көкшетау, Қарағанды облыстарында айтылмайды. Шу бойында айтылып, бірақта осы күнгі биологиялық және ауыл шаруашылығының сөздігінде әлі де болса қамтылмай жүрген мынандай өсімдік атау-

ларын келтіруге болады: *қара өлең, қой қаранжы, қой бүлдірген, қой қызғалтақ, қоянжүн, қырықбуын, лақса мортықбоз, сарандыз, сарысаған, сары бас құрай, сүмбіле, сырттан, тамыр дәрі, тарлау, түйе бүлдірген, алтықана, арқар жусан, баласы жапырақ, бие бау, бие қарын, балжуран, еңілдік, жер бұршақ, илан, итемген, көбірген, көмірген, кемпір шаш, күреңсе, торғай оты, шағыл (жусанның бір түрі), шоқша көк, көк бас чытыр, жоңыршқа чытыр, сары бас чытыр, қызғалтақ чытыр, қаз таңлай* т. б.

Ағаш атауларынан кәтіреңкі, балғын, балтасан, бақа терек, жатаған арша, чырғанақ четтік т. б.

Осы өсімдіктердің бірқатарын жергілікті тұрғындар халықтық медицинада көптеген ауруларды емдеуге жұмсайды.

Шу говорында айтылып жүрген өсімдік атауларының бірқатары (асай-мүсей, кәтіреңкі) *қатыреңкі, бақа терек* т. б. қырғыз тілінің чуй говорында да кездеседі.

А л т ы қ а н а — алабота сияқты тырбиып шығатын өсімдік. *А л т ы қ а н а көктей отқа жана береді.*

А р қ а р ж у с а н — таулы жерге шығатын жусанның бір түрі. *Арқар жусанды* арқарлар күзде жейді. *Арқар жусанды* малдың бәрі де әсіресе, қой-ешкі сүйсініп жейді. Жусанның түрлері Қазақстанның кейбір жерінде түрліше айтылады. Көкшетаудың Қызылту ауданындағы тұрғындарда *ақ жусан* (ең биігі), *қой жусан* (орташа), *мың жусан* (ең аласасы) деп үш түрмен атаса, Ақтөбеде *боз жусан, ермен жусан* деп екі түрлі атпен атайды.

А қ т а с п а — тасты жерде шығатын теріскен тәрізді бұталы шөп.

Б а л д ы р ғ а н — түйе жейтін шөптің бір түрі. Бұның синонимі ретінде *сусамыр* сөзі де айтылады.

Б а л ы қ к ө з — сорлауыт жерге шығатын тамыры онша терең емес, биіктігі 10 сантиметрдей өсімдік. *Б а л ы қ к ө з кешірек, майдың аяғында шығады.* Жергілікті тұрғындар тілінде балықкөзді *қараот* деп те атайды.

Б и е қ а р ы н — басында дәні бар, бие жейтін шөп. *Б и е қ а р ы н н ы ң дәнін қуырып жеуге де болады.*

Б ө р п і — таулы жерге шығатын биіктігі 30 сантиметрдей дәрі шөп. *Бөрпі* алғаш шыққанда көкбас болып шығады. *Б ө р п і н і ң тамырын қайнатып ішеді.*

Бүрген — жусан сияқты басының бүрі бар шөп. *Сарғауда бүрген деген чөп чығады.*

Балжуран — таулы жерде өсетін жас кезінде адам жейтін өсімдіктің түрі. *Балжуранның тамырын кептіртіп тері бояйды. Балжуранның тамырын чүкір деп атайды.*

Баялыш — құмға шығатын, бозғыл аласалау келген тікенді өсімдік. *Баялыштың жапырағын мал жейді. Баялышты отқа жақса түтіні аз чығады.*

Еңлік — тамыры тереңге кететін, бойы аласалау, құмды жерге шығатын өсімдік. *Еңліктің жапырағы тез ұшып кетіп, түбірі қалады.*

Еркек — құмды жерде шоқ-шоқ болып өсетін, мал қысы-жазы бірдей жейтін өсімдік. Көкшетау облысының Қызылту ауданындағы тұрғындарда *еркек* деп биік болып өскен шөпті айтады.

Жалманқұлақ — жапырағы ұсақтау келген, жерге шығатын жапырақтың кішірек келген түрі. *Жалманқұлақты түйе, ешкі сүйсініп жейді.*

Желкек — сүті шығып тұратын ұзындығы бір қарыстай өсімдік. *Желкекті қойдан басқа мал жейді.*

Итемген — қабығы алынатын у шөптің түрі. *Итемгенді жылқының қырчанқысын, түйенің қымыласын дәрілеуге пайдаланады.*

Итқонақ — аңызда, арық жағасында және бау-ақша арасында кездесетін басының дәні бар шөп.

Көбірген — формасы пияздай, іші қуыс, үзсе ұт ағатын тауға шығатын шөп. *Көбірген жеген алдың қаны тасиды. Көбірген жеген биенің қымылы күшті болады. Құмбелде бетеге мен көбірген аралас шығады. М. Қашқари сөздігінде ковурган (I, 176) — тау пиязы деп берілген.*

Кекіре — егін арасына шығатын дәні бар ашты шөп, бұны ешкі, түйе жейді. М. Қашқариде *кэкра* (I, 198) түйе жейтін шөп деп берілген.

Кемпіршап — тарам-тарам болып шөлді жерге шығатын биіктігі 20—30 сантиметрдей қой жейтін шөп.

Көкбасбеде — таулы жерге шығатын жоңышпанның бір түрі.

Кеурек — құмды жерде өсетін, емдеуге пайдаланатын шөп. *Желі бар адам кеуректі қайнатып суық түседі.*

Лақса — түйе жейтін, биіктігі тұсардан келетін, жапырағы тарбиып шығатын тікен. *Лақсаны жұлғанда ағарып сүт чығады. Лақса жеген түйенің өркеші үш аптада баладай болады.*

Мортықбоз — түсі боз, жіңішкелеу келген сексеуілді жерде өсетін өсімдік.

Ұйғақ — кішкене дөңгелек тікен. Қойдың жүніне көп жабысады. Осы өсімдікті Алматы облысының Шелек, Еңбекшіқазақ аудандарында *ошаған, бүрме тікен* деп атайды.

Рауғаш — қышқыл, қымыз сияқты дәмі бар, тауда шығатын өсімдік. *Рауғаш июнь айында қата бастайды.* Арал говорынан жиналған материалда *рәуәш* деп басында бүрі бар, ұсақ мал жейтін жусанның бір түрін айтады.

Қаратұяқ — дәні қонақ дәніндей далалы жерде өсетін өсімдік.

Қозықұйрық — саңырауқұлақтың үлкен болып шыққан түрі, ал осының кішісін *кереңқұлақ* деп атайды.

Қозықұлақ — су жағасына шығатын үлкендігі қозының құлағындай жапырақтың түрі. Көз ыстықта нып ауырғанда *қозықұлақты* көзге тартады. Алматы облысының кейбір жерлерінде (Шелек, Еңбекшіқазақ) мұны *иман жапырақ* деп атайды.

Қой бүлдірген — биіктігі жиырма сантиметрдей бұтасы жоқ көк майса жерге, теріскейге өсетін өсімдік.

Қой қаранжы — далада өсетін дәрі шөп. *Адам жөтелсе қой қаранжының өзін қайнатып ішеді. Ат жөтелсе оны аузына тартады.*

Қой қызғалдақ — түрі қара қызыл келген тау қызғалдағы. Мысалы: қой *қызғалдақты* қой ғана жейді. *Қой қызғалдақ* түйіртпек-түйіртпек болып дән алады. *Қой қызғалдақтың* дәні піскенде моншақ жасайды, оны езде бояу болады.

Қоян жүн — шөлді жерге өсетін, түйе жейтін шөп.

Қоян сүйек — құмда өсетін тікенді, ұзындығы бір метрдей, мал жемейтін өсімдік. Мысалы *қоянсүйекті* отынға, тері және жүн бояуға пайдаланады.

Қылча — тастақты жерге шығатын текесақал сияқты тарам-тарам болып өсетін өсімдік. *Қылчаны көктей отқа жағып, күлін насыбайға салады.*

Қырықбуын — буын-буын болып шығатын өсімдік.

Раң — басының қылтағы бар, аласа болып шығатын шөп. *Раң май айында қурап кетеді. Раң өте шүйгін шөп.*

Сарандыз — қурайы кісі бойынан биік болып өсетін мал жемейтін шөп. *Сарандыздың күштілігі креолиндей, оның тамырын қырчаңқы болған малды емдеуге жұмсайды.*

Сары бас қурай шөп — басында гүлі бар шөп. Бұл шөпті қой жейді. *Сары бас қурай шөп бидай орақтан өтіңкіреп барып қурайды.*

Сарысаған — құмда өсетін шөптің түрі.

Сасыр — бостау жерде, төсте көп өсетін түйе мен қой жейтін өте күшті шөп. *Сасырды көп жеген қойдың сүтінің дәмі сасыр татып кетеді.*

Саумалдық — қымыздық. *Саумалдық ақ бас болып тауда өседі, биік болады.*

Сұңғыла — айдауға шығатын зиянды шөп. *Сұңғыла шықса, басқа өсімдіктерді өлтіртіп жібереді. Сұңғыла сөзі өсімдіктің ең жаманы болса, сұңғыла адам деген тіркесте айтылғанда терең, білімді деген мағынада қолданылады.*

Сүмбіле — қауын арасына шығатын шөп.

Сырттан — қаңбақ секілді, тамыры білектей бірекі метр тереңдікке кететін өсімдік. *Сырттанның тамырын жазда жинап, қыста көтерем сиырға береді.*

Тамыр дәрі — сабағы бозғыл, ұзындығы жарты метрдей қырқада, құмақты жерде өсетін өсімдік. *Тамыр дәрі жерден аппақ тамыр болып шығады. Тамыр дәрінің тамыры ажырықтың тамырына ұқсап шатасып жатады. Бұрын тамыр дәріні сана қосып кейбіреулер ыстық желге пайдаланған.*

Тарлау — шабындық шөп. *Тарлау биік болып шығатын чалғын шөп.*

Текесақал — бір түптен тік-тік болып тарамдалып шығатын тастақты жердің өсімдігі. *Текесақал жусаннан аласа болады.*

Теріскен — далалы жерге шығатын түйе, кейде жылқы жейтін, отынға пайдаланылатын өсімдік.

Теңге жапырақ — қой, ешкі т. б. малдар жейтін жапырақ. Қырғыз тілінде *теңге шөп.*

Түйе бұлдірген — үлкендігі бармақтай тұтас, алша сияқты бұлдіргеннің бір түрі.

Түлкі құйрық — құмды жерге шығатын, басында үлпілдегі бар өсімдік.

Томар бояу — қырға, сортаң жерге шығатын өсімдік. *Томар бояуға қозықұлақ сияқты жапырақ шығады. Томар бояудың түбірін күзде, октябрьде қазып алып, тері бояйды.*

Күреңсе — таулы жерде өсетін мал сүйіп жейтін шөп. *Күреңсені жылқы сүйіп жейді.*

Татыран — қызылша сияқты жапырағы ұқсас, түйіні де сондай, таулы жер өсімдігі. Қазып алып көтерем малға береді.

Жау жұмыр — түбіндегі түйіні татыраннан кішілеу жапырақты өсімдік. *Жақсы болса жау жұмырды ит жерме* (мақал).

Допияз — сабағы жуаның сабағындай, ақ түсті, қышқыл дәмді өсімдік. *Допияз таулы, тасты жерге шығады, жуандығы шынашақтай болады.*

Көкемарал — таулы жерге өсетін, тамыры жіңішке жалғыз-жалғыз болып шығатын, гүлдегенде басында көк гүлі бар өсімдік.

Желкен — ұзындығы он-он бес сантиметр, сабағының жуандығы саусақтай, тарамдай екі-үш-төрттен шығатын өсімдік.

Балдырған — өзен бойына шығатын, сабағы ұзын, іші қуыс, солқылдақ өсімдік. *Балдырғанды адам жейді.*

Қылша — шашақ-шашақ болып шығатын, тасты жерге өсетін өсімдік. *Қылшаның күлін насыбайға салады.*

Жершай — биіктігі 10—15 см-дей жапырақты өсімдік.

Шүкір — шашақты, түсі қызыл болып шығатын түбірлі өсімдік. *Шүкір сабағы солқылдақ кезінде жеуге жарайды. Шүкір түбірімен тері бояйды.*

Ышқын — бұл шүкірдің екінші аты. *Көп жесе ышқын ауыртады.*

Атқұлақ — таулы жерде су бойында өсетін өсімдік. *Атқұлақ өте биік болып өседі. Атқұлақ жапырағы қар екі жауғанша құрамайды. Қол сарысу болғанда, атқұлақтың жапырағын мыжып-мыжып қолға тартса, тез жазылады.*

Чыралжын — жайлауда шығатын, биіктігі тізеден келетін өсімдік: *чыралжынды көк кезі болма-*

са мал онша жемейді. Чыралжынды отқа жағады.

Ш и қ у р а й — жіңішкелеу келген, сабағы тал-тал болып өсетін өсімдік. *Ш и қ у р а й жас кезінде сүтті болады, немесе мұны сүт құрай деп те айтады.*

Б о з б ұ ғ а — тамырынан дәрі жасайтын, жусан тәрізді таулы жерге шығатын өсімдік. XI ғ. М. Қашқари сөздігінде (III, 244) *бозбұғаны* дәріге пайдаланатын өсімдік деп берген.

Е ң л і к — қыздардың бетіне бояу орнына жағатын өсімдік. Қызғылт түсті болады. М. Қашқари сөздігінде *іңлік* (III, 394) деп берілген.

К и і к о т ы — тырбиып шығатын боз шөп.

К ө р п е к ө к — шапқан шөптің қайта көктеуі. Шу бойында жоңышқаның үшінші шыққанын айтады. М. Қашқариде *көрпа от* (I, 393) деген тіркес бар. Оның мағынасы осы *көрпе көкке* сай келеді.

Т о р ғ а й о т ы — сортаң жерге шығатын тырбық шөп. *Т о р ғ а й о т ы малдың күзде жейтін шөбі.*

Ұ ғ а р ғ а с ы н — таулы жерге шығатын халықтық медицинада пайдаланатын дәрі шөп. *Ұ ғ а р ғ а с ы н д ы тістің құртына салса, ауырғаны бір пәсте тоқтайды.*

Ч а й ч ө п — тауға шығатын шөп. *Ч а й ч ө п т і ң түбін қайнатып чай етіп пайдаланады.*

Ч а ш ы р а т қ ы — далалы жерде өсетін дәрі үшін пайдаланатын өсімдік. *Ауырған адамдар чашыратқыны қайнатып ішіп, суына шомылады.*

Ш а ғ ы л — жусанның бір түрі, ең биігі.

Ч о қ ш а — түп-түп болып шығатын көктем шөбі.

Ч о қ ш а к ө к — тарының басы сияқты болып шығатын өсімдік.

Қ а р а н д ы з — сазды жерде өсетін, түбін дәрі үшін жұмсайтын шөп.

Қ а з т а ң л а й — су жағасына шығатын, қаздың таңдайына ұқсас қызғалдақтан кішірек жапырақ.

Қ а р а ғ а й // қ а р а ғ а й қ ұ р а й — қабығы алына-тын қарасораның түрі.

І л м е т і к е н — сабағының биіктігі бір қарыстай тікен. *Ілме тікен* адырға шығады. *І л м е т і к е н н і ң басында ұсақ, сұлы дәніндей тікені болады.*

Т е м і р т і к е н — жантақ. *Отынға т е м і р т і к е н жинап аламыз.*

Б ү р м е т і к е н — қойдың үстіне жабысатын тікен. *Б ү р м е т і к е н ошағаннан үлкен болады.*

А с а й-м ү с е й — қабығы сай-сай болып өсетін ұзындығы үш метрден аспайтын ағаш. Мысалы: *А с а й-м ү с е й тез жарылады. Асай-мүсей* отынның ең жақсысы. Қырғыз тілінде *аса-мұса*.

Б а л ғ ы н — ырғай сияқты ағаш. *Б а л ғ ы н тауда өседі*.

Б а қ а т е р е к — тарбиып шығатын теректің түрі. *Бақа терек* ақ терек пен көк теректен көрі мықты болады. Қырғыз тілінің ош говорында — *бақа терек*.

Ч е т е н — жуандау, биік болып өсетін ағаш. *Ч е т е н-н е н құрық және үйдің төбесіне салатын чабақ жасайды*.

Ч е т т і к — аласа келетін, беткейге шығатын тікенді бұта. *Ұрғаны былай тұрсын азап қылып, жантақ, ч е т т і к үстімен сүйрелепті*. Қырғыз тілінде мұны *чiл-бі қараған* деп атайды.

Ч ы р ғ а н а қ — бұтағы тікенді, аса жуан емес, іші сары, қатты ағаш. *Ч ы р ғ а н а қ Талас жақта көп өседі. Ч ы р ғ а н а қ т ы ыстық-суыққа дәрі есебінде қайна-тып ішеді*.

Ч і л і к — сазды жерге қамыс арасына майда, жі-ңішке болып шыққан ағаш.

Ұ ш қ а т — қабығы үш-төрт қабат мықты ағаш. *Ұ ш қ а т т а н ілгеріде садаққа оқ жасаған*.

К ә т і р е ң к і / / қ а т ы р е ң к і — қара ағаштан да қатты, жуандығы білектей, түсі боз, таулы жерде өсетін ағаш. *Кәтіреңкі* түбірінен шөміш, астау жасайды. *Кәті-реңкіден* жасалған ыдыс астың дөмін бұзбайды. Қыр-ғыз тілінің ош говорында *қатыраң* ³³.

Бұдан басқа *балаусы жапырақ, жер бұршақ, жылан қияқ, чырыш және у шөптердің түріне байланысты көк бас чытыр, жоңышқа чытыр, сары бас чытыр, қызғал-тақ чытыр*; кейбір ағаш аттарына байланысты *ақ дүз-ген, балтасап, ақчелек, тораңғы* сияқты сөздер қолданы-лады.

Сол секілді Шу бойы тұрғындары тілінде құс атта-рын білдіретін *наурызөк* (көкала құс), *мыки* (қырғидың бір түрі). Қырғыздың тілінде *мықи* (Кир.-рус. сл., 311), *тартынақ* (құстың бір түрі), *сақсұр* (үйрек), *чүпек* (қыр-ғидың еркегі), *құрқылтай* (таулы жерде болатын құстың түрі), *қасқалтақ* . (бұты ұзын суда жүретін құс) сияқты сөздер қолданылады.

³³ Г. Б а к и н о в а. Кыргыз тилинин Ош говорлары. Фрунзе, 1956, 92-бет.

Жер бетінің бедеріне, табиғат құбылыстарына байланысты айтылатын сөздер

Айтұлы жел — қаттырақ соққан жел. Көктемде *айтулы жел* соғып жерді тез кептіреді. Шала қазақтар тілінде *қату чамал* болып айтылады.

Алағаншық — суық жел. Бізде құншығыстан соққан желді *алағаншық* дейді. *Алағаншық соққанда күн суытады*. Шала қазақтар тілінде *ақ ечки* деп айтады.

Алтын күрең//алтын күрек — көктемдегі март айындағы қара түнек бұлт. *Алтын күрең келмей қар кетпейді. Алтын күреңде қар көп ериді*. Шала қазақтар тілінде *қара гілең*.

Апайтөс — таудың біткен жеріндегі тегістік. *Апайтөстен биігірегін бөктер деп атайды бізде*.

Бастау — бұлақтың ақпайтын түрі. *Бастау қораның қақ ортасында*.

Батпақ садыра — жердің миы шығып жатқан кезі. Осы *батпақ садырада қайда барасың*.

Бұрқақ — күннің бір ашылып, бір жауып тұруы.

Дем — ыстық. *Биыл жазда дем болды*.

Дайра — дария. *Ірім үлкен өзенде — Чу, Іле секілді дайрада болады*.

Екпінді ақ су — тау суы. *Екпінді ақ сумен егінді тез суғаруға болады*.

Жел сәуір — жаңбыр жаумай желдетіп өте шыққан бұлт. *Жел сәуірде ауа райы жаман болады*.

Зау тас — құз, шың. *Асты чыңырау зау тас, сонда бір қара ала, бір сары ала бүркіт ұшып жүр екен*.

Зәк//ыза — дым, сыз. *Үйдің еденіне шлэк төксе, зак өтпейді*. Алматы облысының Шелек ауданында *зай*. Маңғыстау говорында *баз*.

Кері — тау бөктері, төскей. *Біз ой Ботпайымыз, олар кер Ботпайы деп аталады*.

Керімсал — 1. Күннің біресе ыстық, біресе суық болуы. 2. Ыстық жел, аңызақ. *Мен сорлыға күйігін тарттырғалы, тоқтатты соғып тұрған керімсалды* (фольк.).

Мекия — сахара, ен дала. *Біз мекияның даласында жүрміз*.

Маң дала//паң сардала — ұшы-қиыры жоқ тегістік. *Паң сардала жер бауыры жазығып кетті ғой, ұйқымыз келіп жалығып кеттік қой*. *кел чауып жер*

тәнәбін қуырып алалық. Шала қазақтар тілінде қың дала.

Жер сауырын көрді де
Қоныстансаң болар деп
Маң дала ен су байсалды (фольк.).

Т а т ы — сортаң жер. *Бүйер жердің, т а т ы с ы ғой.*

Т е г д і р — тау басындағы тегістік жер. Бұл сөз *тектұр, тектір* түрінде де айтылады. *Олар Арп а т е к т і р деген жерде тұрады. Қырғыз тілінде тектір* (Қир.-рус. сл., 494).

Т ұ м а — аса ұзап ақпайтын қайнар.

Б а т а с — орманды, тікенді жер. *Б а т а с т ы жерде балдар түгіл, үлкен кісі зорға жүреді.*

Ч а ғ ы р л а у — тасты жер, шағыр.

Ч а м а л // ш а м а л — жел (ақырын да, қатты да соғатын жел). Алматы облысының кейбір жерлерінде *самал жел* — жай, баяу соғатын жел. Қырғыз тілінде *шамал* — қатты жел.

Ч ы б ы р — қырқа, тасы жоқ, суы жоқ сай-сай болып келген жер.

Қ о й қ о с а қ — кемпірқосақ. Орынбор қазақтарында — *зират көпір.*

Қ у р а й // қ о п а — қамыстың қалың шыққан жері.

Қ ұ й ы — 1. Шұңқыр, құз. *Артында бір құйы сай тұр екен.* 2. Судың терең жері, иірім, жылым. *Аспара мен Қорағатының құйысы көп.*

Ө л п е ң — ыстық, қапырық. *Күн өлпең болса, бызау жидеге кіріп кетеді.*

Қ о б ы — екі белдің арасындағы өзек. Маңғыстау говорында *қобыс.*

Қ о қ т ы — жылғалы, сайлы жер.

Т ү л е й — құм арасындағы сексеуілді, бұталы жер.

Уақытқа, жыл мезгіліне байланысты сөздер

Жыл аттарын он екі хайуан атымен атау, мүшел қайыру қазақ тілінің барлық говорларында да бірдей. Бұл жағынан алғанда зерттеліп отырған говорда ешқандай айырмашылық жоқ. Мұндағы өзгешелік — ай аттарының аталуында.

Шу говорында *екі ағайынды* (январь), *наурыз* (февраль), *көкек* (март), *мамыр* (апрель), *маусын* (май), *сары атан* (июнь), *чілде* (июль), *тамыз* (август), *қырық*

үйек (сентябрь), мизам (октябрь), қараша қауыс (ноябрь), қаңтар (декабрь) сияқты ескіше ай аттары айтылады. Бұл атаулар Мойынқұм, Луговой, Мерке, Қордай аудандарындағы Сиқым, Шымыр, Жаныс, Шақшам руларын және Алматы облысының Еңбекшіқазақ, Шелек т. б. аудандарындағы тұрғындар тілінде қолданылады. Бірақ осы говорға кіретін кейбір жерлерде (Шу ауданы Жданов колхозындағы Ботбай руы мен Қордай ауданы, Күнбатыс колхозындағы Қаңылы руында) июньнен ноябрьге дейін ай аттарында біраз өзгерістер бар.

Мойынқұм	Қордай	Шу
сары атан — июнь чілде — июль	чілде тамыз	чілде сарша тамыз
тамыз — август	қырық үйек, мизам	қырық үйек, мизам
қырық үйек — сентябрь мизам — октябрь қараша қауыс — ноябрь	қазан, ақрап қараша қауыс жел тоқсан	қазан қараша жел тоқсан

Осымен қатар зерттеліп отырған говордағы тұрғындар тілінде ай аттарын *тоғыс* деп те (бір тоғыстан жиырма үш тоғысқа дейін) атайды. Бұлар жоғарыда көрсетілген ай аттарынан гөрі көбірек қолданылады. Айды үркер мен айдың қатар келуіне, тоғысуына қарай атау қырғыз тілінің шатқал³⁴, талас³⁵ говорларында да кездеседі. Қырғыз тілінде де «*Бір тоғол, үч тоғол...*» деп ат қойған. Бұл жағынан алғанда ай аттарының аталуы қырғыз тіліне бейімдеу келеді.

Шу говоры	Қырғыз тілінің Шатқал, Талас говоры	Жаңаша ай аттары
жиырма үш тоғыс (июнь)	жыйырма үч тоғол	февраль

³⁴ Э. Абдуллаев. Кыргыз тилинин чаткал говору. Фрунзе, 1956, 73-бет.

³⁵ Т. Ахматов. Кыргыз тилинин талас говору. Фрунзе, 1959, 78-бет.

жиырма бір * (июль)	жыйырма бір —>—	март
он тоғыз * (август)	он тоғус —>—	апрель
он жеті * (сентябрь)	он жети тогол	май
он бес * (октябрь)	он беш —>—	июнь
он үч * (ноябрь)	он үч —>—	июль
он бір * (декабрь)	он бір —>—	август
тоғыз * (январь)	тоғуз —>—	сентябрь
жеті * (февраль)	жети —>—	октябрь
бес —>— (март)	беш тогол	ноябрь
үш —>— (апрель)	үч —>—	декабрь
бір —>— (май)	бир тогол	январь

Говордағы жыл мезгіліне байланысты атауларды Қазақстанның басқа жерлерінен жиналған материалдармен салыстырсақ, көптеген айырмашылықтарды көруге болады. Олар мыналар:

Шу говорында	Көкшетау обл. (Қызылту ауд.)	Ақтөбе Гурьев обл.	Жаңаша ай аттары
тоғыз тоғыз//екі ағайын- ды	ақпан	дәлу//тен- тек дәлу	январь
жеті тоғыз//науырыз	науырыз	үш құт	февраль
бес тоғыз//көкек	отамалы	амал//науы- рыз	март
үш тоғыз//мамыр	сарыатан//сә- уір	сәуір	апрель
бір тоғыз//маусым	көкек	сарыатан	май
жиырма үш тоғыз//са- рыатан	шілде	зауза	июнь
жиырма бір тоғыз//чілде	тамыз	әсет	июль
он тоғыз тоғыз//тамыз	сүмбіле//қырық үйек	мизам	август
он жеті тоғыз//қырық үйек	қазан	сүмбіле	сентябрь
он бес тоғыз//мизам	қараша	акрап	октябрь
он үш тоғыз//қараша қауыс	жел тоқсан//же- ті тоқсан	қауыс	ноябрь
он бір тоғыз//қаңтар	қаңтар	жеді ³⁶	декабрь

³⁶ Бұл материал 1960 жылғы Ақтөбе облысындағы экспедиция материалдарынан алынды.

Туыстық атауларға, адамның әлеуметтік күйі мен дене мүшелеріне және ауру аттарына байланысты айтылатын сөздер

Ә п к е//ә к п е — а п а. Бұл — Дәлінің *ә к п е с і ғ ой кеп отырған*. Шу говорында кейде (Мерке, Шу аудандарында) *апа* сөзі де айтылады.

Е ж е — нағашы апасы. Бұл сөз Қырғызбен шектес Мерке, Қордай аудандарында қолданылады. Қырғыз тілінде *еже* — апа мағынасында (Кир.-рус. сл., 220).

Е л е т — туыс. *Батыр өзінің е л е т і м е н Іле бойында жүреді. Е л е т болған бес болыс қаңылы бар.*

Б а й е к е — аға. Бұл сөз де Мерке, Қордай, Луговой аудандарында айтылады. Қырғыз тілінің Чуй говорында *байке* ³⁷.

Т а й е ж е — нағашы апасы (шешесінің апа, сіңлілері). Мерке, Қордай, Луговой аудандарында айтылады. Қырғыз тілінде *тай еже* (Кир.-рус. сл., 476).

Т а й е к е — нағашы. *Т а й е к е ң к е (л)п қапты ғ ой.* Қырғыз тілінде *тайеке* (Кир.-рус. сл., 476).

Н е м е н е//ө т е ж а т — шөберенің баласы.

Т у а ж а т — неменеден туған бала. Шөберенің баласының баласы.

Ж ү р е ж а т — туажаттан туған бала. Өзінен санағанда алтыншы буын.

А қ т а я қ — шабарман, үзгір. *Күніге келеді а қ т а я қ, бірақ оны қайтарып жібереді.*

Ж ә к е н ш і — 1. Бітістіруші, жарастырушы, келісімге келтіруші; 2. Жәрдемші. *Бөлгіріктер Сыпатайдың ж ә к е н ш і с і ғ ой.*

Ж ә л д е т — бас кесер, дарға асқыш. *Әйелі хабарлан соң ж ә л д е т т е р жетіп келіпті.*

З е р г е к — зергер. *Ақындардың ұстазы, өлең өрнек үн берген. Сөздің з е р г е к ұстазы. Жаһанды шолып үлгерген (Жақ. Жан.).*

Ш а й ы р — ақын. *Шешеміз ш а й ы р екен. Біреу өлеңге ш а й ы р болады, мен ш а й ы р адам емеспін. Ш а й ы р л а р д ы ң жырын көп тыңдадым.*

Ч ә р м е н к е — жез өкше, жүргіш. Маңғыстау говорында *қимыр*.

³⁷ Г. Бакинов, С. Кондучалова, С. Сыдыков. Қырғыз тілінің чуй говору. Фрунзе, 1959, 81-бет.

Б а с п а — ангина, тамақ ауруы. *Б а с п а н ы қ а с ы қ-пен т. б. басып жазатын.*

К е з і к — сүзек. *Он бес жасымда кезік пен ауырдым.* Маңғыстау говорында *кезік* осы мағынада қолданылады.

Қ а д а қ — өкпе шаншып қан түкіретін ауру.

Қ а р ч ы ғ а — қабырғаның ең төменгісі. *Оқ қ а р ч ы ғ а н ы ң басынан тиіпті.*

Қ а р ы қ а б ы р ғ а — қаршығадан жоғарғы қабырға.

Қ ы л ғ ұ н а / қ ұ л ғ а н а — мойынға жара шығып іріңдеп жазылмайтын ауру. Ақтөбе облысының кейбір аудандарында *мысқыл*.

Қ а н қ ұ р т — тіс етінің ауруы. Алматы облысының кейбір аудандарында *қанқұрт*, Маңғыстау говорында *күкіржік*.

С а м а л / с а м а л ж е л — мұрынға жара түсіп, тамағы қаңсып ауыратын ауру. Ақтөбенің кейбір аудандарында *жел*, Орынбор қазақтарында *жел маңқа*.

С ү й е к а у р у — ревматизм. Маңғыстау говорында *омал*, Орынбор қазақтарында *қансарсу*.

Ы с ы т п а — безгек. *Бір жылы ысытпа мен ауырып әбден азаптандым.*

С а р [ы] б у ы н — бруцеллез (буын-буындары ісіп ауыратын ауру).

К і р н е — іш ауруы. *Ішінің кірнесі бар еді.*

К е с е л — сырқат, ауру. *Кеселі қиын екен-ау.*

Ч ұ р қ ы л т а й — өндірішekten төменгі, бұғанадан жоғарғы жер.

Ауру аттарына байланысты *қылча* (қызылша), *келте* (тиф) сияқты сөздер де қолданылады.

Абстракты ұғымды білдіретін сөздер

А л а п а — адамгершілік. *Біреудің алапасы асық, біреудікі кем болады.*

А с ы қ т ы қ — артық, артықтық. *Бұл Жиренченің асықтығы еді.*

А я р — айла, амал. *Табытты жерге тигізетін аяр істейді.*

Б а қ ы л л ы л ы қ — сараңдық. *Қарынбай қылып өткен бақыллылық, жолдастар, әлің келсе қыл сақылық.*

Бейқұтшылық — тыныштық. *Ілгеріде үш дүздің баласы бас қосып ұрыс-керісті тоқтатып, бейқұтшылыққа кірейік деген екен.*

Бешкеш — үлкендік. *«Бір ай жатып мәжіліс құрғанда жасымды бешкеш қылып мен, хандығыңды бешкеш қылып сен сәлем бермедің», — депті Есбол.*

Білдік — білім. *Менің білдігімше осылай болу керек.*

Дайын — дерек. *Екі туысқанымыз бар еді, солардан дайын да, хат-хабар да жоқ.*

Дәргәй — ниет. *Осыны мен оның дәргәйін сыйай деп істеп едім, — дейді.*

Дық — кек, көңіл кірі. *Дәм татыстық қой, екеуіміз дықсыз қайтамыз депті. Мынаның дықтысын қарашы.*

Діл — көңіл, ниет.

Тұшпандар қарғап жатыр ма
Содан ары өлгін деп.
Ақ еді ділім еліме
Жалынам тілек бергін деп.

Елгершілік — ымырашылдық. *Сіз елгершілікке кіріп кетіңіз ғой.*

Жырғал — қызық. *Чыныбай деген кісі дүз жасқа келгенде «сіз осы жасыңызда не жырғал көрдіңіз?» деп сұраған екен.*

Зінә — қылмыс, күнә. *Арақ ішіп зінә істемеу керек.*

Ила — әдіс, айла. *Көреген батырдың иласымен дұшпанын жеңген екен. Құстың адамынан кетпейтіндей иласы бар.*

Кемел — жақсылық. *Неден кемел тапқандығын білейін.*

Мият — тірек, көмек, жәрдем. *Мият, мияттың түбі ұят. Мият болсаң наданға, ұят іске кез қылар. Жақсының әсіл қайраты, халқының мият беліне (фольк.).*

Мідуаршылық — адамгершілік. *Кінә таппай келді де жарып салды, жолдасы мідуаршылық отай мекен (фольк.).*

Мәрттік — жомарттық. *Сен мәрттіктің ісін істемедің.*

Нәпі — жақсылық.

Біреуден көп-ақ жақсы сынасқанға
Жақсының нәпі тиер жанасқанға.
Әркімнің қылған ісі өзіне жөн
Түзу жол қисық келер адасқанға (фольк.).

Сақылық — жомарттық. Қарынбай қылып өткен бақыллылық жолдастар, әлің келсе қыл сақылық.

Тірлік — 1. Тіршілік. 2. Жұмыс. Алпысбай деген баланың тірлігі бар. Үйіне барып біраз тірлігін істеп кеттім. Ұрлықпен күн көру тірлік бола ма?

Тәшміш — шатақ, дау. Енді сенде не тәшміш і бар.

Ішқы//ышқы — іс, талап, өнер. Адамды бекер жүрген қарамаймын, Наданды ішқысы жоқ қаламаймын.

Қайбат — өтірік, өсек. Ұста туған қайбатқа, пәле сендей ағамнан.

Нәубет — кезек. Ұятып тігушіні өзі жатты, тұрғың деп нәубетіңе қарауылдап (фольк.).

Қалба — ұрыс, шатақ.

Көп қалба болды жанжал аралары
Бәрі ашық көңліндегі жаралары.
Жігіттің жаманы қалбада жүреді,
Аттың жақсысы дорбада жүреді (фольк.).

Қылапат — пәле, зорлық. Жігіттің жақсысы қаллы айтбайды, қылапат салмайды.

Қысас — өш, кек. Оның жарастырғаны жөн. одан қысас алу керек емес депті Бекболат.

Қың — кекесін, қырсық. Ондағы адамның сөзінің қыңы болады.

Құжыр — билік, әкімдік. Қыз ағасынан сол Айыпсопы барған чәріге бір ай құжыры н жүргізетін бастық етіп жіберуді сұрайды.

Әйлездік — бұзықтық.

Бойға біткен жалқаулық
Әйлездікке азғырар.
Әйлезден біткен кемшілік
Тұрмыста ерді аздырар (фольк.).

Әниса — уақиға. Осындай-осындай әниса болады.

Нәмі — аты, есімі. Қазір селсовет атына Ақтоған нәмі қалды. Оның бәрін менің нәміме жазба.

З а б ы н — ауыртпалық. *Бір күні үш дүздің баласындағы басты адамдар жиылып отырып «Біздің заманымыздағы осы сөздің з а б ы н ы кейінгі ұрпақтарға тимесін» депті.*

К е с і к — баға. *Сиырымның к е с і г і төрт мың сом.*

К е р і з — жоқшылық. *Қарамай дос, жар кетер алды-артына, Шөл дала сортаң болған к е р і з күнде (Жақ. Жан).*

М а р а — бәс. *Құдықтың түбінде м а р а тігесің бе,— деп таласып отыр.*

М а я н а — жалақы, айлық. *М а я н а ң қанча, балам? Ілгері кезде қарағат бойынша салынатын салықтың төрт сомын үкіметке береді де, үш сомын м а я н а ғ а тарататын. Қырғыз тілінде маяна — жалақы мағынасында (Қир.-рус. сл., 291).*

П е ш е н е — 1. Меншік. *П е ш е н е с і н е кесіліп берген жерге қауынды айдаймыз.* 2. Маңдай.

Ч е р н е у — төлей. *Ч е р н е у г е жазылғаны сол болғаны да.*

Ч ы л ж ы ң — қалжың. *Бір нәрсе айтсаң, ч ы л ж ы ң ғ а айналдырады.*

Қ а р а х а т — санақ, тізім. *Қ а р а х а т жүргізу керек.*

Ш ө п а у ы з — революциядан бұрынғы түтін салығы.

М ұ ғ д а р — шама. *Отыз қырық м ұ ғ д а р ы н д а ғ ы жігіт. Үш-төрт жылдық м ұ ғ д а р ы болып қалды жұмыс істемейді. Ел четіне жақындай м ұ ғ д а р ы он чақырымдай қалғанда тоқтап, алдымен болжайды.*

Ә д и с а — сұмдық, ғаламат. *Самұрық құстың анасы келіп өліп жатқан жыланды, ұйықтап жатқан баланы көріп бұл қандай ә д и с а деп таңданады.*

А й т ұ я қ — садақа. *Пітікей мінген боз атты а й т ұ я қ қ а беріпті.*

Өзге лексикалық топтарға жататын түрлі заттық атаулар

А м а л д а р — қызметкер, белсенді. *Ілгеріде датқаның көп а м а л д а р ы болатын.*

А р д о м — абақты. *А р д о м д а болғанда жазып алған екен. Жұмагелді а р д о м д а бірнеше жыл болып келді.*

Арза — арыз. *Бір арза жазғызып алайын.*

Аужар — жар. *Ілгеріде аужар айтушы еді қыз ұзатарда.*

Ашна — 1. Көрші. *Ашнамыз үйінде болар, соны шақыралық. Ышқысы жоқ адаммен, ашна болма әнімен.* 2. Таныс адам.

Ақұй — тұтқын, кепіл (Ертеде жау шапқанда атақты, беделді бір кісісін ұстап қалып соның жеке басын саудалау); *Түске дейін жау чауып, түсте ақұйге Өтегенді ұстап қалып басын саудалайды.*

Бейқақ — әлем. *Он сегіз мың бейқағында әр түрлі ажайып бар.*

Бәсіре — біреуге арналған зат. *Осы лақты бәсіре қылып ал.*

Дегдір — салдың үстіндегі ағаш. *Салмынан әкелейатқанда су болмас үшін оны дегдірдің үстіне қояды екен.*

Дей — беталыс. *Олардың дейі жаман, жаман қып жүрмесін.*

Дере — ашалы ағаш. Қостанай облысының кейбір аудандарында *дере* — мал су ішетін науа.

Деркер — тірек, бел. *Алатаудай айбатты, Ата деркер жігітке. Ағар дария бұлақтай, Ана деркер жігітке. Алдындағы жол басшы, Аға деркер жігітке.*

Дәуір — жабу, жапқыш. *Боз тобыршақтың үстіне дәуір жапқан.*

Жаба — бүркітті ұстайтын шаңырақ сияқты құрал.

Жаңғыз қазық — тышқанның тік қазылған іні. *Аттар чауып келе жатып аяғын жаңғыз қазыққа тығып алып сындыратыны жиі кездеседі. Көкшетау қазақтарының тілінде тышқан қорық.*

Жандәсіл — бас кесер, жанкеспе. *Мынау сенің жаныңда жүрген жандәсіл көңілі келмеген күні басыңды қағып жүре береді депті.*

Жарна — сыңар, серік. *Саған да жарна табылып қалар.*

Жебе — тосқауыл. *Тескентоғанды қазғанда мына жерден су құлай берген соң жебе салады.*

Кент — қала. *Мерке өзбектің кенті ғой. Ноғайлар кент жұрты ғой қанча айтқанмен. Дулаттың жеті кенті аталған екен бұрын Көне ескерткіштерде М. Қашқари сөздігінде кәнд осы мағынада жұмсалған.*

К е п — сөз. *Жайлауда ашық болдым Разыға, тыңласам қызық к е п бар біраз мұнда. Батырда келсін деді еппен алып, Болар ма деді жалған к е п к е наньп.*

К ү з е р — сүрлеу жол. *Мұзға к ү з е р түсіп пе?*

К ә у і р — жау. *Ей сен немене, к ә у і р жаулап келіп пе ең? К ә у і р ғ е қарсы шығып күресті.*

М и қ ы — жаратылыс. *Ондағылардың м и қ ы с ы нашар, әңгіме білмейді.*

Н а м а — хат. *Кешікпей н а м а жазып жіберіңіз, ұрынып біреу сізді қинағандай. Қолында әркімнің бір н а м а с ы бар, н а м а соңынан келгеннің бағы ашылар.*

Т а ң ы л ч а қ — алба-жұлба киім. *Үстіне т а ң ы л ч а ғ ы н тартып жүр. Қырғыз тілінде таңылчақ (Кир.-рус. сл., 483).*

Ч ы р а л ж ы н — бопыр-сопыр. *Жеріне болжал қылған кеп қалар деп, Ер Бапаң бұғып жатты ч ы р а л ж ы н д а. Жын-шайтан мекен еткен ч ы р а л ж ы н д ы, жайлауды сонан қайтып көргенім жоқ.*

Ә л е м — шүберек. *Ағаштың басына ә л е м байлапты.*

Ә ң г е л — көңілдес кісі. *Баяғыда бір жалғыз жігіттің сұлу әйелінің бір ә ң г е л і болыпты.*

Адамның түрлі рухани физикалық қасиетіне байланысты сөздер

А н а й ы — 1. Оқымаған қараңғы (адам). *Әкеңіз а н а й ы адам еді, сол сияқты болма деп маған ұрса бастады. А н а й ы адам жұмыстың пайда, залалын білмейді. 2. Дәрекі, тәрбиесіз. Ей, мынау не деген а н а й ы бала еді.*

А қ у а — ақымақ. *А қ у а адам бейпарық, сөйлейді сөзін баланың.*

Б а б ы р а қ — тұрақсыз, әр нәрсенің басын бір шалатын адам. *Шала қазақтардың сөйлеу тілінде бабыр болып айтылады.*

Б а қ ы л — сараң. *Қылмаған әлім-берім б а қ ы л л а р д а н, өзіндей нәкус бала туылады.*

Е к і л — жігерлі, қайратты. *Жас кезімде мен е к і л едім.*

Ж а н п о з ы — өте жақсы. *Ахмет ж а н п о з ы жігіт еді.*

К ө д ө к — 1. Пікірі жаман, арам ниетті (адам). *Есің болса сыр айтпа, жас нәрседей к ө д ө к к е.* 2. Мүсәпір.

Н а д а й ы — надан. *Біз өзіміз оқымаған н а д а й ы адамбыз, балам.*

Н ә к ү ш — пасық, қадір білмес. *Жириененің әкесі өлер кезінде баласына: «Н ә к ү ш к е қарыздар болма» деп ақыл үйретіпті.*

П і т і н і — айлакер, қу. *Ол бұрынғыдай емес, п і т і н і бола бастады.*

Қ а ғ ы л е з — ширақ, пысық. *Иманбайдың немересі қ а ғ ы л е з бала.*

С а р а м ж а л — сараң. *Талай с а р а м ж а л д ы балқытқан Сүйінбай мен боламын.*

С а р а ң — саңырау. *Қаттырақ айтпасаң естімейді, құлағы с а р а ң.*

С а қ ы — жомарт. *Ілгеріде Атымтай деген с а қ ы болған екен.*

Ш а й қ ы м а з а қ — күлдіргі. *Омар ш а й қ ы м а з а қ кісі екен.*

С ұ ң ғ ы л а — көп білетін, әр нәрседен хабары бар адам.

Қ о п а л — осал, бос. *Нұрғайып атқа қ о п а л екен. Мұнча қ о п а л туыпсың, атаң Қаблан бабаңнан.*

Қ ұ н ы қ — сараң. *Бұл тым қ ұ н ы қ адам.*

Ұ р т — дөрекі. *Біреу жатық, біреу ұ р т сөйлейді.*

Ә м б і — қараңғы, надан. *Біз өзіміз ә м б і адамбыз.*

Ә у л е к і — ақымақ, алаңғасар. *Бір ә у л е к і бала екен, айтқаныңды тыңдамайды.*

Д ә у — үлкен. *Д ә у ағашты кесті.* Бұл сөз Қарағанды облысының Шет ауданында *дөкей*, Батыс Қазақстанның кейбір аудадарында *нән* болып айтылады.

Е т к е л — етті, семіз: *Ерлі-байлы е т к е л кісі қайда екен деп келдің бе?*

З а р а д а й // з ә р е д е й — титтей.

Зарадай жазым болып қылдан тайса,

Алдымнан қожа-молда- ишан кетер.

Адамның базыны барып, базыны қалар,

Жауапты зәредейден ажыралар (фольк.).

К і д і — кіші, кішкентай. *Мұның өзі к і д і мал ғой.*

М ұ ч т ы м т а й — жұдырықтай. *М ұ ч т ы м т а й баланың артынан еріп келді.*

К ә т т ә — үлкен. *Осы біздің жүріп бара жатқан к ә т т ә жол аудан орталығына апарайды.*

Н э р е н ж е н — әлсіз, нәзік. *Баласы н э р е н ж е н болып туыпты.*

Ч о ң — үлкен. *Ч о ң врач қарап мені ауылға жіберді.*

Қ ұ б а — жұпыны. *Адамдары қ ұ б а киінеді екен.*

Түрлі сапалық белгілерді көрсететін сөздер

Е н д е г е й — мол, егін-тегін. *Піспектің е н д е г е й егін жейміз де, қымыз ішіп кім март деп таласамыз.*

Ж а з а ң — жазық. *Қалбағайлы болғанда бел омыртқасы ж а з а ң болып келеді.*

Ж а й б а т — жазық. *Судың аңау ж а й б а т жеріне түселік.*

Ж а п а н — жабайы. *Осы жерде ж а п а н жиде бар. Қырғыз тілінде жапан сөзі осы мағынада қолданылады (Қир.-рус. сл., 160).*

З а м қ а р — биік.

Құлдилап ағып сүзілген.

Құралып таудың қайнары

Сақтаған қарды залқары

Көшкін басқан сайлары (Жақ. Жан.).

К е м б а ғ а л — кемтар, ауру-сырқаулы (адам). *Қырғыз тілінде кембағал сөзі кедей мағынасында қолданылады (Қир.-рус. сл., 252).*

К ү р д е л і — 1. Негізгі. *Қазір кү р д е л і сабақ еді.*
2. Қалың. *К ү р д е л і жерінен бір машине сексеуіл түсіріп алсаң жетеді ғой.*

К ә с і п к і — арнаулы. *Олардың бұрыннан чашын алғызып жүрген к ә с і п к і чаштаразысы бар.*

М і н ә с ә р л і — жарасымды, лайықты. *Мынау сізге м і н ә с ә р л і ұстара екен.*

С а л д а р л ы — үлгілі, төжірибелі. *Мен с а л д а р л ы ұста емеспін. Бұл маңайда с а л д а р л ы ақын жоқ. С а л д а р л ы нәрсе үшін азаптануың керек.*

С ы п а — кішіпейіл; *Менің мына балам с ы п а болады екен. С ы п а да көп сөз болмайды. Әдеби тілдегі осымен түбірлес сыпайы сөзі «әдепті», «ибадатты» деген*

ұғымды білдіреді ³⁸. Көрші қырғыз тіліндегі *сыпаа, сыпайы* сөздері осы мағынада жұмсалады ³⁹.

Т а т ы — нашар. *Бұл жерде астық шықпайды, жердің т а т ы с ы ғой. Қазанаттың баласы, т а т ы келер қисаңдап.*

Т ы м с а л ы — үлгілі. *Т ы м с а л ы болатын сөздер бізде аз. Әр сөзімнің т ы м с а л ы, тыңлағанға осындай.*

Лексика-семантикалық ерекшеліктер

Мағыналық жағынан алып қарағанда Шу говорында айтылатын кейбір сөздерді әдеби тілмен немесе басқа говорлармен салыстырып қарағанда, айтылуы бір болғанмен беретін мағыналары әр түрлі лексика-семантикалық материалдар да жоқ емес. Бұлардың бірқатары сөздің әдеби тілдегі мағынасын кеңейтіп, бұрынғы мағынасын айқындай түседі. Мысалы, сұрау ⁴⁰ сөзі әдеби тілде сұрақ, тілек мағынасында қолданылса, говорда осымен қатар ел билеу, өкімін жүргізу деген мағынада да айтылады.

Ал кейбір сөздер құрамы әрі мағынасы жағынан әдеби тіл мен Шу говорында бірдей айтылғанымен, қазақ тілінің басқа говорларымен салыстырғанда мағыналық жағынан біраз айырмашылықтары байқалады. Мысалы, әдеби тілде де, Шу говорында да *ерсі* сөзі «Істеген ісің ерсі, ерсі сөз сөйлеме» дегендегі істің теріс екендігін, жағымсыз екендігін білдіреді. Бұл сөз Шығыс Қазақстан облысының Күршім, Зайсан ⁴¹, Семей облысының Көкпекті, Ақсуат аудандары ⁴² мен Қарағанды облысының кейбір жерлеріндегі тұрғындар тілінде *аса, өте, тым* деген мағынада қолданылады: *Ол е р с і жақсы кісі* (ол өте жақсы кісі). *Бүгін қымызың е р с і екен* (қымызың өте жақсы екен). Сондай-ақ говорда *леген* сөзі ет салатын жайпақ табақ немесе поднос мағынасын

³⁸ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2-т. Алматы, 1961, 304-бет.

³⁹ К. К. Ю д а х и н. Киргизско-русский словарь. М., 1940, 459-бет.

⁴⁰ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2-т., Алматы, 1961, 286-бет.

⁴¹ Ж. Д о с қ а р а е в. Аталған еңбек. Алматы, 1951, 51-бет.

⁴² Ж. Б о л а т о в. Семей облысы Көкпекті, Ақсуат аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер туралы. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 3-шығы. Алматы, 1960, 99-бет.

да айтылса, Алматы облысының кейбір жерлерінде және Көкшетау⁴³ облысындағы тұрғындар тілінде шылап-шың, тазик мағынасында қолданылады. Осыған орай лексиканың бұл саласын: «Говордағы лексико-семантикалық ерекшеліктер мен әдеби тілде бірдей айтылып говордағы қосымша мағынасы бар сөздер және «Шу гово-ры мен қазақ тілінің басқа говорларында айтылуы бір, беретін мағынасы бөлек сөздер» деп екі топқа бөліп қарастыруды жөн көрдік.

Әдеби тіл мен говорда айтылуы бір, бірақ говорда үстеме мағынаға ие бол-ған сөздер. Бұл топқа *арыс, айрықша, сұңғыла, қиын, ұйысу, өру* сияқты қосымша мағынасы бар сөз-дерді жатқызуға болады. Арыс әдеби тілде: 1. Арбаның арыс ағашы; 2. Алты арыс ел дегендегі ру, тайпа, бөлік және ауыспалы мағынада (қайран арысым, қамқорым дегендегі) азаматым деген ұғымда қолданылса⁴⁴, говор-да осыған қосымша сөз айтысы деген ұғымды білдіреді: *қанча арысқа түскен бала екен.*

Айрықша әдеби тілде ерекше, өзгеше⁴⁵ деген мағына-да қолданылады. Ал говорда бұған қосымша су жүре-тін арықтың тарап бөлінетін жері, *су айырымы* мағына-сында айтылады: *Айрықшаға дейін барып қайт-тым. Сұңғыла* әдеби тілде қу, залым (адам)⁴⁶ мағына-сында. Говорда І. Өсімдік аты, 2. Білімді, тоқығаны көп, ұғымтал адам мағынасында айтылады. *Қиын* әдеби тіл-де қиын іс дегенді, ауыр, күшті көп керек ететін ұғым-да айтылса⁴⁷, говорда оған қосымша іскер, мықты де-ген мағынада қолданылады: *Қиын жігіт екен.* Бұл сөздің айтылуы Шығыс Қазақстан және Алматы облыс-тарындағы⁴⁸ тұрғындар тілінде де кездеседі⁴⁹. *Ұйысу* әдеби тілде *шаш, жүн ұйысты* деген мағынада айтылса,

⁴³ Ш. Сарыбаев. Көкшетау облысы Щучинск, Еңбекшіл-дер аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі лексикалық ерекшеліктер. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәсе-лелері. Алматы, 1955, 3-шығуы, 60-бет.

⁴⁴ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 1 т., Алматы, 1959, 49-бет.

⁴⁵ Сонда, 22-бет.

⁴⁶ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2 т., Алматы, 1961, 282-бет.

⁴⁷ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2 т., Алматы, 1961, 52-бет.

⁴⁸ Ә. Құрышжанов. Нарынқол, Кеген аудандарында тұ-ратын қазақтардың тіліндегі кейбір жергілікті ерекшеліктер жө-нінде. Қазақ тіл білімі мәселелері. 1 т., Алматы, 1959, 52-бет.

⁴⁹ Ж. Досқараев, Ғ. Мұсабаев. Қазақ тілінің жер-гілікті ерекшеліктері. I б., 1954, 49-бет.

говорда оған қосымша ұйымдасу, бірігу мағынасында қолданылады:

Алғаш екі колхоз ұйысты
Десеңіз Шу ауданы қандай халі,
Ұйысқан 175 ферма малы (Жақ. Жан.).

Өру әдеби тілде шаш т. б. өруді және мал өрді дегендегі жайылу мағынасында қолданылса, говорда оған қосымша (үйдің қабырғасын) қалау мағынасында айтылады: *Үйдің астын ұсақ таспен өріп чығарған. Ұйысу, өру* сөздерінің Шу говорындағы осы айтылған мағыналары қазақ тілінің Арал⁵⁰ говорында да кездеседі. Бұдан басқа да көптеген сөздерді мысалға келтіруге болады:

Шу говорында	Әдеби тілде
<p>Мұқыл:</p> <p>1. Қысқа, келте деген мағынада</p> <p>2. Бәрі түгел: <i>Чімкенттің асты-үстің мұқыл Сикқым</i></p> <p>Сәт:</p> <p>1. Сегіз күн (мысалы: сенбі күні кетіп, келесі сенбі күні келуі. Сол келген күнін косса 8 күн болады).</p> <p>2. Уақыт, кез.</p> <p>3. Істің сәті түсті дегендегі сәт.</p> <p>Перен:</p> <p>1. Озат, алдыңғы (адам)</p> <p>2. Дәл тигіш мылтық</p> <p>Пешене:</p> <p>1. Меншік: <i>Пешенесіне келісіп берген жерге егеміз.</i></p> <p>2. Маңдай</p> <p>3. Бақыт, тәлей.</p>	<p>қысқа, келте деген мағынада⁵¹</p> <p>1. Уақыт, кез</p> <p>2. Істің сәті түсті дегендегі сәт мағынасында ғана айтылады⁵²</p> <p>Мылтықтың түрі⁵³</p> <p>Бақыт, тәлей мағынасында⁵⁴</p>

⁵⁰ Ғ. Қалиев. Арал говорының кейбір ерекшеліктері. Автореф. кан. дисс. (қолжазба).

⁵¹ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2-т., Алматы, 1961, 149-бет.

⁵² Бұл да сонда, 254-бет.

⁵³ Бұл да сонда, 216-бет.

⁵⁴ Бұл да сонда, 217-бет.

Чырын:

1. Тәтті: *чынын айтайын десе жан чырын.*
2. Тату. Чырын дос.
3. Мазмұнды, маңызды: *Ол әкесінің көптеген сөзін айтыпты, не деген чырын.*
4. Өсімдіктің шырыны

Еге:

1. Қожа, ие: *үйдің егесі келді*
2. Етістіктің бұйрық рай түрінде айтылуы

Егін:

1. Посев
2. Астық
3. Бидай: *бір қап егін сатып әкелді*

Қарақат:

1. Өсімдік аты
2. Санақ, тізім.

Қары:

1. Кәрі: қары адам
2. Бел ағаш, мәтке: *тамға қары сатып алдым*
3. Ұры-қары дегендегі қары
4. Қолдың қары

Қам:

1. Шикі, піспеген: *қам дарбыз екен*
2. Қамқоршылық мағынасында айтылады: *көпшіліктің қамы үшін*

Ұрық:

1. Ру: *қай ұрықсың?*
2. Дән, тұқым
3. Жұмыртқа мағынасында

Құйы:

1. Шұңқыр, құз: *артында бір құйы сай тұр екен*
2. Судың терең жері, иірімі
3. Білімді, көп білетін (адам).

өсімдіктің шырыны ⁵⁵

Етістіктің бұйрық рай түрі ғана қолданылады

Дәнді дақыл мағынасында ⁵⁶

Өсімдік аты ⁵⁷

1. Ұры-қары дегендегі қары
2. Қолдың қары ⁵⁸

Екінші мағынасы қолданылады ⁵⁹

Дән, тұқым (қауын, қарбыз т. б.)

⁵⁵ Бұл да сонда, 510-бет.

⁵⁶ Бұл да сонда, 1959, 1-т., 182-бет.

⁵⁷ Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 2 т., Алматы, 1961, 38-бет.

⁵⁸ Бұл да сонда, 43-бет.

⁵⁹ Бұл да сонда, 29-бет.

Айтылуы бір, бірақ қазақ тілінің говорларында әр түрлі мағынада қолданылатын сөздер. Бұл топқа енген сөздердің бірқатары басқа говорларда айтылғанда мағынасы жағынан жақын (бастырма, қысқаш), бір тектес зат атауы болса, бірқатары (маяна, қау, қамба) әр тектес зат атауларын білдіретін сөздер. Говордағы *бастырма* сөзі үй алдындағы жан-жағы ашық, төбесі жабық көлеңке мағынасында қолданылса, бұл сөз Арал говорында жер үйдің бір түрін білдіреді. *Қысқаш* деп Шуда *шоқ қысқыш*, *от алғыш* шымшуырды айтады. Орынбор қазақтарының тілінде *атауыз* (орысша тиски), ал Арал говорында *кемпірауыз*, *тістеуік* мағынасында қолданылады.

Говорда *маяна* сөзі жалақы, еңбекақы мағынасында. Мақтааралдағы тұрғындар тілінде *скирда*, *мая*, *үйілген шөп* деген ұғымда жұмсалады. *Қау* — говорда су орган жер. Мақтааралда — *қақпа*, Қарағанды облысының Шет ауданында қалың шыққан шөп мағынасында айтылады. *Қамба* говорда астық қоятын қойма. Қызылорданың кейбір аудандарында кірпіш құю үшін жасалған шұқыр.

Осы тәріздес дыбыстың құрамы жағынан Шу гово-рымен бірдей болып келетін біраз сөздер Ақтөбе, Орынбор қазақтарының тілінде басқа мағынада жұмсалады:

Шу говорындағы мағынасы	Ақтөбе, Орынбор облыс. мағынасы
<p>Бел ағаш: арбаның артқы және алдыңғы деңгелегін байла-ныстыратын ағаш Ыңыршақ: ашамай</p>	<p>Деңгелекке еткізетін ось ағаш, темір арбаға ат жеккенде аттың белінде тұратын ершік (ор. <i>седелка</i>)</p>
<p>Шыбыртқы: салт қамшы, ат қамшы Ұстақан: етті сүйегімен беру Быламық талқаннан жасалған қою көже Көмбеш: табаға пісірген нан</p>	<p>ұзық қамшы, арба қамшы бас сүйек құйқасын бөліп беру ұннан сұйық етіп жасалған сусын печкадағы листыға пісірген булқа нан</p>

Шөмеле:
үйілген шөп

Пиала:
кесе, шай кесе
Көпшік
ер үстіндегі арасына кыл,
жүн салған жастықша

ат тырмамен жиналған,
әлі шөмелеге салынба-
ған шөп
стакан

бір кісілік жастық

Кейбір сөздердің әр түрлі мағынада қолданылуы Шу говорына жақын Алматы облысының тұрғындары тілінде де ұшырайды. Говорда *чоқай* деп сыртына ешкі терісін қаптап қолдан басқан киіз байпақ немесе киіздің өзін сырып жасаған аяқ киімді айтады. Алматы облысының кейбір жерлерінде *чоқай* — өгіз, жылқы терісінен жасалған көбінесе аңшылар киетін аяқ киім. *Дөдеге* говорда және Қазақстанның көптеген жерлерінде киіз үйдегі керегенің басынан жүргізілген өрнек. Осы сөз Алматы облысының Ақсу ауданында үйдің үстіңгі жиегіне салатын бума қамыс.

Шу говорындағы бірқатар сөздер Қарағанды облысының Шет ауданындағы тұрғындар тілінде басқа мағынада қолданылады. *Бақыр* говорда шелек деген сөздің синонимі ретінде айтылса, Шет ауданында бұл сөз *қол бақыр*, *бақыраш* орнына қолданылады. *Зімбіл* деп говорда және Қазақстанның оңтүстік облыстарында носилканы айтса, Шет ауданында ауыспалы мағынада жұмсалып *мықты*, *төртбақ келген адам* деген ұғымда айтылады. Сондай-ақ говордағы *тақия* сөзі Шет ауданында *бөрік* мағынасында қолданылады.

Семей облысының Абай, Шұбартау, Көкпекті, Ақсуат аудандарындағы тұрғындар тілінде де зерттеліп тұрған говормен салыстырғанда басқа мағынада бірқатар сөздер кездеседі. Говорда *шаттауық* деп темір ұстасының құралын (ор. *тиски*) айтады. Бұл сөз Семейде теріні жұмсартатын *талқы* мағынасында жұмсалады. *Шелпек* — говорда майға пісірген жұқа нан. Семейде — етке салатын жұқа нан. *Ақтық* — говорда бидай, арпа, сұлы т. б. дәнді дақылдарды егетін жер болса, Семей облысында қырда өсетін шөп. *Көктік* — говорда бақша егістігіне арналған жер. Семей облысында сайда өсетін

өлең шөп мағынасында қолданылады. *Күлше* — говорда табаға пісірген дөңгелек нан. Семей облысының Көкпекті, Ақсуат аудандарында *күлше* деп жіпке тізбектеп өткізген құртты айтады.

Мағынасы басқа, айтылуы бір осы типтес сөздерді Көкшетау облысының кейбір аудандарындағы тұрғындар тілінде де кездеседі. Мысалы, *оппа* деп Шу бойы тұрғындары суды көп жұтатын жерді айтады. Көкшетаудың кейбір аудандарында бұл сөз қоян т. б. ұстауға арналып жасалған мұзды шұқыр мағынасында жұмсалады. Говорда *атала* — сұйық тамақ мағынасында. Ал салыстырып отырған жерде сорпаға қосқан айран, ақ сорпа ұғымында кездеседі. Сондай-ақ Шу бойында шелектің орнына жұмсалатын *бақыр* сөзі, Көкшетаудың кейбір жерінде *үлкен қазан*, атқа шөп салатын жерді білдіретін *ақыр* сөзі кірпіш құю үшін қазылған шұқыр мағынасында жұмсалады.

Айтылуы бір, мағынасы әр түрлі сөздердің бірқатары Қызылорда, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарының кейбір жерлеріндегі тұрғындар тілінде де ұшырайды. Говорда *тоған* сөзі үлкен арық, канал мағынасында айтылса, Қызылорда, Қарағанды облыстарындағы тұрғындарда суға салынған бөгет. *Қымыран* деп Шуда және Алматы облысының кейбір аудандарында қымызға араластырған сиыр сүті мен суды айтады. Бұл сөз Маңғыстау қазақтарында ашыған көже⁶⁰, Көкшетаудың Қызылту ауданында айранға қосқан су, шалап, Қызылорда облысындағы тұрғындар тілінде шуват мағынасында қолданылады. *Жаулық* деп говорда орамалды айтады. Бұл сөз Көкшетау облысының кейбір жерлерінде кимешек мағынасында, ал Ақтөбе, Орынбор облыстарындағы тұрғындар тілінде шаршы, күндік мағынасында қолданылады. *Баспақ* сөзі говорда қой етінің қарайып ауыруы мағынасында. Көкшетауда қой етінің арық болуын айтады. Қызылорда облысында бір жасар бұзау мағынасында қолданылады. *Қамба* деп Шу бойында және Алматы облысының кейбір аудандарында — *қойманы*, *складтарды* айтса, Арал маңындағы тұрғындарда балшық илейтін шұ-

⁶⁰ С. О м а р б е к о в. Маңғыстау қазақтарының тіліндегі кейбір диалектілік ерекшеліктер. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері, 3-шығуы. Алматы, 1960, 232-бет.

қырды ⁶¹ айтады. Қарағанды облысының Шет ауданында ойып алған тезек мағынасында қолданылады. *Қарма* говорда қуырған бидай, жүгерінің диірменге тартылған түрі. Қызылорда облысының кейбір жерлерінде балықтан жасалған тамақ ⁶², Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарындағы тұрғындар тілінде *қарма* — қазанға қарып пісірген нан ⁶³ мағынасында қолданылады.

Говордағы және Қазақстанның оңтүстік облыстарында көбірек айтылатын *там* (үй), *сым* (шалбар) сөздері Батыс Қазақстан және солтүстік облыстарында *там* — қабір үстіндегі қорған, *сым* — тек қана жіңішке темір мағынасында қолданылады.

Басқа тілдерден енген сөздер

Зерттеп отырған Шу говорында басқа тілден енген сөздердің жиі кездесетінін көруге болады. Олардың бірқатары ертеден көрші болып келе жатқан қырғыз сөздері болса, бірқатары өзбек, ұйғыр тілінен енген сөздер. Ал бірқатары 19 ғасырдың ІІ жартысында кіре бастаған орыс сөздері. Говорда араб, парсы сөздері де бар. Бұлар да қазақтың өз ана тіліндегі сөздер сияқты өзгеріске ұшырап отырады. Бұл говордағы басқа тілден келген осы сияқты сөздер ондағы халықтың активті лексиконына айналып, өз лексиконымен бірдей қолданылады. Тіпті кейбір жағдайларда қазақтың төл сөзінен гөрі, басқа тілден енген сөздің басым қолданылатыны да байқалады. Мысалға мына төмендегі сөздерді келтіруге болады: әдеби тілде айтылып жүрген *үлкен* сөзі орнына *чот*; *қара бақыр*, *мыс тиын* орнына *чақа*; *төмен*, *нашар* орнына *пәс*; *ақша*, *қаражат* орнына *пұл*; *жоңышқа* орнына *беде*; *топса* орнына *ачық-мачық*; *табалдырық* орнына *жертабан*; *анда-санда* орнына *чан-*

⁶¹ Ж. Досқараев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері (лексика). ІІ бөлім. Алматы, 1955, 137-бет.

⁶² Н. Т. Сауранбаев. Диалекты в современном казахском языке, «Вопросы языкознания», № 5, 1955, 49-бет.

⁶³ Ж. Болатов. Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 2-шығы, Алматы, 137-бет.

да-чанда; қырқа орнына *чыбыр; лезде, демде* орнына *бір пәсте* болып келеді.

Басқа тілден енген сөздің жиі айтылуының нәтижесінде говордағы сөйлейтін қазақтар мынау парсы, мынау араб, мынау қырғыз сөзі деп саралап жатпай-ақ өз ойын түсіндіру үшін жалпыға бірдей лексикамен бірге қолдана береді. Әрине мұндай сөздер бірден активтеніп кете алмайды. Бұлардың кейбіреулері аз уақыттан кейін қолданудан шығып та қалады. Ал кейбіреулері күнделікті тұрмыста керекті заттың атын немесе абстракты ұғымды білдіретін сөздер болып, жиі қолданудың нәтижесінде актив лексикаға айналып кетеді.

Түркі тілдерінен енген сөздер. Жоғарыда беріліп отырған лексикалық ерекшеліктердің ішінде қазақ тіліне тән төл сөздермен қатар басқа да түркі тілдеріне қатысты (қырғыз, өзбек, ұйғыр т. б.) материалдар кездеседі. Бұл тілдер бір семьялы тілге жататындықтан көп сөздерді мынау қырғыз тілінен, мынау өзбек тілінен енді деп кесіп айту қиын. Дегенмен осы сөздердің кейбір тілдерде немесе говорларында көбірек қолданылуына қарап, басқа тілдерден енген деп топшылауға болатындар да бар.

Қазіргі қолда бар материалдарға қарағанда, Шу говорының лексикасында қырғыз тілімен айтылуы жағынан да, мағынасы жағынан да бірдей болып келетін көптеген сөздер кездеседі. Ондай сөздердің болуы заңды да.

Тарихи деректерге қарағанда қырғыздар ерте кезден бастап осы жерге келіп орналасқан. Олардың алғашқы бөлегінің келуі біздің жыл санауымыздан бұрынғы жүзінші жыл болса, негізгі көпшілігі 12—14 ғасырлар арасында болған. Ал қазақ халқының құрамына енген Үйсін, Дулат тайпалары да ертеден Іле, Шу арасында көшіп-қонып жүрген. XV ғасырдың орта кезінде Абулхайыр ханның қысымымен ығысып шыққан қазақтар Герей мен Жәнібектің басқаруымен Жетісудың бірқатар жеріне және Шу бойына көшіп қонады⁶⁴. Осыдан кейінгі кездерде қырғыз бен қазақтардың қарым-қатынасы күшейе бастайды. Кейінгі кезде Шу бойындағы Піспек, Тоқпақ сауда орындары ашылып, экономикалық жағынан тығыз байланысты болады.

⁶⁴ В. В. Бартольд. История культурной жизни Туркестана, Л., 1927, 114-бет.

Ертеден бірге көшіп-қонып, бір-бірімен қыз алысып, құда жегжат болып қарым-қатынас жасап келді. Көп уақытқа дейін бір административтік ортаға (Верный, Әулиеата және Піспек уезі) бағынды. Осындай жағдайлардың нәтижесінде көрші тілдердің бір-біріне әсер етіп, көптеген сөздердің енуіне жағдай туғызды⁶⁵.

Говордағы осындай сөздердің бірқатары қырғыз тілімен және қырғыз тілінің кейбір говорларымен дыбыстық құрамы жағынан айтылуы бірдей болады да, қазақ әдеби тілінің нормасынан ауытқитын сөздер: әдеби тілдегі *әйел, айналайын, онша, өлең, жәрдем, мирас, кәрі, ниғыл, піл, періште, пенде, ғашық, өкпе, түкпір*, сияқты сөздер Шу говорында қырғыз тіліндегідей *айал, анча, өлән, жардам, мырас, қары, пышыл, біл, беріште, бенде, ашық, өпке, түкпір* болып айтылады. Мұндай сөздердің санын көптеп келтіруге болады.

Бірқатары морфологиялық құрылысы жағынан (*жауынчыл, жесірчіл, жайлаулау, көшпенді, малсақ, ұйысу*) ұқсас болып келсе, ал енді бірқатары мағынасы жағынан да қырғыз тілімен бірдей болып, әдеби тілімізден ерекшеленетін сөздер: оларға ер-тұрманға байланысты *пыстан* (көрпе бастырғыш), *сару ер* (ердің бір түрі); туыстық атауға байланысты *еже//таеже* (нағашы апа), *таеке* (нағашы); үй құрылысына байланысты *боз үй* (киіз үй), *там* (тас үй), *чайла* (күрке), *қағылға* (киіз үйдің есігі); ыдыс-тамақ атауларына байланысты *көмбеч* (таба), *чық* (тұздық), *төп* (бозаның қалдығы), *чөбөрә* (сары майдың тортасы), *жұқпа* (тамақтың түрі); киім-кешекке байланысты *жуырқан* (көрпе), *седеп* (ақ түйме) және *чақа* (мыс тиын), *мықи* (құс түрі), *жырғау* (жетісу), *мұштау* (жұдырықтау), *маяна* (жалақы), *сарамжал* (саран), *саяпкер* (ат баптаушы); *чыбыр* (қырқа), *түніке* (қаңылтыр) сияқты сөздерді айтуға болады.

Говордағы тұрғындар тілінде қырғыз тілімен бірдей айтылатын *чанда біреу* — ілуде біреу, *абдан айбат* — әбден жақсы, *жадыдан көтерілу* — ұмыту, *жасын салу* — жасын көрсету, *мат қылу* — табалау, *жырғалға бату* — жетісу, *мерек болу* — мерекелі болу сияқты кейбір сөз тіркестері де кездеседі. Осы лексикалық ерекше-

⁶⁵ Көрші қырғыз, өзбек, ұйғыр тілдерімен ұқсас сөздер көп. Біз бұл жерде олардың бәріне тоқталып жатпай, біразын қамтыдық. Бұл сөздердің көбі лексиканың алғашқы тарауында салыстырылып берілген.

ліктердің ішінде сондағы тұрғындар тілінде қазақ тілінің баламасынан гөрі көбірек қолданылатын *боз үй* (киіз үй), *чақа* (мыс тиын), *маяна* (жалақы), *пыстан* (көрпе бастырғыш), *чыбыр* (қырқа) сияқты кейбір сөздер бар.

Жергілікті лексиканың құрамындағы басқа түркі тілдерімен түбірлес келетін сөздердің енді бір тобын өзбек тілімен ұқсас сөздер деп атауға болады. Ыдыс-аяқ түрлеріне байланысты: *пиала//пиалай* — шай кесе (өзбек тілінде *пиеала*)⁶⁶, *керсен* — үлкен табақ (корсон), *күзе* — тостаған (куза), *леген* — жайпақ табақ, тазик (лаган — поднос); ас, тамақ атауларына байланысты: *келімдәрі* — қызыл бұрыш (гармдору), *зуала* — етке салатын нан бөлігі (зувала), *ауқат* — ас, тамақ (овқат), *пәтір* — қазанға пісірген жұқа нан (патир), *устаған* — еті алынбаған сүйек (устухон); киім-кешек түрлеріне байланысты: *белдемче* — белтартқыш (белдемче), *байтаба* — аяққа орайтын жүннен тоқыған шұлғау (пайтаба), *бейқасам* — ала жол жібек мата (беқасам), *әлем* — шүберек, жалау (әлем); *седеп* — кішкене ақ түйме (седаф); құрал-жабдыққа байланысты: *байтесе* — ағаш шабатын құрал (пойтеше), *зімбіл* — носилке (замбил), *керней* — самауырынның трубасы (карнай); транспорт жабдықтарына байланысты: *жойынтұрық* (буйинтуруқ), *пыстан* — пыштан ердің үстіндегі көрпені бастырып тұратын қайыс (пуштан); үй және құрылысқа байланысты: *бастырма* — төбесі жабық, жан-жағы ашық жай (бостирма), *ұстын* — мәтке, бел ағаш (устун—тіреу мағынасында), *чайла—күрке* (чайла), *айванхана//дәліз* — есік алдындағы төбесі жабық жер, сенек (айванхана, даһлиз); егінге байланысты *алыс* — тоған (алиш), *атыз* — арықша (атиз); *арықша* (атиз) және бұдан басқа *шара-пара* — анау-мынау (шара-бара), *әшпәш* — әні-міні (аш-паш), *шылпара* — быт-шыт (чилпара), *мәре-бәс* (марра), *арзу* — тату тұру (арзимок), *кеп* — сөз (гап), *бемалал* — кедергісіз (бенолал), *мық* — шеге (мих), *сақы* — жомарт (сахит), *чақа* — мыс тиын (чақа) т. б. сөздер.

Сөздердің бір тілден екінші тілге ауысуы бұл сөздердің осы екі тілде ғана кездесіп, оларды бұлардан басқа тілдерде ұшырамайды деуге болмайды. Зерттеліп отыр-

⁶⁶ Жақшаның ішіндегі сөздер өзбек тілінің 1959 жылы Москвада шыққан «Узбекча-русча луғоттан» алынып отыр.

ған говордағы қырғыз, өзбек тілдерінен ауысқан сөздер жөнінде де осыны айтуға болады. Шу бойы қазақтарының тілінде өзбек тілінен келді деген сөздердің қатарынан саналатын жоғарыдағы *кембағал* (ауру-сырқаулы адам), *ұстаған* (сүйегі бар кесек ет) сияқты сөздерді біз қазіргі өзбек тілімен қатар ұйғыр тілінен де кездестіреміз.

Жергілікті лексиканың құрамында басқа түркі тілдерімен түбірлес, тұлғалас келетін сөздердің енді бір тобын ұйғыр тілінен келген сөздер деп атауға болады. Бұл топқа ат байлайтын ағашты білдіретін *мама* (ұйғырша мома), малға жем, шөп салатын орынды білдіретін *ақыр* (ұйғ. *окур*), мал жегеннен қалған шөптің ірісін білдіретін *кәшек* (ұйғ. *хәшәк*), қаптың ең үлкенін білдіретін *дағар* (ұйғ. тағар), көн теріден тігілген аяқ киімді білдіретін *чарық* (ұйғ. чорук), сырты терімен қапталған киіз етікті білдіретін *чоқай* (ұйғ. чоқай), кездеме түрін білдіретін *зақар ләмник* (ұйғ. ләмник), сол секілді *ұйысу* — ұйымдасу (ұйғ. уюшуш), *қиын мықты* — іскер мағынасында (ұйғ. қийин), *өстен* — тоған (ұйғ. остән), *манты қабак* (ұйғ. манты кова) сияқты көптеген сөздерді жатқызуға болады.

Араб-парсы тілдерінен енген сөздер. Говордағы аса бір көзге түсіп қазақ тілінің Солтүстік-Шығыс немесе батыс облыстарымен салыстырғанда бірқатар сөздердің осы оңтүстік облыстарда айтылып, басқа жерлерде ұшыраспауы. Ондай сөздерді *сыпыра*, *седен* (ақ түйме), *керней* (самауырынның тұрбасы), *дәліз*, *айуан* // *аюан-хана*, *асар* т. б. көптеген мысалдармен толықтыруға болады. Әрине, бұлардың көпшілігі, осы оңтүстік облыстармен көршілес өзбек, ұйғыр, қырғыз тілдерінде де ұшырайды. Осындай ерекшеліктердің болуын, осы көрші тілдер арқылы енуі мүмкін деумен қатар, зерттеліп отырған аймақта ертеден парсы тілдес халықтардың (соғдылардың) әсері болуы мүмкін деп айтуға болатын деректер де жоқ емес⁶⁷. 630 жылы Шу бойында болып өткен саяхатшылар Жетісуда соғдылардың көп болғанын және солармен бірге көшпелі халықтардың да отырықшы бола бастағанын баяндайды. Сондай-ақ орта ғасыр кезінде түркі тілдес халықтар иран тілдерін мең-

⁶⁷ Труды Семиреченской археологической экспедиции «Чуйская долина» материалы и исследования по археологии СССР, № 14, М. — Л., 1950, 71-бет.

гергені сонша, көптеген ақын-жазушылардың өзінің шығармаларын парсы тілдерінде жазғанын, кейбір термин сөздердің иран тілдерінен түркі тіліне еніп, ирандықтарда ондай сөздері кейін қолданылмай кеткені бізге тарихи материалдардан аян⁶⁸. Сол секілді археологиялық қазбаларда Шу бойында болған қалалар мен қорғандардан табылған көптеген сәндік бұйымдар мен ыдыстар т. б. заттардың болуына сүйене отырып А. Н. Бернштам осы жердегі халықтарға соғды мәдениетінің көп әсерінің болғанын көрсетеді. Сонымен бірге VI—VIII ғасырларда Жетісуда түркі тілдерімен қатар соғды тілдерінің де кең тарағанын баяндайды⁶⁹.

Осындай тарихи жағдайларда осы өңірді мекендеген қазіргі қазақ халқының құрамына кірген ертедегі біраз Үйсін, Дулат, Қаңылы т. б. тайпалардың тығыз қарым-қатынаста болып, бірқатар сөздердің сол кезден сақталып келуі мүмкін деп топшылауға болатын сияқты. Әрине, көпшілігі иран тіліне жататын тәжіктермен тығыз қарым-қатынаста болған өзбек т. б. тілдер арқылы енуі де мүмкін. Қалай болмасын Қазақстанның оңтүстік облыстарында кездесетін араб-парсы сөздерінің мол болу фактісі, осы өңірдегі тұрғындар тіліне араб-парсы тілдерінің едәуір әсері барлығын жоққа шығара алмайды.

Қазіргі кезде қазақ тілінің сөздік құрамындағы осы тілдің өзіне тән етене болып, сіңісіп кеткен бірқатар сөздердің араб-парсы сөздерімен төркіндес болып келгеніне қарағанда, кейде олардың араб-парсыдан түркі тілдеріне немесе керісінше, түркі тілдерінен ауысқанын ажырату қиын болатын сөздер де жоқ емес. Дегенмен олардың бірқатарын салыстырып басқа тілден енгенін білуге де болатын сияқты.

Араб-парсы тілінен енді деген сөздердің көпшілігі әдеби тілмен зерттеліп отырған говорға және қазақ тілінің басқа говорларына да ортақ. Ондай сөздердің ортақтық жайы белгілі болғандықтан, біз олардың бәрін санап жатпай-ақ, осы говорда көбірек айтылып, әдеби тілде және қазақ тілінің басқа говорларында жиі қол-

⁶⁸ В. В. Бартольд. История культурной жизни Туркестана. Л., 1927, 36-бет.

⁶⁹ Труды Семиреченской археологической экспедиции «Чуйская долина» материалы и исследования по археологии СССР, № 14. М. — Л., 1950, 80-бет.

данылмайды деген кейбір сөздерді салыстырып беруді мақұл көрдік.

Осы төменде беріліп отырған материалдан кейбір сөздердің араб-парсы тілдерінен гөрі басқаша мағынада қолданылатынына, ал кейбіреуінің қазақ тілі говорларының өзінде өзгешеленіп келетінін аңғаруға болады.

Шу говорында	парсы тілінде	орысша аудармасы ⁷⁰
зорат зембіл — носилка зиарат — зират	зоррат замбил зийарат	земледельческий корзина, сумка поломничество..., посе- щение
чалғам — редиска чырын — тәтті чича — шамның стекло- сы	шалғам ширин шиша	репа сладкий стекло
боқча — шүберек дорба пешене — 1. маңдай, 2. төлей	богчэ	упаковка — свертка
қамыр — тамаққа салу үшін жайылған нан деркер — тірек, керек дәсмәл — орамал десте — шабылған шелтің жалы дәліз — сене седеп — кішкене ақ түй- ме	пишины хамир даркар дастамал	лоб тесто нужный салфетка
араба — арба арыза//арза — арыз әлем — шүберек керней — самауырын- ның трубасы көзе — ағаш шелек кісе — белдікке қоса ті- гілген былғары дорба леген — 1. жайпақ табақ, 2. поднос мұштау — жұдырық мүкәмәл болу — таусы- лу	даста дәһлиз сәдәф араба аризә әләм кәрна кузә кисә ләгән мошт мокоммал	связка, пучок сени, прихожая пуговица тележка заявление знамя, флаг труба кувшин мешок таз кулак, горсть завершенный, закончен- ный

⁷⁰ Парсы тіліндегі сөздің транскрипциясы және орысша аудармасы, 1959 ж. Москвада шыққан «Карманный персидско-русский словарь»-дан алынып отыр.

мық — шеге	мих	гвоздь
нәл — етік өкшесіне қаратын темір	нал	подкова
айуанхана — кіре беріс, үй алдындағы төбесі жабық орын	айуан	терраса, веранда

Орыс тілінен енген сөздер. Әдетте говордағы орыс тілінен енген сөздерді баяндағанда, олардың қабыл алыну жолдарын әдеби тілдегіден бөліп қарауға болмайды. Қазіргі қазақтың әдеби тіліндегі ғылым мен техника салаларына, шаруашылық пен экономикаға т. б. байланысты қолданылып жүрген орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген терминдік мәні бар сөздер қазақ тілінің барлық говорларына да тән. Шу бойындағы тұрғындардың тіл ерекшеліктерін сөз еткенде де, осы жағдайлар ескерілетін жәйттардың бірі болмақ.

Орыс тілінен қабылданған сөздердің ену тарихын қазақ тілінің лексикасы жөнінде жазылған еңбектерге сүйене отыра, біз де екі кезеңге бөліп қарастырдық. Олардың бірқатары Октябрь революциясына дейінгі, ал көпшілігі революциядан кейінгі енген сөздер⁷¹.

Ұлы орыс халқы мен қазақ халқының экономикалық, шаруашылық, мәдени және саяси-әкімшілік жағынан болған қарым-қатынасы Октябрь революциясынан бұрын болды. Мұндай қатынастар XVIII ғасырдың басынан бастап күшейіп, өрістей бастайды. Ал Жетісу қазақтарының соның ішінде Шу бойындағы тұрғындардың орыстармен тікелей қарым-қатынас жасауы XIX ғасырдың екінші жартысы еді.

Шу бойы тұрғындарының тілінде кездесетін орыс тілінен енген сөздердің көпшілігі әдеби тілмен ұқсас, бірдей болып келумен бірге бірқатар сөздердің әдеби тілдің нормасынан ауытқитын жақтары да жоқ емес. Мұндай өзгешеленіп, түрленіп келу аға буындардың, егде адамдардың сөйлеу тілінде жиі ұшырайды. Ал кейінгі буындарда, мектеп оқушыларында әдеби тілдегідей қолданылып, орыс тіліндегі айтылуы да, жазылуы да өзгеріске түсе бермейді.

⁷¹ Г. Г. Мусабаяев. Современный казахский язык, лексика. Алма-Ата, 1959, стр. 47, 51.

Октябрь революциясына дейінгі орыс тілінен қабылданған сөздердің бәрін санап жатпай-ақ, солардың бір-нешеуін атап кету орынды. Олар ауыл шаруашылығына байланысты *божы* (ор. вожжи), *доға* (дуга), *қамыт* (хомут), *соқа* (соха), үй бұйымдарына байланысты *самауыр* (самовар), *чайнек* (чайник), *үстөл* (стол), *тәліңке* (тарелка); әкімшілік-саяси бөлінуге, ел басқаруға байланысты *болыс* (волость), *ойаз* (уезд), *бірістав* (пристав), *губырнатыр//жарым патча* (губернатор), *майыр* (майор) және бұдан басқа *кәртөшке* (картофель), *бөлке* (булка), *кереует* (кровать), *чот* (счет), *бешет* (печать), *діліграм* (телеграмма), *ләпкі* (лавка), *кәсек//кәшек* (косяк), *кемпірек* (камфорка), *чөңке* (чугун), *чәркей* (чулки), *болотной* (полотняный), *мәліскей* (польский), *қыш-мөшке* (восьмушка) т. б.

Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейінгі кезеңде орыс халқы мен қазақ халқының достық қарым-қатысы күшейді. Интернационалдық рухта тәрбиеленген совет халқының достық ынтымағы артып, ғасырлар бойы мешеу қалған қазақ халқының шаруашылығы, мәдениеті жаңа жолмен өркендеп өсе бастады. Марксизм-ленинизм шығармалары және орыс халқының бай әдебиеті қазақ тіліне аударылды. Осындай қазақ халқының тұрмысында болған көп жаңалықтарға байланысты қазақ ішінде жаңадан сөздер пайда болып, қазақ тілінің сөздік құрамын байытты. Қазақ тұрмысында бұрын таныс болмаған еңбек құралдарына, үй бұйымдарына, киім-кешекке, шаруашылыққа, ғылым мен техникаға және басқа әр түрлі жаңа ұғымдарға байланысты атаулар қазақ тілі лексикасында орнығып, көпшіліктің сөйлеу тілінде молырақ қолданылды. Бірақ бұл атаулардың қазақ сөзімен ғана берілмей, орыс тілінің бай лексикалық қоры да кеңірек пайдаланылды. Орыс тілінен енген сөздер ауызекі сөйлеу тілде түрлі фонетикалық өзгеріске ұшырап отырады. Бұл жағдай қазақ тілінің барлық говорларына тән құбылыс. Бірақ жазуда бәріне бірдей қабылданған тұрақты норма бар. Айтылуында аз да болса өзгеріске ұшырау, Шу бойы тұрғындары тілінде де кездеседі. Оған мысал ретінде ауыл шаруашылығына байланысты *қалқоз* (колхоз), *сапқоз* (совхоз), *біргәдір* (бригадир), *перме* (ферма), *із-*

бено (звено), *кембаин* (комбайн); ғылым-техникаға байланысты *сәмәлет* (самолет), *мәшине* (машина), *інженер* (инженер) т. б.; мәдени-ағарту істеріне байланысты *жорнал* (журнал), *кәзит* (газета), *құлұп* (клуб), *кәнсері* (концерт), *тиатр* (театр); өндіріс және сауда істеріне байланысты *пәбірік* (фабрика), *зауыт* (завод), *сентінер* (центнер); административтік бөлінуге байланысты *сел-сөвет* (сельсовет), *секлетар* (секретарь), *обылыс* (область); қоғамдық-саяси түсініктерді білдіретін *сәбет* (совет), *кәмүніс* (коммунист), *кәмсомол* (комсомол); соғыс және спорт істеріне байланысты *кәмәндір* (командир), *аптамат* (автомат), *түрнік* (турник), т. б. сияқты сөздерді келтіруге болады. Осы келтірілген сөздердің қазақ әдеби тілінің нормасынан дыбыстық жағынан аздап өзгеріске ұшырауы говордағы тұрғындардың бәріне тән емес, олар бірлі-жарым егде адамдардың ауызекі тілінде кездесетін ерекшеліктер.

Сөз тіркестері

Говорда жоғарыда көрсетілгендей жеке зат құбылыс атауларына байланысты материалдармен бірге сондағы тұрғындардың тілінде тұрақты сөз тіркестері де кездеседі.

Қазақ тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің құрамына енетін синтаксистік байланыс тәсілдері еркін сөз тіркестерінде байқалатын синтаксистік тәсілдерден онша аулақ кетпейді⁷². Тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы компоненттерінің аз-көбіне қарамастан жеке сөздер сияқты бір тұтас лексикалық мағынаның көрсеткіші ретінде жұмсалып, синтаксистік тұрғыдан бөлшектеуді көтермейді. Сондықтан да сөз тіркестерінің синтаксистік қатынастарынан гөрі мағыналық белгілеріне көңіл аударылғандықтан тіл білімпаздарының еңбектерінде олар лексикология мен лексикография төңірегінде қарастырылып жүр.

Говордағы кездесетін тұрақты сөз тіркестерінің мағыналық сипаты әр түрлі. Мағыналық жақтарында

⁷² С. К. Кенесбаев. О некоторых особенностях фразеологических единиц в казахском языке. «Известия АН КазССР, серия филологии и искусствоведения», 1954, вып. 1—2, 8-бет.

байқалатын кейбір айырмашылықтары мен ортақ белгілеріне қарай қазіргі лингвистикалық ілімдегі, орыс тілі жөніндегі зерттеулерде, тұрақты сөз тіркестеріне қолданылып жүрген топтастыру принциптерін негізге ала отырып, шартты түрде «білдіретін мағынасын құрамындағы сөздердің лексикалық мәні арқылы түсіндіруге болмайтын тіркестер» және «білдіретін мағынасына құрамындағы сөздердің лексикалық мәні белгілі дәрежеде қатысы болып келетін тіркестер» деп екі топқа жіктеп көрсетуге болады.

Білдіретін мағынасын құрамындағы сөздердің лексикалық мәні арқылы түсіндіруге болмайтын тіркестер. Бұл топтағы сөз тіркестерінің мағынасы оның құрамындағы жеке сөздердің лексикалық мәнімен қатысы болмайды. Құрамы жағынан алғанда, мұндай тіркестердің сыңарлары әрдайым түсінікті болып келе бермейді. Олардың бірқатары жеке алғанда түсінікті болғанмен, бірқатары түсініксіз болады. Осыған орай тіркестердің бұл тобы мынадай екі салаға жіктеледі:

а) Кей сыңарларының лексикалық мәні түсініксіз сөз тіркестер. Бұл топқа мынандай тіркестерді жатқызуға болады: *ада болу* — біту, таусылу. *Айта берсем табысты, а да болмас жөнім бар* (Жақ. Жан.); *айран қалу* — таң қалу; *ежіре қылу* — келісу; *жазаба тию* — қырсық шалу, бәлеге жолығу; *жора болу* — жолы болу; *жырғалға бату* — рахаттану, қызыққа бату, жетісу; *мелдек ату* — тойып тұру (бұл тіркес Орынбор қазақтарының тілінде шеңбірек ату болып айтылады); *мәмле ғып алу* — қарызға алу; *науат болу* — қырылу; *назары бәс болу* — ұялу; *нақа-нақа етіп жинау* — төкпей-шашпай жинау; *нұп болу* — болу, толу; *нәзім қылу* — мақтау; *нәйміт қалу* — құр қалу; *ояға жеткізу* — мақсатына жеткізу; *пірәдәр қылу* — серттесу; *пәрмәне болу* — құлшына қызмет ету; *таспаран ғып жабу* — тас қылып жабу; *тақана қылу* — мазақтау, күлкі қылу; *тәрекүл қылу* — үлестіру; *тұрмысқа чақан келу* — тұрмысқа бейім, икемді келу; *чекенелеп құю* — аздап, шақтап құю; *чылпарасын шығару* — быт-шытын шығару; *чырыштай боп отыру* — топталып отыру; *қалпы айту* — өтірік айту; *қамыры ашу* — жаны ашу; *қасам сөз* — жаман сөз; *қылды айран ғып күнелту* — өзімен өзі күн көру; *көңілі қышуақ болу* — риза болу; *қуса-*

ба болу — қайғыру, қамығу; ұқық қылу — жер аудару; үру-бару болу — түсінісу. Чанда біреу — анда-санда. Бұрын ч а н д а б і р е у б о (л) м а с а е г і н а й д а м а й т ы н . Бұл тіркестің баламасы ретінде Орал мен Ақтөбе облыстарының кейбір жерлерінде шығайда біреу, шыған тоғайда біреу, Алматы облысының кейбір аудандарында ілуде біреу сияқты тіркестер қолданылады. Диалектологиялық материалдарға қарағанда чанда сөзі Арал маңында (жаңбыр бұл жаққа чанда жауады) кездеседі ⁷³. Ал әдеби тілімізде бұл сөз жеке тұрып қолданылмайтын анда-санда деген қос сөздің түсініксіз екінші компоненті ретінде кездеседі. Ал көрші қырғыз тілінде чан-да сөзі жеке қолданылады ⁷⁴.

б) Сыңарларының лексикалық мәні айқын сөз тіркестері. Бұған мына төмендегі тіркестерді мысалға келтіруге болады. Бөрі тыңлаумен жүру — абайлап жүру, ақырын жүру, жатты жақын, жарды кешу қылып өту — сыйласумен өту, елік ауыз болу — ұйқаспау, қисыны кету, жасаңға шығару — теріске шығару, жіңішкелеп жіберу — жасырын жіберу, жасын салу — жасын көрсету (мен оған балаларымның жасын салып стөрепке бер деп едім); тақ болу, күл төгу — тегіс бас тарту (бидай т. б.), күн жебелеу — күн өткізу, көздің болатын салмау — сұқтанбау, мойнына түсу — қарыздану, назар тұту — көз салу, отқа итермеу — елеу, ескеру, суды жалдап келу — суды кешіп келу, тамам қылу — бітіру, аяқтау, тырпысын шығару — быт-шытын шығару. таң көрсетпеу — күн көрсетпеу (жас кезімізде біздің көшедегі балаларға олар таң көрсетпеуші еді), тиіп алу — малды айдап кету, ұры алу. Ілгергі кезде бір-бірінің малын тиіп алатын, тәннен шығу — ұмыту (қырғызша өлеңді көп білуші едім, тәннен чығып кетіпті), чайтанның освасына кірмеу — біреудің азғырғанына көнбеу, чет болу — ұятты болу, чыбық кесісу — серттесу, әсер бермеу — көңіл бөлмеу, зер салмау (Сарыбай деген ақын бар еді, өлеңді көп білетін. Жас болып көп әсер берген жоқпын), қауым қылу — мәжіліс қылу, қос айдау — жер жырту, егін айдау, құрсағы ауыру — жаны ашу, қынжылу (ата-екем жалғыз үй қалды деп

⁷³ Ж. Досқараев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Лексика. II бөлім. Алматы, 1955, 122-бет.

⁷⁴ К. К. Юдахин. Киргизско-русский словарь. М., 1940, 120-бет.

құрсағы ауыра бастады), қиярын қылу — жалдану (бұрын біреудің қиярын қылып күн көрдік), ұшпаққа ұшу — ұшпаққа шығу, өксікті болу — өкінішті болу.

Білдіретін мағынасына құрамындағы сөздердің лексикалық мәні белгілі дәрежеде қатысты болып келетін тіркестер. Бұл топтағы тіркестерден ұғынылатын мағына мен тіркес құрамындағы жеке сөздердің бірінің болмаса бірінің лексикалық мағынасы арасында аз да болса әуендестік болады. Олар мыналар: *аял беру* — аялдау, тоқтау (бір күнге аял берді), *аш болу* — толыспау (дәннің), *ат көз болу* — ат арқасымен бірдей болу (көк чөп ат көз боп өсіпті), *бір әудем жер* — бірқатар жер (Ырғайтыға дейін бір әудем жер), *бір пәсте* — лезде, демде (чөпті бір пәсте тасып бітіру), *бір мойын жер* — бір ойдым жер (*бір мойын жер* егісім бар), *екі руқ айту* — екі түрлі айту, *елдік ету* — жәрдемдесу, *еңбекке чашу* — еңбекке бөлу (*еңбекке ақча чашқалы* жатыр), *жер чығып кету* — құрғау, кебу (жер), *жүгері қайыру* — жүгері жинау (балдар жүгері қайыруға кетті), *жадыдан көтерілу* — ұмыту (Сауытбек ақынның өлеңін біраз білуші едім, *жадымнан көтеріліп қалыпты*), *мазасы болмау* — реті келмеу, жайы болмау (тамақтың *мазасы болмай отыр*), *пақты айналу* — бақытсыз болу, *сұқ болу* — жеккөрінішті болу (мен бір *сұқ болдым* оларға), *там көтеру* — үй қалау (Құбайдулләнің *тамын көтеруге барамыз*), *тасперен ғылу* — таспен ұру, *турағандап беру* — турау (етті), *тәлім тарту* — тәлім алу, *чиендеп чығу* — қайта көктеу (беде *чиендеп чығып қапты*), *хабар чашу* — хабарлау, *қызметке чегу* — жұмысқа орналасу (әртістің оқуын бітіріп баламды *қызметке чегейін* дегенде, әскерге алып кетті), *іші ауыру* — өкіну, *іші ашу*, *қақтық сөйлеу* — қате сөйлеу (бұл тіркестің баламасы ретінде Алматы облысының кейбір жерлерінде *шәлкем сөйлеу* болып айтылады), *қыбы қану* — айызы қану, құрышы қану (тусаң осындай боп ту, *қыбымның қанғаны-ай* ерлігіңе, сенің депті батыр), *қасқырдың артқы сирағындай жек көру* — иттің етінен де жек көру, *құлпы сап ұрып кету* — құлыптап кету (Мамасериков үйіне *құлпы сап ұрып кетіпті*), *қысап қылу* — есептесу, *тақ болу//күл төгу* — бас тарту (бидай т. б.).

Түрлі лексикалық категориялармен (қос сөздер, синонимдер, көнерген сөздер мен жаңа сөздер) байланысты құбы-

лыстар. Лексикалық материалдардың ішінен өзінің дыбыстық құрамы немесе мағынасы жағынан ерекшеленіп түрленіп келетін біраз қос сөздер де ұшырайды. Әрине, бұл сөздерді әдеби тілмен яки қазақ тілінің басқа говорларының материалымен салыстырғанда олардан біраз айырмашылықтары барлығын аңғаруға болады. Мысалы:

Аз а л-м а з а л — аз-маз. *Сізден а з а л-м а з а л жас жігіт.*

Б а п а й ы н-с а п а й ы н — алба-жұлба. *Чашым б а п а й ы н-с а п а й ы н боп кетті.*

Б ы қ ы-ш ы қ ы — анау-мынау. *Үй жасаудың б ы қ ы-ш ы қ ы с ы көп екен.*

Б і т т ә-б і т т ә — бір-бірден. *Дәнә бермесең, четінен б і т т ә-б і т т ә с і н е н ала бер.*

Б ұ р қ а н-с а р қ а н — бұлқан-талқан. *Кел құдам он жеті мен жөн жетіге сөйлесейік, Ойлайсың, қызым бой жетті б ұ р қ а н-с а р қ а н. Ол б ұ р қ а н-с а р қ а н ы ң д ы тас бекітіп байлап қоятын мен тарту арқан.*

Д е м б е-д е м — тез, жылдам. *Чеуірчек жылқыны д е м б е-д е м өлтіреді. Көкбас чытырды сиыр жесе д е м б е-д е м ішін кептіреді. Ұйғыр тілінде дәмму-дәм болып қолданылады.*

К е з-к е з д е — кей-кейде. *Тетелес теңлес өскен Жанғабылың, к е з-к е з д е аусап-аусап сағынады..*

О й п а ң-т о й п а ң — опыр-топыр. *Бір арба чөп деген не, о й п а ң-т о й п а ң салып алып бара береміз ғой.*

Ч а н д а-ч а н д а — анда-санда. *Ч а н д а-ч а н д а бо(л)маса, үйге ешкім ке(л)мейді.*

Ч а р а-п а р а — анау-мынау. *Жаздай дайындап қант, чай, ч а р а-п а р а с ы н алып қойғанда ас бо(л)-май қалады. Өзбек тілінде шара-бара осы мағынада (Узб.-рус. сл., 534).*

Ә р к і л-т ә р к і л — арлы-берлі. *Көңілі ә р к і л-т ә р к і л болып отыр ғой.*

Ә с т і-ә с т і — аз-аздап, ақырын-ақырын. *Ә с т і-ә с т і оның халі жақсарып келеді. Ұйғыр тілінде аста-аста түрінде қолданылады.*

Ә ш-п ә ш — эне-міне.

Ойпаң-ойпаң жерлерге чөп пітеді,
Біреуге мал менен бас көп пітеді.
Чертендеген жігітті болыс қойсаң,
Әш-пәш дегенге еліңді жеп пітеді

(фольк.).

Бұл ұйғыр тілінде *həш-nəш*, өзбек тілінде *аш-паш* болып айтылады (Узб.-рус. сл., 46-бет).

Синонимдер. Говордағы лексикалық ерекшеліктердің ішінде тұлғасы жағынан әр түрлі болғанымен бір ұғымды білдіретін синоним сөздер де бар. Мұндай синонимдік қатар құратын сөздердің бәрі бірдей жиі қолданыла бермейді. Олардың кейбіреуі көбірек қолданылады да, қалғандары одан гөрі азырақ айтылады. Мысалы: үйдің төбесіне салатын мөткені Шу бойындағы тұрғындарда *арқалық*, *бел ағаш*, *ұстын*, *қары* деп төрт түрлі аталса, су әкелетін ағашты *ыық ағаш*, *иін ағаш*, *ілгек ағаш*, *мойын ағаш*, *ілгіш*, *әпкіш* деп алты түрлі, ал самауырынның түтін өшіргішін *өшірткі*, *төбелдірік*, *бүркеншік*, *булық*, *қақпақ*, *түнлік* деп алты түрлі атайды. Осы синоним сөздердің бірінші тобында *қары*, екінші тобындағы *ыық ағаш*, үшінші топтағы *өшірткі* сөздері басқаларға қарағанда жиі айтылады.

Синоним сөздерге зат атауларына байланысты күкірт, *шырпы*, *шақпақ* (сіреңке), *көмбеш қазан*, *тава* (таба), *ақ құмған*, *шәйнек* (шай шығарғыш құман), *майқалақ*, *кәкпір* (сүзгі ожау), *ашық-машық*, *үзбе* (топса); *сапсалғы*, *шаттауық*, *атауыз ұста құралы* (ор. тиски), *мойын ағаш*, *жарма* (мойынтұрық), *кебе*, *сары аяқ қозы*, *дүбіраяқ* (ерте туған қозы); *күнбағар*, *күнге бағар*, *пісте*, *піше* (күнбағыс); *келімдәрі*, *қалампыр* (қызыл бұрыш); *бақыр*, *чақа* (шелек); *пиала//пиалай*, *чыны* (шай кесе); *жанан*, *летр кесе* (үлкен кесе); *қары*, *арқалық*, *білік*, *ұстын* (бел ағаш, мөтке); қимылды білдіретін *жораптау*, *майқандау*, *чарлау* (бидайдың бетін тазау) сияқты көптеген синонимдерді айтуға болады. Бұл синонимдердің дені Шу бойы тұрғындары тілінің материалдары негізінде туып отырса, бірқатары басқа тілдердің, қырғыз, өзбек т. б. әсерімен пайда болып отыр. Мысалы, *қалбыр*, *шылауыш*, *кірлен* (шылапшын), *бақыр*, *чақа* (шелек); *тоғын*, *шаңғарақ* (дөңгелектің имесі), *жертөле*, *жер там*, (жер үй), *ашық-машық*, *үзбе* (топса); *чарқап*, *шөмелей* (шөмеле) сияқты синонимдік қатарлардағы *қалбыр*, *чақа*, *ашық-машық*, *жертөле*, *чарқап*, *жораптау* сөздері қырғыз тілінде жиі қолданылады. Сол секілді *майқалақ*, *нан сүзгі*, *чәулі* (тесік ожау), *жанан*, *летр кесе* (үлкен кесе), *келімдәрі*, *қалампыр* (қызыл бұрыш) сияқты синонимдердегі *чәулі*, *жанан*, *келімдәрі* сөздері өзбек тіліне тән ерекшеліктер.

Тұрғындар тіліндегі лексикалық ерекшеліктердің ішінде бір-бірімен тек мағыналық белгілері арқылы ғана болмаса, сыртқы дыбыстық құрамы жағынан ажыратылмайтын омоним ретінде танылатын біраз сөздер де бар.

Көнерген сөздер мен жаңа сөздер. Тіл адам баласы қоғамымен бірге дамитындықтан, қоғам өміріндегі әр түрлі өзгерістер мен жаңалықтар ең алдымен тілдің лексикалық саласында көрініп отырады. Ғылым мен техниканың, мәдениеттің дамуымен байланысты кейбір ұғымдар ескеріліп, оның орнына жаңа ұғымды білдіретін сөздер еніп отырады. Мұндай өзгерістерді говорлардың сөздік құрамынан да байқауға болады.

Жергілікті тұрғындар тілінде ұшырайтын лексикалық ерекшеліктердің ішінде, тілдің даму барысында белгілі бір дәуірлерде пайда болып, әр алуан өмір шындығының айғағы ретінде сақталып қалған, көнерген сөздер де кездеседі.

Говордағы көнерген сөздер сипаты жағынан бірдей емес. Олардың кейбіреуі сөз тіркестерінің құрамында ғана ұшырайтын *тақана қылу* (мазақтау), *нәзім қылу* (мақтану), *ұру-бару болу* (түсінісу), *қыбы қану* (айызы қану) сияқты жеке тұрғанда мағынасы түсініксіз, кез келген адам түсіне бермейтін сөздер.

Шу бойы тұрғындары тіліндегі көнерген сөздердің дені елдің ескі тұрмыс-салт, әдет-ғұрып сияқты этнографиялық жайларымен байланысты болып келеді. Бұлар қазіргі тұрмыста қолданылатын, қолданылса да тым сирек айтылатын белгілі бір дәуірдегі халық өміріндегі шындықтармен байланысты туған сөздер. Бұларға Шу бойы қазақтарының әдет-ғұрыптарына байланысты айтылатын *көнек* (құдалардан алынатын кәде), *құрсақ шашу* (әйел екіқабат болғанда жасалатын ырым), *түйе мұрындық* (құдалардан алынатын сыйлық), *қымыз мұрын* (алғаш бие байлағанда ішілетін қымыз), *қоян қашты* (азғана қалған егінді жарыса ору), мал сойғанда союшы кісінің ақысы ретінде берілген етті білдіретін *аян омыртқа*; ойын атауларына байланысты қолданылатын *жылтыр кетті*, *тоқты бермек*, *қойшы тақым*; алым-салыққа байланысты айтылатын *шөпауыз* (Октябрь революциясына дейінгі түтін салығы), ел билеуші адамдарды білдіретін *датқа* (қоқан хандығы кезін-

дегі ел билеушілер), шабарман, уәзір мағынасында айтылатын *ақтаяқ*; қызметкер, жәрдемші деген ұғымды қолданатын *амалдар*; кейбір ырымдардың атауларына байланысты айтылатын *ай тұяқ* (садақаға сойылған жылқы), *әлем* (әулие-әмбие деп таныған жерге байланған шүберектер), сондай-ақ белдік түрлерін білдіретін *чарайна белдік* (талма жеріне болат орнатқан ертегідегі батырлар буынған белдік) және басқа осылар тәрізді бірсыпыра сөздер жатады. Бұлардың бәрі де қазіргі күнделікті өмірде кездеспей салт пен әдет-ғұрып және тұрмыстан бірте-бірте шыға бастауымен байланысты, жергілікті тұрғындардың пассив сөздігінің қатарына ауысқан сөздер.

Тілдің даму барысында кейбір сөздер көнеріп қолданылудан шығып қалып, немесе пассив сөздіктің құрамына ауысып жатса, оның есесіне жаңа сөздер (неологизмдер) қосылып тілдің сөздік құрамы толығып, байып отырады. Қазіргі қазақ әдеби тілі сөздік құрамының көлемді бір саласы болып есептелінетін Қазақстанның барлық жерлерінде бірдей жұмсалатын *жоспар*, *өндіріс*, *өнеркәсіп*, *басқарма*, *қаулы-қарар*, *ауыл шаруашылық*, *жер тыңайтқыш*, *үгітші*, *үйірме* сияқты толып жатқан совет дәуірінде енген сөздер жергілікті тұрғындар тілінде де кең түрде қолданылады. Ұлы Октябрь революциясынан кейін өндіріс пен техниканың ғылым мен искусствоның алуан түрлі салаларына байланысты тілімізге көптеген термин сөздер еніп отыр. Жаңа ұғымға сай енген термин сөздердің бірқатары сол алынып отырған терминнің баламасын беретін төл сөзімізден жасалып отыр *айналым* (оборот), *өндіргіш күш* (производительная сила), *жаратылыс тану* (естествознание). Ал енді бірқатары қазақ тілінде баламасы жоқ дүние жүзіндегі тілдердің бәріне бірдей ортақ (*совет*, *коммунизм*, *революция*, *демократия*, *конституция*, *фонема*, *филармония*, *роман*, *поэма* т. б.) интернационалдық терминдер.

Терминдердің туынды түрлерін қабылдаған кезде, олардың түбір тұлғасы аударылмай сол қалпында қабылданып, кейбіреулерінің орыс тіліндегі қосымшаларының орнына қазақ тілінде сайма-сай келетін қосымшалар да жалғанып отырады. Мысалы: механизация — *механикаландыру*, коллективизация — *коллективтендіру*, колхозник — *колхозшы*, электрофикация —

электрлендіру, кооперативный — *кооперативтік* т. б. осы тәріздес әдеби тілімізге күнбе-күн еніп отырған жаңа сөздер сөздік құрамымызды байыта түсіп, әдеби тіл мен говор арасындағы алшақтықты жоюда игілікті әсерін тигізуде. *Еңбекке шашу* (еңбекке ақша, астық бөлу), *астық төгу* (астық өткізу) сияқты бірлі-жарым сөз тіркесіндегі өзгешеліктері болмаса, неологизмдердің қолданылуы және олардың жасалу жолдары жөнінде говор мен әдеби тіл арасындағы айырмашылықты байқау қиын.

Осы жоғарыда көрсетілген лексикалық материалдар негізінде мынадай қорытынды жасауға болады.

1. Шу бойы тұрғындары тілінде әдеби тілімізде қолданылмайтын (немесе аз қолданылатын) көптеген сөздер бар. Ондай сөздердің бірқатары тұрмыс-салт, әдет-ғұрып және күнделікті өмірге байланысты қолданылып жүрген сөздер. Сонымен қатар бұл алқаптың шаруашылығының түріне: ирригация, бау-бақша, техникалық дақылдарға және өсімдік атауларына байланысты кәсіби терминдер де молдап кездеседі.

Шу бойы тұрғындары тілінде көрші қырғыз, өзбек, ұйғыр тілдерінің әсерінен енген біраз сөздер ұшырайды.

Әдеби тіл мен қазақ тілінің басқа говорларында қолданылып жүрген сөздердің Шу бойы тұрғындары тілінде қосымша мағыналары немесе отеноктері болып келетін лексико-семантикалық ерекшеліктерге ие болған біраз сөздер бар.

Қазақ тілінің басқа говорларымен салыстырғанда едәуір айырмасы бар біраз сөз тіркестері де ұшырайды.

Лексикалық жағынан бірқатар құбылыстар арқылы Шу бойы қазақтарының тілі Жетісу қазақтарына, бірқатар өзгешеліктері арқылы Шымкент облысындағы тұрғындар тіліне ұқсас келеді. Сондай-ақ біраз материалдар жағынан Қарағанды қазақтарының тіліне жақындайды.

Ш Т А Р А У

ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Жергілікті тұрғындар тілінен жиналған материалдарды сұрыптап қарағанда, біраз грамматикалық ерекшеліктердің бар екені байқалды. Бұлардың дені морфология саласына қатысты ерекшеліктер. Аталған өзгешеліктердің біразы етістіктер мен есім сөздердің кейбір жұрнақтарына байланысты болса, біразы жалғаулардың (септік, көптік, тәуелдік, жіктік) қолданылуында кездесетін құбылыстар.

Сипаты жағынан алғанда Шу бойы қазақтарының сөйлеу тілінде кездесетін грамматикалық ерекшеліктер Қазақстанның оңтүстік облыстарындағы тұрғындар тілімен, көпшілік жағдайда, ұқсас болып келеді. Атап айтқанда, Шу бойындағы тұрғындарда жиі қолданылатын етістіктің қалау райының бірінші жақ көпше түрі *-лы*, бұйрық райдың екінші жақ жекеше түрі *-ғын*, көмектес септік жалғауының көне түрі *-ман (-бан, -пан)* сияқты ерекшеліктер Шымкент облысының Арыс, Шәуілдір т. б. аудандарында да кең түрде жұмсалады. Дәл осы ерекшеліктердің кейбіреуі Алматы облысында (*-қын, -лы*) жиі ұшырайтын құбылыстар. Осы грамматикалық тұлғалар аталған облыстардағы тұрғындар тіліне тән болғанымен Қазақстанның Солтүстік, Орталық, Батыс облыстарындағы қазақтардың сөйлеу тілінде қолданыла бермейді. Сол сияқты республикамыздың батыс, солтүстік облыстарындағы кейбір ерекшеліктер Шу бойы қазақтары тілінде жұмсалмайды. Мысалы, Маңғыстау говорындағы бұйрық райдың екінші жақ көпше түрінің *барың, келің* болып *-ың (-ің)* арқылы берілуі, сондай-ақ кейбір шылау сөздердің Шығыс Қазақ-

стан, Павлодар облыстары тұрғындарында *шекейін, шекті* болып өзгеріске ұшырап келуі, т. б. Шу бойы қазақтары тіліне тән құбылыс емес. Шу говорында жиірек қолданылады деп танылған кейбір грамматикалық тұлғалар көрші тілдердің (қырғыз, өзбек, ұйғыр) өзінде немесе олардың кейбір говорларында кездесіп отырады (-лы, -ғын т. б.).

Грамматикалық ерекшеліктерді жұрнақтарға байланысты ерекшеліктер, жалғауларға байланысты ерекшеліктер және әдеби тілдегі кейбір жұрнақтардың говорда жаңа сөздер туғызуға қатысы деген тақырыпшамен үшке бөліп қарастырдық.

1. Жұрнақтарға байланысты өзгешеліктер.

Жергілікті тұрғындар тілінде жиі ұшырайтын ерекшеліктердің дені етістіктің тұлғаларына байланысты. Басқа сөз таптарының қосымшаларына байланысты ерекшелік бұған қарағанда аздау.

-лы (-лі, -алы, -елі) қосымшасы.

Шу бойы тұрғындарының сөйлеу тілінде кездесетін морфологиялық ерекшеліктердің бірі — етістіктің -лы қосымшалы тұлғасы. -лы қосымшасы дауыссыз дыбысқа біткен сөздерден соң қосылғанда көсемшенің *а, е*, жұрнақтарын қабылдап, жуан дауыстылардан соң -лы, -алы, жіңішке дауыстылардан соң -лі, -елі болып айтылады. Бұл жұрнақ жалғанған етістік қалау, тілек мағынасында жұмсалады. Мысалы: *Сіздерге сәлем беріп қ а й т а л ы деп келдік. Қарауылдың кеудесін ала к ө з д е л і, — депті. Шу асауды ұ с т а л ы деп жігіттерді ергіп келеді.*

Тақсыр-ау бұ түлкіні соялы да,
Етіне мұның әбден тоялы да,
Өз етінен өзі де бірге жейді
Орнына түйе қосып қоялы да

(фольк.).

Аттан колхоз егіске
Туды көктем айлары.
Өнімді болмақ себісте
Сапалы етіп айдалы

(Жақ. Жан.).

Етістікке -лы қосымшасы жалғанғанда қалау, тілек ретінде болатын іс-әрекетке тыңдаушымен бірге сөйлеушінің де тікелей қатысы барлығын білдіреді. Оған жо-

ғарыда беріліп отырған мысалдағы *қайталы, ұсталы, соялы, тоялы* т. б. етістіктердегі амал, әрекетке қатысушылардың ортақ екені дәлел бола алады.

-лы жұрнақты етістіктер жіктік жалғауының бірінші жақ көпше түрінде айтылады. Мысалы: *Е, бала, жол болсын, әңгімені сұрай о т ы р а л ы!* — депті қарт. Сонда бала: *«Е, ата, алыс жолды қ ы с қ а р т а л ы»,* — деген екен. Кейінгі балаларға үлгілі сөз т а с т а л ы.

...Осы бастан ойламай
Өкініп кейін қалмалы...
Қатар елмен жарыс бар,
Қалсақ кетер намыс бар,
Колхозшылар есіңе ал
Қалай шыдап жаталы

(Жақ. Жан.).

-лы қосымшалы етістік қалау, тілек, өтініш ретінде айтылып, болатын істің дәл қазір емес, келешекте, алдағы уақытта орындалатынын білдіреді. Сондықтан -лы жұрнағы жалғанған етістікті келер шақта қарауға болады. Мысалы:

Сайлалы ерді әділ сотқа
Бұрмай заңды ұстайтұғын.
Бола алатын үлгі жұртқа
Тура билік нұсқайтұғын

(Жақ. Жан.).

Бұл қосымша етістіктің болымды, болымсыз түріне де қосылып айтылады. -лы жұрнағы болымсыз -ма, -мелерден соң жалғанғанда дауыссыз (-лы, -лі) дыбыстан басталады. Мысалы: *қолымызда қойымыз жоқ, қойымыз болса, с о й м а л ы* деген ойымыз жоқ (мақал). Көп сөйлеп сөз қадірін к е т і р м е л і.

Етістіктің -лы қосымшасы Шу бойы тұрғындарына ғана тән құбылыс емес. Бұл Қазақстанның ұйғыр, өзбек халықтарымен шектес Алматы¹, Жамбыл, Шымкент (Түлкібас, Сайрам² аудандарында) облыстарында және Маңғыстау³ қазақтарының тілінде де кездеседі.

Қалау райының -лы қосымшасы бірқатар түркі тілдерінде, ескі түркі жазбаларында да бар. Ұйғыр тілінде

¹ Ж. Болатов. Ұзынағаш экспедициясының материалдарынан. «Вопросы истории и диалектологии казахского языка». вып. 2. Алма-Ата, 1958, 180-бет.

² Ж. Досқараев. Бір экспедиция отрядының диалектологиялық жұмысы туралы. Бұл да сонда, 195-бет.

³ С. Омарбеков. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы, 1965, 153-бет.

бұл тұлға *эйли* — айли (йазайли)⁴ болып айтылады. Бұл форма көбінесе ұйғыр тілінің хамий⁵ диалектісіне тән құбылыс. Етістіктің осы жұрнағы негізінде Шығыс Түркістанның оңтүстік-батыс және солтүстік⁶ аудандарындағы ұйғырлар тілінде кездеседі. Қырғыз тілінде кейде *алы* (баралы)⁷ осы тілдің ош говорында *-айли, -ейли (барайлы, келейли)*⁸ болып айтылады. Бұл қосымша өзбек тілінде диалектілік тұлға ретінде жұмсалды⁹.

XIII—XIV ғасырларда куман тілінің ескерткіштерінде де *-лы* тұлғасы (*айталы, варалы, бармалі*)¹⁰ қолданылған.

Етістіктің *-лы* қосымшамен қатар, жергілікті тұрғындар тілінде *-лық* тұлғасы да қолданылады. Бұл жұрнақ әдеби тілімізде де кездеспейді емес. Бірақ қазір айтылуы тым сирек, тіліміздегі көнере бастаған тұлғалар қатарына жатады. *-лық* қосымшасының қолданылуы халықтың ауызекі сөйлеу тіліне тән¹¹. Қазақ тілінің басқа говорларына қарағанда зерттеліп отырған Шу бойы тұрғындары тілінде бұл қосымша жиірек айтылады. Мысалы: *Біз қарияларға б а р а л ы қ. Осы парыздан қ ұ т ы л а л ы қ. Өзіміз төмен жүріп к е т е л і к, о четімен бұ четіне отын ж и я л ы қ.*

«Малды жақсы бағалық,
Өсетін бабын табалық...
Басшылардан жоғарғы
Ұлы абырой алалық

(Жақ. Жан.).

-лық қосымшалы етістік Абай, Ыбырай сияқты қазақ жазба әдебиетінің классикалық үлгілері болып саналатын ақын, жазушыларымыздың шығармаларында да

⁴ Э. Н. Наджи п. Современный уйгурский язык. М., 1960, 92-бет.

⁵ А. Т. Қайдаров. Развитие современного литературного языка. Алма-Ата, 1969, 71-бет.

⁶ Бұл да сонда, 189-бет.

⁷ К. Дыйқанов, С. Құдайбергенов. Кыргыз тилинин морфологиясы, Фрунзе, 1967, 181-бет.

⁸ Г. Бакинова. Кыргыз тилинин ош говору. Фрунзе, 1960, 73-бет.

⁹ Хозирги замон узбек тили. Тошкент, 1957, 418-бет.

¹⁰ W. Radloff. Das Türkische sprachmaterial des. Codex Comanicus. ST Peterbourg. 1887, 2; 70, 71.

¹¹ Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1954, 307-бет.

қолданылған. Әсіресе, бұл Ыбырай шығармаларында көбірек кездеседі:

Кел балалар оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық... (Алтынсарин).

Бір кезде үйге баралық деп келсе, ауыл жоқ құр жұрт жатыр. Жылағанмен ішнәрсе өнбес, көшкен ауылды іздеп табалық («Бай мен жарлы баласы» деген әңгімесінен); *Әлім айтты: олай болса, біреуге жүгінен елік* («Баланың айласы»).. *Аузымызды ауыртпай кел, ізімізбен қайталық* («Сараңдық пен жинақтылық»).

-қын// -ғын, -кін// -гін қосымшасы.

Әдеби тілде бұйрық райдың екінші жағы түбір сөз арқылы жасалады. Жергілікті тұрғындар тілінде түбір сөзбен де және түбірге *-қын* (*-ғын, -кін, -гін*) қосымшасының қосылуы арқылы да жасалады. Мысалы: *Ата-анасын разы қып келгінін. Баладарды сұрастырып бір-біріне таныстырғын. Қарачақанның керегі жоқ, күміс тауып бергінін, — депті. Ішуақытта пұлыңды бермейт деп қорықпайғын, оны қайтарады.*

-ғын қосымшасы бұйрық райдың екінші жағының көрсеткіші ретінде алтай, қырғыз (келгін, баргын)¹², ұйғыр (язгін, ишлигін, ейтқин, көткін)¹³, өзбек (айтгін, ұқигін, чиққин)¹⁴ тілдерінде жиі қолданылатын қосымша.

-тұғын қосымшасы. Қазіргі қазақ әдеби тілінің нормасы бойынша көсемшенің *a(-e, -u)* жұрнағынан кейін келіп, есімшенің ауыспалы шағын жасайтын *-тын, -тін*¹⁵ жұрнағы Шу бойы тұрғындарының ауызекі сөйлеу тілінде көбінесе *-тұғын* формасында қолданылады.

-тұғын жұрнақты есімше, негізінде, сөйлеу тілінің нормасы болып саналады. Бұл қазақтың ауыз әдебиет тілінде әсіресе, эпостық шығармаларда молынан ұшырасады. Қазақтың әдеби тілінің негізін қалаушы ақын-

¹² К. Д. Дыйқанов, С. Кұдайбергенов. Кыргыз тилинин морфологиясы. Фрунзе, 1957, 182—183-беттер.

¹³ Хозирги замон узбек тили. Тошкнт, 1957, 418-бт

¹⁴ А. Кайдаров. Краткий грамматический очерк уйгурского языка, уйгурско-русский словарь. Алматы, 1961, 313-бет.

¹⁵ І. Кеңесбаев, А. Ысқақов, К. Аханов. Қазақ тілінің грамматикасы. I бөлім, 1958, 123-бет; Қазіргі қазақ тілі, 1954, 327-бет.

жазушылардың шығармаларында да бұл тұлға кездеспейді емес, XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы Махамбет өлеңдерінде де *-тұғын*, *-тын* формалары қатар қолданылған. Бұл тұлға Абай шығармаларында, әсіресе, оның қара сөздерінде (40-сөзінде 26-рет) жиі кездесіп отырады¹⁶. Ал қазіргі қазақ әдеби тілінде *-тұғын* формасынан ықшамдалған *-тын* жұрнағы қалыптасып отыр. Ауызекі сөйлеу тіліндегі *-тұғын* формасы айтылмайды емес. Бірақ оның қолданылу, жұмсалу аясы Қазақстанның барлық жерінде бірдей деуге болмайды. Диалектологиялық еңбектерге қарағанда есімшенің *-тұғын* жұрнағы Қазақстанның оңтүстік-шығыс облыстарындағы тұрғындар тілінде жиі ұшырайды¹⁷.

-Тұғын аффиксі негізінде көсемшеден соң тіркеседі. Мысалы: *Жабағым кәзір мінуге келетұғын болды. Халықты зарықтыратұғынын батыр жақтырмайтұғын. Бірімқұлда ішбір қашатұғын белгі болмайды. Қол арчитұғын бір нәрсе бар ма?*

Түзетілсін машина жол
Қызылша, астық жүретұғын.

Жылдағыдан биыл көп, мол
Егін төгім беретұғын.

Талапта озатұғын Шудың елі (Жақ. Жан.).

Бұл қосымша етістіктермен, есімдермен, модаль сөздермен де тіркеседі. Мысалы *әкем үйде жоқтұғын. Ол кезде біздің үйде еліктің лағы бартұғын. Қолыңдағы қамчы біздікітұғын. Басында ол маған анықтұғын. Оның баратын жері алыстұғын...*

Бұл жұрнақтың шығуы жайында қазақ тілі жөнінде

¹⁶ Р. Сыздықова. Абай тіліндегі негізгі морфологиялық ерекшеліктер, 1959 (кандидаттық диссертацияның қолжазбасы, 83-бет).

¹⁷ Ж. Досқараев, Ғ. Мұсабаев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы, 1951, 11-бет; Ж. Досқараев. Краткий очерк о южном диалекте казахского языка. «Известия АН КазССР, серия филологическая», 1948, вып. 4 (29), 58-бет; Ж. Досқараев. Бір экспедиция отрядының диалектологиялық жұмысы туралы. «Вопросы истории и диалектологии казахского языка». Алматы, 1958, вып. 1, 198-бет; Ж. Досқараев. Ұлытау, Жезқазған экспедиция отрядының жұмысы туралы. «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері». 3 жинақ. Алматы, 1960, 165-бет; Ж. Болатов. Семей облысының Абай, Шұбартау аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер туралы. Алматы, 1960, 166-бет.

жазылған еңбектерде бірқатар мәліметтер берілген. И. Ильминский, М. Терентьев, П. М. Мелиоранскийлердің пікірі бойынша *-тұғын* қосымшасы *тұрған* деген сөзден (*-тұрған, -тұғын, -тын, -тін* болып) ықшамдалып қысқарған¹⁸.

Есімшенің бұл тұлғасы қазіргі бірқатар түркі тілдерінде кездеседі, бірақ аздап дыбыстық өзгеріске ұшырап айтылады. Қырғыз тілінде *-турған* (*қолхозға бара т у р г а н адам, Сатыла турған китеп. Сенин өзине айта т у р г а н бир кеп бар*)¹⁹ түрінде, өзбек тілінде *диган* (*кетадиган, биладиган, чопадиган*)²⁰ түрінде, ал оның кейбір говорларында *дыған//тыган* (*келәдыған, кетәтыған*)²¹ түрлерінде жұмсалады.

Әдеби тілдегі *да* түрінде қолданылатын жалғаулық шылаумен бірге Шу бойы қазақтарының сөйлеу тілінде *дағы* түрі де кездеседі.

Мысалы: *Бар дағы тез хабарлап қайт. Отыр дағы тамағыңды іш. Мейманға шақырған соң барат тағы. Бізге қыр көрсеткені дағы. Олай болса, Төлеке, жақсы дағы.*

Біреуді дос тұтынып жүрсең *дағы*
Ол басын наданлықтан шалқайғады.

Жергілікті тұрғындардың тілінде аз да болса, *дүр* қосымшасымен келген тіркестер ұшырасады. Бұл формант етістікке де, есім сөздерге де қосылып айтылады: Мысалы: *Анау көрінген біздің т ү й е д ү р!* (Б. Жантоқов, Шу ауданы). *Ол б а р а д ү р. Бұл жақсы ат б о л а д ү р* (Бозымбаев, «Роза Люксембург», Қордай ауданы). *Ойнақ-бойдақ, м ә л і м д ү р бойдақ жігіт осы тойда-ақ* (Байсалов. Мерке ауданы, «Ленин жол» к-зы). Мұндай тұлға көбінесе қарттардың тілінде кездеседі. Басқа жердегі халықтың тілінде мүлде байқалмайды. Соған

¹⁸ И. И л ь м и н с к и й. Материалы к изучению киргизского наречия. Казань, 1861, 10-бет; Грамматика турецкая, персидская, киргизская и узбекская. Составил М. Терентьев, кн. I. 1873, 75, 143-беттер; Краткая грамматика казах-киргизского языка. ч. I. Фонетика и этимология. Сост. П. М. Мелиоранский. СПб., 1894, 62-бет.

¹⁹ К. Д ы й қ а н о в, С. К ұ д а й б е р г е н о в. Кыргыз тилинин морфологиясы. Фрунзе, 1957, 160-бет.

²⁰ Хозирги замон узбек тили. Тошкент, 1957, 408-бет.

²¹ А б д у л л а е в Ф а т х у л л а. Узбек тилинин килчок шева-си. Узбек диалектологиясидан материалдар. т. I. Тошкент, 1957, 342-бет.

қарағанда бұл аффикс ескі шағатай, өзбек тілінен енген деп топшылау дұрыс сияқты.

Жоғарыда айтылған морфологиялық ерекшеліктермен бірге етістіктің рай категориясына байланысты біраз айырмашылықтар бар. Олар: Әдеби тілде етістіктің қалау райының күрделі түрі түбірге жалғанған *-қы (-ғы, -кі, -гі)* қосымшаларынан соң, көмекші *кел* етістігінің тіркесуі арқылы жасалады. Ал зеттеліп отырған *Шу* бойы тұрғындары тілінде болса, *кел* етістігімен қатар *бар, жоқ* сөздері тіркеседі. *Баламды биыл оқуға жібергім бар. Мені чақырып барды, әйтпесе барғым жоқ. Жиналыста сөз берсе, чығып сөйлегім бар. Біраз ұйықтағым бар.*

Семантикалық жағынан қарастырғанда жоғарыда келтірілген сөйлемдердегі *бар, жоқ* сөздері осы шақты да, келер шақты да көрсетеді. Мысалы, *сөйлегім бар* — сөйлегім келеді (келер шақ); *сөйлегім бар* — сөйлегім келіп отыр (осы шақ).

Мұндай сөйлем формалары сирек болса да Шығыс Қазақстан облысының кейбір аудандарындағы тұрғындар тілінде де ұшырайды²².

Бар, жоқ деген сөздердің жәрдемімен қалау райының күрделі түрін жасау кейбір түркі тілдерінде де бар. Бұл, әсіресе ұйғыр тіліне тән құбылыс болып саналады (*тұрғым бар, тұрғұң бар, тұрғиси бар, язғым иоқ, язғиң йоқ, язғиси йоқ*)²³.

Кейбір есімшелер *-ған* жұрнағымен айтылатын *қараған* сөзі *қарасты* (осы колхозға қарасты) болып, *-ар/-ер* жұрнағы қосылатын бірер сөздер *-қы/-ғы, -кі/-гі* жұрнақтарын қабылдайды. Мысалы: *Келергі жылы кездесуге уәделеседі. Айтарғы сөзін айтты.*

Сол секілді әдеби тілдегі *бері* шылауымен тіркескен есімшенің орнына көсемшелер қолданылады. Мысалы: *Келгелі бері жақсарып қалдым* (Әдеби тілдегісі келгеннен бері). *Үсен Алматыда оқығалы бері біраз болып қалды. Оған айтқалы бері қашан, көп болды. Кешелі бері қарай қар ери бастады.*

Қазақстанның басқа жерлеріне қарағанда *өте, тым*

²² Ж. Досқараев, Ғ. Мұсабаев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы, 1951, 48-бет.

²³ А. Шәмиева, Ғ. Сәдуақасов. Уйғыр тили грамматикасы, I кесім фонетика һәм морфология. Алматы, 1961, 171—172-беттер.

сияқты үстеулердің болуымен бірге зерттеліп отырған Шу бойы тұрғындары тілінде *чыли*, *тегі* үстеулері жиірек қолданылады.

Жалғауларға байланысты өзгешеліктер

Бұл тақырыпта септік, жіктік, көптік, тәуелдік жалғауларына байланысты біраз өзгешеліктер сөз етіледі. Сипаты жағынан алғанда бұл айырмашылықтар жалғаулардың бәрін бірдей қамтымайды. Мысалы, септік жалғауына байланысты кездесетін айырмашылықтар көмектес септік жалғауының көне формасының қолданылуы, жатыс септігінің орнына барыс септік жалғауының жұмсалыуында. Сондай-ақ жіктік пен тәуелдік жалғауындағы ерекшеліктер бірінші, екінші жақта кездеспей, тек үшінші жақтың айтылуында ғана ұшырасады. Ал көптік жалғауына байланысты айырмашылықтар кейбір жекелеген сөздердің көптік жалғауының түрлі варианттарын (*-лар* орнына *-дар*) қабылдауымен шектеледі.

-м а н (-б а н, -п а н) қ о с ы м ш а с ы. Шу бойы тұрғындары тілінде жиі ұшырайтын ерекшеліктердің бірі — осы күнгі грамматикамыз бойынша жалғаулық шылау мен көмектес септік жалғауының қызметін атқаратын *мен* тұлғасының түрлі өзгерістерге ұшырап қолданылуы. Зерттеліп отырған говорда бұл қосымшалар *-ман*, *-бан*, *-пан* болып жуанданып айтылады. Мысалы: *Ілгеріде тек м а л м а н ғ а н а отырмай бірқатарымыз қолтіс жасап қос а т п а н, т ү й е м а н жер жыртытынбыз. Есік алдында тау бо(л)са, мінетұғын а т п а н тең. Аулында қария бо(л)са, жазып қойған қ а т п а н тең* (мақал). *Мен п о й ы з б а н Киік станциясынан түсіп Сарыарқаға малға бардым. Чортөбеде олардың а с п а н м а н таласқан үйлері бар.*

... Правление бастықтар
Ақылман ойлап тапқанда.
Мақтап жатыр чабандар
Қозы мен қойды бакқанға...
...Құбылып чыққан байтерек
Көлеңкелі бо(л)маса,
Тарбиып шыққан талман тең
Өнері жоқ жас жігіт
Жас та бо(л)са чалман тең (Жақ. Жан.).

-ман, -пан, -бан қосымшаларының -мынан (-пынан, -бынан), -манан (-панан, -банан) сияқты варианттары да қолданылады. Мысалы: *Бір баламынан кәрі кісі жолдас боп келеатады. Түйе үлкен болғанмынан чөпті аз жейді. Сол теректің пұлыманан ел қатарына қосылады. Бірімқұл, Тоқпанбеттер батырлықпанан өткен екен. Еш өрнек жоқ, сыртын қайыспынан қаптаған.*

Екі жас ажырасты сонымынан
Қоштасты, ажырасты қолыманан
Ел үшін туған ерлер, тұра ала ма?
Аттанды Турксибтің жолымынан (Жақ. Жан.).

Шылау түрінде айтылатын -мен, -бен, -пен формалары да жоғарыдай түрленіп жуан дауыстымен айтылады. Мысалы: *ол ұлман қыздан да кем бо(л)маған.*

Атымды а(л)ған ей бала, не ел боласың?
Мал ман бастың бірінен кем боласың...
...Жұмақ пан Жаманқара екі ағам бар
Тірсегі шығып жүр ғой соры қайнап
...Алтын манан күмістен құлағына
Қарайды сұлу қызға сырға салып.
...Атам мынан анамның
Асыранды қызы едім...
...Жақсылық панан жамандыққа
Сабырлық еткен жарасар (фольк.).

Аталған ерекшелік диалектологиялық материалдарға қарағанда Арыс, Талас, Шу бойындағы тұрғындарда жиі ұшырайды. Кейінгі мәліметтер бойынша Алматы облысының Жамбыл, Семей облысының Көкпекті, Ақсуат аудандарында да қолданылады. Ал Алматының шығысындағы (Іле, Еңбекшіқазақ, Шелек, Кеген т. б.) аудандарда бұл ерекшелік байқалмайды.

Қазақстанның оңтүстік облыстарымен шектес өзбек тілінің говорларында көмектес септігінің -ман, -мынан (укамнан, укамман атаммынан, атамман)²⁴ болып айтылуы бар. Әдеби тіліміздің нормасынан ауытқып айтылатын, қазақ пен өзбек т. б. тілдердің кейбір говорларында ғана ұшырайтын -ман (-бан, -пан) формасы

²⁴ М. Мирсағатов. Крыкский говор узбекского языка. Автореферат кандидатской диссертации, 1954, 13-бет және М. З. Мирсағатов узбек тилинин қирқ шивасы. Узбек диалектологиясидан материалдар, 1-том. Тошкент, 1957, 252-бет.

осы халықтардың құрамына енген тайпа тілдерінен сақталған көне құбылыс болуы да мүмкін.

Қазіргі қазақ тіліндегі мезгілдік ұғымды білдіретін жатыс септіктегі кейбір сөздер Шу бойы тұрғындары тілінде барыс септік жалғауын қабылдайды. Мысалы: *Ністі чөп жылыға өне бермейді. Күніге кеп жүрген баланың біреуі дермін де қоярмын. Ағаштың түбіне күніге бір рет су құйып тұрады. Чеснокты күзге тігу керек. Күндіз қараймын да, күніге үйге келемін.*

Ауқатың ада бо(л)са менен келіп
Күніге осындай қып а(л)ғын деді.
...Елеурейміз түс көрген кісідей боп
Былыр күзге кеп еді өлді хабар.

Осындағы *жылыға* (жылда), *күніге* (күнде), *күзге* (күзде), *түніге* (түнде) сөздер сыртқы формасы бойынша барыста тұрған сияқты болғанымен мағынасында жатыстың өңі бар. Қазіргі диалектологиялық зерттеулерде бұл ерекшелік қазақ тілінің оңтүстік шығыс говорлар тобында кездеседі.²⁵ Қазақ тілі тарихына байланысты кейбір еңбектерде бұл құбылысты көрші Орта Азиялық елдердің тілінен тікелей енген немесе сол тілде сөйлеген кейбір тұқымдардың қазақ құрамына енуінен пайда болған шағатай тілінің мөлшері деп қарайды²⁶. Өзбек тілінің кейбір говорларында (Самарканд-бухар говорлар тобында) жатыс септігінің орнына барыс септігінің жалғауы жұмсалады. Бұл жалғаулардың параллель қолданылуы ескі өзбек жазу ескерткіштерінде де бар құбылыс²⁷. Осы сияқты тіл материалдары, сөз жоқ, жоғарыда айтылған пікірдің дұрыстығын қуаттай түседі.

Жергілікті тұрғындар тіліндегі морфологиялық ерекшеліктердің бірі — ауыспалы келер шақтың соңына жалғанатын үшінші жақ жіктік жалғауы *-ды-ның т, д* болып қысқарып айтылуында. Бұл қосымшаның ықшамдалып айтылуы әдеби тілімізде де ұшырайды. Ол, әсіресе, өлеңдерде жиірек қолданылады. Қара сөздерде көп қысқара бермейді.

²⁵ Бұл жөнінде Ж. Досқараевтың, Ә. Құрышжановтың, Ж. Болатовтың жоғарыда көрсетілген мақалаларын қараңыз.

²⁶ Ә. Ермеков. Қазақ тілі тарихының мәселесіне. «Халық мұғалімі», 1949, № 4, 60-бет.

²⁷ В. В. Решетов. Морфологическое изучение диалектов. Вопросы диалектологии тюркских языков, т. II. Баку, 1960, стр. 66.

Халықтың ауызекі сөйлеу тілінде қара сөздерде де *-ды* қосымшасының бірлі-жарым қысқарып айтылуы кездеспейді емес. Ал зерттеліп отырған Шу бойы қазақтарының тілін алсақ, *-ды*-ның қысқарып барып қолданылуы қазақ тілінің басқа говорларына қарағанда жиірек ұшырайды. Бұл құбылыс көбінесе, Қырғызстанмен шектес Мерке, Қордай, Шу аудандарындағы тұрғындар тіліне тән. Мысалы: *төре төрелік қы(л)са, төре болат. Төрелік қыла а(л)маса төбе болат* (мақал). *Чыпан чал екі баласын мергендікпен асырап жүрет. Қартайған соң, баласын сәудегерлердің қойын айдасуға қосады да, алған ақысымен күн көріп отырат. Баласы Тәшкенге мал айдап барып енді қайтайын дегенде, ауырып өлет. Баласының өлгенін бір кісі келіп айта т.* *Осы кісінің зарын Алдаберген өлең етіп шығарат.*

Мейрлі бала көрінет.

Ақылын байқап тартқанда...

...Жазылса тарыққа табылар ет

Еш адам салмаған ба көздің қырын.

...Бас қосқан жерде сөз қылат

Төрт ата Дулат халқың да.

Қалам, қағаз қолға алсам,

Кеп тұрат өлен алқымда

...Ойша жазған мен емес

Айтылып келет ілгеріден...

...Батырдың аты жайылған

Сұрасаң айта т чет жерден.

...Қасиетті айтсаң ет

Туып өскен ортаңда (фольк.).

Қырғыз тілінде жіктік жалғауының үшінші жақ жекеше түрі *-т* қосымшасы арқылы беріледі (*...э э болат, ...санды ғана көрсөтөт... баяндооч түкту билдирет т. б.*)²³.

Кейбір сөздердің септік жалғауын қабылдағанда, әдеби тілдегі нормасынан өзгеше айтылатын жайлары да жоқ емес. Мысалы, *ертең, таңертең, кешке* деген үстеу сөздері етістіктермен тіркескенде әдеби тілде өзгеріссіз (*ертең келеді, таңертең келді, кешке келді*) айтылса, жергілікті тұрғындардың тілінде бұл сөздер табыс септігінің жалғауын қабылдап (*ертеңгісін келді, таңертеңгісін келді, кешкісін келді*) айтылады.

Сондай-ақ әдеби тілде барыс, шығыс септік жалғау-

²³ К. Дыйқанов, С. Құдайбергенов. Кыргыз тилинин морфологиясы. Фрунзе, 1957, 193-бет.

ларында қолданылатын *уақыт* сөзі етістікпен тіркескенде «уақтымен келді, уақтында келді» деп қолданылмай уақтылы келді болып *-лы, -лі* қосымшаларын қабылдайды. Бұл құбылыстың жиі ұшырайтыны сонша, тіпті, кейбір жергілікті орындарда шығатын аудандық газеттерден де көптеп кездестіруге болады. Мысалы: *Балалардың кірі у а қ т ы л ы жуылып, таза киімдерін у а қ т ы л ы ауыстырып кигізіп дәрігерлік орынға көрсетіп тұрады* («Социалистік еңбек», 25 июнь, 1941). *...Алынған міндеттемелердің орындалуы у а қ т ы л ы тексеріліп қорытындылары шығарылып отырылмайды* («Социалистік еңбек», 23 июль, 1942 ж.). *Комсомол жұмыстары у а қ т ы л ы өткізілмейді* («Социалистік еңбек», 3 июнь, 1946). *Қазір у а қ т ы л ы басқа бір үйде оқытылады* («Екпінді», 12 март, 1937 ж.).

Жергілікті халық тілінде тәуелдік жалғауының қолданылуы жөнінде де айырмашылық кездесіп отырады. Қазіргі қазақ әдеби тілінде тәуелдіктің үшінші жағы дауыстыдан соң *-сы/-сі*, дауыссыздан соң *-ы, -і* қосымшалары арқылы берілгенде, қосарланбай біреуі ғана қолданылады. Ал Шу бойы қазақтары тілін алатын болсақ, оларда бұл жалғау қосарланып отырады. Әрине бұл құбылыс оңтүстік²⁹ облыстардағы біраз жерлерін қамтығанмен Қазақстанның батыс, орталық, солтүстік облыстарында кездеспейді. Мысалы: *Жұрттың көбісі жүгері қайыруға кетті. У а қ т ы с ы жеткен адам ғой. Білмеймін қандай болар а қ ы р ы с ы. Оның үй м ү л к і с і.* Әдеби тілде осы сөздерге тәуелдік жалғауының біреуі ғана қосылып (*көб+i, уақыт+ы, ақыр+ы, мүлк+i*) айтылады.

Көптік жалғауының *-лар* тұлғасы әдеби тілде өзінен бұрынғы буында келген дыбыстардың ыңғайына қарай кейде *-лар, -лер*, кейде *-дар, -дер, -тар, -тер* болып түрленіп отырады. Ал жергілікті тұрғындардың сөйлеу тілінде бұл заңдылықтың түгел сақталмайтын жәйттері де кездеседі. Мысалы, әдеби тілде *ол, сол*, бұл сияқты сілтеу есімдіктеріне *-лар* қосымшасы жалғанып *олар, солар, бұлар* болып қолданылса, Шу бойында кейде (Мерке, Қордай) *-дар* қосылып (*содар, одар, бұдар*) айтылады.

²⁹ Ж. Досқараев, Ғ. Мұсабаев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы, 1958, 194-бет.

ҚОРЫТЫНДЫ

Шу бойы қазақтарының тілінен жиналған материалдар негізінде мынандай қорытынды жасауға болады:

1. Қазіргі қазақ әдеби тілінің нормасымен салыстырып қарағанда, зерттеліп отырған говорда едәуір фонетикалық, лексикалық, грамматикалық өзгешеліктер кездеседі. Көлемі жағынан алғанда бұлар біркелкі емес. Фонетика мен грамматика саласына қарағанда лексика саласындағы өзгешеліктер әлдеқайда басым жатыр.

2. Бұл өзгешеліктер бірден пайда болмай, белгілі тарихи әлеуметтік жағдайлардың нәтижесінде қалыптасқан құбылыстар. Олардың бір бөлегі ертеден сақталып келе жатқан көне формалар деп, бірқатары — көп уақыт бойы мәдени, экономикалық қарым-қатынастар нәтижесінде пайда болған көрші тілдердің әсерінен болған ерекшеліктер деп түсіндірілуі тиіс. Бұған Шу тұрғындары тілінде қолданылып жүрген көптеген лексикалық, біраз грамматикалық және фонетикалық ерекшеліктердің көрші түркі тілдері (өзбек, ұйғыр, әсіресе қырғыз) материалдарымен ұқсас болып келуі дәлел бола алады.

3. Лексикалық ерекшеліктердің дені осындағы тұрғындардың шаруашылығына, экономикасына, географиялық жағдайына байланысты пайда болған сөздер. Олар — бау-бақшаға, ирригацияға, егін шаруашылығының түрлеріне және өсімдік атауларына байланысты кәсіби терминдер. Лексиканың бұл тобы әдеби тілге еніп, жалпыхалықтық сипат алуға болатын сөздер.

4. Говордың фонетикалық ерекшеліктері, негізінде, дыбыс алмасуларымен сипатталады. Сондағы тұрғын-

дар тілінде кездесетін дыбыстық ерекшеліктердің ішінен басқаларға қарағанда қолдану аясы кеңірек, жиі ұшырайтын құбылыстарға *ш — ч, ж — ж (дж), д — л, б — п* дыбыстардың алмасуларын және кейбір тіл арты дауыссыздарының (*қ, ғ, к, з*) сөз ортасында сақталып айтылуын атауға болады.

5. Говорда біраз грамматикалық ерекшеліктер де ұшырайды. Олардың дені морфология саласына қатысты құбылыстар. Морфологиялық тұлғалардың ішіндегі ең сипаттысы — етістіктің бұйрық райының екінші жақ жекеше түрі *-қын (-ғын)*, қалау райының бірінші жақ көпше түрі *-лы (-лі)* және кейбір септік жалғауының (көмектес септік жалғауының көне түрі *-ман, -бан, -пан* т. б.) тұлғасына байланысты өзгешеліктер.

6. Зерттеліп отырған говор өзінің кейбір фонетикалық, грамматикалық, лексикалық ерекшеліктері жағынан Жетісу қазақтары тіліне жақындаса, бірқатар өзгешеліктері жөнінен Арыс, Талас бойындағы тұрғындар тіліне жақындайды. Бірсыпыра лексикалық ерекшеліктері жөнінен Қарағанды облысындағы тұрғындар тілімен, ал кейбір ерекшеліктер жөнінен көрші тілдердің материалдарымен ұқсас болып келеді. Әрине мұндай ұқсастық ортақ болу жағдайлары бұлардың ұзақ уақыт экономикалық және мәдени жағынан қарым-қатынаста болуының нәтижесінде туған.

7. Әдеби тіліміздің мектеп, радио, газет, журналдар арқылы тигізген ықпалының нәтижесінде Шу тұрғындарының тіліндегі диалектілік құбылыстар күн сайын жойылу үстінде. Мұны, әсіресе, сол жердегі жас буындардың тілінен айқын байқауға болады.

Мәлімет берушілердің тізімі

Шу бойы тұрғындарының тілін зерттегенде мамандығы ер түрлі жүздеген кісімен әңгімелестік. Көптеген қызықты материалдар жазып алдық. Сол кезде өздерінің асыл уақыттарын аямай, әңгімелескен ақсақалдар мен замандастарға рахметімізді айта отыра, олардың тізімін беруді мақұл көрдік.

фамилиясы, аты	туған жылы	руы	туған жері
Ақбаев Тескенбай	1830	ботбай	Кеңес, Мерке ауд.
Құрманов Әмірқұл	1890	»	»
Құрманова Түзел	1892	қоралас	»
Нарымбаев Шәмеден	1918	»	Победа, Мерке ауд.
Жұмағұлов Кесікбай	1890	»	»
Ахметжанова Қайша	1890	жаныс	»
Дарқанбаев Күмісбек	1892	ботбай	»
Шанкөзов Сыдық	1880	ботбай	»
Байтұрсынов Төлемет	1891	»	»
Бөрібаев Үсен	1894	»	»
Бөрібаев Ысқақ	1897	»	»
Қарабеков Иматай	1900	»	Қызыл Қыс- тақ, Мерке
Бердібаев Имаш	1900	қаңылы	»
Жаманақов Нысанбай	1880	ботбай	»
Жанқазиев Жұмағұл	1893	»	Победа, Мерке ауд.
Жанқазиева Разия	1900	»	»
Бөрібаев Оспанәлі	1903	»	Киров, Мерке ауд.
Арласов Пайыз	1900	ботбай	»
Құрманалиев Әзімқан	1903	»	»
Оспанов Кәсен	1893	»	»
Жабағиев Сақ	1894	»	»
Сексенов Бедел	1918	»	Қызыл Ок- тябрь, Мер- ке
Шоңшабаев Рақымбай	1905	»	»
Бортаев Әбіш	1900	»	»
Қиқымбаев Бәйтiк	1875	суан	»
Булатаев Мырзахмет	1902	ботбай	Қостоған, Мерке ауд.
Байқонысов Жолмырза	1892	»	Ворошилов, Мерке ауд.
Әбиіров Назарбек	1894	»	»
Орақбаев Мырзатай	1877	шақшам	Большевик, Мерке ауд.
Есбаев Ыбырайым	1884	шымыр	»
Тарыбаев Райымқұл	1904	»	»
Шанкөзов Байтүгел	1891	қоралас	»
Тастандиев Серғазы	1891	ботбай	Ленин жол, Мерке ауд.
Тоғысбаев Түлкі	1885	қоралас	»
Жандосов Қойлыбай	1891	ботбай	»

Бүргенбаев Әлімхан	1880	қоралас	»
Қарымсақов Мамықбай	1893	»	»
Байсолтаев Әбдіжапар	1900	»	»
Байсалов Оспанқұл	1892	»	»
Бабасов Әбдимен	1886	»	»
Мәмбеталиев Қонысбай	1894	қаңылы	Луговой
Шәкіров Мәткерім	1890	шымыр	»
Шәкірова Ұмытшақ	1908	»	»
Итқараев Қойбағыш	1886	»	»
Қисықов Қоңырбай	1905	»	Жамбыл,
Бижанов Қазыбай	1909	»	Луговой ауд.
Исаев Әмзе	1918	»	»
Сұлтанбеков Иса	1880	»	»
Мәлімбетов Әбдәкім	1902	»	»
Өткелтіров Сыдық	1886	»	»
Жанаев Дігәрбек	1894	»	»
Бақбергенов Іргебай	1887	ысты	Абай, Шу
Ақынбаев Ермекбай	1895	»	ауд.
Шәлібеков Әзімбай	1886	ботбай	»
Сауранбаев Қати	1892	ботбай	Белбасар
Тілеубердиев Қамбар	1885	ботбай	к/з, Шу ауд.
Молдабаев Сабырқұл	1900	ботбай	»
Серікбаев Пірімберді	1877	қыпшақ	Калинин
Үсенбаев Жомарт	1896	шымыр	к/з, Шу ауд.
Есенбаев Саяпберген	1903	шымыр	»
Асылбеков Сауран	1905	шымыр	»
Ерубаев Қашаған	1881	сары үйсін	Алга совх.,
Мыңбаев Жазықбай	1912	шымыр	Шу ауд.
Қуатбеков Избасар	1887	қыпшақ	»
Белғожаев Есеркеп	1885	ботбай	»
Жүндібаев Зәуірбек	1870	ботбай	Белбасар,
Жаманқұлов Әбдіқалық	1888	»	Шу ауд.
Жантөбетов Жақсыбай	1888	шымыр	»
Молдабаев Сабырқұл	1900	ботбай	Абай, Шу
Амангелді ұлы Ыдырыс	1888	ботбай	ауд.,
Жансүгіров Сералы	1892	ботбай	Алга, Шу
Мырзақұлов Қибай	1905	шымыр	ауд.,
			»
			Белбасар,
			Шу ауд.
			»
			»
			Абай, Шу
			ауд.,
			Калинин,
			к/з Шу ауд.
			Жданов.
			Шу ауд.
			Жданов,
			Шу ауд.
			Мойынқұм
			совх., Мой-
			ынқұм ауд.

Кожамқұлов Торлықасым	1907	жаныс	»
Шайжанов Қалабек	1890	қоралас	»
Найзабеков Кәсен	1908	шымыр	Жамбыл, »
Тайбағаров Айтқожа	1905	қоралас	Фурманов, Мойынқұм ауд.
Айданбаев Алтыбай	1899	»	»
Бекжігітов Жұппай	1905	шымыр	Амангелді, Мойынқұм ауд.
Қуанышов Қасым	1898	»	»
Иманбеков Тайлақбай	1890	»	»
Оспанов Жыңғылбай	1892	»	Көктерек сов., Мойынқұм ауд.
Шегебаев Оразалы	1893	шапырашты	Күмзек, Фурманов »
Әлше ұлы Азнабай	1882	қоралас	»
Әлше ұлы Ахмет	1886	»	»
Ахметжанов Сансызбай	1901	сары үйсін	Фурманов сов.,
Тұрғанова Бәтиха	1885	шымыр	»
Ыспанбет	1879	қоралас	»
Ниязбеков Асанбек	1902	»	»
Әсілов Шыныбек	1888	»	»
Әлімбетов Мұсабек	1887	жалайыр	»
Қоспақов Арубай	1901	»	»
Жәлімбетов Денентай	1895	»	»
Жолдыбаев Бұлғақ	1885	»	»
Қадірімбетова Жүбәлі	1893	»	»
Байқұлова Несіп	1894	»	»
Бөкелов Пірәлі	1886	шымыр	Көктерек совх., Мойынқұм ауд.
Кененбаев Сағынбек	1882	»	Амангелді »
Дүйсенов Изабек	1885	жалайыр	»
Деңгелбаев Байжан	1890	шымыр	Көктерек сов., »
Әтекеев Қауынбай	1885	»	»
Дайырбеков Зәуірбек	1884	»	»
Тілегенов Сырымбет	1877	»	»
Тілегенова Злиха	1899	»	»
Ыстанбеков Көрпелбай	1890	жалайыр	Жамбыл, »
Утелеков Томан	1903	шапырашты	»
Дүйсебаев Камал	1891	жалайыр	»
Арыстанов Ыбырайым	1914	қожа	»
Кілтбаев Мәдіғұл	1887	шымыр	Кеңес, Қордай
Бектенов Дүйсенбай	1882	(бестерек)	Хантау

Құрабаев Әріп	1919	Жаныс	Кеңес, Қордай ауд.
Бекназаров Нәметқұл	1894	жаныс	Қызылсай, *
Байсуанов Мүсілім	1895	»	»
Қалиев Есенқұл	1890	»	»
Майбасаров Маржанбай	1869	»	»
Жанғазиев Мысабай	1886	жаныс	Чапай, *
Алғадаев Иманбай	1890	»	Чапай, *
Қаражанов Жаужүрек	1885	»	Кеңес Қордай
Қанаев Мақсұт	1882	»	»
Телқозыұлы Әбіш	1888	жаныс	Киров к/з, Қордай
Тілекметұлы Қашқұл	1888	»	Чапай, »
Иманова Қалжан	1900	шапырашты	Михайловка Қордай
Жетегенов Әбдірақым	1905	»	»
Байғожаев Қышмет	1890	жаныс	»
Надырбаев Қалияқбар	1888	»	Талапты, »
Түрлібаев Найзағара	1888	»	»
Кәрібозов Қалыш	1875	»	Кеңес, Қордай
Мейірманов Әбсейіт	1911	»	»
Өтелбаев Мақсұт	1891	»	Күнбатыс, *
Қырықбаев Ысқақбай	1881	»	Шортөбе, »
Қашқынбаева Зияда	1907	»	Күнбатыс, »
Құлшықов Өмірқұл	1907	»	Кеңес, Қордай ауд.
Қиялбеков Әшім	1898	қаңлы	»
Иманбаев Жайлаубек	1928	»	»
Бүркітбаев Имаш	1880	»	»
Ыстыбаев Мамыт	1893	жаныс	Чапаев, *
Ыстыбаева Сейілхан	1910	»	»
Абдрахманов Жақып	1920	»	Талапты, »
Вәйділдаев Өмірбек	1828	»	»
Дәулетбаев Қызырбек	1895	ысты	Шоқпар, Шу ауд.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
I тарау.	
Фонетикалық ерекшеліктер	25
II тарау.	
Лексикалық ерекшеліктер	63
III тарау.	
Грамматикалық ерекшеліктер	157
Қорытынды	170
Мәлімет берушілердің тізімі	171

ОҚАС НАКИСБЕКОВ

Переходные говоры казахского языка (на каз. яз.)

Утверждено к печати ученым советом
Института языкознания Академии наук Казахской ССР

Редактор Айтмухамбетова С.
Худож. редактор Сущих И. Д.
Хуудожник Мальцев Е. Б.
Техн. редактор Ророкина З. П.
Корректор Кубашева М. А.

* * *

Сдано в набор 3/IX 1971 г. Подписано к печати 3/I 1972 г.
Формат 84×108¹/₃₂. Бумага № 1. Усл. печ. л. 13,12.
Уч.-изд. л. 14. Тираж 1800. УГ01102. Цена 1 р. 28 к.

* * *

Типография издательства «Наука», г. Алма-Ата, ул. Шевченко, 28.
Зак. 132.

ена 1 р. 28 к.

24568.